

24322

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ  
ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

Ә. НҰРМАҒАМБЕТОВ

ТҮРІКМЕНСТАНДАҒЫ  
ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТІЛІ



Қазақ ССР-нің «ҒЫЛЫМ» баспасы  
АЛМАТЫ — 1974

Бұл кітап қазақ диалектологиясында осы кезге дейін зерттегін келген Қазақстаннан сыртқары, туыстас республикалардагы, аудиспалы говор мәселеіне арналған. Монографияда Түркімен ССР-ында тұратын қазақтардың жергілікті тіл ерекшеліктері жан-жакты талданған. Жергілікті қазақтардың диалектілік ерекшеліктері тіліміздің өзге говорлары, басқа түркі тілдері және көне түркі жазба ескерткіштерінің деректерімен салыстырыла, тарихи-лингвистикалық тұргыда зерттеледі. Сондай-ақ автор говорда көзделетін кейбір сездер мен жекелеген морфологиялық тұлғалардың шықкан тәркінін (этимологиясын) ашуға да біркүйдіру көңіл аударады.

Енбек тіл мамандарына арналған.

Жауапты редактор  
Ш. Ш. САРЫБАЕВ

Н 0713 — 0120  
м 405(07) — 74 122 — 74

© Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы. 1974.

## А Л Ф Ы С Ө З

Қазақ диалектологиясы үшін қызмет атқарған тіл мамандарының алғашқы адымдары өз республикамыздығы қазақтардың жергілікті тіл ерекшеліктерін жинастырудан бастап, жиналған деректер негізінде жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижелері мақалалар, ішінана жеке кітаптар арқылы көрініп отырды.

Қазақстаннан тысқары, туыстас басқа одактас республикаларда, көптеген қазақтар мекендейтінін еске алсақ, қазақ диалектологиясының әлі де өз үлесіне тиісті жұмысты түгелдей қамтуға мүмкіншілігі болмай жатқанын аңғару қын емес. Осы себептен де болар, Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты соңғы 10-15 жылдың тәсірінде басқа республикалардагы қазақтардың жергілікті тіл ерекшеліктерінен материал жинауга бірнеше экспедициялар жіберіп отырды. Олар РСФСР-дың Орынбор облысында, Таулы-Алтай автономиялы облысында, Қарақалпақ АССР-ында болып, жергілікті тіл ерекшеліктерінен деректер жинап, соларды арқау етіп жазылған мақалалар баспа жүзінде жарияланды. Осы кітаптың зерттеу бөлімінде ол мақалалар талай рет көрсетіліп отыратын болғандықтан, бұл тұста атап жатуды артық санады.

Экспедициялардың бірінде, Түркімен ССР-ындағы қазақтар тіліндегі диалектілік ерекшеліктерді жинауга арналған экспедицияда осы еңбектің авторы да болып, екі жыл бойы жиналған материалдарга сүйеніп жасаган зерттеуінің нәтижесі ретінде 1965 жылы монографиялық еңбегін ұсынған болатын-ды. Алдарыныз-

дағы еңбек сол зерттеу жұмысының ықшам түрі. Демек, бұл кітап, автордың ырқынан тысқары жағдайға байланысты, диссертацияға енген мәселелердің бірқатарын қамти алмады. Атап айтқанда, лексикадан — сөздерді мағыналық жағынан топтау, табу, эвфемизм сөздер; фонетикадан — жергілікті қазақтардың тіл ерекшелігіндегі түрлі дыбыстық құбылыстар (синкопа, эпитета, метатеза т. б.); морфологиядан — қос сөздерге байланысты ерекшеліктер түгелімен, бұлардан басқа тұрақты сөз (фразеологиялық) тіркестері, мақалмәтелдер, жиналған материалдарды күеландыра түсетін текстер, библиографиялық көрсеткіштер кітап көлемінен сырт қалды. Зерттеуде сөздік белімі де бартын. Ондағы сөздердің көбі 1969 жылы шыққан «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінен» орын алғандақтан кітап жүргін ауырлатпау көзделді.

Бұл кітап, шағын болса да, Қазақстаннан тысқары, басқа республикаларда тұратын қазақтар тіліндегі диалектілік ерекшеліктерден біршама мәлімет берерлікте тұңғыш туынды екендігіне оқушы қауымның назарын аудару артық болмас.

Алғы сөз сонында автор осы зерттеудің жазылыштығына ғылыми жетекші болған және кітапқа редакциялық басшылық еткен филология ғылымының кандидаты Ш. Ш. Сарыбаевқа, жұмысты сарапқа салып, тиісті бағасын берген филология ғылымының докторы Ж. Болатов пен филология ғылымының кандидаты О. Нақысбековке, сонымен бірге жергілікті тіл ерекшеліктерінің деректерін жинауға көмек көрсетіп, көп пайдасын тигізген Түркмен ССР-нің тұрғындары Бекенбаев Есенғали, Әсес Әхметов, Әйтқұлов Бердімұрат, Ерболатов Мендібай, Бекенбаев Ілжан, Сақтағанов Нұрлыбектерге шын ииеттен шыққан адал алғысын білдіреді.

## КІРІС ПЕ

Кейінгі жылдары қазақ диалектологтары Қазақстаннан тысқары, туыстас республикаларда тұратын қазақтардың тіліндегі жергілікті ерекшеліктерді де зерттеу объектісіне айналдыра бастады.

Қазақстаннан сырт, басқа республикаларды мекендеген қазақтар тіліндегі диалектілік ерекшеліктерді зерттеу мақсатымен Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты тарапынан бөлінген диалектологиялық экспедицияның бірі 1962—1963 жылдары Түркмен ССР-ында тұратын қазақтардың тіліндегі жергілікті ерекшеліктерді жинастырган болатын. Осы зерттеу жұмысы сол көздердегі жиналған материалдардың негізінде жазылды. Экспедиция Түркмен ССР-ында қазақтардың жиі, топталып отырган жерлері — Красноводск төңірегі, Небитдаг маңы және Ташауыз облысының Қене-Үргеніш, Тахта аудандары мен темір жол станцияларында болды.

Экспедиция тиісті материалдарды жинауда қолдан келген мүмкіншіліктерді пайдалануға тырысып, түрлі әдістерді қолданды. Олар: елдегі қарт адамдармен әңгімелесіп, ауыз әдебиетіне байланысты материалдарды жазу, «сұраулық» арқылы жұмыс жүргізу, бір мамандықта көп жылдардан бері жұмыс істеп келе жаткан адамдардан кәсібіне байланысты сөздерді жинау, сол ортадағы «жыршы» атағына не болып жүргендерден ертедегі еткен Абыл, Ақтан, Нұрым, Қашаған, Қашқынбай, Әубекір сияқты ақындардың өлеңдерін жазу, тіпті реті келген жерлерде өлеңдер мен сөздердің

кейбіреулерін магнитофонға түсіру жағы да қарастырылды. Осындаи реттермен жиналған материалдарды толықтыра, қуаттай түсерлік қосымша материалдар ретінде сол жердегі қазақ тілінде шығатын баспасөз бетіндегі және мектептегі сабактарға, колхоз жинальстарына қатынасу кезінде кездескен ерекшеліктерді де еске алып отырдық.

Диалектологиялық экспедиция атаулының бір ғана мақсаты бар. Ол — қазақтың жалпы халықтың тілінің «тарамы» ретінде кездесетін жергілікті тіл ерекшеліктері жөніндегі материалды молынан жия отырып, оны жан-жақты зерттеу нәтижесінде қазақ тіл білімі үшін маңызының зор екендігін таныта білу. Өзіне тән ертеден қалған жазба ескерткіші тапшы қазақ сияқты халықтардың дамуындағы тарихи кезеңдер қатпарын ашуға тек диалектілік ерекшеліктерді мұқият зерттеудің барысында ғана мүмкіндік аламыз. Қазіргі кездегі әдеби тіліміздегі жеке сөздердің, грамматикалық көрсеткіштердің, дыбыс құрылыштарының қайдан, қалай пайда болғандығына жол сілтейтін нысананың бірі — диалектілік ерекшеліктерді зерттеу нәтижесі.

Басқаны былай қойғанда, біз қарастырып отырған жергілікті тіл ерекшеліктерінің материалдарынан да қазіргі әдеби тіліміздегі жеке сөздердің, сөз тіркестерінің және кейбір грамматикалық көрсеткіштердің қалай дамып, қалыптасқандығын білдірерліктең фактілерді жиі кездестіруге болады. Мысал ретінде солардың бір-екеуіне тоқтала кетсек, сөзімізді дәлелдей түспек. Егер қазақ тілінің кейбір говорларында «ашқыш» сөзі кездеспеген болса, қазіргі әдеби тіліміздегі қалыптасқан «кілт» сөзін түркі тілдеріне ортақ және сол тілдердің байыргы өз сөзі деп ұғынған болар ма едік, кім біледі? Алайда, «ашқыш» сөзінің говорларымызда ұшырасуының өзі кездейсоқ құбылыс еместігі байқалады. Түркі тілдерінің біразына, соның ішінде қазақ тіліне де, ертектегі ортақ сөз — «ашқыш». Мұны бізге білуге мүмкіншілік туғызып отырған алғашқы себепші нәрсе — сондай сөздердің диалектілік ерекшеліктерде кездесуі. Бұл кездескен сөздер бізді түркі тілдерінің көне жазба ескерткіштерінен қалған аз мұрага жетектей түсіп, оны актаруға мәжбүр етеді. Осындаи зерттеу, актара қару нәтижесінде «ашқыш» сияқты сөздердің талайының сырын ашуға мүмкіншілік аламыз. Диалектілік

ерекшелікте кездесіп отырған «ашқыш» сөзі ертеден-ақ түркі тілдеріне тән ортақ сөзекендігін М. Қашқарі сөздігі мен «Codex cumanicus» дәлелдеп бере алады.

М. Қашқарі дәуірінде қолданыла бастаған «кілт» сөзінен болуы мүмкін деп көрсетеді. Ал одан кейінректегі «Codex cumanicus»-та «acchuz» қышиш тілінің сөзі деп көрсетілсе, ал «chilit» иран сөзі деп түсіндірілген. Осы мәліметтерге қарағанда, қазіргі әдеби тіліміздегі қалыптасқан «кілт» сөзі араб не иран тілінің бірінен ене отырып, түпкілікті орын тепкен. Нәтижесінде, байыргы «ашқыш» сөзіміз ырысып, тек жергілікті ерекшеліктерде ғана сақталып қалған.

Осы келтірілген бір ғана мысалдың өзінен-ақ жергілікті диалектілік ерекшеліктерді зерттеудің тіліміздің тарихы үшін маңызының зорлығы байқалады. Мұндай мысалдарды көптең келтіруге болады. Әдеби тіліміздегі тіркестер құрамында келгені болмаса, жеке алғанда ешбір ұғымға ие бола алмайтын, мағынасы түсініксіз сөздердің кейбіреулері говорда белгілі бір ұғым, зат атауына ие болады. Және сол сөз арқылы ғана әдеби тілде кездескен тіркес құрамындағы мағынасыз көрінетін сөздің мағынасын ашуға болатындығына, мысал ретінде, бір ғана тіркесті келтіре кетейік.

Әдеби тіліміздегі «куп болу», «куп болып ісіп кету» деген сияқты тұрақты тіркестер бар. Осы тіркестердегі «куп» сөзі қазіргі таңдағы тіліміздегі жеке тұрып ешқандай мағынаға ие бола алмай, тек сол үйреншікті үйіріндеңі сөздермен тұрып қана белгілі ұғымды түсіндіреді. Тілін біз зерттеу объектісі етіп алып отырған қазақтарда бұл сөз («куп») жеке қолданылып-ақ заттық ұғым мағынасын бере алады. Мұнда «куп» — ауыз суды сактайтын арнаулы түрде жасалған бассейн іспеттес су қоймасы. Маңыстау говорында: «куп» — сайдың түйік, ояң жерлеріне іірілген су<sup>1</sup>, ал Гурьев облысының Шевченко ауданында — үлкен шұңқыр, шұңғыл, ойдым жер<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> С. Омарбеков. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Алматы, 1965, 95-бет.

<sup>2</sup> Ж. Досқараев. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. II белім. Алматы, 1955, 72-бет.

Бұл кездескен үш түрлі мағынаның қай-қайсысы болса да «*куп*» сезінің алғашқы мағынасы емес, бертін келе ауыспалы мағыналарга ие бола отырып, жалпы бір тілдің көлемінен алып қараганда, көп мағыналық жағдайында пайда болғандығы көрінеді. Бұлай деуге себеп болып отырган тірек «*куп*» сезінің М. Қацқари сөздігінде кездесуі. Онда:

كُوب *куп* — әр күбгә<sup>3</sup>  
суш күйді — тұлғасындағы сез бен және сол сезді ішпіне ала берілген сейлем бар<sup>4</sup>.

Осыған қараганда «*куп*» — белгілі бір ыдыс мағынасын беріп тұрғандығы байқалады. Осы ойымызды Л. Будаговтың сөздігінде кездесетін — كوب *купъ* — су құюға арналған улкен құмыра<sup>5</sup> — деген түсініктің өзі де дәлелдейді. Ескі үйғыр жазба ескерткіштерінде де «*күр*» — ыдыс мағынасын білдіреді<sup>6</sup>. Тарихи ескерткіштердің осы көрсетулерін еске ала келіп, жергілікті тіл ерекшеліктерінде кездесіп отырган «*куп*» сезінің ертеректегі мағынасы — құмыра іспеттес ыдыс ұфымын бергендігін білуге болады. Ал әдеби тіліміздегі жоғарыда көрсетілген тіркес ертеде ісіктің ұлкендігін, көлемін бейнелеп көрсету ниетінде күптің ұлкендігімен салыстырудан келіп шыққан көне тіркес болуы мүмкін. Келекеле сол тәрізді ыдыс басқа атқа («құмыра» деген сияқты) ие болудың нәтижесінде алғашқы аты ұмытылып, тек сез тіркестерінде қалған. Қазірдің өзінде мұндаидай ұқсатулар арқылы жасалған («шақшадай басы шарадай болу») тіркестердің тілімізде жиі кездесуі жоғарыдағы жорамалды анықтай түседі.

Бұл көрсетілген бірлі-екілі мысалдардың өзі диалектілік ерекшеліктердің тіл білімінің, бір ғана жағына, атап айтқанда, тарихына тигізетін пайдасы. Бұған қазіргі әдеби тіліміздің сездік қорының көлеміне жергілікті тіл ерекшелігінен қосылып, активті турде қолданылып жүрген көптеген сездерді қоссак, жергілікті диалектілік ерекшелікті зерттеудің маңызының зорлығы өзінен-өзі-ақ айқын көрінеді.

<sup>3</sup> Махмуд Коштарий. Девону луготит турк. III том. Тошкент, 1963, 264-бет.

<sup>4</sup> Л. З. Будагов. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий, том II. СПб., 1871, стр. 141.

<sup>5</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М.—Л., 1951, стр. 397.

Тіл білімі институтының алдына қойып отырган диалектологиялық сездік және атлас жасау жұмыстарына да жергілікті тіл ерекшеліктерін жинау, зерттеудің де орасан зор көмегі тимек.

Тұтас халықтық, не үлттық тілдің тарамдары болып саналатын диалект, говорлардың бір-бірінен айырма-шықтары болуымен бірге, өзара ұқсастықтарының да кездесуі тілдегі заңдылық деп танылады. Егер де олардың арасында өзара жақындық пен сәйкестік болмай, тек қана айырмашылықпен танылса, онда олар бір тілдегі диалект не говор болудан қалып, жеке, өз алдына тіл болып саналған болар еді. Бір тілдегі на-речиеге (диалект) қараганда говорлар бір-біріне жа-қын, өзара ұқсасырақ болып келеді<sup>6</sup> деген қағиданың өзі де тіл заңдылығынан шыққандығы айқын.

Біз зерттеп отырган жергілікті диалектілік ерекшеліктің де жалпы қазақ тілі тұрғысынан алып қараганда, сол тілдің ішіндегі кейбір говорлармен ұқсастығы, енді бір реттерде айырмашылығы да байқалып отырады. Ұқсастық жағын еске ала келіп, бұл диалектілік ерекшелікті Қазақстан жеріндегі белгілі бір аймақтағы говорлар мен жергілікті тіл ерекшеліктеріне байланыстыра, солардың тобының ішіне кіргізе қараура тура келсе, ал өзіне тән ерекшеліктерін екшеп, бе-ліп ала отырганда сол топтан айырмашылығы көзге іліне бастаған жағдайларда өз алдына, айрықша қарауды талап етеді.

Зерттеліп отырган жергілікті диалектілік ерекшелікті басқа говорлармен салыстырып, сәйкес жақтарын жинастыра қараганда Қазақстанның батыс аймағындағы (Орал, Гурьев, Ақтөбе облыстары) жергілікті диалектілік ерекшеліктер тобына қосуға тура келеді. Әрине, бұдан Қазақстанның басқа жерлеріндегі говорлармен жанаспайды деген ұфым тууы мүмкін емес. Бұл жерде сәйкестіктің бастылары және жиілігін еске ала жоғарыдағы топқа кіргізіліп отыр.

Сейтіп, бұл диалектілік ерекшелікті Қазақстанның батыс аймағындағы жергілікті тіл ерекшеліктері мен говорлар тобына қосатын басты ұқсастықтар деп мыналарды көрсетуге болады:

<sup>6</sup> Р. И. Аванесов. Очерки русской диалектологии. М., 1949, стр. 11.

Алдымен фонетикалық ерекшеліктерден дауысты дыбыстарга байланысты *ү/o*, *ү/y*, *e/i*, *ә/e* сияқты дыбыстардың өзара алмасулары мен дауыссыз дыбыстардан *c/w*, *b/p*, *t/d* болып өзара алмасуларын сез етеміз.

Лексикалық ерекшеліктерден тұлғасы және берілетін мағынасы жағынан ортақ сөздер көптеп кездесе<sup>ж</sup>. Олардың ішінде үй тұрмысына қажетті жабдықтарға байланысты — *этішкір* (отқысқаш), *ашар*, *ашыши* (кілт), *сібірткі* (сынырғыш); ыдыс-аяқда байланысты — *дұмше* (аққұман), *кузе* (құмыра); киім-кешекке байланысты — *телек* (тация), *байтаба* (шұлғау); тустыққа байланысты — *сой*, *тійре* (ру, нәсіл) сияқты сөздер бар. Бұлардан басқа да сын, қымылга байланысты көптеген ортақ сөздер барлығын тек ескертіп қана етеміз.

Ең соңында грамматикалық ерекшеліктерден сәйкес келетін көрсеткіштер ретінде, ең бастылары деп мыналарды көрсете кетеміз. Етістіктің негізгі және туынды түбірлеріне -ың, -иң, -ң қосымшаларының жалғануы (*жіберің*, *алың*, *берің* т. б.); етістікке жалғанатын жіктік жалғауының сылайы түрінің -сыңыз, -сіңіз болып келуі (*көресіңіз*, *қонасыңыз* т. б.); көбіне өткен шақ есімше мағынасының орнына қолданылатын -ұлы, -ұлі қосымшалары (*көрүлі*, *барулы*); қалау -тілек мағынасын білдіруде 1-жақта етістікке -алы, -елі (көптік түрінде) қосымшаларының жалғануы (*біз айталы*, *біз көрелі* т. б.).

Осы сияқты ортақ ерекшеліктер әңгіме стіп отырған жергілікті диалектілік ерекшелікті қазақ тілі говорларының батыс тобына жатқызуға мәжбүр етеді. Бұл жағдайларға қараганда (ұқастық сәйкестіктерін есепке алсақ) мұны беліл зерттеп жатудың қажеті жоқ сияқты. Бірақ, осындай сәйкестіктері бола тұrsa да, ол топтан мұны беліл қарауга талап ететін, өзіне тән басты-басты ерекшеліктері де бар. Ол ерекшеліктер фонетика, лексика, грамматика салаларының қай-қайсында да бой көрсетіп, бөлекtenіп тұрады. Солардың басты-бастыларына тоқтала кетейік.

Біріншіден, фонетикалық ерекшеліктерден — Қазақстанның батыс облыстарындағы қазақтардың жергілікті тіл ерекшеліктерінде кездеспейтін сез басында аффрикат *ч*-ға жуық дыбыстың (Маңқыстау говорын еске алмаганда) жергілікті тіл ерекшелігінде ұшырасуы, көңіл бөлөрлікте басты айырмашылық. Мысалы:

чақ (шак), чық (шық), чыт (шыт) т. б. Бұл көрсетілген-нен басқа кейбір сөздерде дыбыстардың қосылып айтылуы (*зөуірттеу* — зерттеу орнына, *тымтыраю* — тымыраю т. б.), кейбір дыбыстардың бір сез көлемінде өзараю т. б.), сияқты фонетикалық құбылыстар зерттеліп отырған жергілікті тіл ерекшелігінің басқа говорлардан айырмашылығы болып саналады.

Екіншіден, лексикалық ерекшеліктерде басқа говорлардан тұлғасы әрі мағынасы жағынан да айырмашылығы бар сөздер ете көп кездеседі. Олардың бірқатары басқа говорлар мен жергілікті тіл ерекшеліктеріндеңілерден тіпті басқаша аталса (*нақал* — мақал — мәтел, *созан* — қап, ауыт тігетін үлкен ине, *cince* — сынырғыш, *дән* — астық, *pashaq* — қауын-қарбызы қабығы, *шетен* — фанер т. б.), енді біреулерін ауыстыралық басқа говорлардан сез кездеспейді (*алақышын* — пештің аузындағы шоқ жаятын орын, *тікеш* — наңға өрнек салатын құрал, *rəpiida* — тандыр пешке иан жапсырда қолға киетін зат, *iндікеш* — ін, *жорап* — носки, *тос* — сульфат т. б.). Лексикалық ерекшелік жағынан басқа говорлардан айырмашылығының молдығына зерттеудің барысында көз жеткізуге болады.

Үшіншіден, көлемі жағынан лексикалық ерекшеліктерден кем түспейтін грамматикалық ерекшеліктерде басқа говорларға қараганда бұл жергілікті диалектілік ерекшелікті оқшау, айыра көрсететін құбылыстар жиі кездеседі. Қос сөздерде кездесетін, зат есімдерге жиі жалғанатын -шылық (*мұғалімшілік*, *доғдыршылық*), -кеш (*пъянкеш*, *жаткеш*) қосымшаларын, сондай-ақ сын есім, есімдік, үстегу, шылау сездерде ұшырасын айырмашылтарды билай қойғанда, етістікке тән ерекшеліктердің езі бір пара. Олардың бастылары және жергілікті халық тілінде жиі қолданылатындары ретінде мыналарды көрсетуге болады: мақсатты келер шақ мағынасын беретін -мақ, -мел немесе -мақши, *мекші* қосымшаларының орнына және тұйық етіс пен «көрек», «тиіс» сездерінің тіркесінен құралған күрделі баяндауыш орнына -малы, -мелі, -палы, -пелі қосымшалары үнемі қолданылады (Мен бармалымын — мен бармақшымын, Колхозға еңбек етпелі — Колхозда еңбек ету көрек); Әдеби тілімізде «бастау», «білу» сияқты көмекші етістіктер алдынан -а, -е, -й тұлғалы көсем-

шелер келсе, говорда көрсінше *-ып*, *-ип*, *-п* тұлғалы көсемшелерді жиңі кездестіреміз (*оқып бастады* — оқи бастады, *жазып білмейді* — жаза білмейді т. б.); өзгелік етістің *-кіз* жүрнағының орына кейбір сездерде *-ір жетір* — жеткіз т. б.). Бұл көлтіргендерден басқа етістік-қолданылатың *-ыл*, *-іл*, *-л* және оның *-и* вариантарын т. б.), ортақ етіске тән *-ыс*, *-ис*, *-с* жүрнақтарын (*қара-дық* — *қарастық*, *үндеді* — *үндесті* т. б.) көрсете кетсек, зерттеліп отырган жергілікті диалектілік ерекшеліктің басқа жергілікті тіл ерекшеліктері мен говорлардан айырмашылығы анықталып, саралана туседі. Бұларға қоса сез тіркестері, тағы басқа синтаксистік ерекшеліктердің барлығын тек еске салып қана етпекпіз.

Сейтіп, көлтірілген фактілерді негіз ете отырып, зерттеліп отырган объектіні «говор» деп атауды лайық көрдік.

Ендігі мәселе — зерттеліп отырган объект говорың қай түріне, дәлірек айтқанда, ауыспалы немесе жергілікті говорға жататындытын анықтау.

Бұл жағына келгенде біз ешбір толғанбастан-ақ зерттеліп отырган говорды ауыспалы немесе аралас говорға жатқыза аламыз. Өйткені жергілікті халықтың тіліндегі ерекшеліктер ауыспалы говорға тән — ауыспалы говор дегеніміз басқа тілден жергілікті халықтың бір бөлегіне ауысып, басқаларына тарамаган тіл ерекшелігі<sup>7</sup> деген анықтамамен қабысып, үштасып жатыр. Мұндағы туып отырган тіл ерекшеліктері қазақ халқының тек басқа туыстас халықтармен шекаралас отыруынан гана туып отырган жок, тіпті туыстас халықтардың арасына кіре, солармен күнделікті қарым-қатынас нәтижесінде болып отыр. Қазақстанның батыс аймағына жататын жергілікті тіл ерекшеліктері мен говорлар тобынан мұны оқшау көрсетіп, ажыраты қараудың өзі де жергілікті қазақтардың туыстас түркі тілдерінен, өсіресе түркімен тілінен сез ауысып алып, оны күнделікті тұрмысқа жиңі қолданудан туып отырган жағдай. Шын мәнісінде де, жоғары-

<sup>7</sup> И. Кеңесбаев, Ф. Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1962, 128-бет.

да осы говордың өзіне гана тән деп бөліп көрсетілген фонетикалық, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктердің көбі дерлік басқа тілден ауысып алынғандығы зерттеудің барысында анықтала туседі. Осы себептерден де бұл говорды «ауыспалы говорға» жатқызу орынды деп қараймыз.

Алайда мұны тек «ауыспалы говор» деп қана қою кім-кімді де қанағаттандырмайды.

Түркмендермен араласа отырган қазақтар шаруашылықтың қай саласында болса да солармен үнемі, үздіксіз қарым-қатынаста болуының нәтижесінде түркмен тілін өзінің ана тілінен кем білмейді десек асыра айтпаған болар едік. Бұл, өсіресе, сол жерде өмір сүріп отырган қазақтардың орта және жас буындары үшін ете дұрыс пікір. Бұл жердегі қай халықтың да (түркмен болсын, қазақ болсын) орта буындары енбек майданында мидай араласып жатса, ал жас буындар — мектеп оқушылары одан бетер оқу процесінде, пионер лагерьлерінде, балалар бақшасында және басқа мәдени-демалыс орындарында аралас-құралас журуі өзара түсінік алысады қажет етеді. Осы қажеттілік — тіл арқылы жүзеге асырылады. Мұнда түсініктің баянды болуы үшін, аз халық көп халықтың тілінде сөйлеуге тырыса отырып, дағдылану нәтижесінде бірқатар сездер аз халық тіліне өтетіндігі дағдылы нәрсе. Әрине бұл жерде бір тіл екінші тілге ығыса отырып орын беріп, ол басқа тілмен ассимиляцияга бейімделіп бара-ды екен деген ұғым тумасқа гүсі. Араласу сипатының екі түрін ажыратада білу керек дей келіп, соның екінші түрі туралы В. А. Богородицкийдің: «...ни одно из соприкасающихся наречий не проявляет особенной наклонности к ассимиляции, и только в случаях — разговора между лицами двух разных наречий делаются попытки приспособить свою речь к лучшему пониманию другого»<sup>8</sup>, — дегенін еске салсақ та түсінікті болытын тәрізді. Осы пікірді толық сақтарлықтай Түркменстандағы қазақтардың жеткілікті жағдайлары да бар. Олар — ауылдық жерлерде тек қана қазақтардан құралған колхоздардың болуы, қалалық жерлердэ (ұсақ поселкаларды билай қойғанда) — Ашхабад, Красно-

<sup>8</sup> В. А. Богородицкий. Этюды по татарскому и тюркскому языкознанию. Казань, 1933, 104-105-беттер.

водек, Небитдаг сияқты ірі қалалардың өзінде қазактардың көпшілігінің топталып бір жерде отыруы (осының жерлер бар), қазақ балаларының бірқатарлары тар Қазақстан баспасөздерімен таныстырын да айта кетуге болады. Міне осындай көз көріп, құлақ естіген фактілерге сүйене отырып, зерттеліп отырган говорды жалаңғана «а уыспалы говор» деп қана қоюдан гөрі, билингвизм сипатындағы (екі тілді) ауыспалы говор деп атау дәлелі мол, әрі шындыққа бейім тәрізді.

Сейтіл, Турікменстандағы қазақ тілінің говоры екі тілдік сипатындағы (билингвизм) ауыспалы говор деп таныдық.

Бұл говорды зерттеу жалпы ауыспалы говор проблемасымен байланысты теориялық мәселелерді шешуде аз да болса пайдасын тигізтер деп ойлаймыз.

\* \* \*

Түрікмен ССР-ында осы кездегі өмір сүріп отырган қазақтардың келуі тек ондаган жылдармен ғана саналмайтындығын тарихи материалдар анықтайды. Шекаралас болып, керші отыра бастаған мерзімді былай қойғанда, қазақтардың түрікмен жеріне кіре бастауының өзі 100-жылдардың арғы жағындағы оқиға екендігін мына бір жалпы мәліметтен де көруге болады: «Первые группы казахов рода туркмен-адай появляются на западных границах хивинского ханства еще в конце XVIII в., тесня туркмен с Устюрта. Однако наиболее острый период вытеснения казахами туркмен наступил позднее, в середине XIX в. Казахи упорно захватывали у туркмен — иомудов пастбищные территории и пахотные земли в северо-западной части ханства...<sup>9</sup> делінген. Мұнда өнгіме Хиуа хандығы туралы болып отыргандықтан, оның Турікмен ССР-ның территориясына да қатысы бар, себебі қазіргі кездегі Ташауыз төңірегі бұрынғы Хиуа хандығының батысына қарасты жерді де қамтиды. Осы көрсетілген, XIX га-

<sup>9</sup> Материалы к историко-этнографическому атласу Средней Азии и Казахстана. М.—Л., 1961, стр. 38.

сырдың орта кезінен бастап-ақ қазақтардың түрікмен жерінде тұрақты түрде қалып қойғандығы басқа да тарихи мәліметтерден байқалады<sup>10</sup>.

Қазақтардың түрікмен жеріне қарай жылжуы XVIII ғасырдың алғашқы жылдарынан бастала отырып, XX ғасырдың 30-жылдарында ғана аяқталған процесс деп шамалауға болады. Түрлі саяси және экономикалық жағдайлармен байланысты еткен тарихи оқиғалар — осы екі ғасырдан астам уақыттардың ішінде қазақ, түрікмен халықтарының өртеден таныс болуына мықтап әсерін тигізген. Осындай аралас-құрас болып, ұзбей қарым-қатынаста болған ескі халықтың ауыс-түйісі олардың тіліне әсер етпей қоймаган.

Монгол жаулаушыларының үстемдігінің әлсіреп, Қазақстан жеріндегі тайпалар басқыншылар езгісінен арыла бастап, бас біріктіріп «Қазақ халқы» болып аталас болып, керші отыра бастауының соынан көп кешікпей-ақ жақалыптасып, әлі де саяси және экономикалық жағынан нығай қоймаган қазақ халқы тағы бір шапқыншылыққа душар болып, бұл сол халықтың тарихында ешпес таңба салып, «актабан шұбырынды» аталаған кезең еді. Қазақтардың жонғар қалмақтарынан ойсырап жеңіліп, қоныс аударуы қазақ халқын бірқатар көршилес отырган халықтармен таныстыруға себепші болды. Жаңа бас қосқан қазақтың үш жүзіне кіретін рулар бет-бетімен босуының нәтижесі — Кіші жүздің кейбір руларын түрікмендер ортасынан орын іздеуге әкеліп соқтырды. Осылайша қазақтар ең алғаш өздерінің еркінен тысқары түрікмендерді жерінен ығыстыруға мәжбүр болды. Көрсетілген жағдайды кейбір тарихи машиналар анықтай түседі<sup>11</sup>.

Алайда, қалмақтар Маңқыстауда өздерінің үстемдігін ұзақ сақтай алмайды. Оған негізгі себеп болған жағдай — солтустікегі қазақтардың бас қосып басқыншыларга басым күш көрсетуінен еді. Осы кездерде, XVIII

<sup>10</sup> Гиршфельд и Галкин. Военно-статистическое описание хивинского оазиса, ч. II. Ташкент, 1903, стр. 66-67.

<sup>11</sup> О. Туманович. Туркменстан и туркмены. Ашхабад-Полторацк, 1926, стр. 30; А. П. Чулошиников. Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен, ч. I. Оренбург, 1924, стр. 159.

ғасырдың орта шамасында, қалмақтар қазақтардың күшті тегеурініне шыдай алмай, Маңқыстауда өз үстемдігін жоғалта бастап, ақыры Каспий жағалауындағы иемденген қоныстарын қазақтарға беруге мәжбүр болды. Осыдан байлайғы жерде қазақтар мен түркмендер арасындағы тартыстың күшіне түскендігі женінде: «С этого момента на Мангышлаке начинаются нескончаемые распри между туркменской и казахской знатью, которые перехлеснули затем рубеж XIX в. и продолжались отчасти даже после присоединения Средней Азии к России...»<sup>12</sup> — деген тарихи деректерді оқимыз. Ұзақ мерзімге созылған бұл халықтардың арасындағы тартыстар ақырында келіп, Маңқыстаудың қазақтар тарарапына көшуіне және сол арқылы түркмен халқымен тікелей қарым-қатынаста болуына әкеліп соктырды. Каспий теңізі мен Аral теңізінің аралығындағы кең байтақ дала жайылым қонысына айналды. Осындаі кең жерді көрген саяхатшылардың бірі соңғы кездердегі Маңқыстау қазақтарының көшіп, қонып жүрген жерлерінің шегін — солтустікте Оралдан оңтустіктегі Красноводскіге дейін, Каспийдің шығыс жағалауынан Аral теңізінің батыс жағалауына дейін немесе Форттан Хиуага дейін<sup>13</sup>, — деп көрсеткен болатын. Бұл көрсетілгендерге қарғанда, қазақтар сол кездердің өзінде-ақ қазіргі кездегі республика аралық шекарадан аса отырып, түркмендердің ішіне терендей кіргендігі байқалады.

Қазақтардың түркмендермен араласуы тек Маңқыстау арқылы ғана емес, сонымен қатар Хиуа хандығы арқылы да жүзеге асып отырған. Қазақтардың Хиуа хандығы арқылы басқа халықтармен, әсіресе түркмендермен араласуы белгілі бір тарихи жағдайлармен байланысты болып отырған.

XVIII ғасырдың орта шенінен бастап, қалмақтардың үстемдігінен арылғаннан кейінгі жерде Кіші жүз қазақтарын билеуші хан, билер жайылым, өристерін кеңе сала отырып, сол кездегі Аral теңізінің оңтүстігіне дейін созылған Хиуа хандығының жеріне дейін жетіп отырған. Бұл кездерде Хиуа хандығының ішін-

<sup>12</sup> Очерки из истории туркменского народа и Туркменистана в VIII—XIX вв. Ашхабад, 1954, стр. 315.

<sup>13</sup> Р. К а р у т ц. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. СПб., 1910, стр. 46.

де билеп-тестеушілікке таласқан аласапыран кезең болса және екінші жағынан Орта Азия билігін қолына алуға тырысқан түркмендердің афшар тайпасынан шыққан Надир шахтың жаулау саясатының күшейген уақыты болатын. Хиуа хандығында тұган осындай екі жақты қауіпті қазақ билеушілері де пайдаланып қалуды көздеді. Кей кездерде олардың бұл ниеттері жүзеге асқан уақыттары да болды. Хиуа хандығының ісіне қазақ хандары мен билерінің араласуын тарихшылар әртүрлі себептер арқылы баяндайды. Қалай болған күнде де, кейбір қазақ хандарының Хиуада хандық құрғандығы тарихи материалдан анықталған түседі. Хиуаны жаулаш алғаннан кейін Надир шах, оған бағынғысы келмей қашқан жергілікті халықтың билеушілерінің орына ханды әр жерден сайдады. Сондай хандардың бірі болып тағайындалған Эбілқайыр ханның баласы Нұралы болды (1741 жылы). Бірақ ол жергілікті халықтың өшпендейлігінен қауіптеніп жарты жылдан кейін Хиуадан қашып кетеді. Надир шах көзінде Хиуада ұзақ хандық құрған қазақтардың бірі Қайып хан (1747-1757)<sup>14</sup>. Қайып хан өлген соң да, Хиуада қазақтардың хандық құруы үзілмеген. Солардың бірі — қазақ сұлтандарынан шыққан Тәуке хан. Ол 1764 жылға дейін Хиуада хандық құрған<sup>15</sup>. Бұл келтірілген тарихи фактілер Хиуада хандық құрған қазақтардың санын білдіру мақсатымен көрсетіліп отырған жоқ. Мұның өзі Хиуа хандығына қарасты қазақтар санының шағын мөлшерде болмағандығының айғағы. Ханды тағайындаушы жақта және хандықты қолына алушы адам да бел тұтып, арқа сүйерлік тіректі қарастырады. Сондай бел, өрі тірек бұл екі жақ үшін де Хиуа хандығындағы қазақтардың санымен өлшенуге тиіс. Осы себептермен де біз Хиуа хандығында мекендейген қазақтардың саны аз болмағандығын болжаймыз.

XIX ғасырдың ішінде де түркмен тайпалары мен қазақтардың жер үшін тартыстары күшіне түспесе, бәсендемеген. Осы тартыстарда да қазақтар бірқатар жеңістерге жетіп отырған.

<sup>14</sup> Очерки из истории туркменского народа и Туркменистана в VIII—XIX вв. Ашхабад, 1954, стр 252, 262.

<sup>15</sup> П. П. И в а н о в. Очерки по истории Средней Азии. М., 1958, стр. 100.

XIX гасырдың бас кезіндегі Арас мен Хиуа арасындағы күрес Хиуа хандығының пайдасына шешіле-ді де, сол кездерде Арас хандығын жақтаған түркменнің Чоудор тайпасы Хиуа ханының қысымына шыдай алмай, қайтадан өздерінің ежелгі мекені Маңқыстауға барып қоныстана бастайды. Бұл шамамен 1810 жылдар<sup>16</sup>. Алайда, көршілес отырган қазақтар түркмен тайпаларының сауда керуендерін тонап және оларды есқи жайылымдарынан ығыстыру ниетімен тонаушылық шабуылдар жасап, тыныштық бермейді. Осы кездерде Маңқыстау Чоудорлары мен Абдалдары қазақтардың тонауынан қорғау үшін, өздерін орыстардың қол астына алуын тілейді. Олар Каспий жағалауынан, қазақтардан сауда жолын сақтау үшін, бекіністер салуды етінеді. Хиуа хандығының солтүстік батыс белгітеріне дейін жетіп, бұл жердегі Иомуд тайпасын мекендерінен ығыстыра бастайды. Осы жерлерде талай ұрыстардың болғандығын мына бір тарихи мәліметтен байқауга болады: «До сих пор на границе культурных земель с пустыней, на берегу Дарьялыка, около развалин старой крепости Ширван-кала сохранился целый ряд родовых крепостей йомудо...»<sup>17</sup> деп көрсетілген.

Түркмен тайпалары мен қазақтар арасындағы қырығын согыстар осы кезде Түркменстанға қарайтын Қарабұғаз көл шығанағының маңында да болғандығын XIX гасырдың орта шенінде сол жерлерде иесіз қалған 50-60 құдықтар кепіл болғандай. Жоғарыда көрсетілген «Очеркide» бұл туралы: «Места эти опустели как раз во время туркmeno-казахской борьбы»<sup>18</sup>, — дедінген.

Откен гасырдың 50-жылдарында түркмен жеріне қазақтардың жиі басып кіре бастауының өзі сол кездегі тарихи жағдайлармен ұштасып жатқан еді. Қазақ халқының шағын топтары — хан, сұлтан, билері — Қазақстаниң Россияға қосылуын қолайлы деп таппады. Оның да өзінше себебі бар еді. Ен даланы емін-еркін жайлас, қалың елді өз айтқанына көндіріп, айдағанына жүргізіп, билеп-төстеуге машықтанған хан мен сұлтан тұқымдары бұрынғы билігінен айырыла

<sup>16</sup> Очерки из истории туркменского народа и Туркменистана в VIII—XIX вв. Ашхабад, 1954, стр. 274.

<sup>17</sup> Сонда.

<sup>18</sup> Сонда, 315-316 беттер.

бастап, еркін үстемдік дәуіріне қаупі төне бастаған кез. Бұрынғыдай қалың ел олардың дегеніне көнбеуге айналған жағдайда, басқа елге билік жүргізу, басқа халықты бағындыруды қажет деп үқтү. Міне, сондай хан тұқымдарының бірі Кенесары Қасымов Орта Азия халықтарына дейін жетіп, олармен де қырғын ұрыстар жүргізді. Осылайша, Хиуа хандығы да Кенесары мен оның тілеулестеріне бір кездерде бағынышты болды.

Қазақтардың бір тобы Хиуа хандығына етіп, түркмен халқымен аралас-құралас мекендесе, енді бір болігінің бұл хандыққа келу жолы басқаша. Соңғылар патша езуілігіне қарсы көтерілістерде жеңіліс тапқаннан кейін, қашқын ретінде Хиуа хандығына пана-лаган.

Сейтіп қазақтар түркмен жеріне, дәлірек айтқанда, қазіргі Түркмен ССР-нің территориясына бірқатар жері кіріп отырган Хиуа хандығына XIX гасырдың бірінші жартысында жоғарыдағы көрсетілген жағдайлармен келгендігі анықталады. Сол кездерде Хиуа хандығындағы қазақтардың саны 10-15 мыңға жеткен<sup>19</sup>. Әрине, бұл көрсетілген сан дәл деуге болмайды. Егер Бүкіл-россиялық бірінші халық санаты 1897 жылы жүргізілгенін еске алсақ, жоғарыдағы цифрдың шамамен алынғандығы көрінеді. Мүмкін қазақтар саны одан кеп те болған шығар. Дегенмен, тарихи фактілер, түрлі жазба нұсқалар және тағы басқа материалдар түркмен мен қазақтардың кеп уақыттан аралас-құралас мекендердегін бізге ашып береді. Тіпті кейір тарихи материалдар 1842 жылдары Хиуа хандығының орталығы Көне-Үргенішті қазақтардың өскер күшімен басып алғандығы туралы да мәліметтерді жариялады<sup>20</sup>.

Жоғарыда келтірілген тарихи материалдар мен очерктерден басқа да жекелеген орыс зерттеушілері мен саяхатшыларының еңбектері мен күнделіктерінен қазақтар мен түркмендердің ерте кездердегі, XIX гасырдың ішіндегі, қарым-қатынастары туралы көлтеген мәліметтер аламыз. Талас-тартыс, күрес үстіндегі бұл

<sup>19</sup> Наши соседи в Средней Азии. Хива и Туркмения. СПб., 1873, стр. 115.

<sup>20</sup> Материалы по истории туркмен и Туркмении. Том II. М.—Л., 1939, стр. 476.

екі халық арасында, бір кездерде, өсіресе, үйренісе келетту, жекжат, құдандалық қалыпқа дейінгі дәрежеге жеткен жағдайларында көруге болады. Осының дәлелі ретінде Г. С. Карелиннің журналынан мынадай жазуды оқуға болады: «2(14) июля. Сестра туркменского старшины Акмамет Бека была выдана в замужество за киргизца Джименевского колена Илемеса. Сын его Бердыбек приехал навестить своего дядю...»<sup>21</sup> — дейді. Бұл 1832 жылғы экспедиция журналына жазылған. Карелиннің көрсетуінше, тіпті Устірттегі қазактардың Хиуамен сауда-саттық жасап отыратындығы байқалады<sup>22</sup>. Мұның өзі де белгілі дәрежеде түркмендермен қарым-қатынастың тығыз болуына жол ашады.

XIX ғасырдың орта кездерінде қазактардың түркмен жеріне тереңдей кіргендігі соңша, олар Красноводск қаласының оңтүстігіндегі Челекен аралдарына дейін жетіп, сол жерлерді қоныстанғандығын М. Н. Галкин жазған материалдардан анық көруге болады. Онда: «Сегодня (15-го июля 1859 г.) пришел в отряд киргиз Адаевец, по имени Айтуган. Лет 20 тому назад он переселился в здешние места<sup>23</sup>,...» дедінген. Автордың «осы жерлер» деп отырғаны қазіргі кездегі Түркменстандагы мұнай өндірісі бар Челекен аралы.

Хиуа хандығының жеріне орыс әскерлері кірген уақыттарда, олар көшпелі халықтардың бірқатары, соның ішінде қазактардың да шұрайлы жерлерге отырықшылана бастаған қалыптарын көздестірген<sup>24</sup>. 1873 жылы Хиуа түгелдей Россияға қосылған соң, сол маңдағы көшпелі қазактар белгілі бір жерге тұрақтан, XIX ғасырдың аяқ кездерінде отырықшылық қалыпқа бел бугандығы кейір тарихи материалдардан аңғарылады. Бірінші рет Қоңе-Үргеніштің шығысын ала ауқатты қазақтар XIX ғасырдың соңында жер кәсібімен шұғылданып, олардың бұл мекендереген жері «Қазақ жері» деген атақ алады. Қазактардың қалған бір бөлімде-

<sup>21</sup> Записки императорского русского географического общества. Том 10. СПб., 1883, стр. 90.

<sup>22</sup> Сонда, 484-бет.

<sup>23</sup> М. Н. Галкин. Этнографические материалы по Средней Азии и Оренбургскому краю. СПб., 1867, стр. 211.

<sup>24</sup> Г. Е. Марков. Очерк истории формирования северных туркмен. М., 1961, стр. 157.

рі Ташауыздың оңтүстік батысынан келіп орналасады<sup>25</sup>.

Хиуа хандығындағы қазақтардың басынан өткен XIX ғасырдың соңындағы жоғарыда әңгіме болған жағдайлар осы кездегі Ташауыз маңында өмір сүріп отырған кейір қариялардың әңгімесімен сәйкес келіп отырады. Демек, сол кездегі тарихи оқигаларды олардың сездері анықтап, күәландыра түседі. Мысалы, қазіргі кездегі Тахта өндіріс басқармасына қарасты Ордженонидзе атындағы колхоздың тұрғыны 74 жастағы Есімбаев Басшы қарт: «Бұдан 93 жыл бұрын Маяның Байменбеті деген кісі Адайларга патшага бағынып, есеп беретін болалы деп үкім айтады. Бірақ қазақтар көнбейміз деп Жем, Сағыздан шығып Самға келеді. Байменбет бұлардың соңынан қырық шақты қарулы жігітпен қуып келіп, тағы жинақ істеп «көніңдер» деді. Адайлар «енди көнелі» деп Байменбетті алда, қаруын алып, жігіттерімен қоса өлтіреді. Осы бетімен солар Хиуага келіп, Хиуа ханы бұлардан сескеніп «Жасауыл жап» деген жерден орын беріп, 6 болыс етіп құрады. Бұлардың бастығы Жұмағамбет болды. Сол «Жасауыл жап» кейін «Қазақ жері» аталып кетті»,— деген әңгімені айтады. Осы әңгіменің біршама тарихи шындықпен сәйкес келіп жаттын жақтары бар. Бұдан 93 жыл бұрынғы кез патша әскерлерінің Хиуа хандығына қарай беттеп келе жатқан кез екендігі бізге тарихтан белгілі. Оның бер жағында қарттың айтқан әңгімелеріндегі кейір адам аттары да сол кездегі кейір зерттеушілердің енбегінде кездеседі. 1834 жылдардың шамасында Хиуа тәңірегінде көшпіл жүрген Адайлардың Мая деген старшинасы болған. Ол Хиуа ханының: «Сендер, Адайлар, Табындармен қосыла отырып, орыс бекіністеріне қарсы шығындар!»,— деген бүйірғыны орындаудан бас тартқан<sup>26</sup>. Жоғарыдағы қарттың әңгімесіндегі Байменбет осы Маяның баласы.

1897 жылы болған Букілроссиялық бірінші халық санағының мәліметі бойынша Түркмен облысындағы қазақтар саны 10429 болған. Қазақтардың бұл көрсетілген санын дәл деп қарау қындыққа согады.

<sup>25</sup> Материалы к историко-этнографическому атласу Средней Азии и Казахстана. М.—Л., 1961, стр. 33-34.

<sup>26</sup> М. Н. Галкин. Жоғарыда аталған еңбек, 115, 121-беттер.

Ойткені құм ішінде көшіп жүрген қазақтардың және басқа халықтардың бұл санақта ілінбей қалуы толық мүмкін.

Түрікмен жеріне қазақтардың келу процесі XX гасырдың 30-жылдарына дейін созылған. Маңқыстаудағы қазақтар кей жылдары қыс қатты болып, жұтқа ұшыраған кездерде түрікмендер арасына ауып отырған. Осындай жұттардың күштісі 1910 жылдардың шамасында халықты ете құйзелткен. Осы құйзелістің нәтижесінде Кіші жұздің бірқатар рулары Түрікменстанның ішкі жақтарына дейін өтіп, сол жерлерде түрлі кәсіптермен айналысып, орналасып қалған. Ол кәсіптердің бастылары сульфат, тұз өндіру және мақта шаруашылығы болған. Қорсетілген жағдайлар жөнінде көзі тірі қарттардың әңгімелерінен жиі естүгे болады. Сол қарттардың бірі — халық ақыны Сәттіғұл өлең арқылы халық басынан өткен сол жұтты былай суреттейді:

...Ит деген жылдың қысында,  
Нашарлық басып елімді  
Үйіринен айрылып  
Әр тарапқа белінді...  
Бір қатары жер ауып  
Майрамалы, Тәженнен  
Асырап тамақ мақтадан...

Осы өлеңдегі Байрам-Али, Теджен қазіргі кездегі Орта Азия темір жолының бойындағы ірі станциялар. Сол кездердің өзінде де бұл теңіректерде қазақтар жиі мекендеген. Демек, бұл маңдағы қазақтардың бірқатары Октябрь революциясынан әлдеқайда бұрын келіп орналасқандығы көрінеді. Осындай жұтаулардың салдары Түрікменстанның Красноводск жағында да қазақтардың санын арттыра түсken. 1900 жылды капитан Ф. А. Михайлов құрастырган мәліметтерде Красноводск уезінде қазақтардан құрылған бір гана болыс болса<sup>27</sup>, 1917 жылғы санақтың мәліметінде екі болысқа дейін жетіп (IV және V болыс), олардың қарамағында 359 үй болған<sup>28</sup>.

Сейтіп, келтірілген материалдарды тірек ете отырып, Түрікменстандағы қазақтардың бұл жерге келуі

<sup>27</sup> Ф. А. Михайлов. Туземцы Закаспийской области и их жизнь. Ашхабад, 1900, стр. 23.

<sup>28</sup> Материалы Всероссийских переписей 1920 г. Перепись населения в Туркестанской Республике, ч. I, выпуск. I, 1922 г.

XVIII ғасырдың бірінші жартысынан басталады деп қорытынды жасауга болады.

Тарихи шолудың ең соңында Турікмен ССР-ындағы қазақтардың әтникалық құрамы туралы мыналарды айта кетуге болады.

Негізінен мұндағы қазақтардың көбі Кіші жұз рулагы. Ұш бөлімнен — Әлімұлы, Байұлы, Жетірудан тұратын қазақтардың қай-қайсысы болсын түрікмендер арасынан кездесіп отырады. Алайда, осылардың арасында сан жағынан басымы Байұлының Адай руы мен Жетіруга жататын Табындар. Байұлына қарасты Есентемір, Беріш, Шеркес сияқты рулардың екілдері де бар. Бірақ бұлар алғашқыларға қараганда анағұрлым аз. Сондықтан да Түрікменстандағы қазақтар туралы әңгіме болғанда, алдымен ауызға алынатыны да Адайлар мен Табындар.

Біздің экспедицияның жинаған материалындағы Адайдың атаға белінуі және олардың аттары ертеректегі орыс зерттеушілерінің мәліметтерімен де<sup>29</sup>, қала берді соңғы кездердегі Адайлар туралы мақалалармен де<sup>30</sup> сәйкес келіп отырады.

Адай руының аты кайдан, қалай шықкан деген мәселе жөнінде осы зерттеуден кейін жазылған бір мақаламызда<sup>31</sup> әңгіме болғандықтан, бұл кітапқа кіргізуді артық қөрдік.

Адайлардың түрікмен жеріндегі орналасулары, іштей белінуі жағынан алып қараганда, біркелкі емес. Красноводск төңірегінде Түрікмен Адай, Жаман Адай әрі Келімберді балаларының ұрпақтары да жиі ұнырасып отырады. Ал Ташауыз маңындағы Көне-Үргеніш, Тахта аудандарында Келімбердінің Жеменей, Тобыш аталатын рулары көптеп орналасқан. Шынын

<sup>29</sup> Н. А. Аристов. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. «Живая старина». Выпуск 3-4. СПб., 1897, стр. 380; Ф. А. Михайлов. Туземцы Закаспийской области и их жизнь. Ашхабад, 1900, стр. 23.

<sup>30</sup> И. Ұйықбаев. Адай диалектісі туралы. «Қазақ ССР ғылым академиясының Хабарлары», лингвистикалық серия, 1950, 6-шығы.

<sup>31</sup> Ә. Нұрмагамбетов. «Адай» этнонимі туралы. «Қазақстан мектебі», 1967, № 7.

айтқанда, Түрікмен ССР-ында Адайлардың бірі ана жерде, бірі мына жерде көп орналасқан деп дәл айта қою қын. Біз көрсетіп отырган орналастырулар тек шартты түрдеғана.

Түрікменстандағы саны жағынан Адайлардан кейінгі ру тобы — Табындар. Табындар тек Ташауыз төңірегінде, онда да, Көне-Үргеніш маңындағы «Байрам-Таган», «Большевик» колхоздарында жиі орналасқан. Ал, Түрікменстанның басқа жерлерінде сирек, бірнешараланғана үшірасады.

Сейтіп, қазіргі кездегі Түрікмен ССР-ында мекен-деген қазақтардың этникалық құрамы жағынан алғанда дені Адайлар болып келсе, одан кейінгі орында Табындар екендігін көреміз.

\* \* \*

1959 жылғы бүкілодақтық халық санағы бойынша Түрікменияндағы қазақтар саны 70 мың екендігі анықталды. Мұның өзі Түрікменстан — Советтер Одағында РСФСР мен Өзбекстаннан кейінгі қазақтардың көп орналасқан одақтар республика екендігін білдіреді. 70 мың қазақтардың Түрікменстан территориясы бойынша көп мекендеген жерлері Красноводск маңы, Небит-даг төңірегі, Ташауызға қарасты аймақтар. Бұлардан басқа Мары, Ашхабад маңайындағы жерлерде де жұбын жазбастан отырган қазақ ауылдары жиі кездеседі. Сондай-ақ темір жол бойындағы Теджен, Байрам-Али сияқты ірі станцияларда да қазақтар көп орналасқан. 1959 жылғы санақ мәліметінде Ташауыз облысында 25280 қазақ болған. Мұның ішінде ауылдық жерде тұрғаны 19663, ал қалалық жерде 5917 болған. Ташауызға қарасты Көне-Үргеніш ауданының орталығынан өзінде 10 мыңға жуық қазақтар барлығы белгілі болған. Ал Красноводск жағындағы қазақтар саны будан артық болмаса, кем емес.

Қазақстанмен шекаралас Қарабұғаз көл бұғазында сульфат өндіру жұмысы бар. Осы өндіріспен байланысты орнаған Бекдаш, Сартас, 6 көл деген поселкаларда тұратын қазақтардың түгелге дерлік кәсібі — сульфат өндіру.

Красноводскінің солтүстігінде Құлы-Маяк деген жерде қазақтар тұз өндіру кәсібімен шұғылданады.

Тұз өндіріп, оны сыртқа шығарып сату жұмысымен қазақтар ертеде-ақ шұғылданғандығын мына бір тарихи материал айқындағы түседі: «Отхожими промыслами киргиз является добывание соли из многочисленных соляных озер Мангышлакского уезда. Киргизы снабжают солью туркменские племена области и, даже, вывозят ее караванным путем и морем в Персию»<sup>32</sup>, — делінген. Дәл осы өндірісте басқа халықтардан көрісан жағынан қазақтар басым.

Каспий жағалауында балық аулау артельдері көп-ақ. Солардың ішінде қазақтары мол пункт — Қиянды. Мұнда қазақтар балық аулау, оны өңдеу жұмыстарын атқарады.

Красноводскінің шығыс жағында 10—15 шақырым жерде жер астынан құрылышқа қажетті ақ тас өндіретін поселкада да жұмысшылардың көбі қазақтар. Өндіріске байланысты қазақтардың басты-басты кәсіптерінің түрі осылар.

Ал ауыл шаруашылығында қазақтар бір гана сала — мал шаруашылығымен істес. Красноводскіден 150 шақырымдай жерде (солтүстік шығысында) Куйбышев атында қазақ колхозы бар. Бұл колхоздың басты шаруашылығы — қой және түйе есіру.

Красноводскінің өзіндегі қазақтар қаладағы шаруашылықтардың алуан түрімен шұғылданған.

Небит-даг маңында Құм-даг поселкасында тұратын қазақтар кәсібі — мұнай өндірісі.

Ташауыз маңындағы Көне-Үргеніш ауданында қазақ колхозы «Байрам-Таган», Тахтага қарасты «Орджоникидзе» және Тедженнің солтүстігіндегі «Екінші бесжылдық» қазақ колхоздарының шаруашылығы — мақта егу, бау-бақша есіру, малмен (қой, түйе) байланысты. Осы себептерден де, зерттеліп отырган говордың лексика саласының кәсіби сөздер бөлімінде Красноводск маңындағы қазақтар тілінде кездеспейтін кейбір сездер бұл маңайдағы қазақтар тілінде үшірасып отырады. Мұның өзі, әрине, жергілікті халықтың шұғылданған кәсібімен байланысты. Осымен қатар, тарғы бір еске сала кететін нарсе, Красноводск маңындағы қазақтар түрікмениң Иоумыт тайпасы ортасында, со-лармен қарым-қатынаста тұрса, Ташауыз төңірегіндегі

<sup>32</sup> Ф. А. Михайлов. Жоғарыда аталған еңбек, 22-бет.

қазақтар солтүстігінде қарақалпақтармен, шығыснда өзбектермен, іштей түркмендермен қарым-қатынаста, тығыз байланыста тұрады. Соңғы жағдай мұндағы қазақтардың тіліне әсерін тигізбей қоймаған. Красноводск қазақтарына қараганда мұнда ерекшелік молдау. Бұл ерекшелік зерттеудің лексика тарауында азды-көпті көрініп қалып отырады. Ол туралы кезінде, лексикалық ерекшеліктер тарауында айта кетпекніз.

Түркменстандағы қазақтардың енді бірқатары темір жол бойында жұмыс атқарады. Олардың темір жол бойында жиі ұшырасатын, жұбын жазбай отырган станциялары — Аннау, Гяурс, Байрам-Али, Равнина т. б. Ашхабадтың өзінде тұратын қазақтардың бірқатары кірпіш заводында, әйелдер жағы фабрикада кілем тоқу жұмыстарымен шұғылданған.

Қазақтардың қалған белгілі республикадағы халық шаруашылығының түрлі салаларында қызмет атқарады.

Жергілікті жердегі қазақтардың мәдени дәрежесі туралы әңгімеге бет бұрганда, ең алдымен ауызға алатынымыз, республикадағы қазақ мектептері. Қазіргі кезде (1964 жылға дейін) Түркмен ССР-ның Оқу министрлігінің берген мәліметі бойынша, 1962/1963 оқу жылдарында республикадағы 32 қазақ мектебінде 4011 бала оқиды. Мектептердің ішінде бесеуі он бір жылдық та, он үші сегіз жылдық, ал қалғандары бастауыш. Жоғарыда көрсетілген 32 қазақ мектептерінен басқа, аралас мектептердің 13-індегі қазақ кластарында 1781 бала оқиды. Жинақтай келгенде, 5792 бала өзінің ана тілі — қазақ тілінде оқытындығы көрінеді. Қазақ мектептерінің кебі, сол халықтың (қазақтардың) жиі орналасқан жерлерінде кездеседі. Он бір жылдық мектептер Красноводск (№ 3 мектеп), Небит-даг (№ 5) қалалары мен Бекдаш (№ 1) поселкасында, «Байрам-Таған» (№ 49) және Орджоникидзе атындағы (№ 49) колхоздарында орналасқан. Бұл жердегі қазақ мектептерінің бірқатары ертеректе, 30-жылдар мен 40-жылдардың арасында ашылғандығы байқалады. Тіпті 1934 жылы Красноводск қаласында қазақ педагогикумы ашылып, өзінің үш-төрт жылғы өмірінің ішінде біршама жергілікті кадрлар дайындаған. Сол техникуман оқыған, кейін Түркменстан жоғары оқу орында-

рын бітіріп, қазір қазақ мектептерінде сабак беріп жүрген мұғалімдер — Б. Хамитов, О. Мұқтаров.

Түркменстандағы қазақ мектептерінде көп жылдан бері қол үзбей, совет оқушыларын коммунистік рухта тәрбиелеуде еңбегімен халық көзіне түсіп, ел құрметіне бөлөнген педагогтар да бар. Олардың ішінде халық, мемлекет ісіне араласуға қолынаң келеді деген сенім көрсетуінің нәтижесінде, 3 март 1963 жылы сыйланған Түркмен ССР-нің Жоғарғы Советінің депутаттарының арасынан Небит-дагтағы он бір жылдық қазақ мектебінің директоры Медеуов Бақытжан мен «Большевик» колхозындағы сегіз жылдық қазақ мектебінің директоры Нұрманшаева Қаншайымды көруге болады. Мұның өзі Совет Одағының Коммунистік партиясының халықтар достығы мен туыстығын нығайтудағы жүргізіп отырган саясатының бұлжымас айғағы. Республикадағы қазақтардың бір белгілі өз тілінде шығатын газеттен құр алақан да емес. 1931 жылдан жарық көре бастаған «Қарабұғаз кел жұмысшысы» газеті, 1939 жылдан 1963 жылға дейін «Жұмысшы» атымен Красноводскіде баспадан шығып, сол тәнірек-тегі халыққа таратылады. Осы говорды зерттеуде біз сол газеттің де тілін көмекші материал ретінде пайдаландық.

Қазақтың әдеби тілі республикадағы қазақтарға мектеп арқылы ғана емес, сонымен қатар Қазақстаннан шығатын мерзімді баспалар — газет, журналдар және радио арқылы да таратылып отырады. Қазақ мектептері мен қазақ колхоздарындағы жинальстар және оларға байланысты іс қағаздары қазақ тілінде жүргізіліп отырады.

және мүмкіндігінше, тарихи ескерткіштермен байланыстыра қарау да көзделді.

## 1. Дауысты дыбыстарға байланысты ерекшеліктер

Говордағы дауыстылардың алмасуы алуан түрде ұшырасады. Жасалу орнына қарай жуан дауыстылар жінішке дауыстылармен кейде, керісінше алмасып отырса, енді бірде жасалу жолына қарай ашық дауыстылар қысаң дауыстылармен (немесе оған керісінше) алмасады. Бұлармен бірге ерін қатысына қарай бөлінетін дауыстылар — езу дыбыстары өзара, ерін дыбыстары да іштей бірінің орнына бірі қолданылып отырса, ішінара ерін дыбыстарының езу дыбыстарымен алмасып отыратын жағдайлар да говорга жат емес.

А/Ә. Әдеби тілдегі жуан дауысты «ә» дыбысының орнына говордағы бірқатар сөздердің бірінші буынында жінішке «ә» дыбысы қолданылады. Осы дыбыс алмасуының нәтижесінде әдеби тілдегі жуан айтылатын сөздер жінішке түрінде естіледі.

Говорда	Әдеби тілде	Говорда	Әдеби тілде
әлайда	алайда	кәте	қате
әнте	апта	кәтер	қатер
әре	ара	ләждеу	лајдау
әзне	дана	маусім	маусым
әстан	дастан	мәзмун	мазмұн
жәңбір	жаңбыр	сәуік	сауық
жәүтендеу	жаутаңдау	үәйім	уайым
зәлім	зальм	тәрсі	таразы
кәжет	қажет		
кәйтіп	қайтып		
кәпелімде	қапелімде		

М: Көрсетілген іске екі ә п т е бұрын дайындалмалы. Шабақтың кәт ерлі жауы — шортан. Ойын-сәуік көрмейсініз бе? (эксп.).

«А» дыбысының орнына «ә» дыбысының қолданылуы тек ел аудынан жинастырылған материалдардағана көзdesіп қоймайды. Олар жергілікті баспаса з бетінде де көзdesеді. М: Ә л а й д а, Айдардың баласы ойын басталып жатқанда кекесін сөзін тоқтатпай, күңкілде-ди де отырды («Қарабұғаз көл жұмысшысы», 7/V-37).

Бірінші тарау

## ФОНЕТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛИКТЕР

Түрікмен ССР-ында тұратын қазақтардың тіліндегі жергілікті ерекшеліктердің ішінде көлемі жағынан шағыны (әрине, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктермен салыстырғанда) — фонетикалық ерекшеліктер. Фонетикалық ерекшеліктердің бұл шағындығы — говордағы дыбыстық құрамының қазақтың әдеби тіліндегі дыбыстық құрамнан ерекшеленбейтіндігімен сипатталады. Дәлірек айтқанда, говордағы дыбыс санды және олардың жасалу орындары (артикуляциясы) әдеби тіліміздегі дыбыстармен қабысып, шенде сіп жатады.

Говорда фонетикалық ерекшеліктердің көріністері шағын десек те, өз алдына әңгіме етерлік құбылыстар да жиі көзdesеді. Ерекшелік деп танырлық бұл сияқты құбылыстар говордағы дауысты, дауыссыз дыбыстардың өзара алмасулары немесе олардың белгілі бір сөздерде түсіп қалуы, кейбір сөздерге қосылуы арқылы көрінеді. Әрине, бұл сияқты құбылыстарды абсолюттік тұрақтылық деп қарау жиналған материалдармен сәйкеспеген болар еді.

Демек, мұның өзі, говордағы дыбыстардың алмасуы белгілі бір сөздер тобында ғана көзdesіп отырады деген сөз.

Говордың фонетикалық ерекшеліктеріне тән екінші бір құбылыс — қазақтың байыргы төл сөздерінің басында аффрикат «ч» дыбысының естілуі. Бұл басқа дыбыс алмасуларына қарағанда басымырақ көзdesеді. Ол туралы біз тиісті жерінде толық әңгіме етпекпіз.

Говордағы фонетикалық ерекшеліктерді басқа говорлардағы сол текстес ерекшеліктермен салыстыра

Откен июнь айының ішінде осы қызыл бұрышқа 4 әне «Соц. Қаз.», 4 әне «Жұмысшы» газетінә жазылған еді («Жұмысшы», 19/VIII-40). Оған... қыс жауапты емес... Ол өз мәүсімінде айналып соғып тұрады (Бұл да сонда, 14/I-41).

Говорда бұл көрсетілген дыбыс алмасуына керісінше, әдеби тілде «ә» дыбысымен айтылатын сөздер «а» дыбысымен алмасады. Бірақ алғашқыға қарғанда, соңғы құбылыс, белгілі бір сөздер аясында, тар шеңберде ұшырасады. Әрі көбінесе сөздің басында өзгеріп келді. Ондай сөздер: *Али, адеп, қары, ары* (арағырақ), *алдағандай, Адыл, Аубекір*. Мұнда көп жағдайда «ә» дыбысы «а» дыбысына адам аттарымен байланысты алмасып отыратындығы байқалады. М: *Жаңагы Адыл қайда жоғалды* (эксп.). Олар өзінің таңдаулы мүшесі *Қайқыбасов Али* жолдасты ұсынып отыр, өйткені... *Али біздің сенімізді ақтайтындығына сенеді* («Жұмысшы», 17/XII-39). «А»-ның «ә» дыбысымен алмасуы немесе керісінше құбылыстарды біз Қазақстан территориясында — батыс, онтүстік, шығыс аймақтарына қарасты кейбір говорларда да кездестіреміз<sup>1</sup>. Бұлардың кейбіреулерінде «а»-ның «ә» дыбысына алмасуынан гөрі керісінше алмасу зерттеліп отырған говордағыдай аз мөлшерде гана байқалады<sup>2</sup>. Қазақстаннан сыртқары жердегі Орынбор облысы және Таулы Алтай автономиялы облысындағы Қошагаш қа-

зактарының тіл ерекшеліктерінде де көрсетілген дыбыстардың өзара алмасулары бар<sup>3</sup>.

Профессор И. Кеңесбаев Н. В. Юшманов және Е. Д. Поливановтардың пікірлеріне сүйене отырып, қазіргі қазақ тіліндегі «ә» фонемасының сирек кездесуінің басты себебі — оның қазақ тіліне басқа күншығыс тілдерінен келген сөздермен байланысты болуы керек<sup>4</sup> деген болжам айтады. Дәл осындай пікірлерді басқа да тіл мамандары қуаттай түседі. Н. А. Басқаков қарақалпақ тіліндегі «ә» туралы, ал Э. В. Севортин мен Ф. Г. Исақов та жалпы түркі тілдеріндегі «ә» дыбысының араб-иран тілдерінен енген сөздер арқылы пайда болғандығын көрсетеді<sup>5</sup>.

Шын мәнісінде де, қазақтың әдеби тіліндегі «ә» дыбысымен сирек қелетін сөздердің байлай қойғанда да, зерттеліп отырған говорда келтірілген сөздердің көбіне араб-иран сөздері екендігі байқалады.

Араб-иран сөздерінің түркі тілдерінде жіңішке «ә» дыбысымен айтылғандығын, XIX ғасырда жасалған сөздіктерден де кездестіреміз. Мысалы: *مَوْسُومَةً* *мәс-сімь* (араб.) — маусым<sup>6</sup>. Араб-иран сөздеріндегі «фатха» мен келетін сөздердің бірқатары әдеби тілімізде «ә» фонемасымен берілсе де, кейбір жергілікті тіл ерекшеліктерінде, соның ішінде зерттеліп отырған говорда да, «а» дыбысының бірінші буында сақталғандығын жоғарыдағы келтірілген «Али», «адет» сөздің байқауға болады.

<sup>1</sup> Ж. Доскарев. Бір экспедиция отрядының диалектологиялық жұмысы туралы. Жин.: «Вопросы истории и диалектологии казахского языка», вып. I. Алма-Ата, 1958, стр. 188; Ж. Болатов. Ұзынағаш экспедициясының материалдарынан. Сонда, 165-бет; С. Аманжолов. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959, 323, 345-беттер; Ж. Доскарев. Байганин ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі фонетикалық ерекшеліктер. Жинақ: «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», 2-шығуы, Алматы, 1960, 8-бет. Ж. Болатов. Семей облысының Абай, Шубартай аудандарында тұратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Сонда, 131-бет; Г. Калиев. Некоторые особенности Аральского говора казахского языка. Автореф... канд. дисс. Алма-Ата, 1954, стр. 8; С. Омарбеков. Мангышлакский говор казахского языка. Автореф... канд. дисс. Алма-Ата, 1960, стр. 9.

<sup>2</sup> О. Накисбеков. Языковые особенности казахов Чуйской долины. Автореф... канд. дисс. Алма-Ата, 1963, стр. 7.

<sup>3</sup> О. Накисбеков. Орынбор облысының Адамов, Берте аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір жергілікті ерекшеліктер. Жинақ: «Қазақ тілінің тарихы мен диалектологиясының мәселелері», 4-шығуы. Алматы, 1962, 106-бет; Ж. Болатов. Қошагаш қазақтарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Жинақта, 71-бет.

<sup>4</sup> И. Кеңесбаев, Н. Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1962, 235-бет.  
<sup>5</sup> Н. А. Басқаков. Каракалпакский язык. ч. II. М., 1952, стр. 34; Э. В. Севортин. Материалы к сравнительной фонетике турецкого, азербайджанского и узбекского литературных языков. В кн.: «Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков», ч. I. М., 1955, стр. 21; Ф. Г. Исақов. Характеристика отдельных гласных современных тюркских языков. Сонда, 62-бет; Л. З. Будагов. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. Том II. СПб., 1869, стр. 263.

<sup>6</sup> Х. Мухиев. Нохурский диалект туркменского языка. Автореф... канд. филол. наук. Ашхабад, 1959, стр. 5.

Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерін былай қойғанда, кейбір түркі тілдерінде, әсіресе, қазақтармен аralас отырган түркмен тілінің кейбір диалектілері мен говорларында да «а» мен «ә»-нің алмасуы жөнінде әдеби тілінен ауытқушылық бар. Қазақ тілінде «а» қолданылатын жерлерде түркмен әдеби тілінде көбіне «ә» қолданылады немесе жіңішке дауыстылардан «е», «ө» дыбыстары келіп отырады. Мысалы: *нәз* (наз), *тәзе* (таза), *терези* (таразы), *мөссүм* (маусым) т. б. (Рус.-туркм. сл., М., 1956). Ставрополь түркмендерінің тілінде осы сөздердің бірқатары қазақтың әдеби тіліндегідей «а» дыбысымен айтылады<sup>7</sup>. Әрине, мұның өзі сондайы түркмендерге қылшак тобындағы тілдердің әсері деп қаралады.

Қазіргі кездегі әдеби тілімізде «ә» дыбысымен айтылатын бірқатар сөздердің ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде «а» дыбысымен келуінің өзі<sup>8</sup> «ә» фонемасының қазақ тілінде кейін пайда болғандығының кепілі төрізді.

Ә/Е. Бұл дыбыстардың өзара алмасулары санаулы гана сөздерде ұшырасады: *дептер* — дәптер, *дестүр* — дәстүр, *нетиже* — нәтиже, *селле* — сәлде, *шекірт* — шәкірт. М: «Үйге іс» *д е п д е п т е р иң е* жазбалы. *Жерлі халықтың д е с т у р иң е қарап бейімделмелі гой* (әксп.). *Жасасын оның шекірті...* («Карабұғаз көл жұмысшысы», 29/VII-37). *Бір ақ селле лі, ақ сақалды үлкен кісі Бұлбулға келді* («Жұмысшы», 24/IV-41). ...*Н е т и ж е д е, сол справкасы жоқтықтан...* мемлекеттен көмек ала алмай қалды (Бұл да сонда, 1/IX-44)..

Бірлі-екілі сөздерде бұған көрісінше, «е» дыбысының орына «ә» дыбысы естілетін құбылыстар да байқалады: *нәсеп* — несіп, *нәгіз* — негіз. М: *Ер нәсібі елменен деген емес пе. Сөздің нәгізін айтқанда, қожалықтардың тұрмысы жақсы* (әксп.).

Сөз болып отырган екі дыбыстың өзара алмасын кесуі Қазақстан жерінде және онан тысқары жердегі

<sup>7</sup> С. Куренов. Особенности туркменского говора Северного Кавказа (Ставрополья). Автореф... канд. дисс. Ашхабад, 1959, стр. 9.

<sup>8</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М.—Л., 1951, стр. 412; М. Кошгари. Девонұ луготит түрк. III том. Тошкент, 1963, 242-бет.

қазақтардың жергілікті тіл ерекшеліктерінде де бар<sup>9</sup>. Сондай-ақ басқа халықтармен араласа отырган (қарақалпақ, қазақ) түркмен тілінің говорларында да өз әдеби тілінен ауытқушылық бар<sup>10</sup>. Әрине, оның өзі аралас отырган халықтар тілінің бір-біріне әсери.

Кейде говорда жуан дауысты «а» дыбысының орына жіңішке дауысты «е» қолданылатындығын да, аз көлемді болғандықтан осы жерде айта кетпекпіз. Мысалы: *шерт* — шарт, *миуе* — миуа. М: *Тельман колхозбен арадағы ш е р т к е қол қойылды ма? Мынналардың бәрісі м и у е агаштар* (әксп.). Бұл құбылыс та Қазақстанның кейбір жерінде кездеседі<sup>11</sup>. Зерттеліп отырган говордағы осы дыбыс алмасуына кері құбылысты біз түркмен тілінің кейбір диалектісі мен говорларында байқаймыз. Мысалы, геоклен диалектісінде түркмен әдеби тіліндегі «шемал» орына — «шамал», «несихат» орына — «насыхат» болып айтылса<sup>12</sup>, Төрткел говорында (Қарақалпақ АССР) әдеби тілдегі «Жемал» орына — «Жамал», «әдім» орына — «адым»<sup>13</sup> болып келеді. Әрине, мұның өзі түркмендердің отырган ортасына байланысты ауытқушылық. Говорда келтірілген сөздердің бірқатары (дептер, шерт, нетиже) араб-иран сөздері екенін айта отырып, ол сөздерді түркі тілдеріндегі халықтар қабылдағанда дыбыстың өзгеріске түсінің нәтижесі деу — говордағы бұл ерекшеліктердің себебін жанамалап қана аша алады. Басты себептің өзін сол жердегі қазақтармен араласа отырган түркмен тілінен іздеген жән. Жоғарыда түркмен тілінің диалектілері мен говорларынан келтірілген мысалдар ол себептің бетін ашуда жәрдемін тигізді. Сонда да

<sup>9</sup> Г. Калиев. Некоторые особенности Аральского говора казахского языка. Автореф... канд. дисс. Алма-Ата, 1954, стр. 8; С. Омарбеков. Маңғыстау казақтарының тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер. Жинақ: «Қазақ тілі тарихы мен диалектологияның мәселелері, 3-шығуы». Алматы, 1960, 222-бет.

<sup>10</sup> С. Аразкулиев. Говоры туркмен Түрткульского района Каракалпакской АССР. Автореф... канд. дисс. Ашхабад, 1962, стр. 9.

<sup>11</sup> Г. Калиев. Некоторые особенности Аральского говора казахского языка. Автореф... канд. дисс. Алма-Ата, 1954, стр. 8.

<sup>12</sup> Г. Кульманов. Геокленский диалект туркменского языка. Автореф... канд. дисс. Ашхабад, 1960, стр. 9.

<sup>13</sup> С. Аразкулиев. Говоры туркмен Түрткульского района Каракалпакской АССР. Автореф... канд. дисс. Ашхабад, 1962, стр. 9.

бұл дыбыстардың алмасуындағы заңдылықтың өзін түрікмен тілінің әсері деп дөлелдей түсү үшін сол тілден бірнеше сөздерді көрсете кету дұрыс. М: «дәптер» сөзі түрікменше *депдер*, дәстүр — *дессур*, нәтиже — *нетиже*, шарт — *шерт*, сәлде — *селле*, т. б.

*Ы/А.* Езу дыбыстарының ішінде қысаң дауысты «ы» дыбысының орнына әдеби тілден өзгешеленіп, біраз сөздерде ашық дауысты «а» дыбысы қолданылады. Мұндай өзгерісте кездесетін сөздер саны онша көп емес: *арқалы* — арқылы, *қажарлы* — қажырлы, *қанжага* — қанжыға, *құдагай* — құдаги, *омбалau* — омбылау. М: *Жиналған топтың ішіндегі қа жарлылары*: *Батыrbай, Көңілімқос* т. б. («Жұмысшы», 5/1-41). Осы қалыны *Дәлубай арқа жарлыларым бар* (эксп.).

Бұган керісінше құбылыс зерттеліп отырған говорда әте сирек ұшырасады. Бұган мысал ретінде тек «жамығат», «қыт» сөздерін көлтіруге болады.

*Кеп жамығат сіздерге  
Сәлем бере келгенде*  
(аудыз әдебиетінен).

**Бұл йерде шет тіл мұғалімі қыт** (эксп.).

*Ы/А* болып дауысты дыбыстардың өзара алмасулаты кейбір жекелеген сөздерде Қазақстанның батыс аймағындағы қазақтар тілінде ұшырап отырады. Олардың кейбіреулерінде бұл дыбыс алмасулаты говорда көрсетілген сөздердің шеңберінен асып та кетпейді. Мысалы, Байганин ауданында осы дыбыстардың өзара алмасуна «қажарлы»<sup>14</sup>, Маңқыстау говорында «қажарлы», «құдагай», «сағырдаң», «арқалы» сөздері<sup>15</sup>, Адамов, Берте аудандарында «құдагай»<sup>16</sup>, Ақтөбе экспедициясынан «қажарлы» сөздері алынған<sup>17</sup>.

<sup>14</sup> Ж. Досқараев. Байганин ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі фонетикалық ерекшеліктер. Жинақ: «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», 2-шығуы. Алматы, 1960, 7-бет.

<sup>15</sup> С. Омарбеков. Маңқыстау қазақтарының тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер. Соңда, 3-шығуы. Алматы, 1960, 221-бет.

<sup>16</sup> О. Накымбеков. Орынбор облысының Адамов, Берте аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір жергіліктер. Ерекшеліктер. Соңда, 4-шығуы. Алматы, 1962, 106-бет.

<sup>17</sup> О. Накымбеков. Ақтөбе экспедициясының материалдарынан. Соңда, 5-шығуы. Алматы, 1963, 255-бет.

Көрсетілген мысалдарға қарағанда «ы»-ның «а» дыбысына алмасуы санамалы түрде, белгілі бір сөздерге ғана тән екендігі көрінеді.

Әдеби тіліміздегі қазіргі кездерде «ы» дыбысы қолданылып жүрген кейбір сөздерде «а» ашық дауысты дыбысының бірқатар уақыттарға дейін қолданылып келгендей Н. И. Ильминскийдің еңбегінен де көрінеді<sup>18</sup>.

«а» және «ы» дауыстыларының бірінің орнына бірі алмасып келуінің өзі бірқатар түркі тілдерінде кейбір сөздерде байқалатын құбылыс екендігін көптеген зерттеулер нәтижесі аша түседі.

Алдымен, қазақтар ортасында отырған түрікмен әдеби тіліне және диалектілеріне зер салып қарасақ мына фактілер анықталады. Түрікмен әдеби тілінде «оқы» сөзі — *ока*, «токы» сөзі — *дока* болып келсе, ал сол тілдің геоклен диалектісінде бұл сөздер қазақ тіліндегі айтылуына жуық келіп «окы», «докы»<sup>19</sup> тұлғаларында естіледі. Қарақалпақ тілінде де говордағы кездесетін сөздердің кейбіреулері «а» дыбысымен айтылады<sup>20</sup>.

Тіпті бір тілдің өзінде, атап айтқанда, шор тілінде бір сөздің өзінде «а», «ы» дыбыстары жарыса қолданылады. Мыс., *Канчага//канчыга* (тороки), *чайка//чайкы* (качай)<sup>21</sup>. Бұл құбылыстың етек ала кен түрде жайылғандығына М. Рясиене де көптеген мысалдар келтіреді<sup>22</sup>.

Осы қынгі түркі тілдерін былай қойғанда, ертедегі жазба ескерткіштердің өзінде «а» қолданылатын жерде кейде «ы» дыбысы айтылатындығы аңғарылады<sup>23</sup>. Осы сияқты тарихи фактілерге сүйене отырып, Ф. Г. Ис-

<sup>18</sup> Н. И. Ильминский. Материалы к изучению киргизского наречия. Казань, 1861, стр. 185.

<sup>19</sup> Г. Кульманов. Геокленский диалект туркменского языка. Афтореф... канд. дисс. Ашхабад, 1960, стр. 9.

<sup>20</sup> Н. А. Баскаков. Каракалпакский язык. ч. II. М., 1952, стр. 484.

<sup>21</sup> Н. П. Дыренкова. Грамматика шорского языка. М., 1941, стр. 8.

<sup>22</sup> М. Рясиени. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. М., 1955, стр. 55.

<sup>23</sup> А. М. Щербак. Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII вв. из восточного Туркестана. М.—Л., 1961, стр. 42.; В. М. Насилов. Язык орхон-чинонских памятников. М., 1960, стр. 15.

хаков қысаң «ы» дыбысының «а» дыбысы орнына қолданылуының өзі «ы» дыбысының редукциялану нәтижесінде «а»-дан пайда болған фонема болуы мүмкін<sup>24</sup> деген пікір айтады.

Осы пікірді біз де қуаттай отырып, говордағы осы сияқты фонетикалық ерекшеліктерді басқа тілдің әсері деуден гөрі, ертеректегі «а» фонемасымен дыбысталған сөздердің сақталып қалған формасы болар деген жо-рамалға келеміз.

Е.Л. Езу дыбыстарының ашық және қысаң дауыстылары біршама сөздерде өзара алмасады. Біріншіден, ашық дауысты «е» дыбысының орнына, говорда қысаң «и» қолданылатын жағдайлар бар: *бөліну* (қуанышқа, не рақатқа) — белену, *жулді* — жулде, *өткіл* — өткел, *өріскел* — өрекел, *өскін* — өскен. М: *Ана жақты айналып барсан*, өткіл табылады (эксп.).

*Сүйкімді жыл ішінде сенің айың,  
Күттүштап қарсы аламыз келген сайын,  
Бөлініп рақатқа жан-жануар  
Келмеске кетті бастан қайғы, үәйім.*  
(«Жұмысшы», 1/V-46).

«Өскен», «өткел» сөздері адам аттарының құрамында келгеннің өзінде де қысаң «и» дыбысымен айтылады. Мысалы: *Өткіл бай Көпеков* («Жұмысшы», 1/V-41 ж.)... *О скім баев Мейрамга... I бас ешкі мен 350 сом ақшалай көмек етті* (Бұл да сонда, 12/1-45).

Екіншіден, жогарыдағы ерекшелікке көрініше, қысаң дауысты «и» дыбысының орнына ашық дауысты «е» айтылатын құбылыс та бірен-саран байқалады: *естеу* — есту, *семек* — семік, *түсінекті* — түсінікті, *улгеру* — үлгіру. М: *Жүгерілердің, дәнесі с е м е к екен. Саган қалай айтсам түсінекті болар екен. Үлгер мейтін оқушылар әлі де бар* (эксп.)... оқу үлгерісі 83%... кейбір комсомолдар 3—4 сабактан үлгер мейтін қалды («Жұмысшы», 29/V-41 ж.). *Манағы айтқанды е ст е д ің гой, жадыңда болын* (эксп.).

«е» дыбысының «и» болып алмасып келуі және көрініше құбылыс Қазақстан жеріндегі кейбір аудандар-

<sup>24</sup> Ф. Г. Исхаков. Характеристика отдельных гласных современных тюркских языков: В кн.: «Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков», ч. I. М., 1955, стр. 95.

дагы жергілікті тіл ерекшеліктерінде де, Қазақстаннан сыртқары жерлерде де кездеседі<sup>25</sup>.

«е» дыбысының «и» дыбысына алмасатын жағдайларының барлығы, ертеректе де қазақ тілінде болғандығы В. В. Радловтың еңбегіндегі *іш бір кісі де мұнұң батыр еканін білмеді*<sup>26</sup> деген сөйлемдегі «иши» сөзінен де, Н. И. Ильминскийдің «Материалдарының...» соңындағы сөздікте кездесетін *өткүл* — брод, *иіштеме* — что нибудь<sup>27</sup> сөздерінен де аңгарылады.

Қазақ тіліндегі «еш» сөзінің «иши» болып естілуін П. М. Мелиоранский парсы сөзіндегі «е» дыбысының түсіп қалуынан дең біледі (جـ — iš)<sup>28</sup>. Әрине, ғалымның бұл пікірі бір сөздің тұрғысынан алғанда дұрыс. Ал басқа сөздерде кездесетін сол тәрізді алмасулар жөнінде ешнәрсе айтпайды. «е» орнына «и» дыбысының қолданылуы туралы бірнеше пікірлер бар. Бұлардың қай-қайсысы болса да бірінен бірі онша алшақ кетпейді. В. В. Радловтың пікірінше «е» дыбысының «и» дыбысына өтуін XIV ғасырдан кейінгі нәтиже дей келіп, ең алдымен «ә», «е» дыбысына еткен де, одан әрі қысандану үлғая түсіп «и» дыбысына айналған<sup>29</sup> дең жорамал жасайды.

Түркологиярдың енді біреулері «и» дыбысы «и» дыбысынан шықты деуге негіз бар деп ойлайды<sup>30</sup>. «Е» дыбысының қысаң варианты дауыссыздардың табигатына байланысты алға созыла түсіп нәтижесінде есту мүшелерінде «и» болып қабылданады<sup>31</sup> деген де пікір бар. Ф. Г. Исхаков осы пікірлерді жалғастыра түсіп,

<sup>25</sup> С. Омарбеков. Маңыстау қазақтарының тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер. Жинақ: «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының, мәселелері», 3-шығуы. Алматы, 1960, 221-бет; Ж. Болатов. Қошагаш қазақтарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Сонда, 4-шығуы. Алматы, 1962, 71-бет.

<sup>26</sup> В. В. Радлов. Образцы народной литературы тюркских племен, часть III. СПб., 1870, стр 120.

<sup>27</sup> Н. И. Ильминский. Аталған еңбек, 65, 70-беттер.

<sup>28</sup> П. М. Мелиоранский. Краткая грамматика казах-киргизского языка. ч. I. СПб., 1894, стр. 71.

<sup>29</sup> В. В. Радлов. О языке куманов по поводу издания куманского словаря. СПб., 1884, стр. 25.

<sup>30</sup> Н. К. Дмитриев. Грамматика башкирского языка. М.—Л., 1948, стр. 11.

<sup>31</sup> А. Н. Кононов. Грамматика современного турецкого литературного языка. М.—Л., 1956, стр 23—24.

мынадай схема құрады: *a>y a>ə>e>u>e (i)*<sup>32</sup>. Демек, «ы» фонемасы «а» дыбысынан шықты дегендей, «і» дыбысы да алғашқы кездегі «а» дыбысынан қысандана келіп пайда болған деген түсінік туады.

Бұл көлтірлген пікірлерді дұрыс, бұрыс деп біз ешқандай болжам қоса алмаймыз. Өз тарапымыздан біз әзірше М. Рясиенниң мына пікірін қолдаймыз: «Вообще же чередование ё ~ е ~ і в различных тюркских языках настолько разнообразно и сложно, что требует специального исследования»<sup>33</sup>.

О/Ү. Ерін дыбыстарының ішіндегі анық, қысан дауыстылар өзара алмасады. Бірде «о» дыбысы «ү» дыбысына алмасып айтылса, енді бірде керісінше құбылыстар да байқалады. Осылардың алғашқы түрі: *құлдану* — қолдану, *құныс* — қоныс, *құртынды* — қортынды, *сұпы* — сопы, *сұрақы* — сорақы, *тұмсару* — томсару, *ұяту* — ояту. М: *Біздің жақта ондай сөзді құладаң байды. Қыстағы құнысымыз Сүйліде. Мұның құртындысының агроном айтсын. Күн жауып бастады, енді журмес, ұятпа* (эксп.). Қазақтың *сұрақы*, тоң мойын, төкір, кербез, қайқы, сайқал, паң деген сөздері тиісті сын сөздерге айтылып жазылады («Жұмысшы», 5/II-39).

Жоғарыдағы дыбыс алмасуына керісінше, әдеби тілімізде «ү» дыбысы келетін жерде говордағы азгана сөздерде «о» дыбысы айтылады: *арық-торық* — арық-тұрық, *моқату* — мұқату, *марқом* — марқұм, *оқсату* — ұқсату. М: *Сенің әкең марқомның алғаны бізің Жаман Адайдың қызы еді-ау* (эксп.). — *Масқара етіп оқсаттың,— дедік* («Жұмысшы», 12/III-39).

*Біздерді моқата алмас атқан оқтар,*  
*Қайтпаймыз бораса да снарядтар...*

(Бұл да сонда, 12/X-41). *Арық-торық малдарын бақты, жемdedі* (Бұл да сонда, 7/VIII-55). Өзін тек бала *моқатып тұр* (Ә. Нұрпейісов. Қан мен тер. Алматы, 1961, 26-бет).

<sup>32</sup> Ф. Г. Искаков. Характеристика отдельных гласных современных тюркских языков. В кн.: «Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков» (ИСГТЯ). ч. I. М., 1955, стр. 96—97.

<sup>33</sup> М. Рясиен. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. М., 1955, стр. 57.

Зерттеліп отырған говордағыдай фонетикалық ерекшеліктер Қазақстан және одан тысқары жерлердегі қазақтар тілінде де байқалады. Әсіресе, Қазақстанның батыс облыстарының аудандарындағы<sup>34</sup>, шығыс жақтагы Семей, Шығыс Қазақстан облыстарының кейбір аудандарындағы<sup>35</sup>, Оңтүстіктің бірқатар жерлерінде көзіңілкі тіл ерекшелігінде жиі ұшырасады<sup>36</sup>. Кейде мұндай ерекшеліктер солтустік Қазақстан облыстарының кейбір аудандары тұргындарының тілінде де байқалатындығы көрінеді<sup>37</sup>. Ең соңында Қазақстаннан тысқары көршілес республикаларда тұратын қазақтар тілінде де жергілікті ерекшелік ретінде кездесіп отырады<sup>38</sup>. Осы көрсетілген жерлердегі қазақтар тілінде де зерттеліп отырған говордағыдай жүйелі түрде кездеспей, тек белгілі бір сөздер тоғындағанда ерекшелік ретінде көрінеді.

Қазіргі кездегі әдеби тіліміздегі «ұрпақ» сияқты сөздердің «орпақ» түрінде кездесетіндігі ертедегі қазақ тілін зерттеушілердің еңбектерінен белгілі<sup>39</sup>.

Бұл сияқты фонетикалық ерекшеліктер тек қазақ тіліндеғанда емес, дәл осы дыбыс алмасуына сәйкес құбылыстар түркмен тілінде диалектілерінде де бар<sup>40</sup>. Осылар қарағанда, мұндай дыбыс алмасулары түркі

<sup>34</sup> С. Аманжолов. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959, стр. 323; Ш. Сарыбаев. Батыс Қазақстан экспедициясының материалдарынан. Жинақ: «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», 4-шығуы. Алматы, 1962, 27-бет.

<sup>35</sup> Ж. Болатов. Шығыс Қазақстан облысы, Большепарым селолық ауданында тұратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы. Сонда, 5-шығуы. Алматы, 1963, 196-бет.

<sup>36</sup> О. Накисбеков. Языковые особенности казахов Чуйской долины. Автореф... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1963, стр. 6.

<sup>37</sup> О. Накисбеков. Кекшетау экспедициясының материалдарынан. Жинақ: «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», 2-шығуы. Алматы, 1960, 92-бет.

<sup>38</sup> Ә. Құрышжанов. Каракалпак АССР-ында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір ерекшеліктер. Сонда, 5-шығуы. Алматы, 1963, 154-бет.

<sup>39</sup> Н. И. Ильинский. Аталған еңбек, 67-бет; Л. З. Бадаев. Аталған сөздік, 1-том, 1869, 121-бет.

<sup>40</sup> Г. Кульманов. Геокленский диалект туркменского языка. Автореф... канд. филол. наук. Ашхабад, 1960, стр. 9; Х. Мухамед. Нохурский диалект туркменского языка. Автореф... канд. филол. наук. Ашхабад, 1959, стр. 5.

тілдерінің қайсысина болса да тән, өрі ескіден келе жатқан дәстүрлі құбылыс екендігі байқалады.

Көне түркі тілдерінің жазба ескерткіштерінің бірінде «*oqsa*» (ұқса), «*oguu*» (сұрау, сұрак)<sup>41</sup>, енді біреуінде «*oxshag*» (ұқсас), «*turkų*» (торқа — жібек), «*sor-dy*» (сұрады)<sup>42</sup> сияқты сөздерді ұшыратсақ, «*Codex cumanicus*-те «*ocsas*» (ұқсас), «*ocsatas*» (ұқсау)<sup>43</sup> болып келеді.

Бұлардан басқа жазба ескерткіштерде де «*ukcay*» сөзінің «*o*» дыбысымен басталатындығын көруге болады<sup>44</sup>.

В. В. Радлов түркі тілдерінен бірқатар сөздерді мысал ретінде келтіре отырып, куман тілінде «*o*» дауысты дыбысының «*u*» болып, одан «*e*» болып дыбыстауы әлі аяқталып болмаган процесс деп көрсетеді<sup>45</sup>.

Алайда қыпшақ тобына жататын белгілі бір тілдің өзінде де *o/u* болып алмасуларын байқаймыз<sup>46</sup>. Мұның өзі ішінәра болса да *o>u* (*u*) болып дыбысталғанда бастағандығының айғағы сияқты. Мұны біз түркі тілдеріне тән сөздер үшін айтып отырмыз. Кейде парсы сөздердегі қысқа «*o*» дыбысы түркі тілдерінде «*u*» не «*u*» дыбыстарымен айтылады<sup>47</sup>. Мүмкін кейбір сөздердегі «*o*» мен «*u*» дыбыстарының алмасуы осы жолдармен де тууы. Алайда, жогарыдағы ескі түркі жазба ескерткіштерінен келтірілген сөздерге қарағанда, ертеректе «*o*» дыбысы қолданылған сөздерде қазір «*u*» дыбысы айтылып жүргендігін көрдік. Сондықтан да «*o*» дыбысынан қысқа «*u*» дыбысы пайда болған деген жорамалға қосылу да ретсіз емес тәрізді. Ал зерттеліп отырган говордағы ерекшелік ескіден сакталған мұра болуы ықтимал.

<sup>41</sup> С. Е. Малов. Аталған еңбек, 404, 422-беттер.

<sup>42</sup> М. Қошғарий. Аталған сөздік. 1 том, 140, 402-беттер.

<sup>43</sup> Codex cumanicus bibliothecae ad templum divi marci venetiarum. Budapestini, 1880, 28, 256-беттер.

<sup>44</sup> А. К. Боровков. Бада и ал-лугат. М., 1961, стр. 97; А. Н. Коннов. Родословная туркмен. М.—Л., 1958, стр. 121.

<sup>45</sup> В. В. Радлов. О языке куманов. По поводу издания куманского словаря. СПб., 1884, стр. 12.

<sup>46</sup> Э. Севоргиян. Материалы к сравнительной фонетике турецкого, азербайджанского и узбекского литературных языков. В кн.: ИСГТЯ. Часть I. М., 1955, стр. 45-46.

<sup>47</sup> Ф. Г. Исхаков. Характеристика отдельных гласных современных тюркских языков. Сонда, 111-бет.

Ұ/Ы. Басқа дауысты дыбыстардың өзара алмасулашына қарағанда говорда жиірек кездесетін құбылыс, ерін дыбыстарының ішінде «*u*» қысац дауысты дыбысының өзулік «*ы*» дыбысына айналып айтылуы. Сөздің бірінші буынында кездесуін былай қойғанда *у/ы* болып алмасу біршама жағдайларда сөздің басында да естіліп қалып отырады. Бұл құбылысты мына тәмендегі сөздерден көруге болады: *быдан* — бұдан, *бызу* — бұзу, *бықтыру* — бұқтыру, *был* — бұл, *біда* — бұйда, *жылын* — жұлын, *пықа* — бұқа, *пышық* — пұшық, *сырқия* — сұрқия, *тылымшақ* — тұлымшақ, *тыман* — тұман, *тынық* — тұнық, *тыру* — тұру, *ылгаю* — ұлгаю, *ымыту* — ұмтыту, *ыят* — ұят, т. б. М: — Қуекен сөзбен бықтырып тастады-ау. Осындағы текелерден қылышында сатып алдым. Экен марқомның *пықа* пішиуден басқа өнері жоқ еді, сен жетісінсін гой. Ерекен ерен сирқи я адам. Ұрыс кезінде тылышағы бар қызалақ еді, енді көрмейсініз бе!?

(Экспедиция материалдарынан). М: Саяси түсінік жұмыстарды жоғары сатыға қоя тирын,... халық санағының маңызы... түсіндірілу керек («Жұмысшы», 12/I-39). ...Стракожов сияқты басына кеткендердің мұнан былай быйдалануы тиіс (Бұл да сонда, 18/III-39).

Бұл дауысты дыбыстар алмасуының керісінше түрін, дәллірек айтқанда, «*ы*» дыбысының «*u*» дыбысына алмасуын зерттеліп отырган говорда ұшырастырмадық.

У, ы дыбыстарының алмасып келу фактілері Қазақстанның батысында Байганин ауданының (мындаи — мұндаи, шыбар — шұбар, баратырган — баратұрган), Манқыстау қазақтарының тіл ерекшеліктерінде (тыман — тұман, бышиқ — пұшық, қыбыла — құбыла, былақ — бұлақ)<sup>48</sup>, Шығыс Қазақстан, Семей облыстырындағы бірқатар аудандарда мекендейтін қазақтар тілінде<sup>49</sup> (шыбар — шұбар, байқыс — байқұс, быгу — бұғу, бызау — бұзау, тымақ — тұмақ, тыман — тұман,

<sup>48</sup> Ж. Досқараев. Байганин ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі фонетикалық ерекшеліктер. Жинақ: «Қазақ тілі тарихы мен диалектологияның мәселелері», 2-шыруы. Алматы, 1960, 8-бет.

<sup>49</sup> Ж. Болатов. Семей облысының Абай, Шұбартай аудандарында тұратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы. Сонда, 132-бет.

шылғау — шұлғау) кездеседі. Сонымен бірге Қазақстаннан сырт жерлердегі Қарақалпақ АССР-ында және Қошагаш ауданында тұратын қазақтар тілінде де: (бықтыру — бұқтыру, былаңдау — бұлаңдау, мында — мұнда, былақ — бұлақ; Қошагашта: Мыса — Мұса, тыса — тұса, тыр — тұр)<sup>50</sup> ерекшелік ретінде байқалады.

Әңгіме болып отырған ерін дыбыстарының езу дыбыстарына алмасуы тек қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктеріндеған болатын құбылыс емес. Түрікмен тілінің Нохур диалектісінде ерін дауыстылардың езу дауыстыларымен алмасуын және оған көрісінше жайтарды көреміз: әдеби тілдегі «мұң» орнына «миң» (мың) немесе әдеби тілдегі «умыт» орнына — «умут» (үміт) т. б.<sup>51</sup>. Ал Ставрополь түрікмендерінің тілінде біз зерттең отырған говорға көрісінше, дәл айтқанда, түрікмен әдеби тілінен ауытқып, қазақтың әдеби тіліндегі дыбысталуына сәйкес желетін сездер бар. Мысалы, түрікмен әдеби тіліндегі «мұсұр» орнына — «мысыр» (Египет), «мұрзе» орнына — «мырза» (адам аты), «үм» орнына — «ым»<sup>52</sup> болып дыбысталады.

Бұл жағдайлардың өзі зерттеліп отырған говордағы құбылыстарды басқа тілдің әсерінен іздеуден гері, осындай дыбыс алмасулары ертеден түркі тілдеріне тән емес пе екен деген ойға қалдырады. Түрікмен ССР-ындағы қазақтар тілінде көрініп отырған бұл текстес ерекшеліктерді түрікмен тілінің әсері деп қарауға, ол тілде «ы» дыбысының кең көлемде қолдану дағдысы байқалмайды.

Қазақ тілінде «ү» дыбысының орнына «ы» қолданылуының ертеден барлығын Н. И. Ильминскийдің еңбегінен де көреміз<sup>53</sup>.

Жалпы түркі тілдерінің тұрғысынан алып қаранды, бір тілде «ү» қолданылатын сездерде, енді бір тілде «ы» қолданылатын фактілер тағы бар. Сондық-

<sup>50</sup> Ә. Құрыш жаис. Қарақалпақ АССР-ында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір ерекшеліктер. Сонда, 5-шығуы. Алматы, 1963, 154-бет.

<sup>51</sup> Х. Мухин. Нохурский диалект туркменского языка. Автореф... канд. филол. наук. Ашхабад, 1959, стр. 5.

<sup>52</sup> С. Куренов. Особенности туркменского говора Северного Кавказа (Ставрополья). Автореф... канд. филол. наук. Ашхабад, 1959, стр. 10.

<sup>53</sup> Н. И. Ильминский. Аталған еңбек. 80-бет.

тан да М. Рясиен и (ү) ~ ү(ы) дыбыс алмасуларын көрсете келіп: жалпы түркіше *bulut* «облако» ~ якут. *bylyt*; қазақ. *multyk* «ружье» ~ алт. *multuk*<sup>54</sup> болып тұлғаланатынын еске салады.

Әр тілдерде бір сездің өзінде артикуляциясы бір дыбыстардың бірінің орнына бірі қолданылудың өзі тюркологтарды сол дыбыстардың бір дыбыстап өрбүй мүмкін болар деген жорамалға итермелейді. Ф. Г. Исааковтың көрсетуінше, «ы» дыбысының өзі «ү»-дан келіп шыққанға үқсайды. Сонда оның шежіресі мына сипатта болмағышы: *ү*>*о*>*ы*<sup>55</sup> (мұндағы «о» — қазіргі қазақ тіліндегі «ү», ал «ы» — «ы» дыбыстары).

Егер бұл жорамал дұрысқа саяды десек, қазақтың әдеби тіліндегі бірқатар сездер «ү» дыбысымен қалыптасқан болады да, ал говордағы «ы» дыбысы «ү» дауысты дыбысының туындысы ретінде көрінудің айғары болмақ. Әрине бұл жағдайды тұжырымдау бірқатар зерттеуді қажет етеді.

Фонетикалық ерекшеліктердің ішіндегі дауысты дыбыстардың өзара алмасуында тек жеке-дара сездердің ғана қамтитындары бар. Бірақ біз ондайларды бұл кітапқа орналастыра алмадық.

Корыта келгенде, говордағы дауысты дыбыстарға байланысты ерекшеліктер, көп жағдайда, жалпы түркі тілдеріне тән дыбыс алмасуларының фонетикалық заңдылықтарынан туып отырса, кейбір жекелеген сездердегі фонетикалық ауытқушылық аралас отырған халықтар тілінің (әсіресе, түрікмен тілінің) әсерінен пайда болғандығы сезіледі.

## 2. Дауыссыз дыбыстарға байланысты ерекшеліктер

Тілдегі дауыстылардан гері дауыссыз дыбыстардың сан жағынан басымдығынан болуы керек, говордағы дауыстыларға тән ерекшеліктерге қараганда дауыссыздардың өзара дыбыс алмасу жағы молырақ

<sup>54</sup> М. Рясиен. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. М., 1955, стр. 56.

<sup>55</sup> Ф. Г. Исааков. Характеристика отдельных гласных современных тюркских языков. В кн.: ИСГТЯ. Часть I. М., 1955, стр. 111.

былып келеді. Дауыссыздарга тән ерекшеліктердің ішінде көзге айрықша түсетін құбылыстың бірі — әдеби тіліміздегі байырғы сөздерге етенелігі жок, жат көрінетін «ч» дыбысының говорда бой көрсетуі. Сондықтан «ч» дыбысының говордағы сипаттын және қолданылу өрісін баяндауды бірінші кезекке қойдык.

**Ш/Ч.** Қазақстан территориясында жергілікті ерекшелік ретінде «ш» мен «ч» алмасуы біршама облыстарда кездесетіндігі жиналған диалектологиялық материалдардан анықталып отыр. Осы материалдардың негізе алып Ж. Досқараев «ч» дыбысы — әкімшілік, территориялық жағынан алғанда — оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Талдықорған, Шығыс Қазақстан облыстарындағы халықтың сейлеу тілінде айтылады<sup>56</sup> деген пікірге келеді. Бұлардан басқа да Қазақстан жерінде және одан тысқары жердегі қазақтар тілінде де «ч» дыбысының қолданылуы жөнінде зерттеулер<sup>57</sup> мен материалдар бар<sup>58</sup>.

Кейір зерттеулер мен материалдарға қарағанда Қазақстандағы жергілікті тіл ерекшеліктерінде «ш» дыбысының орнына аффрикат «ч»-ның қолданылысы біркелкі еместігі көрінеді. Белгілі бір аймақта сөздің басында, ортасында жиі қолданылса, енді бір жерлерде сөздің басында жиі қолданылып, ортасында сирек естіледі (Манқысташа говорында). Бұл жағдай «ч» аффрикатының қолданылу шеңберінің біркелкі еместігін аңғартады. Енді бір жағдайларда оның («ч») дыбысталу дәрежесінде де біркелкілік жоқтығы білінеді. Шу алқапындағы қазақтар тіліндегі ерекшелікте анық аффрикаттың дәрежеде дыбысталса<sup>59</sup>, Манқысташа қазақтарының тілінде «ч» мен «ш» дыбыстарының аралығындағы дәрежеде естіледі<sup>60</sup>. Осыдан келіп, «ч» дыбысы қа-

<sup>56</sup> Ж. Досқараев. Қазақ тіліндегі аффрикат дыбыстардың жұмысалуы. «Қазақ ССР Фылым академиясының Хабарлары», лингвистикалық серия, 6-шығуы, 1950, 42-бет.

<sup>57</sup> С. Омарбеков. Мангышлакский говор казахского языка. Автореф... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1960.

<sup>58</sup> Ж. Болатов. Қошагаш қазақтарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Жинақ: «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері». 4-шығуы. Алматы, 1962, 74-бет.

<sup>59</sup> О. Накисбеков. Языковые особенности казахов Чуйской долины. Автореф... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1963, стр. 7.

<sup>60</sup> С. Омарбеков. Аталған автореферат, 7-бет.

зақ тіліне ежелден тән бе, әлде басқа тілдің әсері мен деген сияқты мәселе төңірегінде пікір таласы туады.

Түрікмен ССР-ында тұратын қазақтар тілінде де «ч» дыбысының «ш» дыбысын алмастыратын реттерін естідік. Бұл құбылысты біз, әзірше, шартты түрде «ч» дыбысының белгісімен беріп отырмыз. Оның мәнісі сөл кейін ашылмақ.

говорда	әдеби тілде	говорда	әдеби тілде
чак	шак	чат	шат
чакпақ	шакпақ	чаттану	шаттану
чал	шал	чекпен	шеклен
чалқаю	шалқаю	чет	шет
чалқу	шалқу	choқ	шоқ
чап	шап	чоқтану	шоқтану
чапқы	шапқы	чык	шық
чаппа	шаппа	чыт	шыт
чаптыгу	шаптыгу	чылпыртқы	шылыртқы
чарта-чұрт	шартпа-шұрт	чатауық	шаттауық

М: Беті бұлк етпестен маган «чык» дегені. Тона ч е т к е р і үй бригадірдікі.

Чыттаң күіп көйлекті  
Қаңты жеңгөң колбекті.

Жетпістегі қары ч а л ы м ы з Сүгірдің өлеңін тындағы. Босына ч а п т ы қ қ а н ы неси, атаң-енең деуім жоқ.— Мәспіз шырағым, көңіл ч а т, тек жастың ұлттайғаны болмаса. Біз мұны көбіне әтішкір дейміз, арқа жақ көрінеді мұны ч а т т а у ы қ дейтін (эксп.). Осы жоғарыда келтірілген сөздердің сез басындағы дыбысталып отырган анық, айқын аффрикат «ч» мәдени мәселенің төңірегінде сез қозғасақ, әрине нақтылы экспериментсіз үзілді-кесілді, кесіп-пішіп, не «иә», не «жоқ» деп айту қын. Дегенмен, біздің байқауымызда, дәл осы говордағы сез басындағы «ч» деп отырганымыз таза қүйіндегі, анық аффрикат дей алмаймыз. Егер аффрикат «ч» дыбысы «ти» дыбыстарының толық қосындысы деп қарасақ (дәл солай саналып та жүр), говордағы көздесіп отырган дыбыста тек «т»-ның болмашы бөлекшесінің ғана бар екені байқалады. Бұл жөнінде жоғарыда келтірілген С. Омарбековтың пікірі

орынды төрізді. Демек, зерттеліп отырган говорда да «ч» дыбысы «ч» мен «ш» дыбысының аралығындағы дәрежеде естіледі. «Ч»-ның қолданылуы жөніндегі (осы говордағы) дыбыстық дәрежесін жоғарыдағы көрсетілген қалыпта кездеседі деген пікірді қостай отырып, оның себебін, қалайша аралық дәрежеде болуын анықтай кету зерттеушінің міндеті. Сондықтан болжамымызды айта кетуді жөн көрдік.

Мысал ретінде келтірген сездерге назар салсақ, жергілікті ерекшелікте «ч» дыбысының сөз басында келуі белгілі бір заңдылыққа саятын төрізді. Бұл сездердегі «ч» дыбысына жуық айтылатын сездер көбіне бір буынды болып, оның өзінде де соңғы дыбысы шұғыл дауыссыздардың ішінде қатаң деп есептелеғін т, н, қ дыбыстарымен аяқталады.

Кейбір сездер екі және одан артық буындардан құралған. Бұл жағдайда да бірінші буыны қатаң дауыссыздарга аяқталады да, екінші буыны тағы да іле-шала қатаң дыбыстан басталатындығы көрініп отыр. Осы жағдайларды еске ала келіп, говордағы сездердің «ч» аффрикатына жақын дыбысталуына бір буынды сездердегі соңғы қатаң, ал одан артық буынды сездердегі екі қатаң дыбыстың қабаттасып келуі қосымша ықпал жасап, түрікмен тілінің әсерін тек жоғарыдағыдан белгілі бір сездер тобына дарытуға мүмкіндік берген болар деген ойдамыз. Бұл оймызды тағы бір зерттеушінің байқаулары қостай түседі. «Нарынқол, Кеген аудандарында тұратын қазақтар тілінде «шырағым» сөзі «чырағым» тұлғасында айтылмайды. Сонымен бірге «шырақ жақты» дегеннің орнына «чырақ жақты» болып айтыла береді»<sup>61</sup>, — деп көрсетеді Ә. Құрышжанов. Осы екі сезі («шырағым, чырақ») салыстыра отырып, бірде «ш», бірде «ч» қолданудың өзі осы сездердегі бірінде «р», екіншісінде «ң» дыбыстарының келуімен байланысты емес пе екен деп ойлаймыз.

Түрікмендермен көп жылдардан бері аралас отырган қазақтардың аффрикат «ч» дыбысын таза күйінде айта алмауын мына себептерден бе деп топшылаймыз.

<sup>61</sup> Ә. Құрышжанов. Нарынқол, Кеген аудандарында тұратын қазақтар тіліндегі кейбір жергілікті ерекшеліктер жөнінде. Жинақ: «Қазақ тіл білімі мәселелері». 1-шығуы. Алматы, 1959, 46-бет.

Біріншіден, қазақтарға «ч» дыбысы ежелден тән болмағандықтан оны айтуға артикуляцияның бейімделмеуі. Артикуляция бейімделіп, машиқтанған күйде «ч» дыбысы «ти»-ның қосындысы ретінде дыбысталуы керек. Ал қазақ тілінде таза осы дыбыстардың қосындысынан сөз басталмайтыны тағы анық. Егер түрікмен тілінің әсерімен қазақ тіліндегі «ш» дыбысымен басталатын сездерді «ти» қосындысымен айтса, сөз жоқ, қосақталып келген бұл екі дыбыс арасына қысанқ дауысты «ы» дыбысының қыстырылуы қажет. Ол қазақ тілінен туатын заңдылық. Бұл қалып сез мағынасын бұзуға дейін апарған болар еді. Практикада мұндағы жағдайлар кездеспейді де емес. Мыс: орыс тіліндегі «что» сезі бірқатар жағдайда «ышто» болып дыбысталуы жиі кездеседі. Екіншіден, қатаң дыбыстың әсерімен сез басындағы «ш» дыбысы «ти» қосындысына дейін бейімделуі мүмкін. Алайда «ти» қалпына жетпей барып тоқырауы ықтимал. Мұнда түркі тілдерінде кездесетін «т» дыбысының алдында «ч» дыбысы «ш» дыбысына айналады деген қағида<sup>62</sup> тағы себепші болады. Осыдан келіп «ти» қалпына жетпей не «ш» дыбысы қалпында қалмай, аралық дыбыстың пайда болатындығы байқалады.

Дәл осындай жағдайларда кездесетін «ч» дыбысын Н. К. Дмитриев «ти» таңбасымен белгілейді<sup>63</sup>.

Сондықтан да, біз жоғарыда «ч»-мен айтылады деген сездерді сол дыбыстың таңбасымен белгілеуді шартты деген болатынбыз. Сейтіп, біздің оймызыша, Түрікменстандағы қазақтар тілінде кездесетін «ч» дыбысы таза аффрикат емес, тек соған жуық қана келетін дыбыс, ал оның белгіленуі де «ч» әрпімен емес, басқаша таңбалануды қажет ететін сияқты. Мұнда біз шартты түрде «ч» әрпімен көрсетсек те, шын мәнісінде, қолайлысы «ти» таңбасы болғаны жөн.

Қазақ говорларындағы «ч» дыбысының тарихы және оның қазақ тіліне ертеден тән немесе көрші тілдердің әсері деп қарайтын көзқарастардан туган галымдар пікірі, сондай-ак, «ч» аффрикаты туралы өз ойла-

<sup>62</sup> Э. В. Севортьян. Материалы к сравнительной фонетике турецкого, азербайджанского и узбекского литературных языков. В кн.: ИСГТЯ, часть I. М., 1955, стр. 44.

<sup>63</sup> Н. К. Дмитриев. Грамматика башкирского языка. М.—Л., 1948, стр. 21.

рымыз бұрынғы бір жарияланған мақалада толық баиндалған болатынды<sup>64</sup>. Сондықтан да бұл кітапқа кіргізуі артық көрдік.

Алайда, зерттеліп отырған говордағы аффрикат «ч»-га жуық дыбысты біз, аралас отырған халық тілінің, әсіресе түркмен тілінің әсері деп белеміз. Оған басты себеп, бұл жердегі қазақтардың бәрі дерлік Қазақстанның батыс аймағынан келіп орын тепкен. Ал Қазақстанның батыс белегіндегі қазақтар тілінде (Маңқыстау говорынан басқа) «ч» дыбысы байқалмайды.

Айта кетерлік бір нәрсе, түркмен тілінің басқа диалектілері мен говорларында кездеспейтін «ч» болып аудиосу Ставрополь түркмендерінің тілінде бар. Мұны, сол говорды зерттеуші, қыншак тілінің, әсіресе татар тілінің әсері деп қарайды<sup>65</sup>.

Б/П. Дауыссыз дыбыстардың өзара алмасуында жирик кездесетін билабиаль фонемалардың ішінде үнәц «б» дыбысының қатаң «п»-га айналуы. Бұл құбылыс көбіне сездің басында кездеседі де, ал ортасында бірен-саранғана ұшырайды: *пышу — быршу, пітей — бітеу, пықа — бұқа, пайқау — байқау, пейнет — бейнет, пұтақ — бұтақ, пытырау — бытырау, пақа — бақа, пақыт — бақыт, піту — біту, перен — берен, палта — балта, парқыт — барқыт, пес-алты — бес-алты, полат — болат*.

Сөздің ортасында келуі: *шепік — шебік, тата — таба, жаптық — жабдық*. Кейде қос сездер құрамының екінші сыңарында да байқалады: *көре-піле — көре-біле*. М: *Күн ыссыда пыршаған шұбат шөл қандыр ма? Қобылан, барын, бұлықты пітеп келің! Дептерді шыжбайлай бермей, пайды апестемелі. Шамун оқуын қашан пітіреді. Жаңай сияқты сен де шепік екенсің. Үй жаптығы мен ісің жоқ* (эксп.). Советтер үкіметі тұсында *пақыт құсы шыңының басына шықтық...* («Қарабұғаз кел жұмысшысы», 4/III-37).

<sup>64</sup> Э. Нұрмагамбетов. Қазақ говорларындағы «ч» дыбысының пайда болуы туралы. «Қазақ ССР ғылым академиясының Хабарлары», қорамдық ғылымдар сериясы, 1967, № 2, 66-74-беттер.

<sup>65</sup> С. Куренов. Особенности туркменского говора Северного Кавказа (Ставрополья). Автореф... канд. филол. наук. Ашхабад, 1959, стр. 14.

...Маңпалдай парыг қиінген.  
Асқардан асты талабы.

(Бұл да сонда, 8/III-37).

Есжанов... журтқа көре-піле кеткен солпатты жасырып жур (Бұл да сонда, 1937, 8 октябрь). Артель мүшелерінің пытырап кетуі оқушылардың... білім алуына мүмкіншілік бермей отыр («Жұмысшы», 12/XII-39).

Осы көрсетілген алмасуға кері құбылыс, қатаң «п» дыбысының үнәц «б»-га алмасып айтылатын сездер де бар. Бірақ мұндай сездер алғашқы құбылысқа қарағанда әлдеқайда тапшы: *бара — пара, бәни — пәни, бісіру — пісіру*. Жаңбырбай да саган бара бермелі гой!? Колхозымызда нан бісіретін орын бар (эксп.)... үннан бісірілген нан да бұрынғыдан сипай болмайды («Жұмысшы», 6/X-44).

б/п, п/б түрінде дыбыс алмасулары жиналған диалектологиялық материалдарға қарағанда, тек осы зерттеліп отырған говорғағана тән емес. Мұндай құбылыстар Қазақстан территориясының батыс, оңтүстік, шығыс аймақтарындағы бірсыныра аудандарында тұратын қазақтардың тіл ерекшелігінде де<sup>66</sup>, сонымен бірге Қазақстанның тыс жердегі қазақтар тілінде де қолданылады<sup>67</sup>.

<sup>66</sup> Ж. Досқарасев. Байганин... Қазақ тілі тар. мен диалектол... 2-шығ., Алматы, 1960, 9-10-бет және Бір экспед. отряд., Сонда, 1-шығ., 1958, 189-бет; Ш. Сарыбаев. Каз. экспед., Сонда, 4-шығ., 1962, 28-бет; С. Омарбеков. Маң... казақтарының... Сонда, 3-шығ., 1960, 223 б; Г. Калиев. Некоторые особ. Арабыск. гов. Автореферат дисс. канд. филол. наук. Алма-Ата, 1954, стр. 8; Э. Барібаев. Орда говорының кейбір фонетикалық ерекшеліктері. «Қазақ ССР ғылым академиясының Хабарлары», филология және искусство тану сериясы, 1959, № 1-2; О. Накисбеков. Языковые особенности казахов Чуйской долины. Автореф... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1963, стр. 11; Ж. Болатов. Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында тұратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы. Жинақ: «Қазақ тілі тарихы мен диалектологияның маселелері». 2-шығуы. Алматы, 1960, 135-бет.

<sup>67</sup> Ә. Құрышжанов. Қарақалпақ АССР-ында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір ерекшеліктер. Сонда. 5-шығуы. Алматы, 1963, 157-бет; О. Накисбеков. Орынбор облысының Адамов, Бөртө аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір жергілікті ерекшеліктер. Сонда, 4-шығуы. Алматы, 1962, 106-107-беттер.

Жергілікті ерекшеліктерде кездесетін бұл сияқты дыбыс алмасуларын араласа отырган не шекаралас қазақтардың әсері деп қарау шындыққа жуыспайтын сияқты. Мысалы, жоғарыда «п»-мен көлтірілген сөздің бірқатары түркмен тілінде «б» дыбысымен айтылады. Тек «балта» сөзінің «палта» болып айттылуын тірек етуге тағы болмайды. Өйткені, бір сөзге қараған говордагы барлық сөздің тағдырын шешу орынсыз. Ең басты себеп — түркмен тілінің өзінде де «п» дыбысымен айтылатын сөзден гөрі «б»-мен басталатын сөздердің саны басымырақ. Сондықтан да говордагы б/п, п/б дыбыс алмасуларының тамырын басқа жақтан іздестіруге тұра келеді.

Бұл дыбыстардың өзара алмасулары тек қазақ тілінің жергілікті тіл ерекшеліктеріне ғана тән емес. Мысалы, қарақалпақ тілінің диалектілерінде<sup>68</sup> және түркмен тілінің диалектілері мен кейбір говорларында «б»-ның «п» дыбысына ауысу фактілері бар<sup>69</sup>. Осы фактілер бұл дыбыстардың өзара алмасуы жалпы түркі тілдеріне ортақ құбылыс екендігін білдіреді. Түркі тілдеріне ортақ бұл құбылыстың негізін көптеген тіл зерттеушілері бұл дыбыстардың алғаш бір дыбыстан пайда болғандығынан деп біледі. Өте ертеректегі кездерде тек қана «п» дыбысының болғандығы көрінеді<sup>70</sup>. Ал «б» дыбысы соның туындысы. Түркі тілдеріндегі үяң «б» дыбысының қатаң «п» дыбысына айналуын кейбір галымдар «б» дыбысынан кейінгі дауысты дыбыстың қысандануынан және сол дауыстыдан кейін қатаң дауыссыздың келуінен деп біледі<sup>71</sup>. Бұлар, әрине, түркі тілдерінің өз ішіндегі заңдылықтар. Осыған қосынша, түркі тілдеріне енген араб-иран сөздері де, көп жағдайда бастапқы дыбысы ұяндамай қатаң қалыптың сактайдығы байқалады. Мысалы, иран сөзі

<sup>68</sup> Н. А. Басқаков. Каракалпакский язык, ч. II. М., 1952, стр. 62.

<sup>69</sup> С. Куренов. Көрсетілген автореферат, 13-бет; Г. Кульманов. Геокленский диалект туркменского языка. Автореф... канд. филол. наук. Ашхабад, 1960, стр. 10; Х. Мухин. Нохурский диалект туркменского языка. Автореф... канд. филол. наук. Ашхабад, 1959, стр. 7.

<sup>70</sup> А. М. Щербак. Грамматический очерк языка узорских текстов X-XIII вв. из восточного Туркестана. М.—Л., 1961, стр. 60-61.

<sup>71</sup> М. Раянен. Аталған еңбек, 147-бет.

казақтың әдеби тілінде «болат» болып дыбысталса, говорда «полат» түрінде айтылады.

Осы жағдайларды еске ала отырып говордагы бұл дыбыс алмасуларын, біріншіден, түркі тілдерінің өзіне тән заңдылықтан пайда болған құбылыс деп білсек, екіншіден, басқа тілдерден кірген сөздер түркі тілдерінде алғашқы қалпын сақтаудан туып отыруы да мумкін.

М/П, Б/М. Аз мөлшерде, санамалы сөздердің аясында ұшырасса да үнді «м» дыбысының қатаң «п»-ға үяң «б»-ның үнді «м» дыбысына алмасуы говорда бой көрсетіп отырады: *пәні* — мәні, *пысы* — мысы, *пұрсат* — мұрсат, *пақта* — мақта, *мелшесінен* — белшесінен. М: *Сені біреудің пысы басып отыр ма?* (эксп.).

Ақын болсаң асқақтан,  
Пәнім ен сөйле аз бастап.

(фольк.)

Бұл сияқты дыбыс алмасулары Қазақстан территориясындағы батыс, оңтүстік, шығыс облыстардың кейбір аудандарында тұратын қазақтардың тіл ерекшеліктерінде де бар. Мұндай дыбыс алмасуларын қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерін зерттеуші галымдар ескіліктің қалдығы<sup>72</sup>, түркі тілдеріне тән құбылыстың белгілі бір жаңғырығы болса керек<sup>73</sup>, — деп жорамалдайдайды. Бұл жорамалдардың шындықпен қабысын, тап басып жататын жақтары көп. Өйткені қазіргі тілімізде «мұз», «мойын», «мін» сөздері ескі түркі жазба ескерткіштерінде, атап айтқанда: орхон-енисей руникалық жазуларынан «мін» сөзінің орнына «він»<sup>74</sup>, ал XI ғасыр ескерткіштеріндегі «мұз», «мойын» сөздері «буз»,

<sup>72</sup> Л. З. Будагов. Аталған сөздік, ч. I, 1869, 323-бет.

<sup>73</sup> Ж. Досқараев. Байганин ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі фонетикалық ерекшеліктер. Жинақ: «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», 2-шығуы. Алматы, 1960, 13-бет.

<sup>74</sup> Ә. Құрышжанов. Қарақалпақ АССР-ында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір ерекшеліктер. Соңда, 5-шығуы. Алматы, 1963, 158-159-беттер.

<sup>75</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М.—Л., 1951, стр. 371.

«боын»<sup>76</sup> болып оқылудың өзі жоғарыда келтірген болжамды растай түседі. Сол пікірлерді қостай түсерлік факт бұл дыбыс алмасуларының тек қазақ тілі жергілікті ерекшеліктерінде ғана емес, басқа түркі тілдерінің диалектілерінде де тіл ерекшелігі ретінде байқалуы<sup>77</sup>. Б~м дауыссыздарының алмасуы, айта берсек, түркі тілдерінің шеңберінен де асып, монгол тілінде де бой көрсетеді<sup>78</sup>. Бұған қарағанда әсіреле, б~м дыбыстарының алмасуы өте ертеректе пайда болған құбылыс екендігі сезіледі.

Басқа түркі тілдеріндегі «б» дыбысының қазақ тілінде «м» дыбыстына алмасуын сол сөздердегі келесі сонор «р», «л» дыбыстарының әсері деп көрсеткен болатын П. М. Мелиоранский<sup>79</sup>. Б~м болып қалай, не себептен алмасуы жәнінен де кейінгі кездегі тюркологтардың біразы осы пікірден алшақ кетпейді. Мысалы, Н. К. Дмитриев бұл құбылысты сол сөздегі келесі еріндік дыбыстардың әсері деп түсіндіреді<sup>80</sup>. Ал М. Рясянен бұл алмасуларды келесі буындағы мұрын жолды дауыссыздарың әсері дей тұрса да: «Но иногда бывает трудно установить, который из согласных «б» или «м» является исконным, поскольку обратное явление, м>б, встречается как в тюркских, так и в монгольских языках»<sup>81</sup>, — дейді.

Говорда кеадесіп стырган «пысы» сөзінің өзі де осы қыындықты дәлелдей түсетін сияқты. Бұл сөздегі келесі буын, жоғарыдағы көрсетілген қағидаларды бұзып, қатаң «с» дыбысынан басталып отыр, сейте тұрса да, бастапқы «п», «м» дыбыстына айналып отыр. Осындағы жағдайларды көрсете келіп, Ә. Құрышжановтың «м»-мен «б»-ның алмасуындағы сұрақ әлі күнге тиісті

<sup>76</sup> М. Кошгари. Аталған сөздік. III том, 1963, 134, 183-беттер.

<sup>77</sup> Н. А. Басқаков. Каракалпакский язык, ч. II. М., 1952, стр. 61; С. Куренов. Аталған автореферат, 13-бет.; С. Аразкулиев. Аталған автореферат, 9-бет.

<sup>78</sup> Ц. Номинханс. О чередовании некоторых согласных в тюрко-монгольских языках. «Ученые записки КазГУ, им. С. М. Кирова». Том XIX. Алма-Ата, 1955, стр. 144.

<sup>79</sup> П. М. Мелиоранский. Краткая грамматика казахско-киргизского языка, ч. I. СПб., 1894, стр. 21.

<sup>80</sup> Н. К. Дмитриев. Грамматика башкирского языка. М.—Л., 1948, стр. 31.

<sup>81</sup> М. Рясянен. Аталған еңбек, 147-бет.

жауабын таба алмай келеді<sup>82</sup> деген пікірін біз де қостаймыз.

Д/Т. Әдеби тілімізде «ð» дыбысынан басталатын біршама сөздер говорда қатаң «т» дыбысымен алмасып айтылады. Бұл құбылыс сез оргасында сирек үшін расады. Айта кететін бір нәрсе, жергілікті жердегі қазақтар, сез басында «ð» дыбысын көп қолданатын түркі тілдерінің ішіндегі оғыз тобына жататын түркмен халқының арасында отырса да, солардың тілінің әсері дерлік «т»-ның «ð» дыбысына алмасуы байқалмайды.

Говорда «т» дыбысынан басталатын сөздерге мысал ретінде мына төмөндегілерді келтіруге болады: тәңқилю — деңқилю, тар — дар, томалақ — домалақ, таяр — даяр, тога — дуга, тайын — дайын, түшпан — дүшпан, топ — доп, төкір — дөкір, торба — дорба, жәнтік — жәндік. М: Т ең к и м е й арағырақ отырың! Үзмұқшырда адамдарды таға тартпай-ақ, өрген керміш арасына тірілей салынты. Соңан ел көшпелі болып та я р л а н д ы. Был құмда жән т і к т ің, нешелер атасы бар (эксп.). Малдың қоралары жеткілікті т а я р л а н д ы («Жұмысшы», 23/III-45).

т/ð және ð/т болып дыбыстардың алмасуы Қазақстан жеріндегі онтүстік, батыс, шығыс облыстардың бірқатар аудандарында тіл ерекшелігі ретінде кездесуін былай қойғанда, Орынбор облысының Адамов, Берте аудандарының, Қарақалпақ АССР-ындағы қазақтардың және Қошагаш тұрғындарының тілдерінде де бар.

Қазақстан жеріндегі кейбір аудандарда «т» дыбысының орнына «ð» қолданылуын Ж. Досқараев оғызы, қыпшақ тілдерінің (IX—XI ғасыр.) бір-біріне әсері деп қарайды<sup>83</sup>. Бұл шікір шындыққа жақын. Өйткені XI ғасырдағы М. Қашгари сөздігінде түркі тілдерінің көбінде сөз басында «ð»-мен айтылатын сөздерді қыпшақтар «т» дыбысымен айтады деген ескертпелер

<sup>82</sup> Ә. Құрышжанов. Қарақалпақ АССР-ында тұратын казақтардың тіліндегі кейбір ерекшеліктер. Жинақ: «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», 5-шығуы. Алматы, 1963, 159-бет.

<sup>83</sup> Ж. Досқараев. Байганин ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі фонетикалық ерекшеліктер. Соңда, 2-шығуы. Алматы, 1960, 11-бет.

бар<sup>84</sup>. Алайда, біз әңгіме етіп отырган говордағы *ð/t* дыбыс алмасуын бірыңгай басқа халықтың тілінің әсері деуге болмайды. Өйткені, жоғарыда көрсетілгендеідей, қазақтармен аралас отырган түркмендер көп жағдайда сез басында ұяң «*ð*» дыбысын келтіріп айтады. Сейтсе де, бірлі-екілі сөздің дыбысталуында түркмен тілінің әсері де болмай қалмайды емес. Бірақ сол сездерді жете тексерсек, түркмен тілінің байыргы сезі болмай не иран-араб тілінен енген, не жалпы түркі тіліне ортақ сез болып шыгады. Мысалы, түркмен тілінде «тайр» (даяр), «топ» (доп) болып дыбысталатын сөздерді алсақ (Рус.-туркм. сл., М., 1956), алғашқысы «تیار» тұлғасындағы иран сезі де<sup>85</sup>, кейінгісі «تبق» (тспік)<sup>86</sup> сезінен қысқарған жалпы түркі тілдеріне ортақ сез. Соңғы сөздің алғашқы дыбысталуы түркмен тілінде сақталған үқсайды. Ал иран сезін түркмендер қалай қабылдаса, жергілікті қазақтар да солай қабылдайды. «*T*»-мен басталатын басқа сөздердің тағдыры туралы бұл пікірді айта алмаймыз. Біздің ойнымызша, бұл құбылыс, бәрінен бұрын, ертедегі түркі тілдеріне тән «*t*»-мен дыбысталған сөздердің сақталып қалған ізі болуы ықтимал.

Көптеген галымдардың көрсетуі бойынша, алғашқы пайда болған «*t*» дыбысынан ұяңдау нәтижесінде «*ð*» дыбысы келіп шыққан<sup>87</sup>. Егер бұл пікірлер дұрыс болса, қазіргі әдеби тіліміздегі сез басындағы «*ð*» дыбысы ұяңдау нәтижесінде пайда болып, кейін қалыптысып кеткен де, аз зерттеліп отырган говордағы кей сөздерде «*t*» дыбысы өзінің алғашқы қатаандық қалпын сақтап қалған. Сақталып қалуға мүмкін дейтін тағы бір себебіміз, XVII ғасырдағы Әбілғазы шыгармасында сез басында «*ð*» дыбысы тек «кірме» сөздерде ғана кездесіп, түркі тілдерінің байыргы сөздеріне тән еместігі көрі-

<sup>84</sup> Н. Т. Сауранбаев. Некоторые черты древнетюркского языка. «Вестник Академии наук Казахской ССР», 1948, № 12, стр. 13-14.

<sup>85</sup> Л. З. Будагов. Аталған сөздік, I, 1969, 412-бет.

<sup>86</sup> М. Кошгари. Аталған сөздік, III, 1963, 106-бет.

<sup>87</sup> А. М. Щербак. Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII вв. из восточного Туркестана. М.—Л., 1961, стр. 60; М. Рясиене. Аталған еңбек, 138-бет.

неді<sup>88</sup>. Бұған қарағанда Орта Азия түркі тілдерінде «*t*» дыбысын қолдану жиі болғандығы және бергі уақыттарға дейін созылғандығы білінеді. Оғыз тобына жататын тілдерде сез басында көбіне «*ð*» дыбысы қолданады дей тұрсақ та, олардың диалектілерінде «*ð*» орнына «*t*» дыбысы қолданылатындығы бар<sup>89</sup>. Мұның өзі «*t*» дыбысы сол тілдердің өзінде де сақталғандының айғагы іспеттес.

С/Ш. Шұғыл дауыссыздардың ішінде әдеби тілімізде «*s*» дыбысымен айтылатын бір бөлек сөздердің говорда «*sh*» дыбысымен қолданылатындығын көрсетуге болады. Басқа дыбыстардың өзара алмасуынан бұл дыбыстардың алмасуындағы азын-аулақ өзгешелігі — тек сөздің орта шенінде ғана кездеспей, ішинара болсада сез басында, кейде аяғында да ұшыраса беретіндігі. Сез ортасындағы алмасуларына мысал: қыштау — қыстау (етістік), тышқары — тысқары, оқшау — үқсау, өштіп — естіп, қоштау — қыстау, ешек — есек, қошмаша — қосымша, машқара — масқара, мышық — мысық. М: Жырышыны шамадан тыс қыштамаң. *Ma ш қ a r a қ y l y p, бұлкіті де шығарып журген осы әйел* (эксп.).— Сіз сияқты мәдениеттен хабары жоқ көргенсіздер келіп, өштіп мазамызды алады да журеді (*«Жұмысшы»*, 12/III-37). 100 ешектен 100 куре алып, оны аман өсіруді өз міндеттіне алды (Бұл да сонда, 22/III-46).

с/ш алмасуының сез басында келуі:

Шермеу — сермеу, шайқымазақ — сайқымазақ.

М: Домбыраны да онды, солды шермейді екен. Шайқымазақ шайтан ісі, жассың саған керегі жоқ (эксп.).

с/ш сез аяғында мына бір сөздерде алмасып келеді: зияндаш — зияндас, құрдаш — құрдас. М: Мені көрсөзи яндашы бардай-ақ, ілігісе туследі. Екеуіміз бір жылда туылған, түйдей құрдашыз (эксп.).

<sup>88</sup> А. Н. Кононов. Родословная туркмен. М.—Л., 1958, стр. 121.

<sup>89</sup> Р. Бердьеев. Диалектные данные туркменского языка — один из источников при разработке сравнительной грамматики тюркских языков. В кн.: «Вопросы диалектологии тюркских языков», т. III. Баку, 1963, стр. 21.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде жоғарыда кездескен говордағы бірқатар сөздердің (есек, мысық, қыс т. б.) «ш» дыбысымен жазылғандығы көрінеді<sup>90</sup>. Қышиш тілдеріне тән «Codex cumanicus»-та да Радловтың көрсетуінше «ш» дыбысы бірқатар сөздерде «с»-мен жарыса қолданғандығын айта келіп, бұл ескерткіштегі «ш» дыбысымен келетін сөздердің көбінің «с»-мен жазылуын, оның бірінші бөлімін жазушы адам Фурланец болғандықтан, иран тілінен енген сөздердегі «с» мен «ш»-ны ажыратта алмауынан деп беледі<sup>91</sup>. Проф. Н. Сауранбаев М. Қашғари сөздігінің өзінде де сөз соңындағы «с» мен «ш»-ның алмасуының өзі дәл ажыратылмағандығын айта келіп, мұның өзі сол кездегі түркі тайпаларының жазба тілінде сол дыбыстарды (с, ш) арабтың ش дыбысы арқылы берудің дәстүрге айналуынан деп беледі. Солай дей тұrsa да, орхоненісей жағба ескерткіштеріне сүйене отырып, с/ш алмасуын ете ертедегі құбылыс екендігін көрсетеді<sup>92</sup>.

Осы жағдайларды еске алсақ, говорда кездесіп отырган с/ш дыбыс алмасуындағы құбылысты есқінің ескерткінің деп қарауға да болар еді. Бірақ соның сакталуына белгілі бір себеп болу керек, сол себептің негізгі көзі — «ш»-мен сейлейтін тілдердің әсері деу орынды көрінеді. Сондықтан да Ә. Құрышжановтың осы іспеттес пікірін<sup>93</sup> қуаттай түскіміз келеді.

Көрсетілген пікіріміз дәлелді болуы үшін, говордағы кездескен «ш» мен айтылатын сөздердің түрімен тілінде қалай дыбысталатынығына нұсқап өтейік: «тышқары» сөзі аталған тілде «дашқары», «ешек» — эшек, «қошмаша» — гошмача, «мышық» — пишик (Рус.-туркмен. сл., М., 1956).

**Ж/Д. дұз — жұз, дұзу — жұзу. М: Кейде үш дұздің де баласы дейміз. Көбіміз өзен, дариядн**

<sup>90</sup> М. Кошғарий. Аталған сөздік. І. Тошкент. 1960, 143-бет; III, 1963, 140-бет.

<sup>91</sup> В. Радлов. О языке куманов по поводу издания куманского словаря. СПб., 1884, стр. 30-32.

<sup>92</sup> Н. Т. Сауранбаев. Некоторые черты древнетюркского языка. «Вестник Академии Наук Казахской ССР», 1948, № 12, стр. 13-15.

<sup>93</sup> Ә. Құрышжанов. Қарақалпак АССР-ында тұратын қазақтардың тіліндегі кейір ерекшеліктер. Жинақ: «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері»; 5-шығуы. Алматы, 1963, 161-бет.

алыспыз, суга дұз у дегенің не екенін де біле бермейміз (эксп.). Қазақ тілінде бұл дыбыс алмасуын ертеңекте П. М. Мелиоранский көрсеткен болатын<sup>94</sup>.

Қазақстанның әр түкпірінен және одан сыртқары жерлерден жиналған материалдардың қайсысында болмасын жергілікті тіл ерекшелігі ретінде ж/д дыбыс алмасуы белгілі бір санамалы сөздердің көлемінен аспайды да, әрі сол сөздер қай жерде кездессе де қайталаңып отырады. Ол сөздер: дұз (сан есім), дұз (пышактың жұзі, адамның жұзі, т. б.) дұзік, (жұзік) дұзу (жұзу), дұздесу (жұздесу). Бұлардан басқа ешбір сөзде ерекшелік ретінде ұшырамайды.

Жағарыдағы келтірілген сөздердің алғашқы буыны — «дұз» үш дыбыстың құрандысынан тұр. Біздің ойымызша, осы үш дыбыстың кез келген біреуінің орнында басқа бір дауыссыз тұrsa ж/д болып алмасуы екі талай болар еді. Бұл дыбыстардың алмасуында мынадай тарихи заңдылық болса керек. Жағарыдағы сөздердің қай-қайсысы болса да ертеректе аффрикат, ж(дж) дыбысымен басталған болуға тиіс. Келе-келе қазақ тілінің қалыптасуының нәтижесінде аффрикат «дж» тек жалаң «ж» дыбысына ауысқандығы даусыз мәселе. Жалаң «ж» дыбысына қалыптаса бастаған артикуляциялық органдарға енді «дж» аффрикатын айту белгілі жағдайда қындыққа соқтыратыны өзінен өзі түсінікті. Осыдан келіп, бұрынғы «джуз», «джузік» болып дыбысталатын сөздердегі «ð» түсіріліп, «жуз», «жузік», болып дыбысталып, мұның өзі қазіргі кездегі әдеби тілімізде қалыптасқан түрі делік. Біздіңше, «дұзік», «дұз» сөздерінің келіп шығуында да таза фонетикалық заңдылық барлығы байқалады. Алғаш «джузік», «джуз» болып айтылған сөздердегі алдыңғы қатар келген екі дауыссыздың бірі бертін келе, қазақ тіліндегі мұндан дауыссыздардың қатар келмейтін заңдылығына байланысты түсіп қалу қажеттілігі туса керек. Сонда түсіп қалуга бейім дыбыс «ж» болуы тиіс. Өйткені сол буынның соңындағы «з» дыбысы да «ж» сияқты дауыс қатынасына қарай үян болса, артикуляция жағынан екі дыбыста палаталь фонемалар. Осы жағдайлармен байланысты «джуз» сезіндегі «ж» дыбысы

<sup>94</sup> П. М. Мелиоранский. Аталған сөбек. II, 1897, 9, 71-беттер.

түсіріліп, «дұз» болып айтылуы ықтимал. Соңғы құбылыс, қазіргі ерекшеліктеріміздің негізі болмады маекен? Мұнда (*джұз*>*дұз*) еріндік қысан дауысты «у» дыбысының да белгілі бір дәрежеде ықпалының болғандығын еске алмасқа болмайды. Ойткени ашық дауысты дыбыстармен келген бір буынды осы іспеттес «жаз», «жез», «жол» сияқты сөздерде мұндай құбылыстарды көре алмаймыз. Бұл сөздердегі (жаз, жез, жол) дауыстыларға қарағанда «у» дауысты дыбысы редукцияның жемісі. Осы редукцияның нәтижесінде жоғарыдағы құбылыс пайда болған тәрізді.

Дауыссыз дыбыстарға байланысты ерекшеліктерді аяқтай келіп, мұндағы басты құбылыстардың ең көбі, молырағы дыбыстардың өзара алмасуы екендігін аңтарттық. Бұл дыбыс алмасуларының өзі де көбіне жалпы түркі тілдеріне ортақ заңдылықтардың нәтижесінде туын отыратындығы байқалды.

Говордағы фонетикалық ерекшеліктерді жинастыра келгенде мына қорытындыға тірейді:

Біріншіден, дауысты, дауыссыз дыбыстардың өзара алмасуы жергілікті тіл ерекшелігінде жалпы сөздерді қамтитын құбылысқа айналмай, тек белгілі сөздер тобына ғана тәндігі көрінеді. Бұл жағдай тек зерттеліп отырған говорға ғана тән емес. Қазақстандағы зерттелген говорлар мен жергілікті тіл ерекшеліктері женинде жиналған материалдардан да осыны көруге болады.

Екіншіден, зерттеліп отырған объект «ч» дыбысының қолданылуы ретінде Қазақстан жеріндегі кейір говорлармен шендерсіп, сәйкес келе тұrsa да, олардан өзіндік өзгешелігімен ерекшеленетіндігі байқалады. Басқа «ч» дыбысы қолданылмайтын жергілікті тіл ерекшеліктерінен оның бұл басты айырмасы болып саналады.

## Екінші тарау

### ЛЕКСИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛИКТЕР

Бұл жерде мекендереп отырған қазақтар туыстас халықтар — түрікмен, өзбек, қарақалпақтардың құшағына кіріп, қоян-қолтық отыр. Сондыктан да бұл говорда қазақ тілінің басқа говорларында кездесетін сөздермен қатар, оларда ұшыраспайтын тың да, соны мағыналы сөздерге жиі тап боламыз. Мысалы: астақта//аштақта (етке салатын наңды ысканда астына салынатын тақтаты), кэт (кереует), тікеш (тандыр пешке не табаға пісрілетін наңның бетіне өрнек салатын құрал), загыма (түбі тайыз, беті жалпақ ыдыс), құм (құмыраның үлкен түрі) т. б. сөздер үй тұрмысына қажетті заттар тобына жатады. Лексиканың басқа топтарына жататын жорап( носки), мәшава (мәш деген дәнді дақылдан істелетін тағам), шекиде (сүзбе), пенdir (бринза), қырда (ұсақ ақша), алақышын (пештің аузындағы шоқ жаятып орын) іспеттес сөздер де говордың ерекшелігін таныта түседі. Бұл бір жағы болса, екіншіден, әдеби тілде кездесетін кейір сөздер тұлғасын сақтай отырып, говорда мағына жағынан басқа ұғымға ие болады. Кебеже (ертеректе түйемен көшіп жүрген кездерде, бала, әйелдер отыратын түйе үстіне орнатылатын нәрсе), айна (әйнек), алаша (жақсы тұқымды түйе мен жабыдан туған түйенің нашар түрі), қоздау (сиыр, жылқы малының төлдеуіне де қолданыла беретін етістік түрі), шығару (аяқ киімді шешу мағынасында) сияқты көптеген сөздердің көлтіруге болады. Бұл туралы лексиканың семантика категориясында әңгіме болатындықтан, көп тоқталып жатуды артық көрдік. Соңғы келтірген сөздердің әдеби тілдегі мағыналары әр кімге де аян.

Говордың лексикалық ерекшеліктері құрамы жағынан екі саладан тұрады. Оның бірі — тіліміздің дамуының өткен дәуірлеріне тән тайпалық, рулық тілдердің сақталып қалған сарқындылары, көне табы болса, енді бірі — өздері ортасында өмір сүріп отырган басқа ҳалықтардан енген, говор үшін «кірме» сөздер. Кірме сөздің дені қай жалыққа тән дегенді ашып айтута мүмкіндік бар. Оны нұсқайтын көрсеткіш — лексикалық ерекшеліктері сөздер. Аралас отырган ҳалықтардың ішінде әсерін мол да көлемді тигізуши — түрікмен ҳалқы. Түрікменстан батысындағы (Красноводск төңірегі, Қарабұгаз, Небитдаг маңы) қазақтар көбіне көп түрікмен ҳалқымен, оның ішінде ёмут тайпаларымен араласа орналасқан да, солармен тікелей қарым-қатынаста, Ашхабад, Мары, Байрам-Али төңірегіндегі қазақтар түрікменнің ёмут, теке т. б. тайпаларымен қатар өзбектермен де аралас отырып, солармен тығыз қарым-қатынаста. Әсіресе республиканың солтүстігіндегі Ташауыз облысындағы қазақтардың орналасуы басқаша. Мұндағы қазақтар туыстас ҳалықтың үшеуімен — түрікмен, өзбек, қарақалпақтармен «тоңның ішкі бауындар» бір-бірімен аралас отырады. Міне осы жағдайлар зерттеліп отырган говордың лексикалық ерекшеліктеріне түрліше әсерін тигізген. Бұл әсерден туган ерекшеліктердің тек лексика беліміне ғана қатысы бар. Ал, фонетика мен грамматикалық ерекшеліктерге қазақтардың жоғарыдағыдай көршілес орналасу жағдайы әсер етпейді.

Бұл сияқты говордың бір саласында (лексика белімінде) ғана кездесетін болашы сөздер тобы говордың жалпы нұсқасына нұқсан келтіре алмайтындықтан беліп-жарып қарауды лайықсыз санадық.

Лексиканың ішкі мағыналарын аша түсude жәрдемдесетін лексикология, семасиология, этимология сияқты тарауларымен қатар әр тараудың іштей беліністері — категориялары бар. Осы категорияларды қысқаша шолып өту міндет.

## 1. Синонимдер

Кіріспе белімде көрсетілгендердій, бұл говордың Қазақстан территориясындағы зерттелген басқа говорлардан (Маңқыстау, Арал, Шу говорларынан) айрық-

ша ерекшелігі — екі тілділік (двухязычие). Говорга тән байыргы сөздермен бірге басқа тілдерден (әсіресе түрікмен тілінен) кірген сөздер жарыса және жиі қолдану нәтижесінде синоним сөз қатарлары молая түседі. Конкретті зат атауларымен байланысты говордағы *темір жаба, шаршақ* (шеп үйетін айыр); қайыш, күртік (етке салатын нан); *баспа, зәңгі, теппе* (баспалдақ); *деріс, күбір, төгін* (көң) сияқты синонимдік қатарлар немесе абстракт ұғымға байланысты — *дәп, тәр, үрдіс, насты, дүзгін* (дәстүр, әдеп-ғұрып); *деңгена, айақтаспа* (малды сойып, етін жіліктеп не аяқтап беліп алу) тәрізді синонимдер, тілті белгілі бір құбылыстың, заттың сирек болып тұратын қалпын білдіретін *тогайда, шанда, шығайда* іспеттес синонимдік топтар кез келген контексте бірінші орнына бірі талғанбай қолданыла береді. Мұның өзі олардың мағыналарының тек жақын ғана емес, бірлестігін де аңғартады. Мыс: *Халқымыздың дәбі емес пе?* деген сейлемдегі «дәп» сөзінің орнына жогарыдағы келтірілген синонимдік қатардагы сөздердің қайсысын қойса да, сейлемнің мағынасына да, оның түсінігіне де, құрылышына да нұқсан келмейтіндігі байқалады. Сондай-ақ, «*Ұштап, етке күртік салдың ба?*» деген сейлемдегі «*күртік*» сөзінің орнына «*Ұштап, етке қайыш салдың ба?*» деп айтқаннан сейлемнің түсінігіне ешқандай зақым келіп тұрган жоқ.

Белгілі бір заттың сынын, сипаттың немесе адамның түрін, реңін білдіретін синонимдер үнемі бұлай қолдануға ырық бермейді. Мысалы: *самсық, самас, наскур, нақес* сөздерінің қай-қайсы болса да адамның есінің жарымдығын, кемістігін білдіріп, кемсіну мағынасында қолданылады. *Нәрегей, шергелгей* сөздері говорда әлсіз, нәзік мағыналарының орнына қолданылады. Осы көрсетілген екі синонимдік қатарлардагы сөздердің қолдануы таңдауды, талғамды қажет етеді. Олардың қолданылуы сейлеуші адамның кемітпекші, мұқатпақшы болған адамын қай дәрежеде, қанышалықты мәлшерде жамандағысы келуіне байланысты. Мыс., «*Осы самсықтың үді қашан қоясың*» деген сейлемде сейлеуші адам, екінші адамды өте жиренішті, жеке көрінішті дәрежеде көрсету үшін, әдейі «*самсық*» сөзін қолданып отыр. «*Ол бір самас жан гой*» деген

сөйлемде, осы сөйлемнің иесі үшінші біреудің мінезіндегі, ісіндегі кемістікке алғашқы сөйлемдегіден салқын қарау нәтижесінде «самас» сөзін әдейі таңдалғанда нуда. Бұл келтірген мысалдар кейбір синонимдік қатарлардың мағыналарының тек жуық екендігін ғана үгүйндирады.

Істің бітуін, аяқталуын білдіретін говордағы құтару (бітіру), сауылу (біту, тарау) сөздерінің бірінің орнына бірі қолданылуының аясы сынды, сипатты білдіретін синоним қатарларынан да тапшы. Мысалы «Балам жетінші класты құта рұы» деген сөйлемдегі «құтарды» етістігін «сауылу» етістігімен ауыстыруға тіпті де мүмкін емес. Ауыстыра қойған күнде сөйлемнің түсінігі бұзылып, тыңдаушының ешиәрсө үқпай қалуы анық. Ал «Той сауылған наң кейін әм ішіпті» деген сөйлемдегі «сауылғаннан» етістігін «құтару» етістігімен алмастырганнан сөйлемдегі ой жүйесі бұзылмай, тыңдаушыға түсінікті қалпында қалады. «Той құта рұылған наң кейін әм ішіпті» деуге әбден болады. Бұдан көрінетіні, говордағы синонимдік қатардағы сөздердің біреулерінің қолдану өрісі кең де жанды-жақты, кез келген контексте орын ала алатындығы, ал кейбіреулерінің говорда пайдалану өрісі тар, белгілі бір контексте ғана орын барлығы.

Жергілікті халықтың тілінде күнделікті тұрмыста, өзара қарым-қатынаста синонимдердің қолданылуы бір тегіс емес. Олардың кейбіреулері жарыса, жиі ауызға алынып отырса, ал енді біреулері сирек айтылады. Қаста, кесел, сырқос (ауру, науқас) сөздерінің күнделікті қолдануда жиі де жарыса ұшырасатындары соңғы кесел және сырқос сөзі, қаста сөзінің қолданылуы басқаларға қараганда говорда сиректеу ұшырасады. Абстракт ұғымды білдіретін ығбал, талай (тағдыр, талан) сөздерінің соңғысы алдыңғыға қараганда жиі қолданылып, сөйлем ішіндегі түрлі контексте келе береді. Дәл осындай жағдай заңdas, мендес (үқсас, сәйкес), бойлай, мыдам (үнемі, ылғи), қайып, үғыры (реті, жөні) синонимдік қатарлардың өркайсысында кездеседі. Аталған сөздердің ішінде мендес, бойлай, үғыры сөздері өздеріне жақын мағыналас басқа сөздерден гөрі жиі қолданылып, ауызға тәз түсіп отырады. Синонимдік қатарлардың қаридар, мұтәж (мұқтаж, зәру); эми, сада (надан, қараңғы); қарым, тире, тақта, тәбие (ру,

ата) сияқтылары әр уақытта тен дәрежеде, жарыса пайдаланылады.

Әрбір синонимдік қатардағы сөздердің бірінің жиі, бірінің сирек қолданылуының мәнісі неде? Говорда үрыс, сауаш («согыс» мағынасында) деген сөздердің қай-қайсысы болса да қазақтың әдеби тілінің нормасы емес, бұл екі сөздің екеуі де түркмен тілінен ауысқан сөздер. Солай бола тұрса да бұлардың алғашқысы («үрыс» сөзі) соңғыға қараганда (сауаш) жергілікті қазақтардың тілінде жиі қолданылады. Оның басты себебі, түркмен тілінде ертеден қатар қолданылып келе жатқан, «сөвеш», «үрыс» сөздерінің соңғысы қазіргі таңдағы түркмен тілінің әдеби нормасына еніп, жиі қолданылатындығынан. Түркмендер жиі қолданып отырган «үрыс» сөзі қазақтар тіліне де енуі заңды. Осы әсер «кірме» сөздің жиі қолданылуын тудырады. Ал сонымен жақын мағыналас «сауаш» сөзі түркмендердің өзінде де сирек қолданылады. Соның салдарынан жергілікті қазақтар тілінде мұндай сөздер тек қарт кісілер тілінде немесе ескі батырлар жырында кездеседі. Мысалы:

Барап қарсы тұргансын,  
Сауаш-майдан құргансын,  
Алакөбік сол қалмақ,  
Көп оғына жол салды.

(«Барап батыр» жырынан).

Говорда ұшырасатын синоним сөздер тек бұлармен шектелмейді. Олар көлемі жағынан лексикалық ерекшеліктері категориялардың қайсысынан да басым жатыр. Солардың кейбіреулері санап қана өтеміз: сібірткі, сінсе (сыпырғыш); пенжіре, тырнақ (шамның пияла кигізетін жері); кенеп, мешок (қапшық); байпақ, ұйық (пима); тубінен, өзбастан (өуелден, о бастан); ауызды, тақуа-тақтақ (шешен); мырық, сәпек (жаман); қомпақ, ауыс, оданы (ерсі, оғаш); қатышық, қосанды, қосуыт (аралас, қоспасы бар зат); сыйбай, қоңсы, іргелес (көрші); әулие, қауым, қойымшилық (молалардың жиынны); аула, әйег (дуал); тоң шот, шоқыр (қайла); аяқкөпір, паяпіл, (адам өту үшін арыққа салынған көлденең тақтай); жылмала, майқалақ (үй сұлайтын қалак); алжасу, кермар (жанжалдасу, үрысу); кереге қантал (үйдің қабыргасы) және т. б.

Корыта келгенде, говордағы синонимдердің негізгі көзі — басқа туыстас тілдерден, атап айтсақ, бәрінен бұрын түркмен қала берді өзбек, қарақалпақ тілдерінен кірген сөздер.

## 2. Көп мәғыналы сөздер мен омонимдер

а) Говордағы көп мәғыналы сөздердің пайда болу жолдары әр түрлі екендігін мына мысалдардан көруге болады. *Сүқпа*: бірінші мәғынасы — столдың астындағы суырмалы жәшігі, екінші мәғынасы — қайықтың ортасына желкен тағу үшін кигізілетін ұзынша тақтай (киль). Тұлғасы жағынан айырмасы жоқ, мәғыналары ерекшеленіп тұрған бір ғана сөздің омонимге жатпай, көп мәғыналы сөздер қатарына жатуының мәні — оның әуелде бір тубірден шығуы. «*Сүқпа*» сөзінің түбірі «*сүғу*» етістігі де, оған қазақ тіліндегі етіс сөзден есім тудыратын -ла жұрнағының қосылуы нәтижесінде жаңа бір ұғым пайда болып, ол ұғым говорда атқаратын қызметі жағынан бірін ұқсас екі затқа ат болып тағылып отыр.

Говорда көзделсетін «*көрпеш*» сөзінің үш түрлі мәғынасы байқалады: 1) кенже туган қозы; 2) жоңышқаның ең соңғы орын алынғаны; 3) жаңа туган қозыны салу үшін арнағы қазылған шұқыр.

*Көрпеш* сөзінің алғашқы түбірі «*көрпе*» болғандығын ескі жазба ескерткіштерде көзделстірумен бірге, қазіргі түркі тілдерінің кейбіреулерінде сакталғандығын байқаймыз. М. Қашғарі сөздігінде

کورپا يېمشى  
(*körpä jämış*) — бір рет теріп алынғаннан кейін, екінші рет шыққан жеміс; жазды күні туган балаға, қозы, лак, бұзауларға да көрпә дейді<sup>1</sup>, — деп көрсетеді. Немесе

كۈرپەلەندى (көрпеленді) — орылғаннан кейін жаңадан шеп өсіп шықты<sup>2</sup>.

Түркмен тілінде «*көрпе*»: 1) кіші, 2) жас; жаңа орылған шеп мәғыналарын берсе (Туркмен.-рус. сл.,

<sup>1</sup> М. Коштарий. Девону луготит түрк. I том, Тошкент, 1961, 393-бет.

<sup>2</sup> Соңда, III том, 1963, 217-бет.

1940), қарақалпақ тілінде «*көрпе*» — жоңышқаның балаусасы (Карақал.-рус. сл., 1958).

Сейтіп бұл сөздің езі, негізінен, түркі тілдеріне ортақ болуымен бірге, алғашқы мағынасы — жас, жаңа шыққан шеп екен де, оның езі ерте кезден-ақ ауыспалы мағынаға көшіп, кенже туган балаға, жазда туган төлге қолданылғандығы көрінді. Говордағы «*көрпеш*» сөзінің екі мағынасы аныкталды, ал қалған үшінші мағынасы — жерден қазылған шұқыр, жас қозыны сактайдын орын болғандықтан, «*көрпеш*» атын оған да екеліп теліген.

«*Тәр*» сөзінің де екі мағынасы бірінен біріне ауысқан деуге болады. Бұл сөздің бірінші мағынасы — дәстүр, әдет-ғұрып болып келеді де, екіншісі — рет, мән, жөн мағынасына ие болады. Ең алғашқы мағынасы «дәстүр», «әдет-ғұрып» екендігі дау тудырмайды. Ойткені көне түркі жазбаларының ескерткіштерінде:

تۇرۇ نەمەسە تۇرۇ — заң, дәстүр, әдет-ғұрып<sup>3</sup>. تۇرۇ — дәстүр, әдет-ғұрып. ئى ڭالىرى تۇرۇ ڭالماش — ел қалса да, дәстүр қалмайды<sup>4</sup>. ئۇرۇ — дәстүр, заң (шагатай, татар тілінде)<sup>5</sup>.

Әлбетте, адамға бір нәрсенің жөнін, ретін тауып істей білу, елі қабылдаған дәстүр, заңға байланысты. Әдет-ғұрып, дәстүрдің шенберінен шықпай әрекет етуші адамды халық әр уақытта «бір нәрсенің жөнін, ретін біліп істейтін адам» деп мадақтайды, құрмет етеді. Осылайша «*тәр*» сөзінің көп мәғыналық мәнісі тууы ықтимал.

Говорда көзделсетін «*пашақ*» сөзінің екі мағынаға ие болуының жолы тіпті басқаша. *Пашақ*: 1) қауын-қарбыздың дәні; 2) жеп болғаннан кейінгі қауын-қарбыздың сыртқы қабығы. Шындал келгенде, бұл сөз бастапқы кезде бір ғана мағынаға ие болуы мүмкін. Қазіргі кездегі кейбір түркі тілдерінде говордағы «*пашақ*» сөзі «қабық» мағынасын береді: түркменше: *пачак* — қауын, қарбыз, аскабақ қабығы (Туркм.-рус.

<sup>3</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М.—Л., 1951, 433-бет; Памятники древнетюркской письменности в Монголии и Киргизии. М.—Л., 1959, стр. 104.

<sup>4</sup> М. Коштарий. Аталған сөздік. III том, 240-бет.

<sup>5</sup> Л. З. Будагов. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий, том I. СПб., 1869, стр. 390.

сл., 1940); өзбекше: *púchoq* — жемістің, жұмыртқаның т. б. қабығы (Узб.-рус. сл., 1959); қарақалпақша: *poşaқ* — қабық (Рус.-каракал. сл., 1947).

Бұл сөздің XV ғасырдағы мағынасы жоғарыдағы говордағы мағыналардың біріншісіне сәйкес келінкірейді.

**باشاق** *basaq* — егіннің басы, дәні (колос)<sup>6</sup>. Осы фактілерге қараганда «*pashaq*» сезінің алғашқы мағынасы «дән», «ұрық» екендігі немесе «қабық» екендігін айыру қыын. Мүмкін алғашқы кездердің өзінде де осындай екі мағынаға ие болуы. Ондай жағдайда омонимге жатқызу жөн болар еді. Қалай болған күнде де бұл жерде екі мағынаның қайсысы да бірінен бірі мағына жағынан онша алшақ кетпейтіндігі еске алынып, алғаш бір мағынадан өрбүи мүмкін деп жорамал жасадык.

Говорда көп мағыналы сөздер мол-ақ. Қалғандарынан бірнешеуін атап өтейік. Олар: *женсе* — 1) ерлердің шолақ жеңді көйлегі; 2) балықшылардың балық сойғанда, тиегенде жеңнің сыртынан киетін матадан тігілген арнаулы зат; *белагаш* — 1) үйдің төбесіне салатын жуан ағаш; 2) киіз үйдің киіз есігіне көлденең салынатын ағаш; 3) қайықтың түбіне ұзынынан салынған ағаш. Міне, осылар сияқты *сапалақ*, *сұлық*, *тырнақ* сөздерінің әрқайсысының екі-үштен мағыналарын кездестіреміз және өуелті кезде белгілі бір затқа берілген атау, кейін пайда болған заттардың алғашқы затпен атқаратын қызметінің, не құрылышының ұқсастығының нәтижесінде, алғашқы заттың атауымен пайдалана отырып, говордың лексикасында көп мағыналы сөздер категориясын тудырғандығы көрініп отыр.

ә) Говордағы омоним сөздердің бірі — ру, тайпа тілдерінің қалдығы, ізі болып келіп отыrsa, екіншілөрі — туыстас түркі тілдерінен немесе иран, араб тілдерінен ауысқандығы анықталады.

«*Багана*» сезінің екі мағынасы бар: 1. Түйе бақайларының құрттап ауруы; 2. Қаракүл қозының елтірісі. Бір сөзге таласып тұрған осы екі мағынаның не бір ұқсастығы, немесе шыққан тегі жағынан, не атқаратын қызметіне қарай деген сияқтылардан бір-біріне ешқандай жақындығы жоқтығы қазірдің өзінде байқа-

лып тұрса, ертеректе де болмағандығын мына мысалдардан көрүгө болады:

**باۋاناق** (*baqanak*) — айыр тұяқтылардың екі тұяғының арасы не екі тұяқтың бірі.

**باۋانук** (*baqanuk*) — мал тұяғының үстіндегі және астындағы ет беліктері<sup>7</sup>. Келтірілген фактіге сүйене отырып, говордағы түйе бақайның құрттап ауруы «*bagana*» атаулының негізі малдың тұяғы немесе тұяқтың етімен байланысты екендігі, кейін келе тұяққа түскен аурудың «*bagana*» болып аталғандығы анықталады. *Bagana* сезінің екінші мағынасының сырғы тіпті басқа. «*Bagana*» сезінің екінші мағынасы — қаракүл қозының терісі дегенді говор басқа тілден ауыстырып алған. Атап айтқанда, түркменше: *bagana* — қозының терісі, елтірісі (Туркм.-рус. сл., 1940). «*Bagana*» сезі фонетикалық өзгеріске ұшырап, «*bagana*» тұлғасында көрініп тұр. Түркменше «*bagana*» сезінің өзі өуелден тері мағынасына ие еместігін әшкерелейтін тағы бір факт бар.

**شاھىر** (турк тілінде) — қозы<sup>8</sup>. Мұның өзі «*bagana*» алғашқы мағынасы «қозы» болғандығы, ол бертін келе оның терісіне ауысқандығының айғагы. Сөйтіл, қазіргі говорда екі мағынаға ие болып тұрған «*bagana*» сезі өуелден бір-бірімен мағыналық, ұқсастық, жақындығы жоқтығымен қатар, екі мағынасының екеуі де түркі тілдеріне тән екендігі байқалды. Омоним сөздердің кейбір мағынасы говорға туыстас түркі тілдері арқылы басқа бір шығыс халықтарынан келіп кіргендігі көрінеді. *Шайыр*: 1) ақын; 2) шептің бір түрі. Осындағы бірінші мағынаға ие болып тұрған «*shayyr*» сезі не түркмен, не өзбек, не қарақалпақтың байырғы сезі болмаса да, бұл сөз арабтардан аттары аталған халықтардың тіліне өте ертеде кіріп, сол халықтардың байырғы тілінен бетер мықтап орын төуіп, бекініп алған. Мыс., түркменше: *шахыр* (Рус.-туркм. сл., 1956); өзбекше: *шоир* (Рус.-узб. сл., 1959); қарақал.: *шайыр* (Рус.-каракал. сл., 1947). «*Шайыр*» сезінің түркі тілдеріне өте ертеден орналасқандығын

<sup>6</sup> М. Коштарий. Аталған сөздік, III том, 192-бет.

<sup>7</sup> Л. З. Бұдагов. Аталған сөздік, I, 233-бет.

<sup>6</sup> А. К. Боровков. «Бада и ал-лугат». М., 1961, 133-бет.

көне түрік жазуларының ескерткішінен байқауга болады. Онда: *Sair* (арабша) — ақын<sup>9</sup> деп көрсетілген. XIX ғасырдың аяқ кезіндегі Л. Будаговтың сөздігінде: *шайр* — ақын, өлең жазушы<sup>10</sup>. Эңгіме болып отырған сөздің екінші мағынасы — шөптің бір түрі болса, оның бірінші мағынамен жанасатын реті жоқ. Сондықтан да, шын омоним. *Күде* сөзінің бірінші — қоржын аузының ілгегі — мағынасы говордың өзіне тән сөз болса, екінші — шемеле, үйінді мағынасы түрікшен тілінен кіріп, алғашқы мағынамен бірге омоним жасап тұр. Бұл жерде зерттеліп отырған говордағы омонимдердің бәрін қамту мүмкін болмайдықтан қалғандарының бір тобын атап өтумен қанагаттанбақшымыз. *Қоза*: 1) жаңғақ; 2) мақтаның гүлі түскеннен кейінгі өсіп шығатын түйіншек. *Алқа*: 1) құлыш; 2) топ, жиын. *Сабақ*: 1) сырға; 2) жіп. *Тақта*: 1) бірқатар, біраз мағынасын береді; 2) ру.

Говорда кездесіп отырған омонимдердің жасалуы жолдарында әртүрлілік бар. Олардың ішінде лексикалық тәсіл арқылы жасалудан гөрі морфологиялық және фонетикалық тәсілдер арқылы жасалғандары жи. Сабақ сөзінің алғашқы түбірі «*сан*», ал -*ақ* қосымша екендігі күмән келтірмейді.

Говордағы омонимдердің бірқатары фонетикалық тәсіл арқылы жасалған. Омоним жасаудың бұл тәсілі, өсіресе, басқа тілден ауысқан сөздердің фонетикалық өзгеріске тусуімен сипатталады. Мысалы, «акын» мағынасын беріп отырған «*шайр*» сөзінің дыбысталуы араб тілінде дәл говордағыдай еместігі анық. «*Шайр*» сөзінің араб тілінде дыбысталуының өзін былай қойғанда, туыстас түркі тілдерінің әрқайсысында әр түрлі дыбысталатынын жоғарыда көрсете кеттік. Мақтаның гүлі түскеннен кейін өсіп шығатын түйіншек әрі жаңғақ мағыналарына ие болып отырған «*қоза*» сөзінің де говорга кірмей тұрган кездегі дыбысталуалары әр түрлі. Бірінші мағынасында бұл сөз түркмен тілінде *гоза* (Түркм.-рус. сл., 1940). Түркмендерге бұл сөз ираннан не арабтан енген. Иран тілінде айтылуы *غوز* (*guzə*), ал арабша *جوْزَة*<sup>11</sup>. «Жаңғақ» ма-

<sup>9</sup> С. Е. М а л о в. Памятники древнетюркской письменности. М.—Л., 1951, стр. 424.

<sup>10</sup> Л. З. Будагов. Аталған сөздік, I, 660-бет.

<sup>11</sup> Сонда, 776-бет.

ғынасын беретін «*қозаның*» екінші тұлғасының дыбысталуы түркменше *хоз* (Рус.-туркм. сл., 1956), ал қарақалпақ тілінде *ғоз* (Рус.-каракал. сл., 1947). Сөйтіп, говордағы омонимдердің бір бөлегі басқа тілдерден кірген сөздердің говор иелерінің артикуляциялық ықпалына көніп, фонетикалық тәсіл арқылы жасалғандығын көрдік. «*Тақта*» сияқты сөздер лексикалық тәсіл арқылы жасалған омоним. «*Тақта*» сөзінің алғашқы шығу тегі бір болып, кейін дифференциацияланып, екі мағынаға ие болуы ықтимал. Қорыта айтқанда, говордағы омонимдердің жасалу тәсілдерінің ішінде фонетикалық тәсіл басым екен. Оның өзін басқа тілдердің тигізіп отырған әсерінен деп түсінген жөн.

### 3. Кейбір сөздердің этимологиясы

Говорда этимологиясы жөнінде сөз болғалы отырған сөздердің біразы түркі тілдерінде кездесетін фактлермен тікелей байланысты да, енді біреулері шығыс тілдерінің (әсіресе иран, араб) элементтерінің қосындысы арқылы бағыналады. Түркі тілдерінің өз мүмкіншілігімен пайда болған сөздердің қарастауда мына жағдайлар ескерілді. Сарапқа салынғалы отырған сөздердің кейбір элементтерінің жұрнақ и шылау болу үшін ол форма көнтеген сөздерге қосылып айтылуы қажет; мағыналық ерекшелігімен қатар, туыс тілдер фактісі салыстырылуы тиіс; көне түркі тілінде қолданылу (фонетика-морфологиялық) заңдылығы, мағынасы салыстырылсын<sup>12</sup>. Ал шығыс тілдерінен еніл, говорда белгілі бір заттың атауы болып қолданылатын сөздердің элементтерін сол тілдің сөздіктерімен салыстыра отырып, ол сөздіктегі сөздің мағынасына да аса зер сала отыру қажет.

Алақышын — қазан не плита орнатылатын пештің аузына шоқ жаю үшін кірпіштен қалап жасаған орын. Оның үстіне шәйнек, аққұман қойылады (говордағы мағынасы). Дәл осы тұлғада, бірақ мағынасында аз-кем айырмашылығымен бұл сөздің қазақтармен аралас отырған қарақалпақ тілінде кездестіреміз. Қарақалпақша: *алақышын* — киіз үй ішіндегі ошақты үш жағынан қоршап тұратын тақтай (төсекті оттан сақтау

<sup>12</sup> И. Кеңесбаев, Ф. Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1962, 18-бет.

мақсатымен) (Каракалп.-русс. сл., 1959). Бұл сөзді екі элементтен қосылып жасалған: деп қарап, алғашқы «алақ» сөзінің төркінің баяндауға тырысалық. Түркі тілдерінің басқаларын былай қойғанда да, қазақ тілінде де, осы бірінші элементтің тұлғасына сәйкес сөздер кездеспейді емес. Мыс., *алақ-жұлақ*, *алақтау* т. б. Бірақ ондай сөздермен біз көңіл аударып отырган «алақ» сөзінің мағынасы бір-біріне үйлеспейді. Біз оны фонетикалық өзгеріске үшыраған тұлға деп қарап, оны төмөндегіше дәлелдемекпіз. Сөз аяғында қазіргі кездегі «у» дыбысы ескі түркі тілінің жазба ескерткіштерінде түбірдің жуан не жіңішке айтылуымен байланысты «қ» не «к» дыбыстарымен келіп отыратындығы белгілі. «Сұрау» сөзінің «soru» болып, «қону» (тұнеу) сөзінің «qonuq»<sup>13</sup> болып тұлғалануы осының айғары. Осындай құбылыстардың мол түрде кездесетіндігін XV ғасырдың «Бада- и ал-лугаты» да анықтай түседі. «Егеу» сөзі — ایکاڭ (edäk); жамау — ياماق (jamaq); елу — ایلیک (ellik); белбеу — بیلباق (belbaq) тұлғаларында кездеседі. Тіпті «у» дыбысының сөздің ортасында да «қ» дыбысымен алмасуы үшырап отырады. Мыс., «жауын» сөзі сөздікте ياقین (jaqyn) болып тұлғаланады<sup>14</sup>.

Қазіргі қазақ тілінде кездесетін «сұрау — сұрак», «санау — санақ» т. б. сөздер және говорларда кездесіп қалып отыратып «ернеу — ернек», «елеуіш» сөзінде кездесетін «елеудің» «елек» формасына ауысадың өзі ертеден келе жатқан заңды құбылыс. Келтірген заңдылықтарды тірек ете отырып, «алақ» сөзі кейінгі кездегі «аланга», «алав», «алау» сөздерінің алғашқы варианты болуы мүмкін деп жорамалдауға болады. Мысалы: езбекше: *аланга*, олов (Рус.-узб. сл., М., 1959); түркменше: *алав* (Туркм.-рус. сл., Ашх., 1940) «от» мағыналарында, қарақалпақша: *алау* — жалын (Қарақалп.-рус. сл., М., 1958) мағынасында кездеседі. Сөйтіп, «алақшын» сөзінің бірінші элементі «алақ» сөзі ертеден сақталған «от» мағынасындағы сөз болуы мүмкін. Ендігі мәселе осы сөздің екінші элементі «шын» тура-

<sup>13</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М.—Л., 1951, 414, 422-беттер.

<sup>14</sup> А. К. Боровков. «Бада- и ал-лугат». М., 1961, 128, 145, 259-беттер.

лы. «Алақшын» сөзінің жасалуына үқсас «құлақшын», «шылапшын» т. б. сияқты сөздерді жиі кездестіреміз. Құрсақтіліп отырган соңғы екі сөздің өздерінде де екі элемент байқалады: «құлақ + шын; «шылап+шын». Сөз болып отырган екі сөздің алғашқы элементтерінің ішіндегі бірінші сөздегі «құлақ» сөзі түсінкті де, ал екінші сөздегі «шылап» сөзінің мағынасы белгісіз. Алғашқы сөздің мағынасынан келіп бас киімнің құлақ үшін арналып жасалғандығын теріске шығара алмасқа тиіспіз. Ал екінші сөзде, әзірге бізге түсініксіз болып отырган сөз «шылап» сөзі. Л. Будаговтың көрсетуінше چاۋ داشатай тілінде — су және кір, лай сөздерінің мағынасын ұғындырады<sup>15</sup>. Бұдан біз «лай су», «кір су» деген мағынаны аңғарамыз. Мүмкін біздің қазіргі қолданып жүрген ыдысымыз «шылапшын» — «шылад үшін» яғни «кір су үшін» болуы ықтимал. Осыған қарап «алақшын» сөзіндегі екінші элемент «үшін» демеуі болар деп ойлаймыз. «Үшін» демеуінің қысқарып келетін заңдылықтарының барлығын кейбір көрнекті түркологтардың еңбектерінен кездестіруге болады. И. К. Дмитриев құмық тілінде «үшін» демеуінің жіктеу есімдігінде ілік септігін, ал басқа есімдерде атау септігін менгеретіндігін айта келіп: «...Иногда послелог соединяется с именем, за которым он следует, в частности с местоимениями: *ten(i) cип* (вместо *teni үсіп*) «для меня»; (*kim(i)cыйп* (вместо *kimni үсіп*) «для кого»...) <sup>16</sup> дейді. Осы келтірілген үзіндіде «үшін» сөзіндегі алғашқы «у» дыбысының түсіп қалуга бейімділігі аңғарылады. «Үшін» демеуінің қысқарған қалының кейбір сөздіктерден де үшіратамыз. Мыс.: نیچون (nichun) — не үшін, неге<sup>17</sup> немесе نیچون (nichunъ) (туркіш) — неге, не үшін<sup>18</sup>. Тілдегі заңдылықтар және онан туатын фактілерге сүйене отырып, «алақшын» сөзінің алғашқы кезде екі сөздің тіркесінен — 1) «алақ» — зат есім; 2) «үшін» — демеуінен — «алақ үшін» сөздерінен келе-келе тіркесу-

<sup>15</sup> Л. З. Будагов. Аталған сөздік. I, 462-бет.

<sup>16</sup> И. К. Дмитриев. Страны тюркских языков. М., 1962, стр. 341.

<sup>17</sup> А. К. Боровков. «Бада- и ал-лугат». М., 1961, 246-бет.

<sup>18</sup> Л. З. Будагов. Аталған сөздік, II, 281-бет.

дің нәтижесінде «үшін» сөзі алғашқы дыбысын жоғалта отырып «шін», одан ері «алақ» сезінің жуан дыбысталуының нәтижесінде «шын»-ға дейін өзгеріп, бір сөз құрап, ол сөз белгілі бір заттың атауына айналып, говордағы «алақын» сезін тудырган болар деп болжам жасадык.

Әтішкір — шоқ, көмір т. б. қол күйетін заттарды ұстауга арналған құрал. Әдеби тілдегі «шымнұры» мәғынасын береді. Бұл сез говордағы мәғынасында Қазақстан территориясында Маңқыстау говорында, «әтешкір» тұлғасында Қарақалпақ АССР-ындағы қазақтар тілінде кездеседі. «Әтішкір» сезіне байланысты: «оттемір не отқысқашты кейде қайда қойғанын білмей ұмытын қалған кісі ашуы келгенде «Әлгі аты өшкір қайда қалды!» — дейді екен. «Осыдан барып оны әтешкір деп атап кетсе керек»<sup>19</sup>, — деген сияқты халықтық этимологиялар да бар. Бұл тәрізді жорамал, тұспалдар осы говорды зерттеушінің құлағына да шалынған. Алайда, осы сезіндің басқа түркі тілдерінде де ұшырауы жоғарыда көрсетілген жорамалға сене берудің өзінен сақтандыратындей. Түрікменше — *әтишгир* (Рус.-туркм. сл., 1956); өзбекше — *оташкурак* (Рус., узб. сл., 1959); қарақалпақта — *әтешкир* түрлерінде кездеседі. Осы тілдерде кездесетін, әртүрлі дыбысталатын «әтішкір» сезі басқа ой тудырып, өзгеше жорамалға жол нұсқағандай. Келтірілген сезіндің этимологиясын ашуға жақын жетектеп аппаратын сез өзбек тіліндегі «*оташ* — *курак*» тұлғасы. «Әтішкір» сезінің екі сезден құралған-дығына өзбек тілінің фактісі айғақ. Өзбекше «*оташ*» — «от» сезінің (Узб.-рус. сл., 1959), ал «*курак*» — күрек мәғынасын бере отырып, екеуі қосыла келіп «*оташкурак*» болып тұлғаланады да, «қысқаш» мәғынасына ие болады. Әлі де бұл айтқандардан «әтішкір» сезінің то-лық тәркіні танылмайды. Өзбек тіліндегі «*оташ*» сезі, сол тілдің байырғы сезі емес, кірме сез. Бұл сез өзбектердің «от» мәғынасын беретін *аланга*, олов сияқты байырғы сездерінің синонимдік қатарын байытып қана тұр. Мұнымен бірге өзбек тіліндегі «*оташкурак*» сезінің екінші элементі «*курак*» сезінің басқа түркі тіл-

<sup>19</sup> Э. Құрышжанов. Қарақалпақ АССР-ында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір ерекшеліктер. Жинақ: «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 5-шығуы. Алматы, 1963, 173-бет.

дерінде бірден «қысқаш» мәғынасына аудыса қоюы да дәлелді болмас еді. Жоғарыда көрсетілген тілдердің бәріне ортақ болып отырган «Әтішкір» сезінің бірінші элементі «әтіш» не «әтеш» десек, мұның өзі иран тілінен аудықандығы көрінеді. Оғонь — آتش *ataes* (Р. А. Галунов. Рус.-персид. сл. II, М., 1937, стр. 100). Сейтіп, «әтішкір» сезінің бірінші элементі «от» мәғынасын беретіндігін анықтадық. Осы сезілдіктің ішінде «қантқа арналған қысқаш» дегенді білдіретін (щипцы для сахара) сез былай тұлғаланған: گير لىق قەند — *gir* (Бұл да сонда, 570). Көрсетілген тіркестегі *gir* сезі — گير (гире) болып тұлғаланып, бірінші мәғынасында — пинцет, зажим (қысқаш), екінші мәғынасында — тістеуік (клещи) болып келеді. Баяндалып отырган мәғыналардың қай-қайсысы болса да бір-бірінен аулақ емес. «Әтішкірдің» екінші элементі «кір» фонетикалық өзгеріске душар болған иран сезі екендігін көрдік. Нәтижесінде, «әтішкір», «отқысқаш» деген мәғынасын басқа тілден өзгерген бейнесі болып отыр.

Байтаба — жүннен тоқылғап шүлғау. Мұның өзі тек осы говорга тана тән сез емес. Қазақстан территориясындағы Батыс Қазақстан мен Гурьев облыстары маңындағы қазақтардың жергілікті тіл ерекшеліктері мен Маңқыстау говорында да жиі кездесіп отырады. Адамов. Бәрте аудандары қазақтарының тілінде «*майтаба*» тұлғасында айтылса, көрсетілген басқа аудандарда «*байтаба*» болып дыбысталады. «Шүлғау» мәғынасында бұл сездер өзбек тілінде — *пайтава* (Рус.-узб. сл., 1954); қарақалпақ тілінде — *пайтаба* (Рус.-кар. сл., 1947); тәжікше — *пойтоба* (Рус.-тадж. сл., М., 1949) болып тұлғаланады. «*Байтаба*» сезінің парсы тілінен аудықандығы жөнінде көрсетушілер бар<sup>20</sup>. Онда говордағы сезіндің бірінші элементі «*бай*» парсының «*пай*» — аяқ сезінен аудықандығы аңгартылған. Алайда, парсы тілінде «*байтаба*» сезі дәл «шүлғау» мәғынасында қолданбай, одан аз да болса өзгеше мәғина беретіндігін көруге болады. پایتابا (пай-таба) — башмақтың бір түрі (род башмаков) деп

<sup>20</sup> Ж. Досқараев. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері, II белгім. Алматы, 1955, 23-бет.

көрсетілген (Персид.-рус. сл., М., 1960, стр. 88). Л. Будагов та өзінің сөздігінде «байтаба» сөзінің сол кездегі қазақтар қолданған мағынасымен пайдаланып «шұға шұлғау» деп түсіндіреді. (Л. Будагов. Сравн. сл. тур.-татарских наречий. СПб., том I, стр. 240). Негізінен алғы қарағанда, «байтаба» сөзінің құрамындағы бірінші сөз ұ (па) немесе پا (пай) — «аяқ» сөзі де (Персид.-рус. сл., 1960), ал екіншісі تاب (таб) — құндақтау, орау мағынасын (Персид.-рус. сл., 1960) беретіндігі байқалады. Міне осыдан келіп «аяқты орау» немесе, бір сөзben айтқанда, «шұлғау» мағынасын беретін «байтаба» сөзі пайда болған.

**Бестақа** — ерлер киетін етіктің бір түрі. Аяқ киімнің бұл атауы Қазақстанда Маңқыстау тұрғындарының тілінде айтылады. Сырт қараганның өзінде де бұл сөздің екі сөзден біріккендігін байқауға әбден болады. Олардың бірі — «бес», екіншісі — «тақа». Бұл екі сөздің екеуі де қазақ тілінде бар сөздер. Сол сөздердің мағынасынан тудырыш, «бестақалы» етік деудің өзі өрекшел. Белгілі бір тілдегі сөздердің мағынасы, қашама туыс тіл болса да, екінші бір тілдегі сөздермен мағына жағынан бір бола беру міндетті еместігі күдіксіз нәрсе. Міне сондықтан да «бестақа» сөзінің де мағынасын сол жердегі қазақтардың қарым-қатынас жасап отырган ортасынан іздеу әбден орынды да занды. Сөздің бірінші бөлегі қазақтың әдеби тіліндегі сан мәлшерін білдіретін «бес» емес, ол әрбір тілдің артикуляциясына байланысты фонетикалық өзгеріске түскен басқа сөз.

Түрікмен тілінде «пес» сөзі — аласа мағынасын беретіндігін мына тіркестен байқауға болады: *пес хаят* — аласа дуал немесе *пес кресло* — аласа кресло (Рус.-туркм. сл., 1956) мағыналарын мезгейді. Қарақалпақ тілінде *пәс жай* — аласа үй немесе *пәс тәбе* — аласа тебе деген түсініктерді білдіреді (Қаракалп.-рус. сл., 1958). Бұлардан аңғарылатын жайт — говордағы «бестақа» сөзінің алғашқы элементі «аласа» деген ұғымды ұғындыратындығы. Енді сөздің екінші элементі «тақа» болса, ол қарақалпақ тілінде «өкше» мағынасына ие (Қаракалп.-рус. сл., 1958). Екі элементтің басын қосып, қазақша айтатын болсақ, «бестақа» сөзі — «аласа өкше» мағынасын беретіндігіне көз жеткізуге болады.

Сонымен бірге сөздің бірінші элементі «пәс» парсы сөзі екендігін ескертеп кетпеккіз<sup>21</sup>.

**Кебеже** — ерте кездерде түйе үстіне орнатылатын әйел, балалар отыратын ағаштан жасалатын жәшік бейнелес зат. Бұл сөздің қазақтың әдеби тіліндегі мағынасы ағаштан сырлап істелген, ішіне түрлі заттар салатын ыдыс. Говордағы мағынасы түркмен тіліндегі мағынасымен сәйкес келеді. Тек айырмасы түркменше «кежебе» болып тұлғаланып, мағынасы — келін алғанда, келінді түйеге мінгізіл алғы қайту үшін, төрт қабырғалы етіп, ағаштан жасалған нәрсе деп түсіндірілген (Түркмен диалиниң сөзлуги, Ашгабат, 1962, 372-бет). Түркмен тілі мен говордағы бұл сөздің тұлғасында кездесетін айырмашылық — метатезалық құбылыстың нәтижесі. Қөптеген фактілердің анықтауына қарағанда, «кебеже» сөзінің алғашқы мағынасы говордағы мағынасымен текстес, туыстас екендігі байқалады. Осы бір сөздің өзі Л. Будаговтың сөздігінде үш рет еске алынып, үш түрлі тұлғаланып келеді:

1. *Кебедже, кибеже* (қазақша) — түйе үстіндегі бала мінгезетін жәшік, тамақ салатын жәшік (Л. Будагов..., II, стр. 112).

2. *Кеджавэ* (парсыша) — түйе ерінің үстіне жасалған носилка не жәшік тәріздес арты және үсті ашық, көбіне әйелдер отыратын орын (Л. Будагов..., II, 115).

3. *Хәвдәджъ* (арабша) — түйе үстіндегі әйелдер отыратын кішкене құрке (Л. Будагов..., II, 316). Міне, тұлғаларының өзгешелігі бола тұра, олардың мағынасында кездесетін айырмашылықтың өзі болмашығана. Алғашқы кездерде адам мінуге, әсіресе әйелдерге арналып жасалатын орын екендігін мына бір үзіндіден де аңғарамыз. «Отнятую невесту, джигиты выносят на площадь, где сажают ее в «кежебе» (ящик)... и затем ящик с невестою выносят на приготовленного и убранного верблюда...»<sup>22</sup>. Сейтіп, жогарыдағы келтірілген мәліметтер «кебеже» сөзінің алғашқы кездерде не үшін арналып жасалғандығын анықтай түседі. Бұл мәселеңің бір жағыға ғана, екіншісі — сөздің шығу төркінінде.

<sup>21</sup> Н. А. Басқаков. Каракалпакский язык, ч. I. М., 1951, стр. 374.

<sup>22</sup> И. Ибрагимов. Некоторые заметки о хивинских туркменах и киргизов. «Военный сборник». т. 98, 1874, № 9, стр. 146.

Көшпелі халықтарда бұл сиякты заттың алғашқы, жаңа шығу кезеңдерінде бірден ағаштан дайындалып, ағаш шеберлерінің қолынан шыға қоюы мүмкін емес. Кебеженің ағаштан жасалуы кейін пайда бола бастауы мүмкін. Өйткені көшпелі елде көбіне кеп қажетіне пайдаланатындары малдан өндірілетін өнімдер. Сондықтан да кебеженің алғашқы жасалған материалы киіз болуы заңды. Мұндай жорамалды қазақ халқының көшпелі кезіндегі жағдайында кездескен — түйе үстіне киізден орай орнатылатын «қоршау» деп аталатын, әсіресе балалар отыратын арнаулы орындар да айғақ болып, анықтай түседі.

Көрсетіліп отырган сөздің метатезалық құбылыссыз кездесетін, басқа түркі тілінде ұшырасатын түрі — «кежебе» тұлғасын алғып, ажырата қарасақ екі сөздің элементі байқалады. Оның біріншісі — «кеже», екіншісі — «ебе». Бұл екі сөздің екеуін де түркі тілдерінде жиі ұшыратамыз. Түрк тілінде: *кесе* — киіз (Русско-турец. сл., М., 1946). Азербайжанша: *кечə* — киіз (Кр. русско-персид.-азер. сл., 1944). Туркмендердің айтуында: *кече* — киіз (Рус.-туркм. сл., 1956). Әр тілден көлтірілген «киіз» сезінің мағынасын беретін *кесе*, *кечə*, *кече* сездерінің дыбыстық өзгерістен туған түрі «кеже» болуы мүмкін. Яғни *кеже* «киіз» сезінің мағынасын берсе, әңгіме болып отырган «кежебе» сезінің екінші сынарындағы «еб» түркі тілдеріне кіретін халықтардың көбінде (огыздарда) «үй» мағынасын көрсетеді. Мыс., түрікше — *ev*, азербайжанша — әе болып келумен қатар, кене түркі жазбаларының ескерткіштерінде: «әв- — үй, үй шаруасы. Ақырында, говорда кездесетін «кебеже» сезі «кежебе» сезінің айтылудағы бір түрі деп есептеп, соңғы сезден «киіз үй» мағынасы туып тұрганын айтпасқа болмайды. Сөз сонындағы «е» дыбысы «шөмелей», «кірей», «көктеме» (көктем) сиякты сездерде кездесетін артық, «жолбике» дыбыстардың бірі болуы ықтимал.

**Көпек** — жүні ұзындау, төбет ит. Қазақстанның территориясында Маңқыстау говорында, Қарақалпақ АССР-ындағы қазақтар тілінде кездеседі. «Көпек» сезі дел осы тұлғада түркмен тілінде кездесіп, «ит, төбет» мағынасына ие де (Туркм.-рус. сл., 1940), ал өзбекше: *куппак* — есік күзететін, тұқымы нашар ит (Узб.-рус. сл., 1959), қарақалпақша: *көпек* — иттің кішірек түрі

(Карак.-рус. сл., 1958). Көрсетілген тілдердің қайсысында болса да «көпек» сезінің алғашқы мағынасының ізі байқалмайды. Қазақстанның батысындағы тұрғындардың тіл ерекшелігін көрсеткен матриалдардың бірінде *көпек күшік* — еркек күшік мағынасын береді<sup>23</sup>. «Көпек» сезі Л. Будаговтың сөздігінде *کوپك* (*köpek*) тұлғасында кездеседі де, мағынасы «ұлкен ит» деп түсіндірілген<sup>24</sup>. Шын мәнінде «көпек» сезінің түркі тілдеріндегі алғашқы мағынасы «еркек» екендігін әрі бұл сезідің тек итке ғана тән еместігін М. Қашгарий сөздігінен білеміз:

كۈچ كۈچ مۇشى (куевук — муш) —  
еркек мысық<sup>25</sup>. Осыған қараганда «көпек» сезі ертеректе асыранды үй хайуандарының ішінде мысық, ит сияқтылардың еркектеріне қолданылғандығы көрінеді. Заман еткен сайын ол сезідің «ит» сезімен тіркесуі қалыптасқан да, кейде соңғы сезідің түсіп қалатындығынан тек «көпек» болып даралануы да ғажап емес.

**Лепмай** — керосин. Қазақтармен аралас отырган түркмен, өзбек, қарақалпақ тілдерінде «керосин» сезі әр түрлі дыбысталады. Түркменше — «небит» (Рус.-туркм. сл., 1956), өзбекше — «лампа мой» (Рус.-узб. сл., 1959), қарақалпақ тілінде — «лампа май» болып келеді (Рус.-қарақалп. сл., 1947). Қазақстанда Маңқыстау қазақтарының тілінде говордағы тұлғада кездеседі<sup>26</sup>.

Бұл атаудың өзі екі сезден құралғандығы сырттай көрініп тұр. Мәселе — бірінші «леп» сезінің қайдан шыққандығы. Қазақтың әдеби тіліндегі «леп» сезінен алынған деуге, мағына жағынан ешбір сәйкестігі жоқ. Сондықтан оның шығу тегін басқа таралтан іздеуге мәжбүр болмақшымыз.

«Лепмай» сезінің шығуы түркмендердегі «небит» сезінен болуы. Көрсетілген тілде «небит чырасы» (керосин лампасы) деген тіркес кездеседі. Осыған қарап қазақтар «небит майы» деп айтуы ықтимал. Бұл тіркес кысқара келе «небмай» болуы мүмкін. Өйткені жергі-

<sup>23</sup> С. Аманжолов. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959, стр. 334.

<sup>24</sup> Л. З. Будагов. Атапан сезідік. II, 142-бет.

<sup>25</sup> М. Коштарий. Атапан еңбек, III, 179-бет.

<sup>26</sup> Ж. Доссараев. Қазак тілінің жергілікті ерекшеліктері. II белім, Алматы, 1955, 77-бет.

лікті қазақтар Түрікменстандағы Небитдагты үнемі «Нептау» түрінде ататындығы байқалады. «Н» дыбысының «л» дыбысына ауысуы говорга тән кездесетін жағдай. Мыс., әдеби тілдегі «жамандату» сезінің «жамалдату» болып айтылуы немесе түрікмендерде Непес (Нефес) деген адамның атын сол жердің қазақтары Лепес тұлғасында қолданатындығы және қазақтар өздеріне «Непес» деген ат қойғысы келсе «Лепес» түрінде қояды. Міне осындай жағдайларды ескере отырып, «небмай» кейін «ләпмай» болып өзгеруі мүмкін деген болжам айтуға тура келді. Ал өзбек тіліндегі «лампа мойи» немесе қарақалпақша «лампа май» сөздерінен өзгерді деп қараудан гөрі, алғашқы болжамды қолайлы ма деп таптық.

Па я пы л — адам ету үшін арықтың үстіне көлденең салынған тактай не жуан ағаш. Түрікмен тілінде де, қарақалпақ тілінде де дәл осы тұлғада және көрсетілген магынада қолданылады (Туркм.-рус. сл., 1940; каракалп.-рус. сл., 1958). Говорға тура осы тілдерден кіріп отырған «паяпыл» сезі негізінде сол тілдердің өз сөздерінің құрамынан туған сөз емес, иран тіліндегі сөздердің құрамынан пайда болған да, түрікмен, қарақалпақ тілдерінде және говорда бір заттың атына ие болып тұр.

پا (pa) и پای (pай) — аяқ (Персид.-рус. сл., 1960) және پل — көпір (сол сөздікте) осы екі сөзді қосқанда «аяққөпір» деген магына туады. Айта кететін нәрсе, говорда «паяпыл» сезімен қатар «аяққөпір» сезі де қолданылады. Дегенмен соңғы сезі алғашқы «паяпыл» сезіне қарағанда сирек ауызға алынады. Мұны, әрине, аралас отырған халықтардың әсері деп түсінген дұрыс.

Көрсетілген сөздердің нақтылы шығу төркіні осылай болады деп тұжырым жасаудан аулақтыз. Бұл зерттеліп отырған өнірде кездесетін *парақалам, рауан жол, салланшақ, тонаулы, деңмент, еспе құдық* т. б. сөздердің шығу төркіні туралы әңгімені қысқартуға тура келді.

#### 4. Говордагы ерекшеліктердің семантикалық жағы

Ендігі мәселе — говорда кездесетін кейбір сөздердің дыбыстық құрамындағы үқастық, сәйкестікі қазақтың әдеби тіліндегі сөздердің дыбыстық құрамының

үқастығымен салыстыра қарап, сез тұдышратын тұтастықтың екінші жағы — магына сәйкестігі не алшактығын қарап ету. Говорда дыбыстық құрамы жағынан әдеби тілде кездесетін сөздермен сәйкес келетін тырнақ, сабақ, кенеп, көзілдірік, құм, кемер, туйме, кебеже, айна, құмыра, желім, бұғалық, аң, жауап, із, шар, тус, нобай, апару, жату, таза, халық, ұру, барлау, жүктеу т. б. көптеген сөздер бар. Аталған сөздердің қайқайсысы болса да, әдеби тілде дәл сондай тұлғада үшінрайды. Демек, сырт көрінісінде дыбыстық қабығы жағынан алып қарағанда, ешқандай да өзгешелігі жоқтығы байқалып-ақ тұр. Алайда, осындай тұлғалардың магыналық жағы әдеби тілмен сәйкес келмей жатады. Говордагы осындай тұлғадағы сөздерді бөліп қараудың мәнісі де осында жатыр. Мәселенің мына бір жағының да басын аша айтқымыз келеді. Жоғарыда көрсетілген сөздер және тағы басқа сол тұлғалас сөздердің берінің де магынасы әдеби тілдегі магынасынан алшақ жатыр деп үзілді-кесілді айту тәменде келтірілетін фактілердің көбіне қайшылық болар еді. Өйткені әдеби тілдегі сөздермен тұлғалас говордагы кейбір сөздер әдеби тілдегі магынасында дәл осы говорда қолданылмай, басқа магынага ие болып тұрса, енді біреулері әдеби тілдегі магынасын да жатсынбай қабылдайды. Осы, соңғы ескертілген жағдай, әдеби тілдегі сөздермен тұлғалас болып келетін говордагы сөздерді екі салаға бөліп қарауды қалайды.

Біріншісі, әдеби тілдегі магынага да, говордың өзіне тән магынага да ие болатын дыбыстық құрылышы бірдей, үқас сөздер тобы болса; екіншісі, әдеби тілде кездесетін сөздермен тұлғалас бола тұрса да, магынасы жағынан оған (әдеби тілге) жуыспайтын тек говорға тән магыналармен қанағаттанатын сөздер тобы.

а) Алғашқы салаға кіретін говорда тырнақ, кенеп, құм, сабақ, сәүір, сірке, қараышқ, әулие, бел, айна, желім, жырық, бұғалық, шап, күп, шалғы, топырақ, жауап, қоздау, кешіру, ұру, халық, таза, барлау т. б. сияқты сөздер бар. Әрбір сөздің алдымен әдеби тілдегі магынасымен қатар мысалдарын келтіріп, соңынан говордагы магынасы мен мысалдарын көрсетсек, мына тәмендегідей болар еді.

Әдеби тілде: құм — тастың майда белшектері. Боз бүйра құмның арасында қоңыржай иректер байқалады. (Әуезов)<sup>27</sup>.

Говорда: 1. құм — құмыраның үлкен түрі. Қоңсызыз құмның қиаратып қойыпты. 2. құм — әдеби тілдегі мағынасындай. Бізің жақта құмды көбіне шағыл деп қояды.

Әдеби тілде: сабак — 1. Бір пәнді оқытуға арналған оқу сағаты. 2. Өсімдіктің тамырынан ұзына бойына дейін созылған бұтақтар есетін негізгі бөлігі.

Говорда: сабак — 1. Іс тігетін жіп. Ине мен сабак ажеле гой, тігіп берейін. 2. Сырга. Бізің елде сабактың үшінше қылышын көресіңіз.

Сабак сөзінің басқа мағыналары әдеби тілдегі мағынамен бірдей.

Әдеби тілде: бел — көп мағыналарының ішіндегі тұра мағынасы дененің кеуде мен бөксе арасындағы жіңішке бөлігі. Белгілі тұган ер едім, Белім есадақ асынған (Махамбет).

Говорда: 1. Бел — күрек. Бы йерлер құмсақ, бел мен де қаза береді. 2. бел — әдеби тілдегі мағынасында қолданылады. Белде сін куресе кеткенде Темір де оның аягына шот салды.

Әдеби тілде: айна — адамның жүзін көрсететін жалтырауық шыны. Ветің қисық болса, айнага өкпелеме (мақал). Говорда: айна — 1. Әйнек, шыны мағынасын береді. Осы терезені айналатып алмалы еді. 2. Терезе мағынасында да кездеседі. Қараңғыламай, айнаның алдынан кетің!

Әдеби тілде: бұғалық — асау я қашаған мойнына лақтыра тастап, ұстайтын шалма, ілмекті аридан. Текілел узер тентек көп, Бұғалықты торлаған (Куанышбаев).

Говорда: 1. Бұғалық — қайықтың не кеменің желкен тағатын діңгек ағашы (мачта). Сендер не дейтіндеріңді өздерің білесініздер, бізіңше был ағашты бұғалық дейді. «Бұғалық» сөзінің басқа қолданулары әдеби тілдегі мағынасындай болып келеді. Бұл саладағы әрбір сөздің әдеби тілдегі мағынасы белгілі болғандықтан тек говордағы мағыналарын атап өтсек те жеткілікті сияқты.

<sup>27</sup> Әдеби тілдегі мағына мен оған қоса берілген мысалдар «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен» алынған деп танылсын (I том, 1959; II том, 1961, Алматы).

Шап — қайықтың ескегі.

Күп — су сақтайтын үлкен ыдыс. Күпте сақталатын суды Bakuden алдырамыз. Әдеби тілде бұл сөз көп қолданыла бермейді. Тек «куп болып ісу» сияқты тіркесте ұшырайды.

Шалғы — мұрттың үші.

Топырақ — тұкті кілемнің шетіндегі жалпақтығы 4-5 см. тақыр жері.

Халық — жазының ішіне салынатын жұмсақ зат. Әдеби тілдегі сөздермен ұқсас говордағы сөздердің өзіне тән мағыналары осы жоғарыда көрсетілген сарында болып келеді.

ә) Говордағы кемер (белбеудің түрі), түйме (әшекей түрі), қобыз (сыркай), набайы (көбі), ақұн (молда), әжептәүір (нашар), ыстық (ыс), там (қысқы үй), ілгек (түйме) және т. б. сияқты сөздердің тұрғын халықтар әдеби тілдегі мағынасында қолданбайды да, тек сол сөздердің говордаға тән мағынасымен ғана қарым-қатынас құралы етіп жұмсайды.

Тілдегі сөз мағыналарының пайда болуы семасиологияның белгілі заңдары бойынша жасалатыны сияқты говордағы сөз мағыналарының көпшілігі де сол заңдардан сыртқары шықпайды. Говордағы сөздердің бірқатарының мағыналары атқаратын қызметтіне (функциональды семантика) байланысты заңға сәйкес туып отырса, басқаларының мағынасы үқсату заңымен ұштаса, енді біреулері заттың шыққан тегіне байланысты заңдармен өрбіп отырады. Шыққан тегіне байланысты мағынага ие болған говордағы сөздің бірі — «құм». Тұрғы тегі жағынан говордың байыры сәзі емес, түркмен тілінен кірген сөз. Осыған қарамастан сөздің мағынасы оның жасалып шыққан тегіне байланысты болуы мумкін деп жорамалдадық. Ойткени, ертеректе құмыраның қай-қайсысы болса да құмнан жасалған тарихи даусыз мәселе. Ал түркмен тілінде де «құм» сәзі «гүм» не «чәгे» тұлғасында кездеседі (Рус.-туркм. сл., 1956). Өзінің жасалып шығатын затына берілген атау, осы ыдысқа ауысқан болса керек.

Говорда ұшырасатын ілгек (түйме), сұлық (жауында сырттан киетін шекпен) сияқты сөздер өздерінен тиісті мағынага атқаратын қызметтіне байланысты ие болып отыр. «Ілгек» сөзінің алғашқы төркіні «ілу» етістігінің бүйрық райдағы түбір тұлғасына-ғен журна-

ты жалғануы арқылы белгілі бір қызмет атқартып заттың атауын — әдеби тілдегі «түйме» мағынасын тудырып тұр десек, «сұлық» сөзі судан қоргайтын әрнаулы киімнің атына ие болып, говорға тән жаңа мағына тудырып тұр. Демек, бұл сөздің қай-қайсысы болса да атқаратын қызметтіне (функциональдық) байланысты заңмен пайдаланып, мағынаға ие болғандығын көрдік.

Жергілікті халықтың тіліндегі сөздердің мағыналарының жасалуы мұнымен шектеліп қана қоймай, говордың өзіне тән заңдылықпен де пайда болатын реттері бар. Мұның өзі, халықтың белгілі бір бөлегі басқа тілдік ортага тап бола отырып, жергілікті белгілерін жоғалта бастаумен жаңа норманы қабылдайды<sup>28</sup> деген қағидамен байланысты. Говорда түркмен тілінен енген сөздер әдеби тілде кездесетін сөздермен дыбыстық қабығы жағынан ұқсас бола отырып, мағына алшактығын тудырады. Олардың кейбіреулері (басқа тілден кірген сөздердің) зерттеліп отырған говорға ежелден тән сөздерді ығыстырып, күнделікті қолданудан қалдырып бара жатқандығы айқын байқалады. Мысалы, «арт», «кейін», «арқылы», «шыны», «мезгіл» т. б. сияқты сөздер қолданыла қалған күнде тұрғын халықтың бір-біріне өте түсінікті. Бірақ сол сөздерді біле тұра «арт, кейін» сөздерінің брныка із; «арқылы» — устінен, «шыны» — айна; «мезгіл, сәт» сөздерінің орнына — «майдан» сөздерін күнделікті, әрі жаппай қолдану — қазақтарға түркмен тілінің әсері екендігінің айғағы. Говорда сөз мағыналарының пайда болуында соңғы заңдылық кең етек алғандығына жазуап — рұқсат мағынасында, жүктеу — тиеу, кешіру — еткізу, барлау — тексеру, апару — жүргізу, таза — жаңа мағыналарында қолданылуының өзі-ақ кепіл болғандай.

Қорыта келгенде, говордагы сөздердің семантикасынан аңгаратынымыз, ондағы сөз мағыналарының жасалуындағы заңдылықтардың алуан түрлі болатындығы, баса көрсететін нәрсе, басқа заңдылықтардан гері, зерттеліп отырған говорда сөз мағынасының пайда болуына басқа тілден сөз ауыстырып алу заңының басым және оны тудырып отырған себеп — осы говордың басқа тілдердің ортасында өмір сүруінде екендігі.

## 5. Көнерген сөздер мен неологизмдер

а) Көнерген сөздер. Говордагы көнерген сөздерге көніл аудару — тілдегі лексиканың ертедегі даму дәрежесін, халықтың әдет-тұрпының өткендеңісімен таныстыру деген сөз. Және бұл говорда қазақтың әдеби тілінде осы күндерде өте жиі, актив қолданылып жүрген сөздерінің де көнерген сөздер қатарына қосылуға тенденциясы бар. Көнерген сөздер дегенде: «При этом надо иметь ввиду, что среди специфически диалектных слов можно выделить две их группы: один из них в настоящее время уже находится в пассивном запасе словаря местных диалектов, т. е. это такие слова, которые известны в говорах, но которые практически почти не употребляются»<sup>29</sup>, — деген қағиданы еске алмасқа тағы болмайды.

Көнерген сөздерді екі топқа бөле келгенде историзмге қарағанда, архаизм сөздер говорда аз кездесіп отырады. Архаизм сөздердің әдет-тұрып, діни ұғымдармен байланыстыларының өзі іштей бірнеше салаларға бөліп айтуда келеді. Алдымен, дінге байланысты сөздердің ішінде жеке тұрғанда мағынасы халықта түсініксіз, тек тіркесте кездесетін сөздер де бар. Мыс., «жузінді ба балы көрсін» (өкпелеудің өте күштілігінен турған қарғыс сөз) деген сөйлемдегі «бабалы» сөзінің мағынасын байыбына барып, ешкім түсіне бермейді. Жергілікті қариялардың түсінігінде бабалы — өлікті жуушы адам көрінеді. «Иманы і мәрә болсын». Осы тіркестегі «імрә» сөзі де жеке алғанда түсініксіз сөз. Сондай-ақ жеке сөздерде кездесетін «құралық» (діни кітаптар) сөзінің де ауызекі айтқандары болмаса, мағынасының не екендігіне қарт адамдардың көбі көзін жеткізе алмайды. Бұлардың көрісінше ақұн (медреседе бала оқытатын молда), жады (күннің аты, анығырақ айтқанда, «қай күн?» Немесе «жұма ма, әлде сембі ме?» деп сураудың орнына «күннің жады не?» деп сұрайды) сияқты сөздерді қазіргі кезде сирек қолданылса да, жергілікті тұрғындардың түсінбей қалатындары сирек. Архаизм сөздердің ішінде говорда дәні халықтың әдет-тұрпына байланысты тұган сөздер. Мұнда да ма-

<sup>28</sup> В. В. Иванов. Русские народные говоры. М., 1956, стр. 521.

<sup>29</sup> В. В. Иванов. Русские народные говоры. М., 1956, стр. 521.

тынасы жеке алып қараганда түсінуі қын тек өздеріне тән сөздермен тіркесіп, белгілі бір ұғымға ие болатын «*сайір*», «*шаш*» сияқты сөздер: *сәүір* (түнделетіп журу), *шаш* (түнделетіп жүріп келіп, керуенниң түске жақын дем алу кезі). Қарастыра келсек соңғы сөздегі *шаш* сөзі қазақтың не түркі тілдеріне енетін халықтардың тілінде кездеспейді: Бұл сез парсы тілінен енген сез: *چاش* (парсыша) — күн шығу мен түстің арасындағы мезгіл<sup>30</sup>. Көші-қон, жолаушылықта байланысты сөздердің тағы бірі — *кебеже* (түйемен көшкенде, түйе үстіндегі бала отыратын жәшік тәрізді зат). Қазіргі кезде түйемен көше қалған күнде де бұл сияқты арнаулы заттар қолданудан қалған соң, оған берілген атаудың өзі пассив сөздер қатарына енген. Әдет-ғұрыпқа байланысты сөздердің біразы өлікке құн төлеу, өліге ас берудегі дәстүрдің түрлерімен байланысты. *Аққүн* (құнның жақсы малдармен өтегетін түрі), *бес жақсы* (нар, кілем, ат, қылыш, киімнің таңдаулылары арқылы төленетін құн), *қарақүн* (жаман малдарды да қосып беруге болатын құн, төлеудің бір түрі), *қарасы* (өлікке берілетін ас), *ніс наң* (өлікті еске алушағы майға пісірілетін дәңгелек жұқа наң) және т. б. сөздер.

Ертеректегі дәстүр бойынша киінуге байланысты *жауырынша* (жаңа түскен женгениң қайнысына тігіп беретін кестелі көйлегі), *түйме* (ерте кездерде сән үшін кемпірлер тағатын, ішінде сұлдырылағы бар, әр түрлі көлемдегі жұмыр келген өшекей түрі), *бұрама жаулық* (әйелдердің басына орайтын ұзындығы 4-5 метрге жететін жаулық) іспеттес көзіргі кезде пайдаланылмайтын, пайдаланылса да тіпті сирек кездесетін киім аттарын да архаизмнің үлесі ретінде айта кетуге болады. Жиын, топқа байланысты *астана*, алқа сөздері де говордың күнделікті қарым-қатынасына қажеті шамалы, сирек айтылатын сөздердің қатарына саналады.

Жергілікті халықтардың тілінде кездесетін көнерген сөздердің екінші тобы — историзмдер. Историзмдердің кейбіреулерінің тіпті соңғы кеңгір дейін қолданылып, кейін, 7—8 жыл шамасында-ақ, пассив сөзге айналғандары да бар. Мұның өзі өндірістегі техниканың дамуымен түсіндіріледі.

<sup>30</sup> Л. З. Бұдагов. Аталған сөздік, I, 457-бет.

Бір кездерде жергілікті жердегі өндіріспен байланысты туган сөздердің бірқатары басқаша аталып отырғандығын — мұнайға байланысты *қарамай* (мұнай), сульфат өндірісінде 1938-40 жылдарға дейін қолданылып келген *тос* (сульфат), тұз шығарумен байланысты *трамбақ* (судан тұзды сұзіп алатын құрал), жер астынан қазып алынатын құрылышқа қажетті ақтас өндірісіндегі *парақалам* (тасты бөлшектеп кесу үшін қолданылатын құрал) сияқты сөздер тобынан аңғарылады. Дәл қазіргі мезгілде жоғарыдағы зат атауларының бірқатары өз мағынасына таласа туган синонимдерге тетеп бере алмай, кейінгі, жаңа сезге, тілдегі өз орындарын беруге мәжбур болды. Мыс., *қарамай* — мұнай немесе нефть, *тос* — сульфат сөздерінен ығысып, шетке шыға бастады. Енді бірқатары өздерінің өндірісте қарапайым құралдар, өскелең өмірге жарамсыз екендігінің нәтижесінде, техниканың жаңа, қабілетті жабдықтарына лажсыздан өндірістегі орнын тастан шығумен бірге, өздерімен қоса ұғым түсінігі — сөздерді де ерте кетті. *Трамбақ*, *парақалам* сияқты құралдардың орнын қазіргі кезде моторлы арнаулы маниналар басқан. Жоғарыдағы көрсетілген сөздердің қай-қайсысы болса да совет дәүірінде соңғы жылдарға дейін қолданылып келген сөздер. Тіпті *парақалам* сезі кейінгі 5-6 жылдан бастап ығыстырыла бастаған. Бұл фактіден историзмге жататын сөздердің пайда болуы мен тілден шыға бастауы мерзіммен өлшенбейтіндігін көреміз.

Қазақ халқы сияқты көшпелі халықтардың ерте кездердегі құрылыштарының күрделісі де, мықтысы да өлген адамның басына ескерткіш ретінде там салу. Осымен байланысты говорда «*әжі*» сияқты құрылыш материалының аты ушырасады.

«*әжі*» — тасты, кірпіштерді, қалағанда байланыстыратын мықтылығы цементпен таласарлықтай лай түрі. Оны былай жасайды: жердің бір қабат астында пайда болатын бозінген-сахар дейтін ақ түсті бос құмды отқа жағып өртеп, одан пайда болған күлді су қосып лай жасайды. Міне осы лайды «*әжі*» деп атац, там салған кездерде қолданған. Бұл сез қазіргі кезде өте сирек үшырайды. Оның мәнісі түсінікті де, қазір қандай құрылыш болса да цемент қолданатын болғандықтан, «*әжі*» құрылышқа қажетсіз болып қалды. Л. Будаговтың көр-

сетуінше *ојі* — «известь» парсы сөзі екендігі байқалады<sup>31</sup>.

Егіншілік көсібіне кезінде қажетті болып, кейін тұрмыста қолданудан шыққан зат атауларына байланысты *күнде* (ағаш соқа), *базда* (ағаш соқаның ұшындағы темірі), *сабан* (темір соқа) говорда историзм қатарынан орын алуда. Тұстас түркі тілінен еніп (әсіресе түрікмендерден), кейін сол тілдің өзінде де жана терминдер пайда болуының нәтижесінде пассив сөздер қатарына қошкен сөздерді де говордагы историзмге тән деп септедік. Өйткені ондай сөздер жергілікті қазактардың қарт буындарының тілінде кездесіп қалып отырады. Мыс., *сауаш* — соғыс, *ыңқылап* — революция. Осындағы *сауаш*, *ыңқылап* сөздері түрікмендердің әдеби тілінде *уруш*, революция түрінде қолданылады. Соның нәтижесінде бұл сөздер белгілі бір ұлттың тілінде де, говорда да историзм сөздер қатарына қосылуда. *Ыңқылап* сөзі тегі жағынан түрікмендер ауысып алған иран сөзі екендігін айта кеткен жөн. Революция — *ئەپقەلاب* (*enqelab*) (Р. А. Галунов. Рус.-персид. сл., М., 1937, II том, 348).

Говордагы историзмге жататын бірқатар сөз ауырлық өлшемімен байланысты ұшырайды. Тұрғын халықтың тілінде қазіргі уақытта көбіне-көп килограмм, пүт, центнер, тонна өлшемдерін пайдаланатындықтан, ерте кездерде етек алған *батпан* (20 кг.), *жирмары* (I, 250 кг.), *қырқары* (2,5 кг.) өнсері (5 кг.) т. б. кавір қолданудан қала бастап, көнерген сөз тобына қосылуда.

Жоғарыда көрсетілгендей, қазіргі кезде қазактың әдеби тілінде ете жиі қолданып жүрген, күнделікті тұрмыста қажетті сөздердің говорда пассив, ете спрек ұшырайтын жағдайларын кездестіреміз. Бұл жағдай әңгіме болып отырған говордың өзіне тән, айрыща ерекшелігі. Ол спрекшелікті тамыры — тұрғын қазактардың басқа түркі тілдерінің ортасында (әсіресе түрікмен), солармен қарым-қатынаста болуында. Белгілі бір халықтың бөлегі территория жағынан да, өндірісте алатын орны жағынан да басқа халықтың ортасында орналасқан қалыпта соғысының тілдік әсері алғашқыға мықты тиетіндігі даусыз мәселе. Мұндай жағдай-

<sup>31</sup> Л. З. Бұдагов. Алған сөздік, II, 121-бет.

да: «так старые диалектные различия перекрываются новыми, создавая сложное диалектное членение языка»<sup>32</sup>, — деген пікірдің дұрыс, орынды екендігі зертте-ліп отырған говормен анықталған түседі.

Говордың «екі тілділік» сипатта болуының нәтижесінде жергілікті ерекшеліктер өзіне тән сөздері, күнделікті қарым-қатынаста отырған халықтың тілінен ауысқан сол мағынаны беретін сөздермен жарыса қолданыла стырып, ақыры алғашқысы соғысының тегеурініне шыдамай, қолданудан бірте-бірте ығысып шыға отырып, нәтижесінде пассив сөздер қатарына қосылатындағы сезіледі. Жергілікті халық әдеби тілдегі «ескі» сезін білмейді десек, асыра айтқандық болар еді. Бұл сөздің мағынасын біле отырып, тіпті қолданбайтындығын экспедицияның барысында көз жеткіздік. Оның орнына үнемі «көне» сөзі қарым-қатынаска түсіп отырады. Шын мәнісінде қазақтың әдеби тіліне «көне» сезіде жат емес, дегенмен бұл сөз белгілі бір тіркестер көлемінде гана ұшырайтынын білеміз. Қазақтың әдеби тілінде «көне» сөзі көбіне киімге байланысты: көнетон, көне етік сияқты сөздерде немесе «заман» т. б. сөздай сөздермен тіркесте жиі ұшыраганмен, «көне мектеп», «көне базар», «көне пікір», «көне олең» т. б. осы сияқты тіркестерде кездесе қолды деудің өзі қын нәрсе. «Көне» сезінің қолданудағы етек алысының күштілігі сондай, «ескі» сезі тіпті қолданылматаңыбылай тұрсын, экспедицияның мүшелері ол сөздің не екенин білмейтін адамдарды кездестіргеніне таң қалды. Әрине, бұл ете спрек кездесетін жағдай.

Екінші бір сөз — «таза» сөзі. Бұл сөздің говордагы мағынасы — әдеби тілдегі «жана» сезінің мағынасымен бірдей. Осының салдарынан говорда «жана» сөзі әдеби тілдегі мағынасында тіпті де қолданылмайды. Оның орнына түрікмен тілінен енген «тәзе» сөзі, жергілікті халықтың айтуында дыбыстық өзгерістерге ұшырап «таза» түрінде қолданылады. Сөйтіп говорда «таза» сөзі екі мағынаға (әдеби тілдегі жана әрі таза) ие болып отыр. Оның есесіне говорда бұрын болған «жана» сөзі ығысып, қолданудан қалып отыр. Осында жағдайларда мына төмендегі пікірдің дұрыстығы

<sup>32</sup> Р. И. Аванесов. Общенародный язык и местные диалекты. М., 1954, стр. 96.

анықтала түседі: «Появление в данной частной языковой системе нового (например, заимствованного) слова может вызвать утрату имеющегося ранее в этой системе своего слова с тем же значением или семантическую дифференциацию в употреблении своего и заимствованного слова и т. д.»<sup>33</sup>. Қазір қолданудан қалып бара жатқан говордың бұрынғы өзіне тән сөздер жоғарыдағы екі сезбен шектелмейді. Ондай сөздердің топтал көлтіруге болады. Мыс., *тапауыт* (айырмашылық, өзгешелік), *таңқит* (сын), *саубол* (рақмет), *пайлау* (үлестіру), *жүктеу* (тиеу), *устімен* (арқылы), *апару* (жүргізу), *құтару* (бітіру), т. б. сөздер. Осы түрдегі, осы қалыптағы сөздерді, жергілікті ерекшеліктерді лексикалық категорияларға бөле келгенде, көнерген сөздер қатарына жатқызудың өзі қысымыз көрінеді. Дегенмен, оларды көнерген сез тобына кіргізуге мәжбүр болып отырмыз. Және мұның өзі осы говордағы кездесетін ерекшеліктің бастысына саналады. Қазақстан территориясында кездесетін говорлар мен жергілікті ерекшеліктерде мұндай құбылыс кездеспейді. Түрікмен ССР-ында мекендеген қазақтар тілінде кездесіп отыруы — говордың екі тілділігінің айғагы.

ә) Н е о л о г и з м д е р. Говордағы кездесетін жаңа сөздер тек жеке сөздер күйінде ғана емес, сонымен бірге сез тіркестері қалпында да көрініп отырады. Әдеби тіліміздегі советтік дәуірде кірген көптеген неологизм сөздермен іздес, соның құрылышына сәйкес туған жергілікті тіл ерекшелігінде *колхоз бастық* (басқарма), *арақатынас* (қарым-қатынас) сияқты жаңа сөздермен бірге, өздерінің тіл ерекшеліктеріндегі сөздерден *құралған базаркүн* (демалыс күні), *барлау* (ревизия), *шіркет* (жысырье агенті) сияқты сөздерді кездестіреміз. Говорда мұнымен бірге белгілі бір сез тіркестерінен пайда болған жаңа ұғымдарды да ұшыратамыз. *Іске көтеру* (қызметке орналастыру), *жауап алу* (рұқсат алу), *енбеккүн кесу* (енбеккүн шегеру), *қол шегу* (қол қою), *суретке алу* (суретке түсіру) сияқты тіркестері жергілікті тұрғындардың бәріне дерлік түсінікті және жалпылама қолданылады. Қазақ халқында іс жүргізу пайда бола бастаған уақыттардың ішінде

<sup>33</sup> Вопросы теории лингвистической географии. М., 1962, стр. 150.

кейір орыс тілінен алғынган *тире, инструкция* сияқты сөздерді жергілікті халық кесе сындық, көрсетпе деп аударып, осы кезге дейін қолдануда.

Осы сияқты жаңа сөздерді жергілікті тіл ерекшелігінегізде пайда болды дей отырып, олардың ішінде жергілікті қазақ халқының байырғы тіл ерекшелігінен жасалғандары шағын, көпшілігі басқа тілдерден говорға енген сөздер арқылы жасалып отырғандығын ескерте кетпеске болмайды. Өйткені жоғарыда көрсетілген *арақатынас, барлау, жауап алу, кесе сындық* сияқты сөздер түрікмен тілінен алғыннып, жергілікті ерекшелікте жаңа сөздер туғызып отыр. Тіпті кей сөздер өзін тудырған тілдегі мағынасынан айырылып, говорда басқаша мағынаға ие болу нәтижесінде жаңа бір ұғымды білдіріп отыр. Мұның айғагы ретінде *шіркет* сезін көрсете кетуге болады. Бұл сездің араб тіліндегі алғашқы мағынасы *бірлестік* мағынасын білдіріп, *شirket*<sup>34</sup> тұлғасында кездеседі. Алғашқы мағынасын жоғалтып, жергілікті тіл ерекшелігінде белгілі бір мекеменің екілі мағынасына ие болып отырған бұл сияқты сөздерді говордағы жаңа сөздер қатарына енгізуі жөн көрдік. Орыс тілінің игі әсерінен сол тілден енген «вечер», «растрат» сияқты сөздер говорда *«отырыспа», «үйтіп қою»* сияқты тұлғалармен беріліп, жергілікті тіл ерекшелігіндегі жаңа сөздер қатарын молайта түсуде.

Говорда кездесетін көнерген сөздер мен неологизмдердің қалған түрлері де жоғарыдағы көрсетілгендермен іспеттес келеді.

## 6. Говорга басқа тілден аудысқан сөздер

Басқа тілден енген сөздерді екіге бөліп қарамақтыз. 1. Орыс тілінен енген; 2. Шығыс халықтарынан, өсіре-се араб, иран тілінен аудысып алғынған сөздер.

Орыс тілінен енген сөздер. Қунделікті тұрмысқа қажетті зат атаулары мен шаруашылықтың қай саласында болса да жергілікті тұрғындар тілінде орыс тілінен енген сөздер көптеп кездесіп отырады.

Октябрь революциясынан бұрын кірген сөздердің көбі дыбыстық өзгеріске душар болғаны болмаса, ма-

<sup>34</sup> Л. З. Вудагов. Аталған сездік, I, 666-бет.

тына жагынан ойсырай бұзылыс тапшаган. Бұл кезеңдегі сөздердің біразы балық аулау кәсібімен туган: *кіпал* (кефаль), *кілкі* (килька), *сөп* (шип) сияқты балық аттары мен оларды аулаудағы транспорт жабдықтары: *амбар* (кеменің балық салатын жері), *кеуіт* (каюта) сияқты кеме бөлшектерінің атымен байланысты ұшырасады. Орыс халқымен борі келе, жан-жакты қатынасқа түсіп, оның ішінде сауда ерісінің кеци бастауымен байланысты үй тұрмысына қажетті заттар сатып алына бастаған кезеңдерде *платенса* (сұлғі), *шабыра* (шевро—былғары түрі), *әшмөңке* (восьмушка—шай өлшемі), *тәсілөн шай* (цейлон шайы) сөздері говордан түпкілікті орын тепкен. Бұл сөздердің көбі-ақ осы кезеңдегі сөйлеу тілінде жиі қолданылады да, өздерінің активтік қасиетінен айырыла қоймағандығын аңгартады. Дегенмен, көрсетілген сөздердің бөрі бірдей актив түрде қарым-қатынаста бола береді деу ұшқары болады. *Әшмөңке*, *тәсілөн шай* сияқты сөздерді елдегі қария адамдардың әңгімелерінің арасынан ұшыратқанымен, жалпылама қолданудан қалып бара жатқандағы байқалады.

Совет дәүірінде енген сөздерге тән сипат олардың ауыз екі сөздер арқылы ғана емес, баспасөз жүзінде, жазба түрде көрінуінде. Осыған байланысты жергілікті қалықтың тіліндегі орыс сөздері көп жағдайда дұрыс дыбысталып, өз нормасынан ауытқымай қолданылып отырады. Бергі көздерде кірген сөздер күнделікті тұрмыста нездесетін зат атауларында ғана емес, шаруашылықтың қай саласында да ұшырасып отырады. Қазақтың әдеби тілінде қолданылып жүрген «жоспар», «аудан», «үгіт-насихат» сияқты сөздері, говор көлемінде үнемі *план*, *район*, *пропаганда* (осы сөзден шыққан етістік — пропагандылау) тұлғасында орыс тіліндегісінен аударылмай айтылады. Жоғарыда біз орыс тілінен соңғы дәуірде енген сөздер дұрыс дыбысталып, барынша дәл айтылады деген пікірді тұжырымды екен деп түсінбеу керек. Кей уақыттарда дыбыстық қабығының езгеріске ұшырауы былай тұрсын, жергілікті қалық тіліне орыс тілінен ауысқан *мәшиң*, *мотор*, *пошта* сияқты сөздер басқа бір мағынага ие бола отырып, говордың ерекшелігін молайта түседі. Жергілікті қалықтың қолдануында *мәшиң* сөзі — автомобиль, *мотор* — мотоцикл, *пошта* — жолаушылар поэзы мағыналарында

көрінеді. Орыс тілі арқылы енген кейбір «сантиметр» сияқты сөздердің қысқартылып санты тұлғасында айтылатындары да бар. Әрине, мұндай жағдай сирек ұшырасады. Жоғарыдағы «мотоцикл» сөзінің *мотор* болып айтылуының өзі де осы қысқартылып айтылудан тууы мүмкін.

Орыс тілінен сөз ауысып алуда говор екі жақты қамтиды. Мұның мәнісі мынада: біріншіден, жергілікті қазақтардың орыс халқымен тікслей қарым-қатынасының нәтижесінде ешқандай аралық тілдің жердемінсіз сөз ауысып алатындығы; екіншіден, жергілікті ерекшеліктері орыс сөздерінің біразы белгілі бір туыстас түркі тілінен тиянақты орынға ие болып, осы тілдер арқылы орталарындағы қазақтар тіліне енген, анығырақ айтқанда, екінші бір тілдің ара ағайындық қызмет атқаратындығынан. Осы жағдайдың өзі де басқа говорларға қараганда әңгіме болып отырган говордың ерекшелігіне саналады. Жоғарыда аталған, *план*, *район*, *пропаганда* сөздері түрікмен тілінің сөздік қорынан орын алып, күнделікті баспасөз жүзінде, радио мен телевизор арқылы берілетін хабарларда да жиі қолданылатын актив сөздер. Осы сияқты сөздердің жергілікті қазақтардың тіліне енүін тек түрікмен тілі арқылы деп түсінгісі дұрыс сияқты. Сондай-ақ, жоғарыдағы көрсетілгендердегі саяси мәнді сөздер ғана емес, күнделікті тұрмыста тұтынылатын кейбір «полотенце», «шелуха» сияқты орыс сөздері түрікмен тілінің сөздік қорынан орын алу нәтижесінде, говорда *платенса*, *шұлқа* тұлғаларында дыбысталып, жергілікті ерекшеліктердің қатарына саналып отыр. Орыс тілінен кейбір түркі тіліне енген «потолок» сияқты сөздер, сол тілдің сөздік қорында мықтап орналасып, өзінің дыбыстық қабығын өзгертіп «пәтиқ» күйінде кездеседі. Бұл сөз қазіргі қарақалпақ тілінде «пәтиқ» формасында «потолок» мағынасында қолданылатындықтан, оралас отырган қазақтардың тіліне де кіріп, «пәтиқ» болып айтылады. Жергілікті қазақтардың тілінде бұл сөздің орныққандығы сонша, үйдің ішкі төбесін сылауды ұғындыратын «пәтикеу» етістігі де пайда болған.

«Пәтиқ» сөзінің түркі тілдеріне келуінің өзі әрекірекten басталатындығын Л. Будаговтың сөздігі арқы-

лы анықтала түседі: **ئىكەن** — уйдің ішкі төбесі.  
**مەيىلەك** — төбені майлау<sup>35</sup>.

Сөйтіп, жергілікті қазақ халқының тіл ерекшелігіндегі орыс сездерінің еңі өзгілі жағынан басты екі кезеңге байланысты да, ал ол сездердің говорға кіруйнің өзі екі түрлі жолмен сипатталады екен.

Араб, иран тілдерінен ауысып алынған сездер. Түрікмен ССР-ындағы жергілікті қазактардың тіліндегі араб, иран сездері түрікмен халқы арқылы еніп отыр. Мәселе, түрікмен халқының көрсетілген шығыс халықтарымен қазіргі кезде тікелей қарым-қатынаста болу, болмауында емес. Ұлы Октябрь Социалистік революциясынан кейінгі жерде Орта Азия халықтарының араб, иран тілдерінен сез ауысып алуы тоқыраған. Түрікмен, өзбек тілдерінде араб, иран сездерінің қазақ тіліне қараганда молырақ болуын өткен қоғамның жемісі деп түсініп, тарихпен байланыстыра қараган жөн.

Тарихтың ұзақ желісін барласақ, Орта Азия халықтары, әсіресе түрікмен халқының шығыс халықтарының басқыншылық өрекеттеріне жиі ұшырағандығы баяндалады. Тіпті орта ғасырлардың бас кезіндегі ирандардың, VIII ғасырдағы арабтардың Орта Азия халықтарына қарсы жүргізген басқыншылық соғыстарын байлай қойғаның өзінде, XIX ғасырдың екінші жартысынан берегірекке дейін, яғни түрікмен тайпаларының орыс патшалығының қол астына кіргенге дейін ондустігіндегі шекаралас отырған ирандардың шабуылдарына жіп душар болып, кейде солардың үстемдігін қабылдаган кездерін тарих фактілері анықтай түседі. Осындағы тарихи жағдайлардың нәтижесінде түрікмен халқы араб, иран халықтарымен тікелей қарым-қатынаска түсті. Тікелей жасалған қарым-қатынас бұл халықтардың бір-бірінен сез ауысып алуына әкеліп соқтырды. Кезінде араб, иран тілінен ауысып алынған сездер түрікмен тілінің сездік қорынан орын теуіп, өмірде жиі қолданудың салдарынан актив сездер қатарына енді. Қалыптаса келе түрікмендердің байырғы сездері төрізді болып кеткен араб, иран сездері сол халықтың ортасында отырған қазактардың

тілінен де орын алыш, тіл ерекшелігін тудырудагы фактордың бағыларының біріне саналып отыр. Говорға енген араб, иран сездері күнделікті өмірге қажетті зат атаулары мен шаруашылықтың түрлі салаларында кездесіп отырады. Қолемі жағынан араб тілінен ауысқан сезге қараганда говорда иран тілінен енген сездер аумақты. Бұл жағдай да түрікмен тілінде араб сезінен гөрі иран сезінің молдығымен түсіндіріледі. Алдымен түрікмен тілі арқылы жергілікті қазақтардың тілінен енген араб сездерінің ішінде үй тұрмысына қажетті жабдықтардан бөбешік (ошақтың қазан үстайтын тетігі), шерім (қолдан иленген тері — көн) сияқты сездерді атай отырып, олардың араб тіліндегі тұлғасы мен мағынасын таныстыра кетейік: **بۇ** — көздің қараңшыры, **مۇز** — иленген тері. Говордағы киім-кешекке байланысты **مۇكى**, **جەنەس** сездерінің арабша: **قۇم** — носкидің сыртынан киетін ботинка, башмак; **قۇمۇڭ** — ерлердің кейлегі; үтеге және басқа құрылыштармен байланысты **ساڭانا**, **ايەت**, **كۇمە**, **ەЖىرە** сияқты сездер араб тілінде тұлғалануы мен мағынасы төмөндегідей болып келеді:

(сохњ) — алаң (площадь); **طایش** — есік алдындағы сарай, **اىش** — күрке (шалаш); **مەنەم** — бөлме (комната). Жергілікті түрғындардың тіліндегі **کورە**, **شایر**, **مەكرلیك**, **تاتاۋىت**, **سەتەر**//**Жетер**, **ەساسى**, **مۇدام**, **بەدەن**, **شار**, **تاناپ**, **Жەلدесу** сездерінің араб тіліндегі тұлғалануы мен мағынасы:

**كۈرە** (куррә) — құлыш.

**شاعەر** — ақын, өлең жазушы.

**مەكر** (мекр) — құлық, зұлымдық.

**تەغاۇت** — айырмашылық.

**سەطەر** (сатр) — жол, сыйық (дәптердің, өлеңнің).

**اساسى** — негізі, ірге тасы.

**مەلام** — әрқашан, үнемі.

**بەدەن** — дене, кеуде.

**شەر** (шарр) — ашулы, ызалы.

**طاناپ** — жер өлшемі.

**چەل** — бәс, ерегес.

<sup>35</sup> Л. З. Бұдагов. Көрсетілген сездік, 1 том, 312-бет.

Көрсетілген сөздердің ішінде көбісі говорда тұлға жағынан өзгеріске ұшыраған болмаса, араб тіліндегі мағынасында қолданылады да, ал *бәбешік*, *куме*, *куре сияқты* сөздер жергілікті тіл ерекшелігінде басқа мағыналарға ие болған. Олардың басқа мағынаға ие болуының өзі әр түрлі жолмен түсіндіріледі. Мыс., *бәбешік* сөзі үқсатудың нәтижесінде, ал *куре сияқты* сөздер мағынаны даралай тусу (дифференциациялау) мақсатында туып отыргандығын аңғару қын емес. Говордағы *жеделдесу* етістігінің түбірі араб тілінде «*жедел*» екендігі көрінді. Бұл сөз қазақтың әдеби тілі көлемінде «*жедел есу*», «*жедел келе жатыр*» деген сияқты тіркестерде кездесіп қалады. Алайда, говордағыдай «*бәстесу*» мағынасында әдеби тілде кездестіре алмаймыз. Демек, говорда бұл сөз араб тіліндегі мағынасында қолданылады екен де, ал әдеби тілдегі кездесетін түрлөрі аз-кем ауыс мағынада айтылып «*тай-талас*», «*қатар*» мәнін беретіндігі көрінеді. Говордағы араб тілінен ауысып алғынған сөздер жоғарыдағы көрсетілгендермен ғана шектелмейтіндігі қоза (мақта қауашағы), асыл (тұқым, тек), *міндет* (ұлт), *ныспы* (адам аты, есімі мағынасында), *әмме* (барлық), *мәсүек* (тіс ысатын ағаш), *қанун* (зан), *лаппай* (құп, болады) т. б. сөздерді атап өтумен анықталады.

Шығыс халықтарынан говорға енген сөздердің енді бір бөлегі — көбі де, көлемді де иран тіліне тән. Бұл тілден ауысқан сөздердің жергілікті тіл ерекшелігінде мол болуы Н. К. Дмитриевтің: «Что же касается туркменского, то нельзя забывать, что его лексика переполнена персидскими словами...»<sup>36</sup> деген пікірімен түсіндіріледі.

Иран тілінен енген сөздер күнделікті өмірге қажетті зат атаулары мен шаруашылықтың алуан түрлі салаларын да қамтып отырады. Үй тұрмысына қажетті заттардың атын білдіретін *зуліп* (сандақтың құлып салатын кекілі), *келеп* (жіп шумағы) сияқты сөздер иран тілінде, ыдыс-аяққа байланысты *кузе*, себет сөздері *کور* түрінде, киім-кешекке байланысты *деңмент*, *кемер*, *кеуіш*, *турме белбеу* сөзіндегі «*турме*» сөздері *تکیند* گөр.

<sup>36</sup> Н. К. Дмитриев. Страй тюркских языков. М., 1962, стр. 13.

қалпында кездеседі. Иран тілінен енген қалған сөздердің жоғарыдағыдай топтап көрсетіп жатпай-ақ, олардың говордағы тұлғасы мен мағынасын парсы тіліндегі жазылуды мен мағынасына салыстыра көрсетсек мына төмендегідей болады:

Говорда		Парсы тілінде	
айтылуы	мағынасы	айтылуы	мағынасы
1	2	3	4
шуйше	бетелке	شیشه	шыны, бетелке
зембер	носилка	زنبل	банка
созан	ауыт, тігетін тебен	سوزاب	корзина
Теріс айусын	үй алдындағы алды ашық, көлеңке орын	آيواب	иже
келе	коюға қосылған түйе тобы	کله	чедак, сарай, галерея
кейін	түйенін нашар түрі	عَيْوَب	малдың үйірі, тобы
кіржім	кайықтың үлкен түрі	کرجم	екінші түйе
шақа	есіп тұрган мақта бұтақтары	شاخه	түбі жалпақ
аскеді	асқабақ	کدو	кайық
бел	күрек	بيل	бұтак, тарам, мал
турып	редиска	ترپ	мүйізі
шұғындыр	қант қызылшасы	چغاندر	асқабақ
әйай	нағашы	دائى	курек
нама	үлкен шеш(әже)	مامه	редька
нобия	фосоль	نوبية	кызылшаша
ноқыт	бұршақ	نحوذ	нағашы
шөмже	балапан	جوچه	үлкен шеше
әарок	үлкен ағаш	درخت	фосоль, бобы
куп	су салтайтын бас-сейн тәрізді орын	کوب	бұршақ
керіз	жер астынан қазылған жалғама	کاریز	балапан
қаста	кулак	داین	агаш
	ауру		су қуюға арналған үлкен құмыра
			жер асты каналы, су ағатын труба
			жаралы, ауру

1	2	3	4
кэр	кәсіп, жұмыс	کار	сәбек
жат	ес	ياد	ес
едыра	кенсе	اداره	кенсе
курік	жұмыртқа табуды тоқтатқан тауық	کورک	говордағы мағы- нарадай
пұл	акша	پول	акша, тиын
рауан жол	үлкен қара жол	رواب	журуши, қозгалу- щы
мұт	тегін, акшасыз	مفت	тегін, босқа
пайлай	үлесу	پای	үлес, бөлік
парман	бұйрық	پرمان	бұйрық
сада ✓	надан, қараңғы	ساده	қаралайым, ақ жүрек
қырда	ұсақ ақша	حواره	кішкентай, ұсақ
мұштай ✓	кішкентай, жұ- мырықтай	مشت	жұмырық
онсері	5 кг салмақ	سیزى	8 фунттық өлшем
бәс	жетті, болды	بئسى	жетті, жеткілікті
қыжақ	қобыз	عجي	қобыз жәнс т. б.

Говорда кездесетін иран сөздерінің көбі өз мағыналарын сақтай отыра енген де, ал кейбіреуі — малға байланысты «келе», «көйін» сияқты сөздердің, алғашқысы (келе) жалпылықтан гөрі конкретті мағына алса, кейінгі (көйін) сөзі түйе малының нашар тұқымын білдіретін мағынаға ие болып тұр. Иран тілінде бірнеше мағынаға ие болатын *шүйше*, *شاқа* сияқты сөздер говорда тек бір заттың ғана атауына қожалық білдіреді. Іс-әрекеттің, қимылдың мағынасын білдіретін «rauan» сөзі жергілікті ерекшелікте конкретті заттың атауының алдында келіп, *rauan* жол қалпында сыйындық мағынада көрінеді. Сондай-ақ *созан* сөзі иран тіліндегі жалпы «ине» мағынасынан гөрі ерекшеленіп, говорда иненің үлкен түрінің атауын білдіріп тұр. Говордагы *турме* белбеу деген сөздің екі сыңары да сырт қарағанда қазақтың өз сөзі сияқты. Үзіле қарасақ «турме» сөзі парсы тілінде жұқа жібектен жасалған мата мағынасын береді. Кейін келе жалпы мата белбеу — *турме*

белбеу тұлғасында орын алған. Бұл құбылыстан байқайтынымыз, басқа тілден екінші бір тілге ауысқан сөздер үнемі өз мағынасында бола бермей, кейде өз мағынасын жоға отырып, жаңа мағынаға ие болатындығы.

Қорыта келгенде, жергілікті халықтың тіліндегі ерекшеліктер, тек қана өздері араласып отырған түркі тілінде сейлейтін туыстас халықтардың байыргы сездерін қабылдаумен ғана емес, сол халықтардың тіліне бұрын кіріп орнығып алған араб, иран тілдерінің сездерін қоса алмастырып алу жолымен де, көбейе, молая түскендігін анық көрдік.

### Лексикадагы сәйкесті және сәйкессіз диалекттілік ерекшеліктер

Әдетте, наречиеге қарағанда говорлар бір-біріне жақын, өзара ұқсастығы мол құбылыс<sup>37</sup> деп қаралып жүр. Салыстыра қарау, біріншіден, көрсетілген қағиданы растай түсіп, говорлардың өзара қатынасының қаншалықты жақындығы мен алшақтығын анықтауға мүмкіндік берсе, екіншіден, қазақ тілінің диалектологиялық атласын жасау үшін де қажет.

Қазақ тіліндегі зерттелген диалекттілік ерекшеліктердеге зер салып қарап отырсақ, бір говорда қалып отырса, енді біреулері, көрісінше, сыртқы дыбыстық қабығы ерекше болса да, мағына жағынан балама боларлық дәрежеде кездеседі. Осындай жағдайлардан келіп, қазір қазақ диалектологиясында орыс тіліндегі түсініктің аудармасы ретінде «сәйкесті» (противопоставленные) және «сәйкессіз» (непротивопоставленные) диалектизм деген терминдер тууда<sup>38</sup>. Шартты турде алынған осы терминді қолдануды біз де мақұл көрдік.

Әңгіме болып отырған говордағы кейбір лексикалық ерекшеліктерге басқа говорлар мен жергілікті

<sup>37</sup> Р. И. А ванесов. Очерки русской диалектологии. М., 1949, стр. 11; М.—Л., 1962, стр. 122.

<sup>38</sup> Ш. Сарыбаев. Кекшетау облысы Щучинск, Едбекшилер аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір лексикалық ерекшеліктер. Жинақ: «Қазақ тіл тарихы мен диалектологиясының мәселелері», З-шығуы. Алматы, 1960, 56-57-беттер.

ерекшеліктерден балама болатын сөздер табылмайды. Баламасы кездеспейтін сөздерді сәйкессіз диалектизм деп атайды. Сәйкессіз диалектизм, бөрінен бұрын, материалдық және рухани мәдениетке жататын ерекше құбылыстарға, тарихи тұрғыдан қалыптасқан түсінік пен дәстүрге, табигат құбылыстарының ерекшелігіне байланысты. Бұл говорда мұндай сөздерді басқа жерлерде кездеспейтін кәсіптің түріне байланысты ұшыратымыз. Мысалы, сульфат өндірісімен байланысты: *томпақ* (сульфат үйіндісі), *тос* (сульфат) сөздері, жер астынан қазып алынатын құрылышқа қажетті ақ тастар өндіруге байланысты *куше* (тастың бірінші сорты), *парақалам* (тас кесетін құрал) немесе кілем токумен байланысты енген *топырақ* (кілемнің жиегіндегі тұксіз жері), *кесер* (жіп кесетін пышақ), *ашық* (кілем жиегіндегі мәнер), *күжі* (ііріс жіпперді станок ағашындағы шегелерге ілу үшін пайдаланатын жіп) т. б. көптеген сөздер өздерін туғызған кәсіптің басқа жерлерде кездеспеуінің нәтижесінде мағынасы жағынан балама таппай, сәйкессіз диалектизм қатарына жатып отыр. Сәйкессіз диалектизмнің тууы тек жоғарыдағымен гана сипатталып коймайды. Бір сөздің бір жерлерде болып, екінші жерде болмауы кейде тұрмыстық не табигат жағдайларының бөлектігінен бола бермейтіндігін байқаймыз. Бірнеше говорларда белгілі бір зат не құбылыс жөнінде ұғым, түсінік бола тұrsa да, сол говорлардың ішінде біреуінде гана белгілі бір ұғым мен түсінікке «ат қойып, айдар тағылуынан» келіп те сәйкессіз диалектизм туып отырады. Мысалы, зерттеліп отырган говордагы тандыр наң пісірумен байланысты *рапида* (нанды пешке жапсыру үшін қолға киетін құрал), *тікеш* (нанға ернек салатын құрал), немесе тұрмыстың басқа салаларында кездесетін *алақышын* (пештің аузындағы шоқ жоятын орын), *әжі* (кірпіш, тас қалауда қолданылатын лай түрі), *кетек* (тауық қора), *ушек* (үйдің сыртқы тебесі), *пәтік* (үйдің ішкі тебесі) сияқты сөздер ие болып отырган ұғымдар мен түсініктер басқа жерлерде кездеспейтіндіктен сәйкессіздік тудырып отырган жоқ. Мысалы, тандыр наң пісірумен байланысты, *рапида*, *тікеш* сөздерін алсақ, бұл сөздердің Қазақстаның оңтүстігіндегі қазақтардың тілінде баламасы кездеспеуі, дәл сол сөздер ие болып тұрған түсініктің жоқтығынан деп қарамай, тек түсініктердің белгілі бір сөз-

бен аталмауынан деп түсінген орынды. Өйткені, кунделікті тұрмысқа қажетті бұл жұмыс оңтүстік тұрғындарында да жүргізіліп отыратындықтан ондай құралдардың болмауы мүмкін емес. Соңдай-ақ *пәтік* сөздерінің түсінігі Қазақстанның барлық жерлерінде де кездеседі десек, теріс болmas. Мәселе сол түсініктерге ат тағылмауында. Міне говорлардағы сөздердің сәйкессіздігінің туатын екінші бір көзі осында. Сәйкессіз диалектілік ерекшеліктердің де лингвистикалық география үшін маңызы бар бола тұrsa да, зерттеушілердің көз қырынан сыртқары қалып, тек кездейсоқ бақылау нәтижесінде көрініп жүр<sup>39</sup>. Қазақ диалектологтарының да бұл салада ариаулы түрде зерттеу жүргізгендері жоқ.

Әр түрлі говорларда көптеген сөздердің бір-біріне балама түрінде кездесетіндері де бар. Бір-біріне балама болып келетін бұл сөздердің әр түрлі, атап айтқанда, дыбыстық қабығы немесе мағынасы сияқты жақтар бар. Қазір, бір говордың тіліндегі сөздерді басқа говорларымен салыстырып қарауда, біз мағына жағына көңіл белмекпіз. Оның ішінде лексикаға қатынасы бар белгілі бір заттың, құбылыстың, ұғымның әр түрлі аталуы жағын талдамақпыз. Бір заттың, құбылыстың не ұғымның әр жерде әр түрлі аталып, бірақ мағына жағынан бірлігі жойылмаса, олар сәйкесті (противопоставленные) диалектизм деп аталауды. Егер осында жағдайлар бір гана говордың ішінде кездескен болса, онда олар синонимдік қатар ретінде қаралған болар еди.

Сәйкесті диалектілік ерекшелікті туғызатын құбылыс әр кезде екі не онан да көп тұлғаларда кездеседі. Анығырақ айтқанда, мағынасы бір, әртүрлі дыбысталатын сөздер екіден кем түрде кездесуі мүмкін емес. Бұдан басқа аралас лексикалық диалектілік құбылыс және мағынасы бөлек, бірақ сыртқы дыбыстық қабығының негізінде бөлінетін лексикалық диалектілік ерекшеліктер де кездеседі. Соңғы екі сәйкестік туралы әңгімені кейінге қалдыра отырып, сәйкесті диалектизмнің мағына ортақтығына қарай бөлінетін түріне орайтайық. Зерттеліп отырган говорда сәйкестіктің бұл түрі

<sup>39</sup> Вопросы теории лингвистической географии. М., 1962, стр. 13.

басқа говорлармен салыстыра қарағанда өте көп екендігін көреміз.

Говордагы кездесетін үй тұрмысына қажетті зат атауларынан сәйкесті диалектизм ретінде мына тәмендегілерді көрсетуге болады.

Ақсұп — әдеби тілдегі ақ мата мағынасын береді. Осындай ақ матаны Қазақстанның оңтүстігіндегі Талас ауданы мен Шу говорында *далан*; Алматы облысының Нарынқол, Шелек аудандарында *сейсен* тұлғасында айтады.

Әтішкір — шымшуыр. Арыс говорында — көсөу; Батыстың Чапаев, Жымпіты, Шевченко, Жәнібек аудандарында — *мәстемір*; Ақтөбе облысының Қараңыз ауданында — *жәмке*.

Платенса — сұлғі. Алматының Шелек ауд.—*ләңгі*; Қекшетау эксп. материалында — *дәрет орамал*; Арыс говорында — *десорамал*.

Сіпсе — сыпыргыш. Маңқыстау говорында — *сібірткі*, Орынбор облысының Адамов, Бөрте ауд.—*шылауыш*.

Сәйкесті диалектизмнің бірқатары ыдыс-аяқпен байланысты сөздерде кездеседі:

Көзгелдек — тостаған. Маңқыстау говорында — *көзенек*; Мақаншы ауд.—*ләрен*; Батыстың кей аудандарында — *аяқ*.

Кілекесе — үлкен кесе. Шу говорында — *жанан*; Қостанайдың Торғай ауд.—*сапал*; Қекшетау эксп.—*лөтгр кесе*; Адамов, Бөрте ауд.—*түие кесе*; Ақтөбе эксп.—*тайкесе*; Алматының Шелек ауд.—*ақпар*.

Себет — талдан тоқылған ыдыс. Қекшетау эксп.—*қорапса//дуңғірешек*; Жамбыл обл.—*шабра*.

Шайсандық — шайға керекті жабдықтарды салатын кішкене сандық. Ақмола, Қекшетау, Қостанай облыстарының кей жерлерінде — *бөгіребас*.

Киім-кешекпен байланысты сәйкесті диалектиздер:

Тепек — тақия. Семейдің Абай, Шұбартау ауд.—*қатырма*; Адамов, Бөрте ауд.—*тәбетай*; Арыс гов.—*топы*; Қошагаш және Семей облысының Қекшекті, Ақсат ауд.—*кепеш*.

Бөрек — пельмен. Оңтүстіктің кейбір аудандарында — *душпара*.

Дән — астық. Маңқыстау говорында — *кузе*.

Күртік — еттің наны. Шу гов.—*қамыр*; Батыстың Есбол, Қасталовка ауд.—*іңкәл*; Қекшетау облысының Щучинск, Еңбекшілдер ауд.—*құлақнан*; Ұзынағаш ауд.—*кеспе*.

Сәйкесті диалектілік ерекшеліктің бұл түрі говорда ете көп. Сондықтан, ендігі жерде құнделікті тұрмыста кездесетін кейбір зат атаулары мен сын-сипат және іс-қимылдарды білдіретін сөздердің бірнешеуін көрсетумен шектелейік.

Созан — тебен ине. Маңқыстау говорында — *сіда*; Талас ауданы мен Ақтөбе экспедициясының материалында — *жуалдыз*.

Шаршак/темір жаба — шөп үйетін айыр. Орынбор облысының Адамов, Бөрте ауд., және Ақтөбенің Қарабұтақ ауд.—*сенек*, Жамбылдың Сарысу ауд.—*бесақа*.

Ағаш үй//қара үй — киіз үй. Адамов, Бөрте ауд.—*терме үй*; Арыс говорында — *боз үй*.

Аскеді — асқабақ. Маңқыстау говорында — *аскелді*; Алматының Шелек ауд.—*қауа*; Кеген ауд.—*кеуе*.

Шұғындыр — қант қызылшасы. Шу говорында — *қылча*; қарақалпақта тұратын қазақтар тілінде — *ләблебі*.

Шіңгірік — жүгерінің сабагы. Шу говорында — *бардек*; Жамбыл облысында — *сота*; Арагорында — *шіңгіршек*.

Теби/табиға — аталас, жақын туыс. Батыс Қазақстанның Жәнібек ауд.—*аданас*; Адамов, Бөрте ауд.—*урілтес*.

Қыздырма — безек ауруы. Солтүстік Қазақстан отрядының материалында — *ысытла*.

Бойлайдам — үнемі, ылғи. Ұзынағаш ауд.—*ыңғай*; Ақтөбе облысының Қарабұтақ ауд.—*толайым*; Алматы обл. Кеген ауданында — *қырқай*; Адамов, Бөрте ауд.—*дайым//аманда*.

Маб — дұрыс. Арагоры мен Сарысу ауданында — *үәж*; Семейдің Абай, Шұбартау ауд.—*отырымды*.

Местатына — босқа, бетімен жүру. Шу, Қаратал отряд материалында және Таулы-Алтайдағы Қошагаш ауд.—*албаты*; Батыстың Чапаев, Жымпіты, Гурь-

евтің Баксай ауд.— науан; Семейдің Абай, Шұбартау ауд.— саукілдеп журу.

Мұт — тегін, текке. Қошагаш ауд.— тексі.

Қырда — ұсақ ақша. Батыстың Есбол ауд.— дәлдір.

Нобайы — дені, кепшілігі. Оңтүстік Қазақстан отрядының материалында — саулік; Шу говорында — ауқымы; Батыстың Чапаев, Жымпіты аудандарында — ебдейі.

Иіскену — жиіркену. Шығыс Қаз. обл. Большенарам аудандында — кіркінездену.

Құтару — біліру, аяқтау. Қошагаш аудандында — босату; Большенарам ауд.— тарау; Орынбор обл. Адамов, Берте ауд.— адақтау.

Жоғарыдағы көрсетілген сәйкестікке қарама-қарсы, магынасы өр түрлі болып келіп, сездердің материалдық бірлігіне қарай белінетін, дәлірек айтқанда, дыбысталуы, айтылуы бір болып келіп, магынасы алшақ жататын сәйкестік те говорда біршама кездесіп отырады. Егер бұларды бір говордың ішінде кеадестірсең омоним сездер деп тануға толық мүмкіндік бар. Эр говорда кеадесетін сездер бола тұрса да олардың сәйкестігіне зер сала қарауды қажет етеді. Бір говордың аясындағы тәрізді мұнда да негізі бір ұғымнан тарап, магынасы алшақ көрініп, омоним іспеттес болып келуі ықтимал. Мұндай жағдайда оларды толық магыналық айырмашылықта деп қарау қын.

Зерттеліп отырган говордағы шетен (фанер) басқа жергілікті ерекшеліктердің бірінде «жәшік» магынасында кеадеседі. Бұл тұрғыдан оларды говораралық сәйкес сездер деп айта алмаймыз. Мүмкін жәшік фанердең болып «шетен жәшік» аталуы. Кейін келе-келе «жәшік» сезі қысқарып жәшіктің істеліп шыққан затының аты «шетен» ғана қалған шығар. Мұндай жағдайда толық магыналық айырмашылық шықтай қалады. Эр говорда езіне тән магынасы бар «там» сезін алып қарасақ та, оның кейінгі дараланған магыналары алғаш бір сезден тугандығы көрінеді. XI ғасырдағы М. Қашгарийдің сездігінде үй — қабырға, дуал магынасында баяндалса (М. Қашгарий... Ш, 172 б.), кейінірек жасалған, XV ғасырдағы сездікте үй (там) — үйдің төбесі, шатыры магынасында (А. К. Боровков, «Бада-и ал-лугат», 157 б.) көрініп

бір сездің екі магынага ие бола бастағандығының ізі аңғарылады. Ал XIX ғасырдың орта кезіндегі Л. Бұдагов сездігінде үй — үйдің төбесі (крыша), қабырға, үй магыналарында берілген. Соңғы сездікте бір сезге бірнеше магынаны үйліт-төгудің өзі тегін емес. Туркі тілдерін салыстыра жасалған сездік болғандықтан да, «там» сезі өр жерде өр түрлі магынага ие болғандықтан солардың бөрін жынып-теріп көрсеткен болуы мүмкін. Осындағы дәлелдермен «там» сезі бірде «үй», бірде «мола сыртындағы қорған, дуал» магынасына ие болса да, сәйкестікке жатқызу қын. Алайда, зерттеліп отырган говорда басқа говорлармен салыстырып қаралық сәйкестік жоқ емес. Бұлар, алғашқы, магыналық сәйкестікке қараганда аз мөлшерде ұшырасады. Мыс., күде — шөп үйіндісі. Маңқыстау говорында осы «куде» сезі қоржының аузындағы ілгегі магынасында қолданылады. Осында тұлғалас сездердің басқа говордағы магыналарын айта отырып, салыстырып көрелік. Алдымен сол сездің зерттеліп отырган говордағы магынасы көрсетіледі.

Себет — талдан тоқылған ыдыс. Шығыс Қазақстанның Қуршім, Марқакөл, Қатонқарагай аудандарындағы бұл сездің магынасы — ас үй, қазандық үй.

Шуал — қаптың үлкен түрі. Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында — астық, ет тұратын белме (шонала) магынасында.

Жорап — носки. Маңқыстау говорында — жорамал, тұспал магынасында да, ал Шу говорында — «жораптау» тұлғасында етістік болып келіп қызылдаған бидайды сыйырғышпен тазалау магынасында қолданылады.

Еске — қырықтықтың ағашы. Батыстың жергілікті тіл ерекшелігіндегі магынасы — шалғымен шөп шапқанда тірі (шабылмай) қалып қойған шөп.

Шошала — сиырдың шанышқақтауы. Семейдің Абай, Шұбартау аудандарында — тұтін шығуы үшін немесе ауасы таза болып тұруы үшін, төбесі тесік етіліп жасалған ас үй.

Керіз — жер астымен бір-бірімен жалғастырылған құдықтар тізбегі. Шу говорында бұл сездің магынасы — шөліркеген, су жоқ кез.

Ақтық — немере. Батыстың кей жерлеріндегі магынасы — мұріт (діни бағынушы); Шу говорында —

ақ егіске арналған жер мәғынасында; Семейдің Абай, Шұбартау аудандарында — шөптің атын білдіреді.

К и я р — кисын, рет. Батыстың Бақсай, Маңқыстау, Чапаев, Жымпіты аудандарында — жалдама жұмыс мәғынасында келеді.

Н о б а й ы — көшпілігі, кебі. Шу говорында нобайы — тұтас мәғынасын берсе, Қекшетау облысының Щучинск, Еңбекшілдер аудандарында тұратын қазақтардың тілінде — мінезі, құлқы, пішіні мәғынасын білдіреді.

П і с е н т т е у — қайталап айту, пысықтау. Маңқыстау говорындағы бұл сөздің беретін мәғынасы — сенімді, сенуге болатын.

Говорда кездесетін *су ағаш, иін жіп* (екеуі қосылып шелекпен су таситын бір құрал ұғымын береді), *ілгек* (түйме), *шапашот* (ағаш шабатын кішкене шот), *әліз* (үй алдындағы бөлме — коридор) сияқты сөздердің де басқа говорларда салыстырлықтай мәғыналық баламалары бар. Анықтаң, зер сала қарасақ олардың мәғыналық жағынан гөрі атқаратын қызметі жөнінен үқсастығы күштірек. Бұларды сәйкестілік қатарына қосыңқырамай тұрган зат құрылыштарының өзгешелігінде деп қараган жен. Бұл жөнінде В. В. Ивановта: «Но, кроме того, надо всегда иметь в виду, что лексическая противопоставленность разных говоров может быть иногда только кажущейся. Противопоставленность говоров по лексике тогда лишь действительно соотносительно, когда разными словами обозначается точно один и тот же предмет»<sup>40</sup> — делінген. *Су ағаш пен иін жіп* атқаратын қызметі, қолданылуы жағынан Шу говорында кездесетін — *иықағаш*, Семей облысының Уржар ауданында ұшырасатын — *ажыргы*, Ұзынағашта айтылатын — *ілгек*, Шығыс Қазақстан облысының Тарбагатай ауданында айтылатын — *әпкіш*, Қекшетау облысының Щучинск, Еңбекшілер аудандарында қолданылатын — *куйенте* сөздерінің баламасы болуга тұрарлық. Алайда, зерттеліп отырған говордағы көрсетілген сөз басқа говордағы жоғарыдағы көрсетілген сөздердің бірімен де, құрылышының белектігі үшін ғана, сәйкесті диалектизм бола алмайды. Қекшетау облысы Щучинск,

Еңбекшілдер аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі *бастырма* сөзі, говордағы *ілгек* сөзімен сәйкес келмеуінің мәнісі — алғашқы сөз тек костюм, пальтоға тағылатын ірі түймені білдірсе, соңғы сөз (*ілгек*) жалпы түйме атаулыны ұғындырады. Бұл жерде тағы да функционалдық жағы басым жатқандығы сезіледі. Осы сияқты сөздерді орыс диалектологтары сөздің мәғынасы мен оның атқаратын қызметіне байланысты жақтарының шек арасын ашарлықтай күрделі теориялық мәселені шешкенге дейін аралас лексикалық диалектілік құбылыстың қатарына қосуда<sup>41</sup>.

Корыта келгенде, зерттеліп отырған говордың лексикалық ерекшелігіндегі соңғы мәселелер қазақ диалектологтарының алдында жаңа зерттеулер, тың міндеттер барлығын аңғартады. Бұл мәселелердің шешімі — қазақ тілінің диалектологиялық атласының жасалуын тездете түсуге жәрдемдеспек.

<sup>41</sup> Вопросы теории лингвистической географии. М., 1962, стр. 155.

<sup>40</sup> В. В. Иванов. Русские народные говоры, М., 1956, стр. 60—61.

## Үшінші тарау

### ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Жиналған материалдарды сараша салып, саралай келгенде Түркменстанда тұратын қазақтар тіліндегі ерекшеліктердің лексикадан кейінгі молы да көлемдісі грамматикалық ерекшеліктер. Грамматикалық ерекшеліктерді еki тақырып тәнірегінде қоғамдан көрсетуді қолайлы кердік. Оның бірі — морфологиялық ерекшеліктер болса, екіншісі — синтаксистік ерекшеліктерді қамтымақ.

#### I. МОРФОЛОГИЯ

Зерттеудің қолжазбасында грамматиканың бұл саласына қос сөздерде кездесетін ерекшеліктер де кірген болатын-ды. Алғы сөзде көрсетілген себептермен олар да басқа бірқатар мәселелер сияқты кітап көлемінен шығып, қалды. Енді тек сөз таптарында кездесетін кейбір ерекшеліктер шеңберінде әңгіме болмак.

#### 1. Зат есім

Говордагы зат есімге тән ерекшеліктердің жиі кездесетін сез тудыруши жүрнақтар. Зат есім тудыратын жүрнақтар, көп жағдайда, өздерінің тұлғасы жағынан әдеби тілдегін ерекшеленбейді. Өзімізге таныс жүрнақтар әдеби тілде жалғанбайтын сездерге қосылады немесе, бір жүрнақтың орына басқа жүрнақ қолданылады. Ерекшеліктің негізі осында. Эрине, говордың бірлі-жарым өзіне тән жүрнақтары да кездеспей тұрмайды.

Бірақ олардың өздерінің және жалғанатын сездерінің де саны тащи.

а) Есімдерден зат есім тудыратын жүрнақтар.

-шылық, -шілік — ақыншылық (акындық), мұгалімшілік (мұгалімдік), шатақшылық (тустық), жақыншылық (жақындық), тентекшілік (тентектік), ақымақшылық (акымақтық), қытышылық (аздық) және т. б. Бұл сездерде көрсетілген жүрнақтар түбірге тұра жалғанып тұрса, ал өнімшілік (өндірістік), қойымшылық (көп молалар) сияқты сездерде етістіктен зат есім тудыратын -ым, -ім жүрнағынан кейін жалғанған. Кейде әдеби тілде «түсінбестік», «білмestіk» формасындағы зат есімдер «түсінбесшілік», «білмегеншілік» болып келеді. Жогарыда көрсетілген сездердің қай-қайсына болса да әдеби тілде -лық, -лік немесе солардың дыбыстық варианттары жалғанады. М: *Оқушылар ма маңышылық менгеруде. Бұхгалтершіліктен мұрагалімшіліктің жаңысы көрдім* (эксп.). 7 класты бітірген 2 қызы, 1 ер баланы Ашхабадтағы дөрөш ышишылықтың қызы мен қызы мен техникумга оқуға жіберің деген («Жұмысшы» газеті, 17/III-42).

-шылық, -шілік жүрнақтары енді бір сездерге жалғанғанда сын есім тудыратын жүрнаққа айналады. Бірақ ондай сез некен-саяқ. Говордагы кейбір сездерге бұл жүрнақтар жалғанғанда пайда болатын мағынаны қазақтың әдеби тілінде еки сездің тіркесі арқылы беруге тұра келеді. Мысалы: *Колхоз мәлдәр шылықтам мен онім алады* (эксп.). *Мәлдәр шылықтам мен онетін продукцияны майданға және елімізге көп беру керек...* («Жұмысшы» газеті, 31/III-42). Осы сейлемдегі «малдаршылық» сөзі қазақ тілінде «мал шаруашылығы» деген тіркеспен берілер еді. Мысалдарға қарағанда, говордагы бұл формалы жүрнақтардың беретін мағынасы қазақтың әдеби тіліндегін, өрісінің кең екендігін көрсетеді. Бұлай болудың мәнісі-шылық, -шілік жүрнақтарын түркмен тіліндегі мағыналарымен байланыстыра қарағандағанда анықталады. Түркмен тілінің грамматикасында ол жүрнақтар 3—4 түрлі мағына береді<sup>1</sup>. Сонымен бірге жергілікті қазақтардың тіл ерекшелігіндегі «отанишылық», «малдаршылық» сезде-

<sup>1</sup> Хәзирки заман түркмен дили. Ашхабад, 1960, 246-бет.

рі де түркмен тіліндегі «ватанчылық», «малдарчылық» тұлғаларынан алынған (Түркмен дилиниң сөзлүгі, Ашгабат, 1962). Атап отырган жұрнақ, есімдерден зат есім тудыратын грамматикалық тұлға ретінде тек түркмен тілінде ғана емес, өзбек тілінде де жиі қолданылып, бірнеше мағыналар береді<sup>2</sup>. Ескі өзбек тілінің грамматикасында да өнімді жұрнақ екендігі көрсетілген<sup>3</sup>.

-шылық, -шілік жұрнағы құрылсызы жағынан күрделі деп танылып, -шы+ -лық түрінде ажыратылады. Кейбір тюркологтар -лық, -лік және оның дыбыстық вариантының жалғануға тиісті сөздерге — «шылық», -шілік жұрнақтарының жалғануын орынсыз деп қарап, соңғы жұрнақтардағы -шы, -ші элементтерін сөзге мағына беруде пайдалы жоқ «қайталау, артық»<sup>4</sup> деп қарайды.

Шын мәнісінде де, Н. А. Басқаковтың көрсеткеніндей жағдай говордың ерекшелігінде де жиі кездесетіні жоғарыда тізілпі берілген сөздердің кейбіреулерінен көрініп тұр. Мысалы, *мұғалімшілік*, *ақыншылық* деген сөздерді «мұғалімдік», «ақындық» тұлғасындағы сөздермен салыстыра қараганда, алғашқы тұлғадағы сөздерден артықша мағына іздең табуга болмайды. Бірақ әрдайым солай деп қарау ыңғайсыз. Және тіл тарихы ондай күрделі жұрнақты қажетсіз болса тудырмаған да болар еді. Мұндай күрделі жұрнақты М. Қашгарийдың сөздігінен де кездестіруге болады. Мыс.,

*мујанчілік* — екі адамды келістіруші, бітістіруші (М. Қашгарий. Девону луготит турк, III, Тошкент, 1963, 195-б...). Ерте кездердегі еңбектерде -лық пен -шылық жұрнақтарының кездесуі, олардың сез мағынасын айыруда өздеріне тән ерекшеліктерінің болғандығын анғартады. Оны тіпті XIX ғасырдың бірінші жартысындағы А. Казем-Бектің еңбегінен де көруге болады. Ол -чы мен -лық қосындысынан жаңа зат

<sup>2</sup> А. Н. Кононов. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.—Л., 1960, стр. 75—76.

<sup>3</sup> А. М. Щербак. Грамматика староузбекского языка. М.—Л., 1962, стр. 122.

<sup>4</sup> Н. А. Басқаков. Каракалпакский язык, ч. II. М., 1952, стр. 182.

есім пайда болады дей келіп, мына мысалдарды ұсынады: «іольджи «путешественник... іольджилик «путешествие; этмекджи — «хлебник», этмекджилик — «хлебничество»<sup>5</sup>.

-Кеш — түйекеш (түйесін жалдаушы адамдар), арақкеш (арақшыл), шілімкеш (шылымшыл), пъянкеш (маскунем), жаткеш (естігенін еске сақтағыш адам), зейкеш (аңы суды ағызатын арық), пәленкеш-пәстенкеш (пulenше-түгендеше), індікеш (іні көп жер). Осыдан 5—6 жылдықта арақкештің бір адам Каспийге суга кетті (эксп.). Завхоз Кенжебаев бұрынғы арақкештің ауруынан жазылмады («Жұмысшы» газеті, 23/II-39). Түркмен тілінде де осы жұрнақ арқылы есімдерден зат есім пайда болып отырады<sup>6</sup>. Түркмен тіліндегідей говорда да бұл жұрнақтың дыбыстық варианты кездеспейді. Өзбек тілінде көрсетілген, жұрнақ «каши» тұлғасында келіп, адамның кәсібін білдіреді<sup>7</sup>.

-лық, -лік және оның дыбыстық вариантындағы жұрнақтар арқылы да говорда әдеби тілде кездеспейтін зат есімдер туады. Бұл жұрнақтар арқылы жасалған зат есімдер сыртқы тұлғасымен әдеби тілдегі кейбір сөздерге ұқсас болғанмен мағынасында айырмашылық болып отырады. Алайда, бұлар жеке заттардың атында сирек ұшырасады: бұлық (үйдегі жарамсыз ауаның сыртқа шығуы үшін үй төбесінен жасалған тесік), жекелік (жалғыздық), кундік (кейде «кундікшілік» түрінде де кездеседі — жалдама жұмыс), тогайлық (шебі қалың жер), тулейлік (сексеуіл т. б. ағаш аралас-әснен жер), қалыңдық (шабын, шалғын). М: *Бала-шага жөк*, жекелік қызын екен. Жолдасымды іске көтермегенсін күндікшілікте істедік (эксп.).

-лық, -лік жұрнақтарының говорда көзге түсетін бір ерекшелігі мына темендегі түрде сипатталады. Іс-әрекеттің қашан болғандығын білдіру үшін әдеби тілде сан есімнен кейін келетін «жылы», «айы», «күні» сияқты мезгілді білдіретін зат есімдерге ешқандай жұр-

<sup>5</sup> А. Казем-Бек. Общая грамматика турецко-татарского языка. Казань, 1846, стр. 71.

<sup>6</sup> Хәзирки заман түркмен дири. Ашгабат, 1960, 244-бет.

<sup>7</sup> А. Н. Кононов. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.—Л., 1960, стр. 109-110.

нақтың қажеті жоқ. Әдеби тілдің нормасы үшін мынадай бір мысал келтірейік. «Алматыға келгенім екінші күн болды» немесе. «Ол институтқа түскелі алты ай шамасы болды» деген сөйлемдердегі «күн», «ай» сөздері ешқандай да журнақты тілемейді, егер ол журнақтар келе қалса, сөйлемнің мағынасы бұзылар еді.

Говорда көрісінше. Экспедиция материалдарынан мысал: *Түрікменстанға 50—60 жылдықтар ойыстық*. Бердің 5—6 күндерінде келіп қалар. 1924 жылдан бастап, өзінің барлық 13 жылдығында жолдас Беркалиев өндірісте өзгермesten екпінділер қатарында келеді («Қарабұғаз көл жұмысшысы» газеті, 4/III-37). Алма бұдан бұрын екі жылдықтарана бірінші басқыш қазақ мектебінің есігін ашты (Бұл да сонда, 8/III-37 ж.). Кейде жогарыдағы мысалдардагы сияқты іс-әрекеттердің болған мезгілін межелдеуде -лық, -лік журнақтары басқа сөздерге де қосыла кететін жағдайлары говорда ара-тұра кездесіп қалады. Соңғы екі барлықтара кездесті (эксп.). Әдеби тілде де аталған журнақтардың сан есімен кейінгі «жыл», «ай», «күн» сияқты сөздерге қосылып, сөйлемдерде кездесіп отыратын жағдайларын жіңі көруге болады. Бірақ олардың тіркесте келуі говордағыдан тіпті өзгеше. Әдеби тілде олар, біріншіден, мағынасы жағынан белгілі бір затта болатын процесс мерзімінде қашаға созылатындығын не созылғандығын білдірсе, екіншіден, грамматикалық тұргыдан мерзімін, уақытын білдіргелі отырған сөздің алдында келіп, көбінесе анықтауыш қызметін атқарады. Сондықтан да ондай тұлғадагы сөздер әдеби тілде «алты айлық курс», «жеті жылдық жоспар», «сегіз жылдық мектеп», «көркем-өнер онкүндігі», тары сондай тіркестерде көріне алады.

-ша, -ше — қораша (кілем өрнегінің түрі), өңірше (кімге тағатын әшекей), жауырынша (еркектер көйлеңін бір түрі).

ә) Етістіктен зат есім тудыратын журнақтар.

-ма, -ме, -па, -пе, -ба, -бе. Говорда етістіктен зат есім тудыратын журнақтардың ішіндегі ең өнімділері осылар. Бұлардың өнімді болуары орынды да. Өйткені қазақтың әдеби тілінде де зат есім тудыруда ең көп қызмет атқаратын осылар. Оны былай қойғанда қазақтармен аралас отырған түркмен тілінде де -ма, -ме-

етістіктен зат есім тудырудагы өнімді журнақтар болып саналады<sup>8</sup>. Бірақ бұл тілде ол журнақтардың қазақ тіліндегідей басқа дыбыстық вариантының жоқ. Говордағы бұл журнақтар арқылы жасалған зат есімдер: шектірме (аудың тасы), шайма (қайықты жағаға байлайтын жіп), сұқпа (қайықтың бір белгі, орысша «киль»), қыздырма (безгек), үйма (ұйық, қою батпак), жайма (қаптың кішкене түрі), шөгерме (түрікмендер киетін үлкен бас киім), тыңпа (бұрме, бүрілген қой еті), теппе (баспалдақ), шаппа (бәкі), және тары сондайлар. Бұл келтірілген сөздерде бірлі-жарымы болмаса, көбіне зат есім тудыратын журнақтар түбірге тұра қосылған. Аяқтаспа (малдың етін белісіп алу), отырыспа (оыйнасауық мәжілісі, орысша — «вечер») сияқты зат есімдерде белгілі бір грамматикалық формадан кейін жалғанып тұр.

«-Қы, -ғы, -кі, -ті — қайтарғы (тойтарыс), шеккі (тараты), бұққы (бекініс), шапқы (темір кесетін құрал), алғы (аласы), бергі (бересі), жарғы (ара). Қуанбай өзіне қайтарты берді білем, жұмғанда аузын ашпай қалды-ау. Немістер біз жатқан бұққыны аң етпеді (эксп.). Ерте уақытта әкеңнен алғы м бар, соның ушін бермеймін деп отыр «Қарабұғаз көл жұмысшысы», 23/III-37). Шеккі тастарының орнына Жиенбай таратыға қолын салады («Жұмысшы», 1/XI-53). Етістіктен зат есім тудыруда көрсетілген журнақтар қазақ тілінде де активті түрде қызмет атқарумен қатар, жергілікті қазақтар өмір суріп отырған орта түркмен тілінде сөз тудыруда да ауызға жиі ілігеді. Түркмен тілінде кездесетін чалғы, бергі, алғы сияқты зат есімдер осының айғагы. Бірақ олардың дыбыстық вариантының әдеби тіліндегіден аз, екі түрдеға болып келеді. Түркмен тілін былай қойғанда қазақтармен аралас отырған өзбек (Узб.-рус. сл., 1959), қарақалпак<sup>9</sup> тілдерінде де кездесіп, дыбыстық вариантының саны ұлғая түседі. Говордағы бұл журнақтар арқылы туынп отырған ерекшелік — тек олардың қазақ әдеби тілінде жалғанбайтын түбір сөздерге қосылып, зат есім жасауында болып отыр. Бірақ көрсетілген журнақтар арқылы дәл говордағыдай туынды зат есімдердің жергілікті қа-

<sup>8</sup> Хәзирки заман түркмен дили. Ашгабад, 1960, 251-бет.

<sup>9</sup> Н. А. Басқаков. Каракалпакский язык. ч. II. М., 1952, стр. 405.

зақтармен араласа отырған түрікмен, өзбек, қарақалпак, тілдерінен жиі ұшырайтындығы ескертілді. Сол фактіге табан тіреп, говордағы ерекшелік аталған тілдердің әсері дерміз. Бірақ осы жұрнақтар арқылы жасалған кейбір сездер, басқаны былай қойғанда, Қазақстан территориясындағы жергілікті ерекшеліктерде, мағынасы бір бола тұrsa да, тұлға жағынан ала-құлалиғы ойландырады. Мысалы говорда кездесетін *бергі* (бересі) сезі. Қазақстанның батыс аймақтарындағы тұрғын қазақтар тілінде «*берік*» тұлғасында кездеседі<sup>10</sup>. Ал Қазақстанның шығыс аудандарында «*алық*», «*берік*» тұлғасындағы сездер әдеби тілдегі «*аласы*», «*бересі*» мағынасына емес, «*алым-берім*», «*алыс-беріс*» мағынасына ие<sup>11</sup>. Байқап отырсақ осы аталған тұлғалардың қай-қайсысының да мағына жағынан бір-бірінен жырақ кеткен жағдайы жоқ. Мағына жуықтығының тұрғын қазығы сол сездердің тубіріндегі «*ал*», «*бер*» етістігінен деп қараумен бірге, соларға бірде -*ық*, -*ік*, бірде -*ғы*, -*гі* түрлерінде қосылған жұрнақтардың да алғашқы кездерде бір-бірімен жеккет, іліктігі болмады ма еken деген ойга қарай жетектейді. М. Қашғарий сездігінен әнгіме болып отырған сездер туралы мына бір жайттарды көреміз.

**الْأَلِيْغ** — алынған нәрсенің қайтарылып берілуі (оғызша және қыпшақша) (М. Қашғарий. Жоғарыда аталған сездігі, I, 95).

**الْأَلِيم** — басқа адамдардағы аласы нәрсе, қарыз (Бұл да сонда, 105-бет).

**بَرْكُوْرْ** — бәргү — қарыз, бересі. *аңің мәңә бір ат бәр гүсі бар* (Бұл да сонда, 403-б.). XI ғасырдың сездігінен осы күнгі қазақтың әдеби тіліндегі «*аласы*» не «*бересі*» сезін сол кездерде үш түрлі тұлғада қолданғандығы сезіледі. Оғыздар мен қыпшақтарда, М. Қашғарийдың көрсетуінше, «*алық*» сезі бір жұрнақ арқылы жасалған. Сол көрсетілген жұрнақтың бірі тұңғыш

<sup>10</sup> С. Аманжолов. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959, стр. 313, 331.

<sup>11</sup> Ж. Болатов. Семей облысының Абай, Шұбартай аудандарында туратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы. Жинақ: «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», 2-шығуы. Алматы, 1960, 165-бет.

қолданылып, қалғаны соның әр түрлі көрінісі, туындысы есебінде алғашқы пайда болған жұрнақпен қатар қолданылуы мүмкін.

XV ғасырдағы «*Бада- и ал-лугаттан*» А. К. Боровков «الْأَلْفُوْلْ aqlu»<sup>12</sup> сезін көлтіріп, орынша «взятие» деп аударады да, түрікмен тіліндегі «*алғы*» (қарыз, аласы) сезімен салыстыруды ұсынады. Мұнда да біз -«*ық*» емес -«*ғы*» жұрнағының қатаң түрімен беттесеміз. Сол сездікте -«*иқ*» жұрнағы арқылы жасалған *الْأَلْوَقْ alaq* сезін де кездестіруге болады<sup>13</sup>. Бірақ оның беретін мағынасы говордағы «*алғы*» немесе әдеби тілдегі «*аласы*» сезінен өлдекайда жырақта жатыр. Ең соңында, XIX ғасырдың аяғында құрастырылған В. В. Радловтың сездігінде де «*алғы*»<sup>14</sup> сезінің «*аласы*» мағынасында келетіндігін көреміз. Осыларға қарағанда говорда кездесетін «*алғы*», «*бергі*» сезінің соңындағы -*ғы*, -*гі* жұрнақтарының алғашқы формасы -*ық*, -*ік* болуы ықтимал. Жорамалда сүйенетін дәлелдеріміз: біріншіден, М. Қашғарийдың сездігінде бірде -*ық*, -*ік*, бірде -*ғы*, -*гі* түрінде ұшырасуы; екіншіден, ескі түркі жазбаларының ескерткіштерінде етістіктен зат есім жасайтын жұрнақтардың -*ғы*, -*гі* түрінде емес, -*иқ* түрінде (*bilig*)<sup>15</sup> түрінде болып келуі.

Алғашқыда -*ық*, -*ік* түрінде жалғанған жұрнақтар қандай реттермен -*ғы*, -*гі* қосымшаларына көшкен деген сұрақ тууы орынды да және өз оймыздан туған болжаммен жауап беруге тұра келеді. Мына формуладан оның өзгеріс жолын аңгаруға болады: *ал+ық* > *ал+ық+ым* (тәуелдік жалғауы) > *ал+ығ+ым* > *ал+ығ+ым* > *ал+ғы*. Демек, алғашқы -*ық*, -*ік* жұрнақтары тәуелдік жалғауының әсерінен -*ғы*, -*гі* жұрнағына айналған болуы мүмкін деп жорамалдаймыз. қ, қ, ң сияқты қатаң дыбыстармен аяқталып, оған жалғанған қосымшаның бастапқы дыбысы дауысты болса, аналардың ұяңдауы тілдегі регрессивтік ассимиляцияның заңдылығы болса, сол заңдылықпен тәуелдік жалғауының алдында қысац «*ы*» дыбысы бар кейбір сездерге

<sup>12</sup> А. К. Боровков. «*Бада- и ал-лугат*». М., 1961, 70-бет.

<sup>13</sup> Сонда, 74-бет.

<sup>14</sup> В. В. Радлов. Опыт словаря тюркских наречий, том I. СПб., 1893, стр. 393.

<sup>15</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М.—Л., 1951, стр. 189.

на айналды делік. Келе-кеle «алыг» сөзіндегі қысаң -ы дыбысы түсіп қалған. Оның тусуі де тіліміздегі кейбір заңдылықта байланысты. Қысаң «ы» дыбысымен басталған жалғаулар түбірдің соңғы дауыссыз дыбысының алдында қысаң «ы» дыбысы бар кейбір сөздерге жалғанғанда, соңғы «ы» дыбысының түсіп қалатындырын тіліміздегі «ауыз», «ауыл», «орын» сияқты сөздердің тәуелденіп келіп, «аузым», «аулың», «орны» тұлғасына дейін өзгеретіндігін дәлелдейді. Осы себептерден де алғашқы кездердегі «алыгым» тұлғасы, кейін «алым» болған.

-қақ, -кек — батқақ (батпак), піскек (піспек), жауын қанша жауса да ба тқақ дегенді білмейміз (эксп.). Қазақтың әдеби тілінің тұрғысынан қарағанда бұл сөздердегі жұрнақтар (-қақ, -кек) сын есім тудырады. Дегенмен говорда бұл жұрнақтар жалғанған сөздер әдеби тілдегі зат есімдер мағынасына ие болып отырғандықтан, зат есім тудыратын жұрнақтар қатарына қостық. Кейде «батқақ» сөзі соңғы дауыссыз дыбысы түсірліп «батқа» тұлғасында да жиі кездеседі. Бұл сөздердің қай-қайсысының болса да түбірі «бат», «піс» етістіктері екені түсінікті. Олардың зат есім жасау жолында басқаша жұрнақ қабылдауын түрікмен, өзбек тілдерінің әсері деп біле тұрсақ та, басқа бір жағдайларды ескерте кетпекпіз. Түрікмен тілінде «батпақ» сөзі «батга» (Рус.-туркм. сл., М., 1956) болып келсе, өзбекше «ботқоқ» (Уз.-рус. сл., М., 1959) тұлғасында ұшырасады). (Ескі өзбек тілінде «батқак» формасында<sup>16</sup>). Қазақ тіліндегі зат есім тудыратын -мақ, -мек, -пақ, -пек жұрнақтарының алғашқы тегі етістіктің инфинитив формасы екендігіне күмәндануға болмас. Мәселе солардың басқа түрде дыбысталып, өзге түркі тілдерінде, қала берді, зерттеліп отырған говорда ерекшелік туғызылуында. Бұл ерекшеліктің тууы М. Казем-Бектің пікірінше, татар наречиелерінде -мақ инфинитив формасына біткен кейбір етістіктерде, сол қосымшаның алдыңғы -м дыбысы өзінен бұрынғы дыбыстардың қатаң не ұяңдығына қарай қ немесе ғ -та алмасып есімдер (әсіресе сын есімдер) тудырады. Осы пікірін дәлелдеу үшін мына тәмендегідей мысалдар береді: ғұргак-

<sup>16</sup> А. М. Щербак. Грамматика староузбекского языка. М.—Л., 1962, стр. 128.

магъ — «бояться», ғұргакагъ — «боязливый человек», батмагъ — «утонуть», «баткагъ» — «топкое место...»<sup>17</sup>. Дәл осы құбылысты қазақтармен араласа отырған өзбек тілінде кездестіргенде Казем-Бектің бұл пікірін дұрыс деп қостауға тұра келеді. Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім жасайтын -қақ, -кек, -ғақ, -гек жұрнақтарының инфинитив формасынан тумасына кім кешіл. Тіпті Н. И. Ильминскийдің еңбектерінен -пақ жұрнағының -қақ түрінде қолданылуын өте сирек болса да ұшыратамыз. Қазіргі қазақ тіліндегі «пұшпақ» (малдың, аңың тізеден тәмента терісі) Н. И. Ильминскийдің көрсетуінде «пұшқақ»<sup>18</sup> тұлғасында кездеседі. Мұның өзі говорда кездесіп отырған жұрнақтардағы ерекшелік басқа тілдердің әсері болуымен қатар, ертеректе қазақ тілінде де сирек болса да дыбыстық алмасулардың нәтижесінде туып, әрі сақталып қалған із болар деген ой тудырады.

-ық, -қ, — тапсырық (тапсырма), қорқылық (қорқыныш), жинақ (жиналыс). Мақтадан жеке жағынан қорқылық бар (эксп.)... Берілген тапсырықты кім орындаламы («Қарабұғаз көл жұм» газеті, 20/IV-37). 2 апрель күні жинақ болып отті. Жинақ, қа 28 адам қатынасты («Жұмысшы» газеті, 22/III-53). Көрсетілген сөздердің кейбіреулері түрікмен тілінде «табышырық», «йығнақ» (Рус.-туркм. сл., М., 1956) болып келуінің өзі говордағы ерекшеліктің түрікмен тілінің әсерінен екендігін аңғартады.

-ар, -ер — ашар (кілт), шыгар (есік алды, дала), кесер (кілем жібін кесетін пышак). Жүрің, шығарға барып келіп, дем алалы (эксп.). Қазақтың әдеби тілінде бұл жұрнақтар арқылы зат есім жасалу дағдысы жоқ. Түрікмен тілінде бұл жұрнақтар арқылы говордағыдай ашар, кесер сөздері жасалады. «Ашар» сөзі тиісті мағынасында Радловтың сөзінде де кездеседі<sup>19</sup>.

-қышыл — атқышыл (мерген). Бұл жұрнақ күрделі жұрнақ: -қыш-+ -ыл. Дәл бұл күйіндегі жұрнақты қазақтармен аралас отырған түрікмен, өзбек, қарақалпақ тілінің бірінен кездестіре алмаймыз. Бірак күрделі бол-

<sup>17</sup> А. Казем-Бек. Общая грамматика турецко-татарского языка. Казань, 1846, стр. 84.

<sup>18</sup> Н. И. Ильминский. Материалы к изучению киргизского наречия. Казань, 1861, стр. 81.

<sup>19</sup> В. В. Радлов. Опыт словаря тюркских наречий, I, СПб., 1893, стр. 503.

маса да, жалаң жұрнақтардың ұқсастығы кездеседі. Ол қарақалпақ тіліндегі «атқыш» (мерген) сезінен айқын көрінеді. Өзбек тілінде мерген сезі «от+уе+чи» болып кездеседі де (Узб.-рус. сл., М., 1959), ал түркменше «ат+ыжы» (Рус.-туркм., сл., М., 1956). Соңғы екі тілден келтірілген жұрнақтардың ішінде говорға жуықтауы түркмен тілінде кездесетін -ыжы жұрнағы. Бұған сүйеніп түркмен тілінің өсері деуден гәрі, говордың өзінде өуелден қалыптасып, соңғы күндерге дейін сақталған деген дұрысырақ сияқты. Себебі біз оны ерегіректегі Әбілғазының шығармасында *أَفْوَجِي* «стрелок»<sup>20</sup> тұлғасында кездестіретін болсақ, ал Н. И. Ильминскийдің еңбегінде «атқышыл»<sup>21</sup> түрінде ұшыратамыз. В. В. Радловтың сөздігі Ильминскийдің куаттай түседі<sup>22</sup>. Жергілікті қазақтарда айтылып жүрген «Ер Төлең» атты жырдан да көрсетілген сөзді табамыз.

*Белгіліде Бегей бар  
Бек сауытты Жанақ бар  
А т қ ыш и л ә д а Кедей бар,  
Сүйінқара, Салақ бар,  
Белгілі ердің бәрі бар.*

(Куанбай қарттың айтуынан).

## 2. Сын есім

Тұрғын қазақтардың тілінде кездесетін сын есімге жататын сөздер өз ішінен беле келгенде қазақтың әдеби тіліндегідей мағына жағынан сапалық та, қатыстық та, ал тұлға жағынан қараганда негізгі және туынды түрлері де біршама кездеседі. Алайда біз олардың берін бірдей бұл жерде қарастырып жатпаймыз. Өйткені мағынасы жағынан сапалық, тұлғасы жағынан негізгі сын есімдер деп аталатын, заттың түсіне байланысты мелде (ақсұр), күмілжі (қара қошқыл) т. б. және заттың сапасына тән аңсат (женіл), тақыл (тәуір), арқайын (еркін, жайбаракат) сияқтылар 1969 жылы шықкан «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі» атты кітапта қамтылған. Сондықтан да бұл жерде говордағы сын

<sup>20</sup> А. Н. Кононов. Родословная туркмен. М.—Л., 1958, стр. 119.

<sup>21</sup> Н. И. Ильминский. Аталған еңбек, 42-бет.

<sup>22</sup> В. В. Радлов. Аталған сөздік, 1, 465-бет.

есімге тән ерекшелік дегенде, тек қатыстық, тұлғалық түрлерін әңгімелумен шектелмекпіз.

Жергілікті қазақтардың тілінде сапалық сын есімге қараганда қатыстық (туынды) сын есімдер онша мол емес. Қатыстық сын есім тудыратын жұрнақтарда, говордағы зат есім тудыратын жұрнақтар терізді әдеби тілдегі қосымшалармен сәйкес, тұлғалас кейде мағыналас келіп жатады. Ерекшелік тек сол кездесетін жұрнақтардың әдеби тілде жалғанбайтын сөздерге жалғануымен және басқа мағына беруімен немесе әдеби тілдегі жұрнақтардың бірінің орнына екіншісінің алмасып келуімен сипатталады. Кездесетін жұрнақтардың кейбіреулері зат есімге де ортақ, бірақ біз ондай жұрнақтар қабылдаған сез сөйлемдегі орнына қарай ажыратылатындықтан айырықша түсінік беруді артық деп білдік.

а) Есімдерден сын есім тудыратын жұрнақтар.

-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті — *ауылды* (ауылда тұратын), *алматылы* (алматылық), *жерлі* (жергілікті), *мерлі* (әйгілі, атағы шыққан), *шеккілі* (салмагы ауыр, таралы тартатын), *отырымды* (отырықшы), *тынымды* (тыныш), *тонаулы* (жасаулы, мұлікті). Ол ертеде мәрлі пъянкеш болды (екеп...) Фсербаевтың баққан малдары шеккілі болып шықты («Жұмысшы» газеті, 6/VII-45). Зер сала қарасақ, көрсетілген сөздердегі жалғанған жұрнақтардың тұлғасының бірдей болуына қарамастан мағыналарында ала-құлалық байқалады. *Мерлі*, *шеккілі* сияқты сөздердегі жұрнақтар беретін мағынасы жағынан әдеби тілдегіден алшақ кетіп тұрған жоқ. Ерекшелік тек әдеби тілде жалғанбайтын сезге жалғануы (*мерлі*), ері говордың өзіне тән сезіне жалғануымен (*шеккілі*) көзге түсуінде. Ал отырымды, тынымды сөздерінде -ды жұрнағы әдеби тілде басқа жұрнақтар беретін мағынаны тудырып тұр. Говордағы бұл жұрнақтар арқылы туып отырған басты ерекшеліктің бірі — адамның қай жерден шыққандығын, мекенін аңғартуы (*алматылы*, *ауылды* т. б.). Әдеби тілде ондай мағынаны -лық, -лік және олардың дыбыстық варианттары беретіндегі мәлім. Осы соңғы көрсетілген мағынаны беруде аталған жұрнақтар түркі тілдерінің бірқатарларында қолданылатындығын бұрынғы, соңғы түркі тілдерін зерттеуші

лердің еңбегінен көреміз. Говорда туып отырган ерекшелік түркмен тілінің әсері екендігі сезсіз. Өйткені, бұл жұрнақтардың түркмен тілінде беретін бір мағынасы — адамдардың белгілі бір өмір сүріп, жүріп жатқан орнын білдіріп, адамның сол жерлік екендігін білдіреді<sup>23</sup>. Қазақтармен араласа отырган халықтың бірі өзбектерде 1956 жылға дейін айтылуында -лик, ал жазылуы -ли түрінде болып келген<sup>24</sup>. -лы, -ли жұрнағы жалғанған жер аты, не қала атымен байланысты сездер түрк тілінде де әңгіме етіп отырган мағынаны беретіндегі көрсетілген: *Moskovali* — «москвич», *Parisli* — «парижанин»<sup>25</sup>. Әбілғазының шығармаларында мұндай мағынаны беретін жұрнақ -лық тұлғасында көрінеді: *ісфанаңлық* — «исфаганец»<sup>26</sup>.

Беретін мағынасы бір, бірақ әр тілде, әр жерде басқаша тұлғаланатын (кейде -лы, кейде -лық) жұрнақ түркологтардың назарын аударған. Солардың кейбіреулері мынадай пікірлерді ұсынады.

-лы, -ли жұрнақтарының беретін мағынасының белгілі бір затты иемдену, не бір заттың басқа бір затқа меншіктілігін білдіретіндегін айта келіп, А. Казем-Бек қазан татарлары шагатайлыштар сияқты -лы, -ли жұрнақтарын дұрыс қолданбайтындығын, оның орнына -лук (لوك) немесе -лық (لوق) жұрнағын пайдаланатындығын, кейде керексіз бола тұра қолданатындығын айта келіп, «газанлы» деудің орнына газанлығы (казанский) деген мысалды көрсетеді<sup>27</sup>. Казем-Бектің ойынша -лы жұрнағы дұрыс та, ал -лық тұлғасы туынды нәрсе сияқты. Эрине, бұған келісу қын. Шын мәнісінде алғашқысы -лық болып, кейін дами келе одан басқа мағынаға ие боларлықтай -лы өрбіп шығуы мүмкін. Кейбір түркологтар осы соңғы пікірге нұсқайды<sup>28</sup>.

-лық немесе -лы жұрнақтарының әтимологиясы жөнінде де түркологтардың арасындағы пікірлер әр түрлі.

<sup>23</sup> Хәэзирки заман түркмен дили. Ашгабат, 1960, 263-бет.

<sup>24</sup> А. Н. Кононов. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.—Л., 1960, стр. 109.

<sup>25</sup> А. Н. Кононов. Грамматика современного турецкого литературного языка. М.—Л., 1956, стр. 104.

<sup>26</sup> А. Н. Кононов. Родословная туркмен. М.—Л., 1958, стр. 124.

<sup>27</sup> А. Казем-Бек. Аталған еңбек, 69, 75-беттер.

<sup>28</sup> А. М. Щербак. Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII вв. из восточного Туркестана. М.—Л., 1961, стр. 110—112.

Кононовтың көрсетуінше, Банг «іл» сезінен тудырса<sup>29</sup>, Рамстедт бұл сезіді «лық» сезінен (лық толы) шықты деген жорамал айтады<sup>30</sup>. В. Котвич комитатив (көмектес септігі) формаларының біріне жатқызады<sup>31</sup>. Алайда осы кезге дейін түркологтар арасында жұрнақтың төркінін табу жөнінде бір шікірлілік жок. Бұлардың белгілі біреуіне, әзірше, өз пікірімізді қоса алмаймыз. Өйткені тіл мәселесінде белгілі бір сезге және қосымшаларга әтимологиялары жөнінде пікір айту көп зерттеуді, әсіресе, арнайы зерттеуді қажет етеді.

Ендігі бір назар аудараплық мәселе говорда кездескен -лы жұрнағының мағынасының кеңеңе түсүі жөнінде. Анығырақ айтқанда, говордағы -лы, -ли жұрнағы және оның дыбыстық варианты — бірде, белгілі бір зат субъект ретінде басқа бірнеше затқа иелік білдіретін мағынаны берсе (мысалы, малды адам), енді бірде жоғарыдағы субъект болған зат объект болып, басқа заттың меншігіне, ішіне кіретін мағынаны білдіреді (М: алматылы адам — алматылық адам). Түркі тілдерінде кездесетін дәл осындай жағдайды айыра, түсінідіре айта келіп, Н. К. Дмитриев оның қалай пайда болғандығын М. Г. Долобконың мына пікірін көлтіру арқылы дәлелдейді: «...семантика -лы менялась в зависимости от общественного строя и, в частности, взгляда собственность: человек как «собственность» рода, сам входящий в состав коллектива (Казанлы), и человек как субъект частной собственности (атлы)»<sup>32</sup>.

Жоғарыда көлтірілген сездердің ішінде қай жағынан болса да ерекшелігі бар сез — «тонаулы» сезі. М: Ол жігіттің келіншегі төркінінен то на улы келіпті (эксп.). Бұл сезге жалғанған -лы жұрнағы тура түбір сезге жалғанбағаны былай тұрсын, түбірдегі «тон» сезінің мағынасының өзі қайдан шыққаны көмекі. Қазақстан территориясындағы жергілікті тіл ерекшеліктерінде бұл сез кездеспейді. Тек Кошагаш

<sup>29</sup> А. Н. Кононов. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.—Л., 1960, стр. 108.

<sup>30</sup> Г. И. Рамстедт. Введение в алтайское языкознание. М., 1957, стр. 242.

<sup>31</sup> В. Котвич. Исследование по алтайским языкам. М., 1962, стр. 86-93.

<sup>32</sup> Н. К. Дмитриев. Грамматика башкирского языка. М.—Л., 1948, стр. 69.

қазақтарының тілінде ғана кездесетін «тонаулы» сөзінің тұлғасы мен мәғынасы жуық. Бұл сөздің негізі «тон» сөзінен шығуы мүмкін. Ескі түркі тілінің жазба ескерткіштерінде: тон — киім мәғынасын беріп, тона — киіну мәғынасында қолданылған<sup>33</sup>. Осыған қаралғанда «тонаулы» сөзіндегі «тонау» — тұйық етіс түрі болуы керек те, -лы сын есім тудыратын жұрнақ болуы ықтимал.

-лық, -лік және оның дыбыстық вариантыны говорда кейбір жалғануға тиісті сөздерге (қалалық, облыстық т. б. жалғанбайды. М: *Бізің Сөвет Қызыл Армия жендей* (эксп.). *Аудыл кеңес бұган тиісті көніл бөлмей отыр* («Жұмысшы», 22/Х-44).

Түркі тілдерінде иран-тәжік тілдерінен енген сана-малы жұрнақтар говорда бірнеше сөздердің алдынан келіп, есімдерден сын есім тудырады. Олар: *На* — *нәтаныс* (таныс емес), *нәдұрыс* (теріс), *наризашилық* (ризалығы жоқ), *натура* (жөн емес). *Оң айтқанды да нәдұрыс түсінеді*. *Мендібай*, сенің сес шыгаруың *нәтүрағой* (эксп.). Әдеби тілдегі формасына қараганда говорда бұл жұрнақтың дыбысталуында да ерекшелік байқалады. Бір сөздерде «на» түрінде кездессе, екінші бір сөздерге (кебіне) дауысты дыбысы жіңішкегіп барып «на» түрінде жалғанады. Мұның өзі говордағы кездесетін фонетикалық ерекшеліктердің «а» дыбысының «ә» дыбысына бейім дыбысталуынан деп түсінүмен бірге, бұлай жіңішке айтылуының өзі түркмен тілінің әсері деп қараған да жен<sup>34</sup>.

*Би* — бихат (есепте жоқ), бәдел (әдепсіз), биқасиет (қасиетсіз), биабырай (абыройсыз), бинамыс (намыссыз). *Ондай биәде паланы көрсем-ау*. Түйекештердің көбі *би хат жандар* (эксп.). Қазақ тілінде кебінене «бей» түрінде қолданылады. Ал говордағы «би» формасында келуінің өзі тағы да түркмен тілінің әсері демескे болмайды<sup>35</sup>.

ә) Етістіктен сын есім тудыратын жұрнақтар дағы ерекшелік говорда онша көп емес және олардың өзі бірлі-жарым сөздерге жалғанумен шектеледі.

<sup>33</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М.—Л., 1951, стр. 432.

<sup>34</sup> Хәзирки заман түркмен диля. Ашгабат, 1960, стр. 264.

<sup>35</sup> Сонда, 264-бет.

-шаң — ұялшаш (ұялшак), аянишаш (аяншак). Балам үялшаш болсаң, үлесіңен құр қаласың (эксп.).

Қазіргі қазақ тілінде етістіктен сын есім жасайтын жұрнақтар қатарында көрсетілмегендігіне қарамастаң<sup>36</sup>, сирек болса да әдеби тілде кездесетін жұрнақ (мысалы, қысылшаш). Бірақ говорда кездесіп отырган бұл сөздер әдеби тілде -шаң жұрнағы арқылы жасалып, сын есімдік мәғынаға ие болар еді. Етістіктен кейінгі -и дыбысынан соң -жаң, -жәң жұрнақтары жалғану арқылы сын есім жасалу түркмен тілінде бар құбылыс. Мысалы: *ұтан* — *җаң* (ұялшак), *өвүнжәң* (мақтаншак) т. б.<sup>37</sup>. Етістіктен сын есім тудыратын жұрнақ ретінде өзбек тілінде де жиі кездеседі<sup>38</sup>. Өзбек тілінің әсері ре-тінде Өзбекстандағы қыргыздар арасында да ұшыра-сады<sup>39</sup>. Орта Азиядағы түркі туыстас тілдердің былай қойғанда, башқұр тілінде де бұл жұрнақ етістіктен сын есім тудыратын жұрнақ есебінде -сан тұлғасында кез-деседі (*оял+сан* — ұялшак)<sup>40</sup>. Осы жұрнақтың говорда пайда болып, ерекшелік туғызуының өзіне, әрине ара-лас отырган халық тілінің әсері деуден басқа дәлел жоқ. «Codex cumanicus»-та сез болып отырган жұрнақ арқылы жасалған *«ипитсанд»* (ұмытшак), *«јивоап-санд»* (еріншек)<sup>41</sup> сияқты сөздер бар. Ал жалпы түркі тілінің тұрғысынан алып дәлелдеуге тырыссак, говор-дагыдай жұрнақ арқылы етістіктен сын есім жасаудың фактісін тіпті мол ұшырастырамыз. А. Казем-Бек грамматикасынан — *үяльджанъ* (ұялшак)<sup>42</sup>, X—XIII ғасырлардағы Шығыс Туркестан грамматикасынан — *ајапчаң* (аяншак)<sup>43</sup> сияқты сөздердің табылып отыруы, ертеректе бұл жұрнақтың едәуір роль атқарғанын біл-діреді.

<sup>36</sup> Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954, 251-беттер.

<sup>37</sup> Хәзирки заман түркмен диля. Ашгабат, 1960, 267-бет.

<sup>38</sup> А. Н. Конопов. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.—Л., 1960, стр. 151.

<sup>39</sup> Э. Абдулдаев, Г. Бакинова, Н. Бейшекеев. Өзбекстандағы қыргыздардың тилиндеги жергиліктуу өзгөчөлүктер. Фрунзе, 1962, 78-бет.

<sup>40</sup> Н. К. Дмитриев. Грамматика башкирского языка. М.—Л., 1948, стр. 73.

<sup>41</sup> Codex cumanicus..., Budapestini, 1880, 259, 277-беттер.

<sup>42</sup> А. Казем-Бек. Аталған едбек, 91-бет.

<sup>43</sup> А. М. Щербак. Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII вв. из восточного Туркестана. М.—Л., 1961, стр. 118.

Бұл жұрнақтың этимологиясы жөнінде пікір айтушылардың бірі Рамстедт қытай-корей сөзі «čjaŋ» (шебер) сөзінен пайда болған деп, сол тілдерден бірнеше сөздерді көлтіреді де, қазақ тіліндегі «сөзшен», «киімшен» дегендерді сол сөзбен байланыстырады<sup>44</sup>. Бұл пікірді түркологтардың біразы қостамайды. Алайда, Рамстедтің бұл пікірі дұрыс па, бұрыс па кесіп айту қынын. Бізді құмәнданыратын нәрсе алғаш зат есімге жалғанатын бұл жұрнақ, қалайша етістікке ауысып, сын есім жасауында. Түркі тілдеріндегі белгілі бір жұрнақтардың бірнеше сөз таптарына ортақ болуын еске алсақ, құмәндануымызды тағы да серпілте түседі. Беретін мәғынасына, бірінің орнына бірі жүруіне қаранды, бізге бір нәрсенің мүмкін екендігі сезіледі. Ол — алғаш -шақ, -шаң жұрнақтарының бір тұлғадан өрбүі. Ал соңғы «қ» дыбысы мен «и» дыбысының алмасып келуі әдеби тілде де ұшыраспайды емес. Мыс., сектеу — секендеу т. б.

б) Говорда жекелеген сөздерде кездессе де, қолданылуы жағынан жі ұшырап отыратын кейбір заттың түсін, түрін білдіретін сын есімдердің жұрнақтары туралы да айта кеткен жөн.

-ымтыл, -імтіл — көгімтіл (көкшіл), сарғылтыл (сарғылт), қарамтыл (қаралау). (Соңғысы говорда өте сирек қолданылады). Тона сағылтыл көрінгендер түйе болмасын. Көзің алдына не болған, көгімтіл деңін түрғой (эксп.).

Осы сөйлемдердегі «сарғылтыл», «көгімтіл» сөздерін жасап тұрган -ымтыл, -імтіл жұрнақтары түркмен тілінде шырай жасауга қатынасып -ымтыл, -імтіл тұлғаларында көрінеді<sup>45</sup>. Өзбек тілінде -имтир, -імтил (соңғысы өзбектің қазіргі кездегі әдеби тілінде сирек қолданылады) формасында ұшырасып, шырай жасауга белсенді қатынасады<sup>46</sup>. Қыргыз тілінде де бұл жұрнақтар тубірге кейде -ымтыл түрінде жалғанып отырады<sup>47</sup>. Ал қарақалпақ тілі мен ногай тілдерінде қазақ

<sup>44</sup> Г. И. Рамстедт. Введение в алтайское языкознание. М., 1957, стр. 210.

<sup>45</sup> Хәзирки заман түркмен диili. Ашгабат, 1960, 274-бет.

<sup>46</sup> А. Н. Кононов. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.—Л., 1960, стр. 161.

<sup>47</sup> И. А. Батманов. Грамматика киргизского языка. Фрунае, 1940, стр. 41.

тіліндегі -ғыл+тым тұлғасына сәйкес біріншісінде -юлтім, екіншісінде, -ғылдым, -ілдім тұлғаларында кеңеседі<sup>48</sup>. Ески өзбек тілінде -имтириден гәрі -имтил басымырақ қолданылғандығы байқалады<sup>49</sup>.

Көрсетілген жұрнақтың қай тілде қалай тұлғалануына кідірінкіреп отырган себебіміз — осы жұрнақтың шыққан төркіні туралы пікірлерді көрсете кетумен байланысты болып отыр. Қазақ тілінде лексикасын зерттеуші ғалым Ғ. Мұсабаев, қазақ тіліндегі «қызғылтым, сарғылтым» сөздерінің құрамындағы -ғылтым-ды күрделі жұрнақ деп қарап, оны -ғыл+тым түрінде бөле отырып, соңғы -тым элементін қазіргі қазақ тіліндегі «тым» үстеуінен әнклитика, проклитика жолымен пайда болғанға ұқсайды<sup>50</sup> деген пікірде. Бір тілде -ғылтым, -гілтім, екінші бір тілдерде -ымтыл, -імтіл немесе -ғымтыл, -гімтіл болып келуіне қарастан (әрине, бұл аталған жұрнақтардың дыбыстық құрамдары бірыңғай болғандықтан -ғымтыл немесе -ғылтым құбылыстарын дыбыстардың өзара орын ауыстыруы — метатеза деп қаралғандаған) Ғ. Мұсабаевтың пікірін өте орынды деп қарастаға болар еді. Бірақ қазақ тіліндегі «тым», түркмен, қарақалпақ тілдеріндегі «дым», өзбек тіліндегі «дим» үстеулөрі басқа тұystас түркі тілдеріндегі үстеулөрмен тұлғасы, мәғынасы жағынан сәйкес келсе де, көбіне-көп оларда мұндай үстеулөр белгілі бір сөздермен ғана тіркесіп келмейтіндігі байқалады<sup>51</sup>.

Екінші бір этимологиялық болжамды В. Котвичтің «Исследования по алтайским языкам» (М., 1962) деген еңбегінен кездестіреміз. Ол түркі тіліндегі -mɪl, mɪl жұрнағының әр тілдердегі (әрине, түркі тіліне кіретін. — Э. Н.) көріністерін мысалға ала келіп, монгол тіліндегі сол мәғынада кең жайылған жұрнақтар -btur, -btür мен салыстырып, мұның түркі тілдеріндегі вариантыармен байланысы барлығы құмәнсіз дей келіп, олар (жұрнақтар) монгол тілінде сакталған «metü»

<sup>48</sup> Н. А. Баскаков. Каракалпакский язык, ч. II. М., 1952, стр. 207; Ногайский язык и его диалекты. М.—Л., 1940, стр. 70.

<sup>49</sup> А. М. Щербак. Грамматика староузбекского языка. М.—Л., 1962, стр. 131.

<sup>50</sup> И. Кенесбаев, Ғ. Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1962, 18-бет.

<sup>51</sup> Ф. Г. Исхаков. Имя прилагательное. В кн.: Исследование по сравнительной грамматике тюркских языков (ИСГТЯ). ч. II. М., 1956, стр. 168—169.

оны біз тек түркмен тілінен іздеп таба аламыз. Түркмен тілінде: *Бир эшек, бир хораз, бир гечи — у ч у с и дост болупдырлар* (бір есек, бір әтеш, бір ешкі — ушеудос болыпты), *немесе и к и болуп экзамене тайярландык*<sup>56</sup> (екеуміз экзаменге даярландык). Осы сейлемдерден-ақ қазақ тіліндегі жинақтық сандарды жасайтын -*«ay, -ey»* жұрнақтарының орнына түркмен тілінде басқа грамматикалық тәсіл қолданылатындығы көрінеді. Демек, түркмен тілінде жинақтық сан есімге тән -*ay, -ey* жұрнағы жоқ. Оның орнына есептік санның түбіріне -*уси* жұрнағы жалғанады еken немесе есептік саннан кейін «*болуп*» сөзінің келуі арқылы жинақтық сандар жасалатындығы байқалады<sup>57</sup>. Мұнымен катарап «*бір*» саны алдында ілік септіктің жалғауы бар саннан кейін келгенде «*бірі*» тұлғасында емес, «*бираиси*» түрінде кездесетіндігін тағы көреміз. Мысалы, *Дердуң б и р и с и — нөкер*<sup>58</sup>. Бірақ жинақтық сандар жасайтын -*ay, -ey* тұлғалары түркмен және түрік тілдерінде болмау себебін немесе басқа тілдерде (өзбек, қазақ, қарақалпақ, башқұр т. б.) ол тұлғаның қалай пайда болғанын ашу және болжам айту біз үшін қызын. Алайда, мынадай бір жағдайды көрсете кеткіміз келеді. Ертедегі түркі жазбаларының ескерткіштерінде олардың «*бірі*» немесе «*біреуі*» деудін орнына «*birsi*» тұлғасын көреміз<sup>59</sup>, — бұл біріншіден. Екіншіден, Әбілғазының шежірелерінде мына төмендегідей сейлемдерді кездестіреміз: *Т о р т у с и ham ojli ва көб маллы кәдхудалар* болуб «и все четверо, обзаведясь домами и став очень богатыми хозяевами...» *i к к i с i біртәк* болды «оба как один оказались»<sup>60</sup>. Соңғы келтірілген екі сейлемде де «*төртусі*» сөзі «*төртеуі*», ал «*іккісі*» сөзі «*екеуі*» деген сөздердің мағынасына ие болып, солардың орнына жүріп тұр. Осыларға қараганда, қазіргі кейбір түркі тілдеріндегі -*ay, -ey* жұрнақтары кейін пайда болған ба деген ой туады.

Қазақтың әдеби тілінің нормасында белгілі бір заттың санын көрсеткендегі есептік санынан соң мал туралы

<sup>56</sup> Хазирки заман түркмен дили. Ашгабат, 1960, 296-бет.

<sup>57</sup> Сонда.

<sup>58</sup> Сонда, 299-бет.

<sup>59</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М.—Л., 1951, стр. 194.

<sup>60</sup> А. Н. Кононов. Родословная түркмен. М.—Л., 1958, стр. 135.

әңгіме етілсе «*бас*» сөзі, басқа жансыз заттардың кейбіреулеріне «*дана*» сөзі тіркесіп келсе, говорда олардың орнына «*түйір*», «*саны*» сөздері өте жиі қолданылады. «*Түйір*» сөзі онша жиі болмаса да, бірқатар заттар үшін қазақ тілінде де қолданылады. Алайда говорда оның қолданысы дағдыдан тысқары. «*Саны*» сөзі қазақ тіліне жат құбылыш. Түркмен тілінің әдеби нормасында бұл сөз көбінесе адам санын білдіргенде ғана қолданылады да, ал басқа заттар үшін — мал үшін «*бас*», жансыз заттар үшін «*әнде*» сөздері тиісті саннан кейін қосылып айтылады<sup>61</sup>. Жергілікті қазақтардың тілінде бұл қавида сақталмай адамға да, малға да, жансыз заттарға олардың санын көрсету керек болғанда «*саны*» сөзі қосылады. Ескерте кететін нөрсе, жергілікті қазақтардың қолданысында көбіне «*саны*» сөзінің соңғы «*ы*» дыбысы түсіріліп айтылады. Мұны, есіреле, сейлеу тілінде аңгаруға болады. Мысалы: *Құндыз, екі сан қасық әкелің!* (эксп.). *Жолдас Маммединовың тустанғімен 6 саны әйел-қыздар колхозга мүше болды* («Жұмысшы», 19/VII-46). Жергілікті қазақтардың бұл сөзді жанды, жансыз заттардың санын көрсетуде талғамай қолдана беруінің де заңдылығы бар сияқты. Ол заңдылық түркменнің әдеби тілінде емес, диалектілерінен көрінеді. Түркмен тілінің кейбір диалектілерінде «*саны*» тұлғасы кейде «*санак*» формасына дейін үлгая түседі және жанды, жансыз заттардың санын көрсетуде қосылып келе береді<sup>62</sup>.

Қазақ тілінде болжалды сандарды жасаудың бір жолы — барыс септеудегі есептік сандардан кейін «*жыық*», «*тарта*» деген сөздер арқылы болса, зерттеліп отырган говорда соңғы көрсетілген сөздердің орнына «*қолай*» сөзі тіркесіп келіп болжалды сандар тудырады. *Шагадамға жетпіс мыңға қола ый халық тұрады* (эксп.). *Бұл екі поселкада екі жүзге қола ый жұмысшы және балықшылар тұрады* («Жұмысшы» газеті, 22/VI-55). Бұл сөз қазақ тіліндегі «*жакын*», «*жыық*» деген мағынаны беретін түркмен тіліндегі «*голай*» сөзінен алынған (Түркмен дилиниң сөзлугі, Ашгабат, 1962).

<sup>61</sup> Хазирки заман түркмен дили. Ашгабат, 1960, 289-бет.

<sup>62</sup> М. Атажанов. Түркмен дилиниң салыр диалекти. Ашгабат-Мары, 1958, 19-бет.

Бөлшекті сандар жөнінде де бір-екі ерекшеліктерді көрсете кетейік. Қазақтың әдеби тілінде де «жарты», «жарым» сөздері бар. Бірақ бір мағынаны беретін осы екі сөздің әдеби тілдегі қолданысы бір тегіс емес. Бұл жөнінде кезінде, «жарым», басқа бір санмен қосылып келіп қолданылса, «жарты» дербес, жеке айтыла беретіндігін, П. М. Мелиоранский көрсеткен болатын<sup>63</sup>. «Жарым» мен «жарты» сезі қазіргі кезде де, әдеби тілімізде көрсетілген қағиданың шегінен аспайды. Ал говорда олай емес. Мұнда «жарым» сезі жеке, дербес тұрып та қолданыла береді. Тамыңның жарымын бізге сатың (эксп.). «Күльтүз» промысласының колективі жарым жылдық жоспарларын мерзімнен... бұрын орындағы («Жұмысшы» газеті, 4/VI-48). Говордағыдан «жарым» сезінің кең қолданылуын түркмен тілінен<sup>64</sup>, қала берді, өзбек тілінен<sup>65</sup> жіңі ұшыратамыз.

Белшек сандарга байланысты говордағы тағы бір ерекшелік мына түрде кездеседі: «жарым» сезімен байланысты сағат арқылы уақыт білдіруде алдымен тұтас сан атау септігінде айтылып, соナン соң «жарым» сезі қосылып айтылады. Мысалы: *Мен сағат он жарым да жедім*. Ал говорда тұтас сан ілік септігінде тұрады да, ал «жарым» сезі «жарты» сезімен алмастырылып тәуелдік жалғауын қабылдайды. *Тогыздың жартысында химиядан откізетін сабакын бар* (эксп.). Жубаниязовтың кесірінен сол күнгі ойын түнгі сағат он екінің жартысында басталды («Қара бұғаз. жұмыс.» газеті, 7/VI-37). Ерекшелік ретінде көрсетіліп отырган бұл құбылыс та түркмен тілінің әсерінен пайда болған. Уақыттың осында қолданылуында мағыналық ерекшелік барлығын көреміз: егер говорда «сегіздің жартысы» деген сез кездессе, оны «сегіз жарым» деп үқпай «жеті жарым» деп үққандаған мағынасын дұрыс түсінген болып шығамыз.

<sup>63</sup> П. М. Мелиоранский. Аталған еңбек, I, 1894, 66-67-беттер.

<sup>64</sup> Хәзирки заман түркмен дили. Ашгабат, 1960, 294-295-беттер.

<sup>65</sup> А. Н. Кононов. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.—Л., 1960, стр. 168.

Ең сонында, говорда ерекшелік ретінде айта кететін нерсе, әдеби тілде есептік сандарға -лан, -лен жүрнектары және оның дыбыстық вариантының қосылып барып топтау, болжалды мағынаны білдіретін сандар (мындал, жұздел т. б.) говорда шығыс септік жалғаулары арқылы беріледі. *Мың наң жылқы айда да, байдардың пейілі жаман болды* (эксп.).

*Мың наң жылқы айдаған,  
Жүзден бие байлаган...*

(Әубекір елеңі).

#### 4. Есімдік

Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде де, есімдіктердің саны басқа сез талтарына қараганда өте аз, санамалы мөлшерде кездесетіндігіне қарай говорда да ұшырасатын ерекшеліктер сан жағынан ықшам.

Сілтегеу есімдігі. Қазіргі қазақ тілінде өзімізге таныс сілтегеу есімдіктерінің ішінде ұшыраспайтын, тек әңгіме болып отырган говорға тән — тона, тонау сілтегеу есімдігі бар. *Тона дағы сұр жорабым қайда?* (эксп.). *Тона да актиетердің жұмысының кемшилігін сындағаның ушин... сотқа береміз деп дабыл көтерген* («Жұмысшы» газеті, 22/VII-39). Бұл есімдік өзінің мағынасы жағынан әдеби тілдегі «сона», «сонау» есімдігінің орнына жүреді. Говорда оның қолданылу өрісінің кеңдігі, айтылуының жиілігі сондай, әдеби тілдегі «сона», «сонау» есімдігі тіпті назардан тыс қалады десек те асыра сілтегендік болмайды. Ерекшелік ретінде көрсетіліп отырган есімдік Қазақстан территориясындағы батыс облыстардың тұрғындарының тілінде айтылады<sup>66</sup>. Есімдіктің бұл түрі кейір қазақ тілін ертеректе зерттеген ғалымдардың қаламына да іліккен. Н. И. Ильинский: *тунёу* — «вон там»; *тёнөугі* — «намеднишний» деген мағыналарды мезгейтіндігін көрсеткен<sup>67</sup>.

Қазақтың тілінде тона, тонау есімдіктерімен сәйкес түнеугұні сезі бар. Говордағы сілтегеу есімдігінің осы

<sup>66</sup> Ш. Сарыбаев. Батыс Қазақстан экспедициясының материалдарынан. Жинақ: «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», 4-шығуы. Алматы, 1962, 32-бет.

<sup>67</sup> Н. Ильинский. Материалы к изучению киргизского наречия. Казань, 1861, стр. 118.

сөзбен түбірлес екендігі байқалады<sup>68</sup>. Қазақ әдеби тілінде кездесетін осы сөзді біз «Codex cumanicus»-те *tupasip*, *tupachun*, *tupekun* тұлғаларында «кеш», «жақында өткен күн» мәғынасында ұшыратамыз<sup>69</sup>. Мұның өзі бұл сөздің қазақ тілінде кейбір дыбыстық езгерістермен (түне(у) гүні) өртеде-ақ «тона», «тонау» есімдігінің негізінде қалыптасқандығын анықтай түседі.

Кейбір түркі тілдерінде *tigil* (қыргызша), *tuge* (татарша, башқұртша), *tigi* (хакасша) түрінде келетін сілтеу есімдіктердің этимологиясын әңгіме етуші зерттеушілер өз болжамдарын көрсеткен болатын. Біз солардың пікіріне тоқтала отырып, соңында өз пікірімізді айта кетпекліз.

Ф. Г. Ишаков қыргыз тіліндегі *tetigi* және *tetigini* есімдіктері *te+tagi* түрінде ажыратта келіп, алғашқы «te» тува тіліндегі *төө-нің*, алтай тіліндегі «ту»-дың варианты болуы мүмкін деп жорамалдайды<sup>70</sup>. Осы пікірді негізге ала отырып, Ш. Сарыбаев қазақ тілінің жергілікті ерекшелігіндегі «тона», «тонау» сезіндегі алғашқы «то» элементі тува тіліндегі «доо» есімдігіне сәйкес дей келе, «тонау», «тунеу» сезідері қазақ тіліндегі кейбір күрделі, құрамды *sonau<sol+anau*, *osynaau<осы+анау* есімдіктерінің жасалу жолы арқылы *tu+anau* ретінде қалыптасқан деп көрсетеді<sup>71</sup>. Жоғарыдағы көрсетілген есімдіктердің тува тіліндегі «төө//доо» немесе алтай тіліндегі «ту» есімдігінен пайда болуы, соның вариантары деген жорамалдарды орынды деп қарауға болады.

Қазақ тіліндегі кездесетін «сонау», «мынау», «осынау» сілтеу есімдіктері сыртқы тұлғасына қараганда, олардың *sol+anau*, *осы+анау* деген сезідердің қосындысынан туды дерлік жорамалға әкелетіндігі заңды сияқты. Алайда, В. Котвич сияқты алтай тілдерін зерттеуші мамандар басқаша жорамал көрсетеді. В. Котвич та «мынау», «сонау» деген сілтеу есімдіктерін күрделі есімдіктер деп көрсетеді де, оның соңындағы

<sup>68</sup> Ш. Сарыбаев. Аталған мақала, 32-бет.

<sup>69</sup> Codex cumanicus..., Budapestini, 1880, 80, 281-беттер.

<sup>70</sup> Ф. Г. Ишаков. Местоимения. В кн.: ИСГТЯ, ч. II. М., 1956, стр. 249.

<sup>71</sup> Ш. Сарыбаев. О местоимениях ту, тунеу. «Известия Академии наук Казахской ССР», серия филологии и искусствоведений, 1959, вып. I.

дауысты -о, -у дыбыстарын сілтеу есімдігін қүшнейтудегі қосымша деп біледі. Сонымен бірге жаңа үйір тілінде сілтеу есімдіктерінің жақсы дамыған жүйесінің ішінде -па ~ пә қосымшаларына аяқталатын *tala*, *epe*, *ana*, *eina*, *aina*, *taina* есімдіктерінің де тысті орын алатындығын көрсеткен<sup>72</sup>. Осы жорамалға қарап, «тона» есімдігі де қазақ тіліндегі «мына», «сона», «міне», «әне» сияқты сілтеу есімдіктеріне қосылған -па, -пә жалғаулары арқылы жасалмады ма екен деген ойға келеміз. Ал олардың соңындағы «у» дыбысы В. Котвич көрсеткендей, белгілі бір заттың, не іс-әрекеттің алыс екендігін немесе өртеде өткендігін сезідіру үшін әмоциялық әсерден туған сілтеу есімдіктерді қүшнейте тусу үшін қосылған қосымша болуы мүмкін. Котвичтың бұл жорамалың қостай түсерлік екінші бір дәлел тұтатын нерсе қазақ тілінің өзінен де кездескендей. «Сонау», «мынау» сілтеу есімдіктеріне сәйкес қазақ тілінде тағы «анау» есімдігі бар. Соңғы есімдікті де («анау» есімдігін де) *sonau<sol+anau*, *osynaau<осы+анау* тұрғысынан қарасақ, қандай бөліктеге ажыратуға болатындығы қындау. Котвич тағы да «epe», «eine», «taina» есімдіктері монгол тіліндегі «е» және «te» элементтерінің негізінде пайда болғандығын айтады<sup>73</sup>. Осыған қарағанда қазақ тіліндегі «ана» сілтеу есімдігі де «epe», «eine» есімдіктерінің дыбыстық вариантының бірі болар деген ой тудады.

Сонымен қатар В. Котвич түркі тілдеріндегі кездесетін *tigi* немесе *tä* (Сібір және Волга бойындағы диалектілерде), *tigi* (*tigil*) және *tetigi* (қыргыздарда), *tu* (алтай диалектілерінде) сияқты сілтеу есімдіктерін монгол тіліндегі «tere» сілтеу есімдігіндегі соңғы -ge элементі пайда болмай тұрған кездерде ауысып алынғандығын көрсетеді<sup>74</sup>.

Осы көрсетілгендерден біз, ең алғаш монгол тілінен кейбір түркі тілдеріне *doо/tөө*, *tu* тұлғасында өткен сілтеу есімдіктері алғаш сол күйінде қазақ тілін де қамтып, кейін қазақтың әдеби тілінде ол тұлға кейбір сезідерде (тунеугүні) ғана сакталып, қазақтардың бір белегінде, атап айтқанда, зерттеліп отырған говорда

<sup>72</sup> В. Котвич. Исследование по алтайским языкам. М., 1962, стр. 147, 149.

<sup>73</sup> Сонда, 147-бет.

<sup>74</sup> Сонда, 142—143-беттер.

сілтеу есімдігі күйінде сақталып, күні осы уақытқа дейін қолданудан шықпағандығын байқаймыз.

Сөйтіш, говордағы ерекшелік ретінде саналып отырған «тона», «tonau» етістігі, алғаш монголдардан «те» тұлғасында түркі тілдеріне ауысып *доо//тоо*, *ту* вариантына өзгерсе, одан қазақ тілінде «то» қалпында жоғарыда көрсеткен -на қосымшасын қабылдап «то+на», одан әрі сілтеу есімдігін күшепту қосымшасы «у» дыбысын қабылдап «то+на+у>tonau тұлғасына дейін жеткен болар деп жорамалдаймыз.

Сұрау есімдіктері. Есімдіктердің бұл түрлерінде тұлғасы жағынан қазақтың әдеби тіліндегі сұрау есімдіктерінен ауытқушылық жоқ. Говорда ерекшелік ретінде бір сұрау есімдігінде орнына екінші бір сұрау есімдігі қолданылатындығын көрсетумен шектелуге тұра келеді. Әдеби тілдегі «қай?» сұрау есімдігінде орнына кейде говорда «кім?» және «не?» сұраулары қолданылады. «Кім?» есімдігі «қай?» есімдігінде орнына кебінесе адамға байланысты, дәлірек айтсақ, екінші бір адамның ұлтын, руын білгісі келгенде немесе белгілі бір адамды тағайындалап, анықтап білуге ниеттенгенде өте жиі қолданылады. *Кім қазақсың?* *Кім оқушы жоқ?* (эксп.). Алғашқы сөйлемде қазақтың ішінде қай рудан екенін білгісі келген адамның қалпы көрінсе, екінші сөйлемде сабактан қалған оқушының кім екендігін анықтап білу қалпында қойылған сұрақ екендігі байқалып тұр. Демек, адамнан басқа затқа бұл сұрақ говорда қойылмайды.

«Қай?» сұрағының орнына говорда «не?» сұрағы белгілі бір адамның не заттың қай орыннан, қай жерден екендігін білгісі келгенде қойылады. *Не йерден келдің?* (эксп.). Говордағы «не?» сұрағы «қай?» сұрағының орнына қолданғанда алғашқы «кім?» сұрағындаі адаммен ғана байланысты қолданылып қана қоймай, жанды, жансыз заттардың бәріне ортақ, қойылатын сұрақ. Мұның олай болатын мәнісі — түркімен тілінде орын-мекенмен байланысты қойылатын негізгі сұрақ *-nire?* тұлғасынан келіп шығуы<sup>75</sup>. Демек, жергілікті қазақтардың тілінде түркімен тілінің бұл сұрау есімдігі «не йер?» деген тіркес сез ретінде қайта жасалып тұр. Осыдан көліп, қазақтың әдеби тіліндегі «қайда?»

«қайдан?» сұрау есімдігінде орнына жергілікті тіл ерекшелігінде «не йерге?» «не йерден?» деген жиі қолданылатын сұрау есімдіктері туып отыр. Ал жоғарыда көрсетілген «қай?» сұрауының орнына қолданылатын говордағы «кім?» сұрау есімдігі қазақтардың осы «-nire?» есімдігінде негізінде, соның әсерімен өздері тудырып, пайдаланып жүрген болар деген ой тудады. Өйткени түркімендердің сөйлеу тілінде болмаса әдеби тілінде, не тілдің грамматикасында «кім?» сұрау есімдігінде говордағыдан магынаға ие болатындығы байқалмайды.

Белгісіздік есімдігі. Қазақтың әдеби тілінде тұлғасы жағынан кездеспейтін, бірақ магынасы жағынан «кейбіреу, «біреу» белгісіздік есімдіктерінде орнына жүретін «кімісі» есімдігі говордағы ерекшелік тің біріне жатады. Бұл есімдік кейде қысқара келіп «кімі», тіпті «кім» түрінде де қолданыла береді. *Кім ісі шай ішіп, кім ісі бетімен отырды.* *Кім онда, кім мұнда қалды* (эксп.). Говорда кездескен бұл есімдік түркімен тілінде белгісіздік есімдігі қатарында «кимсе» тұлғасында кездеседі<sup>76</sup>. Бұл есімдік өзбек тілінде «кимса», түркі тілінде «kimse» формаларында кездеседі де, олардың әрқайсысы, соңғы екі тілдің қайсысында да сөйлемдегі баяндауыштың болымды, болымсыздығына байланысты екі түрлі магынаға ие болып келеді. Сөйлемдегі баяндауыш болымды түрде кездескенде ғана, көрсетілген тұлғалар бұл тілде белгісіздік есімдігі бола алады<sup>77</sup>. Говорда кездесетін «кімісі» белгісіздік есімдігінде жоғарыда қысқарған түрі деп көрсеткен «кімі» тұлғасын тап осы күйінде құмық тілінде кездестіруге болады<sup>78</sup>. Сөйтіп бірқатар түркі тілдері үшін белгісіздік есімдігінде бұл түрі жат емес екен. Әрине, бұл есімдікте говорда ұшырасуын ең алдымен түркімен, қала берді өзбек тілінің әсері деп білеміз. Біз есімдіктің бұл түрін Рабгузидың «Пайғамбарлар тарихында» да «kimirsä» (کیمیرس) <sup>79</sup> тұлғасында,

<sup>76</sup> Соңда, 328-бет.

<sup>77</sup> А. Н. Коннов. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.—Л., 1960, стр. 184; Грамматика современного турецкого литературного языка. М.—Л., 1956, стр. 179.

<sup>78</sup> Н. К. Дмитриев. Страны тюркских языков. М., 1962, стр. 338.

<sup>79</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М.—Л., 1951, стр. 327, 394.

<sup>75</sup> Жазылған заман түркмен дили. Ашхабад, 1960, 323-бет.

Әбілғазы шежіресінде «*кімәрсä*» түрінде кездестіре-  
міз<sup>80</sup>.

Әңгіме етіп отырған белгісіздік есімдігінің шығу  
теркіні туралы пікір айтушылар бұрынғы-соңғы түркі  
тілдерін зерттеушілер арасынан кездеспейді. Тек қана  
Казем-Бек күнгірт, солғын болжамының ұштығын көр-  
сетеді. Оның шілдесінде «*кимсэ*» сөзі «*кимсенэ*» тұлға-  
сынан шығып, одан қысқара келе «*кімі*» болып<sup>81</sup>, бел-  
гісіздік есімдігі ретінде қолданылады. Жоғарыда көр-  
сетілген ескі жазбалардағы «*kimirsä*», «*kitersæ*» тұл-  
ғаларының Казем-Бек көрсеткендегі «*кимсенэ*» формасына  
дейін өзгеруінің өзі тілдегі заңдылықтарға сиыста-  
пайтын сияқты.

Дұрыстығына кепілдік алу қын, дегенмен өз болжамымызында айта кетейік. Беретін мағынасына қарай  
және тұлға сейкестігін онымен бірге кейір дыбыстар-  
дың түркі тілдеріндегі заңдылыққа қарай өзгеруін еске  
ала отырып, говордағы «*кімі*» сөзін «*кім+birisi*»  
деген екі сезіндің қосындысынан шықпады ма екен деген жорамалға жол беріп отырмыз. Мұнда ойымызға  
тірек ретінде екі түрлі жағдайды еске алмақшымыз.  
Оның бірі, В. Шott көрсеткен «*кім?*» сұрау есімдігінің  
монголдың *кіт*-*йп* (адам) деген сезінен шыққан болар  
деген болжамы болса<sup>82</sup>, екіншісі, ескі түркі тілінің жаз-  
ба ескерткіштеріндегі «*kip*» — адамдар, халық<sup>83</sup> деген  
мағынаны беруі. Осы тұрғыдан алғанда «*кім*» сезінің  
алғашқы мағынасы «адамдар» делік. Енді біз көрсет-  
кен сезіндің екінші сынары «*birisi*», дәл осы тұлғага  
сәйкес «*birsi*» түрінде ескі түркі жазуларында ұшы-  
расып<sup>84</sup>, қазіргі тіліміздегі «*biri*» (толығырақ айтсақ,  
«олардың бірі») деген мағынаны береді. Осы көрсетіл-  
гендерден біз «*адамдардың birisi*» деген тіркес туры-  
замыз да, жоғарыдағы болжамдар рас болған жағдай-  
да «адамдар», «адам» мағынасының алғашқы тұлға-  
сы «*kÿl*» — «*йп*», «*kÿn*» сезінен шыққан «*кім*» тұлға-

<sup>80</sup> А. Н. Кононов. Родословная туркмен. М.—Л., 1958, стр. 138.

<sup>81</sup> А. Казем-Бек. Общая грамматика турецко-татарского языка. Казань, 1846, стр. 123.

<sup>82</sup> А. Н. Кононов. Грамматика современного турецкого литературного языка. М.—Л., 1956, стр. 177.

<sup>83</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М.—Л., 1951, стр. 397.

<sup>84</sup> Соңда, 194-бет.

сын қойсақ «*кім+birisi*» деген тіркес пайда болады. Осы тіркестің нәтижесінде іргелес келген билабиаль «*м*» және «*б*» фонемаларының бірі, әсіресе соңғы «*б*» фонемасы, түркі тілінің заңдылығына байланысты алғашқы «*м*» дыбысына сәйкестеніп «*кіmmirsi*» болып өзгеруі немесе біріккен сөздерде көп кездесетін дыбыс түсіп қалу заңдылығына байланысты «*б*» дыбысы ту-  
сіп барып, «*кіmrsi*» болып қалыптасуы мүмкін. Ал жоғарыда көрсетілген Рабгузида «*kimirsä*», Әбілғазы-  
да «*кіmärsä*» тұлғаларындағы әр түрлі болып келуін  
езу өрі жіңішке дауыстылар «*i*» мен «*e*»-нің арасында  
жіңі кездесетін құбылыс деп білеміз. Сейтіп, одан кей-  
інгі өзгерістер нәтижесінде: *кіmrsi*>*кіmrsæ*//*кіmärsä*>*кимсе*//*кімсæ* тұлғасына дейін өзгерген болса керек.

## 5. Етістік

Жергілікті қазақтар тіліндегі ерекшеліктердің ішін-  
де өзінің алуан түрлі болып келуі және жиі қолданы-  
луы жағынан етістікке тән морфологиялық көрсеткіш-  
тер өзгеше орын алады. Солар арқылы әңгіме болып  
ottyрыган говордың қазақ тіліндегі басқа говорларға  
үқастық жағымен қатар, осы говордың өзіне тән ерек-  
шеліктері айқындала, анықталғанда. Бұл кітап кө-  
лемінде тек осы говордың өзіне тән деген бірлі-екілі  
етістік тұлғаларын ғана орналастыруға тұра келіп  
отыр.

—малы, -мелі, -палы, -пелі — бұлар құрамы жағынан  
курделі жұринақтар. Қазақтың әдеби тілінде кездеспей-  
тін бұл жұринақ говорда етістік түбіріне жалғанғанда  
бірқатар мағынаға ие болады. Сол *ауданнан товар а л а лы*. *Бала келсе де қой сой малы* (эксп.).  
Экспедиция материалдарынан келтірілген бұл мысалдардан -малы жұринағы жалғанған, баяндауыш қызметін атқарып тұрган етістіктер, әдеби тілдің тұрғысынан  
алып қараганда, курделі баяндауыштың, дәлірек айт-  
қанда, тұйық етіс пен «көрек», «тиіс» модаль сөздері-  
нің тіркесіп келіп предикаттанғанда беретін мағына  
орнына жүріп тұр. Мұндай жағдайда бұл жұринақтар  
кебінесе III жақта қолданылады да, өзінен кейін басқа  
қосымшаларды қажет етпейді. Егер жоғарыдағы сей-  
лемдерді қазақтың әдеби тіліндегі нормага бейімде-  
сек: *Сол ауданнан товар а л у к е р е к*, *Бала кел-*

*се де, қой сою көрек»* қалпында құрылған болар еді. Магына жағынан бұл жұрнақтар белгілі бір іс-кимылды жүзеге асыруда міндettілікті жүктең тұрады. I, II жаққа тән іс-әрекет, қимылды көрсеткенде сол жақтарға тиісті жіктей есімдіктер атау септігінде болады да, -малы, -мелі, -палы, -пелі жұрнақтарынан кейін қажетті жіктік жалғауы жалғанады: *Мен бармалынын* (менің баруым керек), *сен бармалысың* (сенің баруың керек). Бірақ жергілікті қазақтардың тілінде мұндай жағдай сирек ұшырасады да, көбіне ол жұрнақтар жалғанған сездер өзгеріссіз қалып, жаққа қарай жіктелу міндеттің «е» көмекші етістігі атқарады. Демек, *бармалы едім, келмелі едің* түрлері жиі қолданылады.

Говорда бұл жұрнақ арқылы екінші бір жиі берілеттін магына әдеби тілдегі мақсатты келер шақ магынасы. *Мен кинога бармалы едім. Бүгін ол сол қызыды барып көрмелі* (эксп.). Міне бұл сейлемдерде көрсетілген жұрнақтар әдеби тілдегі мақсатты келер шақ жасауға тиісті -мақ, -мек және солардың дыбыстық вариантарының орнына жүріп тұр. -малы, -мелі жұрнақтары етістіктің болымсыз жұрнақтарын өзінің алдынан етістіктің түбіріне жалғануын керек етпейді. Іс-әрекеттің болымсыздық жағдайын білдіруде көмекке «емес» сезі келеді де, басқа жалғауларды сол қабылдайды. *Шақидың тойында ол болмалы емес* (эксп.). (...булуға тиіс емес).

Етістіктің түбіріне жалғанатын мұндай күрделі жұрнақ түрі Қазақстан территориясында тұратын қазақтар тіл ерекшелігі немесе одан сыртқары жердегі қазақтар тілі жөнінде жиналған материалдарда, көркем әдебиеттерде де ұшыраспайды.

Сейтіп, -малы, -мелі және оның дыбыстық вариантары тек зерттеліп отырған говорга тән етістік жұрнақтары екендігі анық.

Етістіктің түбіріне жалғанатын мұндай күрделі жұрнақты тек түркмен тілінен кездестіре аламыз. Етістіктің мұндай тұлғада келген түрін түркмен тілінің грамматикасында «ишилиғиң хөкманлық формасы» (етістіктің міндettілік формасы) деп аталады да, оған тиісті жұрнақтар ретінде -малы, -мелі тұлғалары көрсетіледі. Міне осы тұлғалар жергілікті қазақтар тіліне еніп, говорга тән ерекшелік туғызып отыр. Қазақтар

қабылдаған бұл жұрнақтардың тұлғасында және қолданылуында түркмен тіліндегісімен ұқсастықтар бола тұруымен қоса, бірсыныра айырмашылықтары бар екендігін аңғару да қын емес. Түркмен тілінен қабылданған бұл жұрнақ мына сипаттарын говорда да сақтаған: біріншіден, говорда бұл жұрнақтар жоғарыда көрсетілгенде жалғанған етістікке болымсыз -ма, -ме жұрнақтарын қабылдатпайтындығы жағынан белгілі дәрежеде тұлғалық ерекшеліктерін де сақтаған. Түркмен тілінен басқа бұл жұрнақтармен істес түрк, азербайжан тілдерінде етістіктің болымсыздық жұрнағы -малы, -мели жұрнақтарының алдынан келе береді<sup>85</sup>. Алайда, жергілікті қазақтар қабылдаған бұл жұрнақтар жалпы қазақ тілінің заңдылығына байланысты магыналық жағынан да, тұлғасы жағынан да азды-көпті өзгерістерге ұшыраган. Түркмен тілінде бұл жұрнақтар тек міндettілік магынасын білдірсе, жергілікті қазақтар тілінде алғашқы магынасын сақтай отырып, мақсатты келер шақ магынасын беретін жағдайға дейін кеңең түскен. Тұлғалық жағынан бұл жұрнақтың түркмен тілінде екі-ақ түрін, -малы, -мелі формаларын, кездестірсек, говорда қазақ тілінің өз заңдылығымен байланысты -малы, -мелі мен бірге оның дыбыстық вариантары -палы, -пелі түрлері пайда болып, сан жағынан көбейе түскен. Бұл жұрнақтар жалғанған етістіктің болымсыздық түрі түркмен тілінде «дәл» сезінің келуімен берілсе, жергілікті қазақтар оның орнын өздеріне тән «емес» сезімен алмастырған. Түркмен тілінде бұл жұрнақтар жалғанған етістік сездер анықтауыш, толықтауыш ретінде де келе береді. Жергілікті қазақтар тілінде біз ондай жағдайды кездестіре алмадық. Түркмен тілінде бұл жұрнақтар жалғанған етістік басқа да қосымшалар жәрдемімен өткен шақ магынасын білдіре алады. Бірақ говорда жоғарыда көрсетілген магыналардан асып кете алмайды. Көрсетілген қосымша негізінен түркі тілдерінің ішінде оғыз тобына жататын тілдерге тән. Олардан басқа чуваш тілінде

<sup>85</sup> Хәзирки заман түркмен дири. Ашгабат, 1960, 394-396-беттер.

және татар тілінің кейбір говорларында ұшырасады<sup>86</sup>. -малы, -мелі жүрнақтары көрсетілген тілдерде есімшешінің жүрнағы деп саналады.

Қазіргі түркмен тілінде -малы, -мелі жүрнақтары күрделі ретінде -ма, ме және -лы, -ли деп ажыратылады да, алғашқы элементін етістіктен зат есім жасайтын жүрнақ, ал соңғы -лы, -ли элементтерін негізгі зат есімнен сын есім тудыратын қосымша деп танып, осы екеуінің қосындысынан келіп, етістіктің міндептілік формасын жасайтын жоғарыда аталған жүрнақтар пайда болған деп түсіндіреді<sup>87</sup>. А. Казем-Бек те -малы, -мелі жүрнақтарын екіге ажырата отырып, оның алғашқы элементі жөнінде: инфинитивтің -мақ, -мек жүрнақтарының соңғы «қ» және «к» дыбыстары «е» (арабша «о») дыбысына алмасуы арқылы етістіктен пайда болған, есім жүрнағы деп көрсетіп, -лы, -лі сөз тудыратын жүрнақ деп баяндайды<sup>88</sup>. Демек, оның пікірінше етістіктен зат есім тудыратын -ма, -ме жүрнақтары -мақ, -мек-тің соңғы дыбысының өзгерісінен туғанға үқсайды. Татар тілін зерттеушілердің бірі Л. З. Залялетдинов -ма+-лы, -мә+-ла жүрнақтарын -мақ+-лы, -мәк+-ла тұлғаларының қысқарған формасы деп таниды<sup>89</sup>. А. Казем-Бек тің жай ғана дыбыстардың алмасуынан пайда болған деп қарауынан гері, соңғы қысқару өтижесінде келіп шыққан деген пікір орынды да, нанымды көрінеді. Өйткені түркі тілдерінде соңғы «қ» не «к» дыбыстарының түсіп қалуы заңдылығын М. Қашғарийдың еңбектеріне сүйене отырып, В. Котвич та көрсетеді. В. Котвич түркі тілдеріндегі «қ» не «к» дыбыстарының түсіп қалуы өтижесінде инфинитивтің -maq ~ tek формасымен -та, -те тұлғаларының жарыса қолданылуын көрсетумен шектелмейді. Сонымен бірге түркі тілдеріндегі алғашқы кезде -саq, liy сияқты формалардың -са, -ли түрлеріне дейін қысқарғандығын факт ретінде ала

<sup>86</sup> М. Ш. Рагимов. Сравнительно-исторический метод и изучение диалектов тюркских языков. В кн.: «Вопросы диалектологии тюркских языков», том III. Баку, 1963, стр. 28.

<sup>87</sup> Хөзирки заман түркмен дили. Ашгабат, 1960, 395-бет.

<sup>88</sup> А. Казем-Бек. Общая грамматика турецко-татарского языка. Казань, 1846, стр. 66-67, 273.

<sup>89</sup> Л. З. Залялетдинов. Средний диалект татарского языка. Автореф... д-р филол. наук, Казань, 1954, стр. 19.

отырып дәлелдейді<sup>90</sup>. Соңғы көрсетілген жағдайларды еске ала отырып, -малы, -мелі жүрнақтарын инфинитивтік форманың қысқарып барып, одан кейін -лы, -лі жүрнағының қосылуы өтижесінде пайда болған деген пікірге қосыламыз. Есік түркі жазбаларының ескерткіштерінде мұндай күрделі жүрнақтардың кездеспеүінің өзі де, олардың кейіннен пайда болған грамматикалық тұлға екенін анықтай түседі. Басқаларға қараша кейінірек жазылған — Әбілғазы шежірелерінің өзінде де етістіктің міндептілікті (долженствовательная) білдіретін формасы -малы, -мелі жүрнақтары арқылы емес, синтаксистік тәсілмен берілген, толығырақ айтқанда инфинитивтің -мақ, -мек жүрнақтарымен келетін түбірден кейін «керек» сөзінің қолданылуы арқылы жасалған. Мыс. *Андақ айтмак кәрәк* (осылай айту керек) немесе *туркләрә түркана айтмак кәрәк* (туркілермен түркіше сейлесу керек)<sup>91</sup>.

-п(-ып, -ип) жүрнағы арқылы жасалған көсемшеге байланысты говорда айта қаларлықтай және жүйелі түрде кездесіп отыратын ерекшеліктер бар. Қазіргі қазақ тілінің термині бойынша «үнемсіз көсемшеге» атапына ие болып жүрген -а, е, -й жүрнақтары арқылы жасалған көсемшелер, күрделі етістіктің құрамында жиі келетін «баста», «біл» сияқты ауыспалы көмекші етістіктерден бұрын келгенде, өздеріне тиісті жоғарыда көрсетілген жүрнақтарынан айырылып көсемшениң екінші түріне — үнемді көсемшеге тән -п, -ып, -ип жүрнақтарын қабылдауының өтижесінде зерттеу объектісі болып отырған говордың ерекшелігін көбейте түсуде. Үнемсіз көсемшеге «баста», «біл» етістіктерімен тіркесте келгенде сыртқы тұлғасы жағынан үнемді көсемшеге айналған отырып, беретін магынасы әдеби тілдегі үнемсіз көсемшениң беретін магынасынан тіпті де ерекшеленбейді. Ел ең алдымен Сырға көшип бастады. Қоңыраттағыларда Қазақстанга кетіп бастапты (эксп.). Герман әскері... Польшаның терістік және түстік жағына шабуыл жасап бастаған («Жұмысшы» газеті, 7/IX-39). Март айының басында фермада қойлар қоздан, ешкілер лақтап бастады

<sup>90</sup> В. Котвич. Исследование по алтайским языкам. М., 1962, стр. 135, 292-293.

<sup>91</sup> А. Н. Кононов. Родословная түркмен. М.—Л., 1958, стр. 152.

(Бұл да сонда, 23/III-45). Келтірілген сөйлемдер әдеби тілдің қалпында құрылған болса, олардағы үнемді көсемшелер тұлғасында көрініп тұрган сөздер үнемсіз көсемше ретінде -а, -е, -й жұрақтарының бірін қабылдан болар еді. «Біл» аудиспалы көмекші етістігімен тіркесте келген көсемшениң жағдайы да жоғарыда келтірілген мысалдардан тұлғасы жағынан да, мағынасы жағынан да ерекшеленбейді. *б-класта оқысаң да, кітапты дұрыстап оқып біл мейді екенсің* (эксп.). *Кепшілік қызыметін уш нұсқауышының басқарып біл мейтін «ауруы жоқ».* Тек істемейтін деген адамғана *басқарып біл мейді* («Қарабұғаз. жұмыс.» газеті, 7/IV-37).

Қазақстан территориясындағы қазақтардың жергілікті тіл ерекшелігін жинаған материалдардың мәліметіне қарағанда, көсемше түрлерінің бұл сияқты бірімен бірі алмасып келуі жоққа тән.

Жергілікті жердегі қазақтармен аралас отырган халықтардың тілінде мұндай жағдай тек түрікмен тілінде кездеседі. Бұл тілде де говордағы ерекшелік ретінде көрсетілгенде «баста», «біл» етістіктерінің алдында келген үнемсіз көсемше, -п жұрнағымен аяқталатын үнемді көсемшеге айналып барып, қолданылып отырады<sup>92</sup>. Бірақ мұндай жағдай түрікмен тілінде ежелден келе жатқан дағды еместігі байқалады. XVIII—XIX ғасырлардағы түрікмениң жазба тілдерінде «баста» сезінен бұрын келген көсемше -а, -е жұрнақтарымен кездесіп отырган көрінеді де, ал -ып, -иң, -п тұлғалы көсемшениң қолданылуы кейін пайда болып, түрікменнің қазіргі әдеби тілінде тиянақты орынға ие болған<sup>93</sup>. Н. К. Дмитриев башқұрт тіліндегі көсемшелердің тұлғаларына тоқтай келіп, -а, -е, -й тұлғалы көсемшелер ескі тілде жиі қолданылса да, қазіргі кезде сирей түсіп, оның орнына -п (-ып, -иң) жұрнақты көсемше қойылатындығын көрсете кетеді<sup>94</sup>. Бұл пікір түрікмен тіліндегі кездескен жоғарыдағы жағдайды растай түседі. Тағы да бір айта кетуге тұрарлық нәрсе, түрікмен тілінің кейбір диалектілерінің ішіндегі говорларда қазіргі

<sup>92</sup> Хәзирки заман түркмен дили. Ашгабад, 1960, 435-бет.

<sup>93</sup> А. М. Хосрови. Деепричастия в туркменском языке. Автореф... канд. филол. наук. М., 1958, стр. 12.

<sup>94</sup> Н. К. Дмитриев. Грамматика башкирского языка. М.—Л., 1948, стр. 187.

турікмен әдеби тіліне қарама-қарсы келетін құбылыстар кездесіп отырады. Анығырақ айтқанда, «біл» етістігінің алдында келген көсемше түрікмениң әдеби тіліндегідей, немесе зерттеуге объект болып отырган говордағыдай -п тұлғасында кездеспей, қазақтың әдеби тіліндегідей -а, -е, -й тұлғалы көсемшелердің бірі келеді («алавилмек, «гелевилмек»)<sup>95</sup>. Бұл жағдайды біз қазақ тілінің әсері дегелі отырган жоқызы. Оның әзі, бәрінен бұрын, түрікмен тіліндегі ертеректегі грамматикалық көрсеткіштің сакталып қалған түрі болуы мүмкін. Ал жергілікті қазақтар тілінде туып отырган көсемшеге байланысты ерекшелікті қазіргі кездегі түрікмен әдеби тілінің әсері деп қарауға тура келеді.

Ендігі бір ой тудыратын нәрсе -а, -е, -й жұрнақтары арқылы жасалған көсемшелер неліктен тек «баста», «біл» сияқты етістіктермен тіркесіп келгенде тана -п, -ып, -иң тұлғалы көсемшеге айналады? Аудиспалы көмекшілер делініп жүрген басқа да «сал», «бер», «қой», «жібер», «кел» т. б. сияқты етістіктермен тіркесе келгенде үнемсіз көсемше неге үнемді көсемшеге айналмайды? Мұндай мәселелерді шешерлік пікір айтып, сұрактарға жауап беру қызын. Алайда, ойдан туған болжам, жорамал түріндегі пікірімізді ортага сала кетейік.

Аудиспалы көмекші етістіктердің көсемшеге түрлерімен тіркесте келулері бірқалыпты емес. Олардың бірағы, «сал», «бер» сияқтылары, үнемді, үнемсіз көсемшелердің кез келгенімен тіркесе береді де, тіркескен көсемшелердің сипатына қарай әр түрлі мағына береді. Мысалы, «алып бер» тіркесінде тұжырымдылық мағына білінсе, «ала бер» күрделі етістігінде тиянақсызыдық мағына көрінеді. Мұндай жағдайларда белгілі бір тұлғадағы көсемшени екінші бір тұлғалы көсемшемен аудистырып айту, сейлемдегі мағынага нұқсан келтіретіндіктен, мүмкін емес. Енді бірқатар, «жібер» іспеттес, аудиспалы көмекші етістіктер тек -п жұрнақты көсемшемен тіркесіп келіп қана тиісті мағынаны білдіре алады. Мысалы «беріп жібер», «алып жібер», «керіп жібер» т. б. Демек, бұл сияқты етістіктерге үнемсіз көсемшемен тіркесе келіп күрделі қалпында мағынага ие

<sup>95</sup> К. Шамурадов. Западные говоры емудского диалекта туркменского языка. Автореф... канд. филол. наук. Ашхабад, 1960, стр. 21, 22.

булу жат нәрсе. Сондыктан да, қазақ тілінде «ала жібер», «көре жібер» деген тіркестер үшіраспайды. Көмекші етістіктердің тағы біреулері «баста», «біл» тәрізділері көрсетілген жағдайға көрініше, кебінесе үнемсіз (-а, -е, -й) көсемшелермен тіркесе алатын қалпы бар. Мысалы, «сейлей бастады», «келе бастады» т. б. Мұндай көмекші етістіктерге үнемді көсемшениң тіркесіп келуі дағдылы нәрсе емес.

Осы жоғарыда келтірілген мысалдарды еске ала келіп, говордағы ерекшелікті кейбір ауыспалы көмекші етістіктер мен көсемшелер тіркесінің қарым-қатынасынан туатын магыналармен байланыстыра қараган дұрыс сияқты. Ойнызыды дәлірек білдірсек, говордағы ерекшелік мына жағдайлардан туган болса керек. Соңғы көрсетілген «баста» сияқты етістіктер тек үнемсіз көсемшемен тіркесіп қана белгілі магынаны береді де, үнемді көсемшемен тіркесте ешбір магына тудырмайтыны көрінеді. Мұндай жағдайда, жоғарыда келтірілген Н. К. Дмитриевтің шілдесінде сүйене отырып (ескі тілде -а, -е, -й тұлғалы көсемшениң жиі қолданылып, қазіргі тілдерде сирек үшірасып, оның орнына -п тұлғалы көсемшеше жиі қолданылады деген), үнемді көсемшеше «баста», «біл» көмекші етістіктерін белгілі бір кезеңдерге дейін иемденіп келген -а, -е, -й жүрнақты көсемшениң ығыстырудың нәтижесінде келіп, говордағы ерекшеліктің тууына жол ашпады ма еken деген болжам туады. Бұл болжамда табан тірерлік негіз болып отырған нәрсе — «баста», «біл» ауыспалы көмекші етістіктерінің -п жүрнағымен жасалған көсемшемен тіркесте басқа бір жаңа магына бере алмайтындығы. Демек, «айтып бастады» деген тіркесте өзгеше бір жаңа магына туып тұрмагандықтан, «айта бастады» тіркесінің беретін магынасын түсінуден басқа жол жоқ. Осындағы магына оқшаулығының жоқтығынан қалыптаса келіп, пайда болған құбылыс болуы мүмкін дегендің спалдаймыз.

-ар, -ер, -р тәрізді келер шақ есімше жүрнақтарының жергілікті қазақтар тілінде қолданылу шенберінде. Олардың қолданылу шенберінің кеңдігі жиі айтылумен сипатталмай, басқа түрлі тұлғалар беретін магыналарды өзіне иемдену тұрғысынан көрінеді. М: *Түйе саудыратындарың болса,*

*оны жасандар*. Бұл жерде говордағы -ар жүрнағы келер шақ есімшениң екінші түрі -тын қосымшасының орнына жүріп тұрғанын байқауға болады. -ар, -ер, -р жүрнақтары етістіктің болымсыздық түрінде де әр түрлі магынаға ие болады. М: *Темір басын өмірде жерге салмас* (эксп.). Бұл сейлемнің баяндауышы әдеби тілімізде «салмайтын» болып келуге тиіс. Келін Байрам-Тағанда неше күн бола р? (эксп.). Қарсыдан да *сульфат шығарма?* («Жұмысшы» газеті, 6/V-1939 ж.). Осы көрсетілген сейлемдердің баяндауыштары әдеби тілдегі магынасымен және магынаға сәйкес тұлғасымен айтсақ «болады», «шыға ма?» түрлерінде келген болар еди.

Кейде -ар жүрнақтарын жалғанған етістік сөздерден кейін «ушін» демеуі келген жағдайларда, -ар тұлғасы әдеби тіліміздегі тұйық етіс жүрнағының қызыметін де атқарады. М: *Қырқым кезінде жүнді дұрыс есепке ала рушін, сенімді адам тағайындалы* (эксп.). Қызымет жанды бола р ушін, ау советі әрбір нұсқауышыны пайдалана білуі керек («Қарабұғаз. жұмыс» газеті, 7/IV-37). Шын мәнісінде, осы сейлемдердегі «ушін» демеу сезінің алдындағы сөздер «алу», «булу» тұлғаларында келуі міндетті. Бірақ жергілікті қазақтар тілінде басқаша тұлғаға кез болып отырмыз.

-ар, -ер жүрнақтары енді бірде (әрине бұл ете сирек кездесетін жағдай) есімшениң өткен шақ -ған қосымшасының орнына жүретін кездері де үшірайды. М: *Үстірт адай халықтың талай жорғартар жерлері емес не еді* (эксп.). — Мен бір рет медицина комиссиясында жарамсыз тастай ма деп қорқар едім («Жұмысшы» газеті, 21/IX-39).

Келер шақ есімшениң -ар, -ер, -р тұлғаларының жоғарыда келтірілгендей, етістіктің басқа тұлғаларының орнына жүріп, оларға тиісті магыналарға ие боларлық жағдайын Қазақстан территориясындағы қазақтардың тіл ерекшеліктері жөнінде материалдардан кездестіре алмадық. Алайда, көркем әдебиет көлемінде Қазақстанның батыс облыстарында туып-ескен кейбір жазушылардың тілдерінде ол жүрнақтардың ез орнына жұмсалмай, басқа магына беретін халдерде кездестіреміз. М: *Есей біл ереде, Бобров Екпінді Армияның кадрлар белімінің қарауына жүргелі жатқан. — Мен біл ереде, жау аскері бунда келгенсін үрис әдісін*

өзгертіп жіберді,— деп Нұржан өз ойын ашық айтып салды... Ал бұл біле рде, майор Долгушов зэті аз қысылатын кісі... (Ә. Нұрп. Күткен күн, 1958, 69, 255, 280-беттер). Қөркем әдебиеттен келтірген осы сөйлемдердегі «Есей білерде», «мен білерде», «бұл білерде» тіркестеріндегі «білерде» тұлғалы сөз әдеби тілдің нормасында басқаша айтылған болар еді. Анығырақ айтқанда, «білуінше» немесе «білетін болса» сияқты тұлғалар да көрінуге тиіс.

Ертеректегі қазақ тілін зерттеушілердің еңбектерінен -ар, -ер жүрнақтарының дәл зерттеліп отырған говордағыдай қолданысын ұшыратамыз. М: *Мұнан жаман қалага неше шақырым болар? Көрмеген кісі қайтып алар? Бұрынғы заманда бір байның* (татар тілінің формасы) *баласы бар еді, өзі қаршиға сала* *р еді*<sup>96</sup>. П. М. Мелиоранский соңғы сөйлемдердегі «салар» сөзін сөйлеу тілінің нормасы емес деп көрсетеді. Дегенмен осы келтірілген сөйлемдердегі -ар жүрнағының қолданылысында зерттеліп отырған говормен сәйкестік барлығы анық көрінеді. Мұның өзі әңгіме болып отырған тұлғаның әр түрлі мағына бере қолданылуы қазақ тілінде ертеректе де бар екендігінен хабар білдіреді.

ар, -ер, -р келер шақ есімше жүрнағының басқа түркі тілдерінде -ыр, -ир, -ұр, -ур вариантының да кездеседі. Осы жүрнақтардың алғашқы вариантының болсын немесе соңғы вариантының болсын кейбір түркі тілдерінде, атап айтқанда, түркі тілінде осы келер шақ (настоящее-будущее время)<sup>97</sup>, ал азербайжан тілінде -ар тұлғалы түрі келер шаққа тән де, -ир тұлғасы осы шаққа тән болып келеді<sup>98</sup>. -ар жүрнағы жалғанған етістік кейде қарақалпақ тілінде де іс-қимылдың сейлеп тұрған кезеңде атқарылатындығын аңғартады<sup>99</sup>.

Бұл көрсетілген жағдайлардың өзі сол тұлғалардың қай-қайсысы болса да түркі тілінде ертеден пайда болғандығын және көбіне осы келер шақ мағынасын

<sup>96</sup> П. М. Мелиоранский. Краткая грамматика казахско-киргизского языка. ч. I, СПб., 1894, стр. 13-14; часть II, СПб., 1897, стр. 19, 74.

<sup>97</sup> А. Н. Кононов. Грамматика современного турецкого литературного языка. М.—Л., 1956, стр. 225.

<sup>98</sup> В. Котвич. Исследование по алтайским языкам. М., 1962, стр. 277.

<sup>99</sup> Н. А. Баскаков. Каракалпакский язык, ч. II. М., 1952, стр. 426.

беретіндігін, кейде осы шақ мәнінде де жұмсалатындығының күесі сияқты. Мысалы, ертедегі түркі жазба ескерткіштерінен мынадай сейлемдердің оқуға болады: *tisler tüser bolur* (ее зубы выпадают), *Ämigi (ämiki) bısuylur bolur* (ее груди, оказывается, вырезаны)<sup>100</sup>.

Келтірілген фактілерге сүйене отырып, говорда кездесіп отырған осы ерекшелікті ертеректе жалпы түркі тіліне тән тұлғалардың сол кездегі мағынасымен сақталуы болар деген қорытынды шығаруға мүмкіндік бар. Бірақ одан да ғері біздің басқа бір жорамалымыз шындыққа жақын сияқты көрінеді.

Түркменнің әдеби тілінде осы шақ (*хәзирки заман*) жасайтын етістік жүрнағы -ар, -ер тұлғасында кездеседі<sup>101</sup>. Бұл жүрнақтар жалғанған етістік мағынасы қазіргі қазақ тіліндегі ауыспалы осы шақ мағынасымен шендер келеді. Біздің ойымызша, түркмен тіліндегі осы шақ жасайтын -ар, -ер қосымшалары жергілікті қазақтардың айтуында -ар, -ер жүрнақтарына айналуына толық мүмкіндік бар тәрізді. Өйткені, бір тілден екінші бір тілге енген сөздер, не грамматикалық көрсеткіштер сол енген тілінде өздеріне ұқсас тұлғалармен кездессе, онда қабылдаған тілдің иесі оларды (басқа тілден кірген сөздер мен тұлғаларды) өзіне тән тілдегі сөздер не тұлғалармен сәйкестіре айту заңдылығы барлығын еске алып отырмыз.

Ойымызды қысқартса көрсетсек, говордағы -ар, -ер тұлғалардың кейбір мағыналары жергілікті қазақтардың түркмен тіліндегі -ар, -ер қосымшаларының өз тіліндегі келер шақ есімшениң -ар, -ер, -р жүрнақтарына ұқсата дыбыстауының нәтижесінде пайда болғанға ұқсайды. Ал, говорда сирек болса да -ар, -ер қосымшалардың беретін басқа мағыналары жөнінде (оның ішінде еткен шақ есімшениң орнына жүретін мағынасында ішіне ала кетеміз) В. Котвичтың: «чаще всего суффикс -р образует формы настоящего, ближайшего, будущего или же недавнего прошлого времени»<sup>102</sup>, — деген пікірін қостаймыз.

<sup>100</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М.—Л., 1951, стр. 187, 196.

<sup>101</sup> Хәзирки заман түркмен дири. Ашгабад, 1960, 371, 372-беттер.

<sup>102</sup> В. Котвич. Атаптаған еңбек, 277-бет.

Әңгіме болып өткен жұрнақтардың шығу тәркіні (этимологиясы) жөнінде бірқатар пікірлер бар<sup>103</sup>. Бірақ біз олардың әрқайсының жеке-жеке тоқталмай-ақ, тек солардың ішіндегі -ар/-ер қосымшаларының барыс септігінің ескі формантты -gar-/ger/ тұлғасынан -gar//ger>-ар/-ер шыққан деген пікірдің шындыққа жақын екендігін көрсетпекпіз.

## 6. Ұстеу

Ұстеуге байланысты говорда кездесетін ерекшеліктер көбіне әдеби тілдегі түбірге қосылатын қосымшалардың орнына басқа жалғау не жұрнақтардың жалғануымен сипатталады. Басқа сез таптарынан не негізгі ұстеулерден мына тәмендегі қосымшалар арқылы говорга тән ұстеулер пайда болған:

-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен — шыннан, өтіріктен, дұрыстан, растан, тезден, зордан. Шыннан да мен шыдай алмадым. Олай демедім, өтіріктен айтпа (эксп.). Арақ ішуден шыннан да қолы тимейтіні рас екен дейді («Жұмысшы» газеті, 3/VII-39). Осының қорытындысын тезден қайтарсаңыз тым жақсы болар еді. («Қарағаш... жұмыс.» газеті, 23/III-37). Көрсетілген қосымшалар арқылы ұстеулер қазақтың әдеби тілінде де кездеседі және қазіргі қазақ тілінің термині бойынша, «шығыс септіктиң көнеленуінен туған ұстеулер» деп аталады. Ал говорда бұл қосымшалар жалғанып жасалған сөздердің ерекшелікке есептелінуінің өзі — әдеби тілдегі мұндай қосымшалар жалғанбайтын түбірге жалғануынан, жалғана қалған күйде басқа қосымша қабылдауынан. Говорда кездесіп отырған «шыннан», «дұрыстан» сөздері әдеби тілде «шынымен», «шынында» тұлғасында кездессе, ал «өтіріктен» сөзіндегі түбірге сез «өтірік» әдеби тілде ешқандай қосымша қабылдамайды. Сондай-ақ жергілікті тіл ерекшелігіндегі «зордан» сезі, әдеби тілде «зорға» болып барыс септігінің көнеленуінен туыш отыр. Осы

<sup>103</sup> Ф. Е. Корш. Происхождение формы настоящего времени в западно-турецких языках. «Древности восточные», вып. I. 1907, стр. 12, 13; Н. А. Басаков Каракалпакский язык, ч. II. М., 1962, стр. 425-426; А. П. Поздеевский. Туркмен диали ве оның шивелери. Ашгабат, 1943, 17-бет; А. Н. Кононов. Грамматика современного турецкого литературного языка. М.—Л., 1956, стр. 225, 226.

келтіріп отырған түбір сөздердің кейбіреулері Қазақстан территориясындағы қазақтардың жергілікті тіл ерекшеліктерінде не зерттеліп отырған говорға, не әдеби тілге сәйкес келмейтін басқа қосымшаларды қабылдал «шынга», «шынайтында»<sup>104</sup> немесе «шындағында»<sup>105</sup> тұлғасында үстен болып көрінеді. Бір мағынаны беретін үстендердің әр түрлі септік жалғауларының көнеленуінен пайда болуының өзі ертеректе септік жалғауларының бірінің орнына бірі қолданылған-дығын растай түсетін тәрізді.

Шығыс септігінің көнеленуінен ұстеу пайда болуы бірқатар түркі тілдеріне тән нәрсе екендігін дәлелден жатуды керек етпейтін сияқты. Тек жасалуы жағынан говордагы ұстеулердің ерекшелігіне сәйкес түркі тілінен шығыс септігінің көнеленуі арқылы жасалған elden (тез), sonradan (соңында)<sup>106</sup> іспеттес ұстеулердің көрсетсек те жеткілікті. Алайда, қазақтар ортасында отырған түркмен тілінде шығыс септігінің көнеленуінен жасалған ұстеулердің жоққа тән екендігін көрсете кеткен жән. «Зорға» түркмен тілінде «зордан» тұлғасында келеді (Түркмен диалиниң сөзлүгі. Ашгабат, 1962).

-дайма — осындағы, сондайма, қандайма, мұндағыма. Қылышбай ренжірліктең соңдағы ма не істеп-пін. Қандағы ма улкен қауындар болса да, жеп тауыса береді (эксп.).

Большевиктер алмайтын  
Еш қандағы ма қамал жоқ.  
Деген көсем сөзімен,  
Мақсатына шын жетті.

(«Жұмысшы» газеті, 1/V-40).

...Лекция тыңдаушыларға соңдағы түсінікті шебер тілмен айттылды (Бұл да сонда, 25/II-53). Сілтеу есімдіктерінен пайда болған бұл ұстеулер, мысалда

<sup>104</sup> Ж. Болатов. Семей облысы Кекпекті, Ақсуат аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер туралы. Жинақ: «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының меселелері» 3-шығуы. Алматы, 1960, 111, 113-беттер.

<sup>105</sup> О. Нақысбеков. Орынбор облысының Адамов, Берте аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір жергілікті ерекшеліктер. Сонда, 4-шығуы. Алматы, 1962, 127-бет.

<sup>106</sup> А. Н. Кононов. Грамматика современного турецкого литературного языка. М.—Л., 1956, стр. 305.

көрінгендей, кебіне әдеби тілдегі «қандай», «сондай» кейде сөйлем мағынасына қарай «соншама», «мұншама» үстеулерінің де орнына жүреді.

Говордағы бұл үстеулерді жасап тұрган *-дай ма* жүрнағы *дай+ма* элементтерінен тұратын күрделі жүрнақ. Бұл элементтердің қай-қайсысы болса да қазіргі қазақ тілінде үстеу тудыратын жүрнақтар. Бірақ, дәл говордағыдан қосыла отырып, әдеби тілде үстеу жасамайды. Говордағы бұл күрделі жүрнақтың орнына әдеби тілде екінші бір күрделі жүрнақ *-шама (ша+ма)* жүреді немесе *«дай»* жүрнағының өзі-ақ түрлі вариантымен говордағы *-дай ма* жүрнағын мағынасы жағынан алмастыра алады.

Зерттеліп отырған говордағы *-дай ма* жүрнағы қалай пайда болған? Мұны тек *-ша* мен *-дай* жүрнақтарының мағына сәйкестігінен ғана табуга болатын сияқты. Кей жағдайда бұлардың мағына жағынан ұқсастығы қазақ тілінде де байқалады. Дегенмен, өзбек тілінде өте анығырақ көрінеді. Осы себептен де А. Н. Кононов кей уақытта нақтылы, тікелей салыстыру қажет болған уақытта *-ша* жүрнағы *-дай/дей* жүрнақтарымен синоним болатындығын көрсеткен. Мұның дәлелі ретінде өзбекше *«улғин -ча//улғи(н) -дай* (қазақша *«өлгеше»*) деген сөздерді мысалға келтіреді<sup>107</sup>. Бұдан басқа да *-ша*, *-ше-нің* кейде *-дай*, *-дей* орнына қолданылғандығын орхон-енисей ескерткіштерінің тілінен де көздестіреміз: *үйғыр ил бир үүз чә эриг ил тузып...* «уйгурский племенной союз образовывал племенное объединение приблизительно (из) ста мужей»<sup>108</sup>.

Осы сөйлемдегі *«йузчә»* сезін қазақшаласақ «жұздей» болып, *-дей* жүрнағы тіліміздегі болжалды сан есімді тудырып тұр. Бұл да көрсетілген жүрнақтардың (*-ша* мен *-дай*) ертеден синонимдес екендігін дәлелдей түседі.

Әдеби тілде негізгі үстеу болып саналатын *«өте»* сезі говорда *«өтеме»* тұлғасында кездесіп туындылық дәрежеге жетіп тұр. Үстеудің бұл түрі қазіргі кезде тұрғын халықтың тілінде онша жиі қолданылмаса да,

анда-санда ұшырасып отырады. *Бугінгі өтеме шаршаганым естен кетпес* (эксп.). *Бұл 5 тетрат жогарғы класс ушін өтеме аз* («Жұмысшы» газеті, 16/Х-41). *Пьесаны ойнаушылар ішінде Әлжанов,... Өскімбаев жолдастар өз ролін өтеме тамаша құбылыспен ойнады* («Қарабұғаз... жұмыс.» газеті, 23/ІІІ-37). Бұл үстеудің говорда *«өтеме»* тұлғасында кездесуі өте жұмбак. Басқа тілдің әсері деуге не түркмен, не өзбек тілінде мұндай мағынаны беретін сездер тіпті басқа тұлғада да кездеседі. Анығырақ айтқанда, *«өте»* сезінен тұлғасы жағынан жуық келетін сез жоқ. Башқұрт, татар тілдерінде *«үтә»*, құмық тілінде *«оътгиз»* тұлғасында көрінеді. Ал қазақ тілінде жалаң *-ма* қосымшасымен үстеу жасалу тағы жоқ. Башқұрт тілінде *«үтә»* үстеуінің *«үтәләй»* варианты бар<sup>109</sup>. Мүмкін осы сез қазақтар ортасына кез болып, фонетикалық өзгерістермен *«өтеме»* дәрежесіне жетпеді ме екен. Әрине, бұл болжамның табан тірерлікей негізі әлсіз. Екінші бір жобага соғарлықтай, мүмкіншілігі мол деген болжамды қазақ тілінің өзінде кездесетін жағдаймен ұштастыра айтуга болады. Қазақ тілінде мағынасы жағынан бір-біріне жуықтау *«тым»*, *«тіпті»*, *«аса»*, *«өте»*, *«ең»* т. б. сияқты негізгі үстеулердің ішінде тек қана *«өте»* үстеуі қос сез ретінде *«өте-мөте»* тұлғасында кездеседі. Говордағы *«өтеме»* үстеуі соның қысқарған түрі болар деген болжам ойға сиярлық дәрежеде көрінеді.

-лайын, -лейін *-уақытлайын* (уақытша), жатарлайын (бір жерде уақытша жату). Қажет десен *у а қ ы т-ла а ы н ала түр да, кейін әкеп тастарсың*. *Жылда барып, жатарлайын мақта тереміз* (эксп.). Говордағы бұл үстеулер түркмен тіліндегі үстеу тудырушы күрделі *-лайын*<sup>110</sup> қосымшасы арқылы жасалып отыр. Бұл жолмен үстеу жасалу көрсетілген бірлі-екілі сез көлемінен онша аспаса да, жергілікті қазақтардың тілінде жиі қолданылып отырады. Әдеби тілдегі *«уақытша»* сезінің мағынасын беріп отырған говордағы *«уақытлайын»* сезі түркмен тілінде осы мағынаны беру үшін *-лайын жүрнағының* үстіне тағы *-ча* қосымшасы қосылыш, *«вагтлайынча»*<sup>111</sup> (уақытша) тұлғалы

<sup>107</sup> А. Н. Кононов. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.—Л., 1960, стр. 284.

<sup>108</sup> В. М. Насилов. Язык орхон-енисейских памятников. М., 1960, стр. 31.

<sup>109</sup> Ф. Г. Исааков. Имя прилагательное. В кн.: ИСГЯ.

ч. II. М., 1956, стр. 173.

<sup>110</sup> Хәзирки заман түркмен дири. Аштабат, 1960, 460-бет.

<sup>111</sup> Сонда, 460-бет.

булды керек. Жергілікті қазақтар «уақытлауын» сезін осы көрсетілген тұлғадан қысқартып алғандығы байқалады. Түркмен тілінде бұл жұрнақтардың қандай элементтерден тұргандығын былай көрсетеді -ла+й+тын.

Жергілікті қазақтар тілінде жиі қолданылатын, әдеби тілдің үлгісінен ауытқу нәтижесінде туған жазудай (жазба, жазуша), ауыздай (ауызша) сияқты үстен сездер де өзінің жасалуы жағынан ерекшеліктердің біріне жатады.

## 7. Шылау сездер

Говорда шылау сездерде кездесетін ерекшеліктер негізінен әдеби тілдегін көп алшақ кете бермейді. Алайда, әдеби тілде қолданылмайтын «әм», «санә» сияқты шылау сездердің кездесуімен қатар кейбір шылау сездердің әдеби тілдегі мағынасынан басқа мағынаға ие болып барып қолданылуы, енді біреулерінің тұлғаларында аз да болса ауытқышылық барлығы көрініп қалып отырады.

Демеулір. *Текебай мана мектепке қарап кеткен* (эксп.). Осы сөйлемде кездесіп отырган «қарап» демеу сезі әдеби тілімізде «қарай» тұлғасында кездеседі. Сейлем ішінде кездескенде беретін мағынасы жағынан бірінен бірі ажыратылмайды. Айырмашылық тек әдеби тілде көсемшениң «й» жұрнағын қабылдаса, говорда «п» жұрнағына ие болуында. Осының нәтижесінде говорда белгілі дәрежеде тұлғалық ерекшелік тұтызып тұр. Әрине, біз бұл ерекшелікі дыбыс алмасуы деп қарасақ та онша қате баспас едік, ейткені говорда көсемшениң -а, -е, -й жұрнақтарының -п қосымшасымен ауысып келіп те мағына алшақтығын туғызбайтын жағдайды етістік бөлімінде көрдік. Бірақ қазақ әдеби тілінде байқалмайтын бұл сияқты алмасуларды «жайғана алмасу» деуден гөрі, оның мәнісін қазақтармен араласа отырган халықтар тілінің тигізген әсері деп қарау ете орынды. Бұған көп дәлелдің қажеті болмас. Тек қазақтың әдеби тіліндегі «қарай» демеуінің түркмен тілінде «гарап», өзбек тілінде «қараб», кейде қарақалпақ тілінде де «қарап» пен «қарайдың» жарыса

қолданылатынын ескерсек те жеткілікті<sup>112</sup>. Тіпті бұл демеу сезіндің жергілікті қазақтар тілінде біте қайнасқандығы сондай, әдеби тілдегі «көрпене қарай, аяғыңды соз» деген мақал «көрпене қарап, аяғыңды соз» түрінде айтылады.

Демеуліктердің ішінен говордағы ерекшелік ретінде қазіргі қазақ тілінде «жалынышты тілек немесе қалау мағынасын білдіреді»<sup>113</sup> делініп жүрген -шы-/ші демеулігінің орнына «санә//сенә» демеулік тұлғасы қолданылатындығын баса көрсетпекліз. М: *Батыр, мейманга маза берсең* (эксп.) — Иә, солай болыпты десене! («Жұмысшы» газеті, 22/VII-39). Ауыз әдебиетінде, әсіресе батырлар жырында, бұл демеуліктің кездесуі, ертеректе қазақ тіліне де жат еместігін аңғартады. Сондықтан да болар, біз бұл демеулікті Қазақстандағы батыс облыстардағы қазақтар тілінде ерекшелік ретінде кездестіреміз<sup>114</sup>.

Түркменстанда қазақтармен араласа отырган халықтардың тілінде дәл осы тұлғадары демеулік сезіді түркмен тілінде етістіктің бүйрық рай формасын беретін қосымша ретінде кездестіреміз<sup>115</sup>. Сонымен бірге, башқұрт тілінде де әңгіме болып отырган демеуліктің етістікпен келіп, бүйрықтың жұмсақ түрін кейде өтініш, тілекті білдіретін -хана, -хәнә тұлғасын ұшыратамыз<sup>116</sup>.

Түркі тілдеріндегі демеулік сезінің бұл түрін И. Березин былай деп сипаттаған болатын: «но чаще всего в разговорном языке для полноты, по 2 лицу повелительного прибавляется سـ (с) с междометием «I» (a): например: иссана — «ешь»; отурсана — «садись»»<sup>117</sup>.

Жергілікті қазақтар тіліндегі бұл демеулікті араласа отырган түркмен тілінің әсері демеске болмайды.

<sup>112</sup> Хәзірки заман түркмен дили. Ашгабат, 1960, 485-бет; А. Н. Коновалов. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.—Л., 1960, стр. 309; Н. А. Вассаков. Каракалпакский язык. ч. II. М., 1952, стр. 485.

<sup>113</sup> Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954, 355-бет.

<sup>114</sup> С. Амаколов. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959, стр. 311.

<sup>115</sup> Хәзірки заман түркмен дили. Ашгабат, 1960, 389-бет.

<sup>116</sup> Н. К. Дмитриев. Грамматика башкирского языка... М.—Л., 1948, стр. 130, 165.

<sup>117</sup> И. Березин. Дополнение к тюркской грамматике. СПб., 1846, стр. 18.

Осы көрсетілген «сәнә» демеулігінің қалай пайда болғандығы жөнінде біз өз болжамымызды көрсете кетпекшіміз. Оның тек екінші жақтаға ғана кездесуі бұл демеуліктің өзі екінші жақтағы кесемшеден кейін келетін жіктік жалғауы мен кейбір түркі тілдерінде кездесетін «а» тұлғалы демеуліктің қосындысынан пайда болмады ма екен деген пікір туғызады.

Демек, -сың+а>сыңа>саңа>сана>сәнә түрінде өзгерістерге үшырауы мүмкін. Өйткені өзбек, қарақалпақ тілдеріндегі мына бір мысалдар болжамды баянды ете түскендей болады. *Борасан-а* — пойдешь, а? (өзбек тілінде)<sup>118</sup>, *кел-сань-а* — приди же (қарақалпақ тілінен)<sup>119</sup>.

**Ж а лға улық та р.** Говорда ерекшелік ретінде жалғаулықтардың ішінде оқшаулана көзге түсетін түрі «әм». *Манағы жерге сендермен мен әм барамын. Қираган, сынғандары әм жарылғандары көп-ақ* (эксп.). Бұл жалғаулықтың говордағы қолданылуы ете жиі, әрі беретін магынасы да әр түрлі. Жоғарыда келтірілген мысалдардан көрінгенідей, ол кейде әдеби тілдегі «да», «де» орнына, енді бірде, «және» жалғаулығының орнына да жүре береді. Негізі иран тілінен енген жалғаулық бола тұра, ол қазіргі кездегі қазақтың тілінен басқа тілдерді атап айтсақ, Орта Азиядағы түркі туыстас тілдерді түгел қамтыған. Оны біз түркімен тілінің грамматикасында «хем», өзбек тілінде «хам», қарақалпақ тілінде «хэм» тұлғаларында үшыратамыз<sup>120</sup>.

«әм» жалғаулығы әдеби тілдегі «да», «де» шылау сезінің орнына қолданылғанда, әсіресе, бірыңғай мүшшелермен келгенде, қазақ тіліндегідей сол бірыңғай мүшшелердің тек соңынан ғана орналасып қоймай, алдынан да келіп айтыла беретіндігімен ерекшеленеді. Мұның өзі де қазақтар ортасында отырган басқа халықтар тілінде сол жалғаулықтың орын талғамайтындығынан болып отырган ерекшелік.

<sup>118</sup> А. Н. Кононов. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.—Л., 1960, стр. 335.

<sup>119</sup> Н. А. Баскаков. Каракалпакский язык. часть II. М., 1952, стр. 478.

<sup>120</sup> Хезирки заман түркмен диши. Ашгабат, 1960, 521-бет; А. Н. Кононов. Аталған еңбек, 328 бет; Н. А. Баскаков, Аталған еңбек, 518-бет.

Иран тілінен енген жалғаулығын әр түрлі дыбыстық варианттарында қолданылатын жоғарыда көрсетілген халықтар арқылы жергілікті қазақтар тіліне әсерін тигізген. Мұндай заңдылықтың біз өзбектер арасында отырган қыргыздарда да өзбек тілінің әсерімен йәм//әм болып айтылатынын көрміз<sup>121</sup>.

Ескерте кететін нәрсе, әңгіме болып отырган жалғаулық кәбіне-көп Ташауыз, Мары, Ашхабад төңірегіндеңі қазақтар тілінде шамадан тысқары жиі қолданылатындығы сондай, қазақтың әдеби тіліндегі «да», «де» жалғаулығына жол бермей, мұлдем ығыстырып шығарған десек те болады. Ал Красноводск, Небитдаг маңындағы қазақтар тілінде бұл жалғаулық сирек қолданылады да, «да», «де» жалғаулығы өз праволарын бірсыздыргы сақташ қалған. Оның сақталуына да белгілі бір ішкі жағдайлар себеп болған сияқты. Түркімен тілінің ёмут диалектісінің батыс говорында сол тілдің әдеби нормасында қолданылатын «хем» жалғаулығы тіпті қолданылмай, оның міндеттін негізінен «да», «де» жалғаулықтары атқаратын көрінеді<sup>122</sup>. Сондықтан да Түркіменстанның батысындағы қазақтар тілінде «да», «де»-нің сақталуы осы жағдайлардан болар деп ойлаймыз.

Қазақтың әдеби тілінде жиі қолданылатын «және» (және де) жалғаулығы да жергілікті қазақтардың айтуында ерекшелік деп санарлықтай халге дейін жетеді. Ол үнемі говорда әдеби тілдегі «тағы» жалғаулығының орнына жүріп отырады. *Әзір асықпа, және бірде келгенде аларсың. Және кім айтып бере қояды* (эксп.). *Келесі күні «Аманкелді» киносы және болды* («Жұмысшы» газеті, 18/III-39). *Директорды іздел және қалаға келді* (Бұл да сонда, 24/I-54). Әдеби тілдегі «және» магынасын говорда «әм» жалғаулығы орындаитындықтан жергілікті ерекшелікте «және» жалғаулығы «тағы» шылауын ығыстырып, өзі соның магынасын берерлік қалыпта жұмсалатындығы көрінеді. «Және» жалғаулығының говорда жаңа мағынаға ие болуын қа-

<sup>121</sup> Э. Абдулдаев, Г. Бакинова, Н. Бейшекеев. Өзбекстандағы қыргыздардың тилиндегі жергиліккүй өзгөчеліктер. Фрунзе, 1962, 111-бет.

<sup>122</sup> К. Шамурадов. Западные говоры емудского диалекта туркменского языка. Автореф... канд. филол. наук. Ашхабад, 1960, стр. 22.

зактартмен араласа отырган халықтар тілінің әсері деуден гері басқаша қарастырган жен. Өйткені түрікмен, өзбек тілдерінде қазақ тіліндегі «және» мағынасын «ve» (түрікмен тілінде) және «са» (өзбек тілінде) жалғаулықтары береді де «және» тұлғалас жалғаулықтың дыбыстық варианты түрікмен тілінде «йене» болып келіп, «тағы» мағынасын береді<sup>123</sup>. Қарақалпақ тіліндегі «джане» тұлғасы әрі қазақ тілінде «және» беретін мағынада, әрі «тағы» жалғаулығы мағынасында да қолданылатыны байқалады<sup>124</sup>.

Осы жалғаулық жөніндегі пікірімізді жалғастыратуспіп, мұның өзін жергілікті тіл ерекшелігіне басқа тілдің әсері деуден ғөрі, «және» жалғаулығының түркі тілдеріндегі ертедегі мағынасы сақталған болу керек деп жорамалдаймыз. Өйткени сонау орхон-енисей жазба ескерткіштерінен бастап соңғы уақыттарға дейін «және» жалғаулығының қазіргі қазақ тіліндегі «тағы» мағынасында қолданылып келгендейгін бірқатар фактілер дәлелдейді<sup>125</sup>.

## II. СИНТАКСИС

Ерекшеліктің бұл түрін іштей екіге бөліп қарауға тұра келеді. Олардың бірі — менгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері; екіншісі — матаса байланысқан сөз тіркестері.

## 1. Менгеріле байланысқан сез тіркестері

Бұл бөлімде көбіне біз меңгеріле тіркескен сөздердің басынцы және бағынынцы сынарларының арасындағы қарым-қатынастардың әдеби тілден ауытқуларына тоқталамыз. Әсіресе, мұнда бағынынцы сынарлардағы ерекшеліктермен істес боламыз. Мұның өзі әнгіменің етістіктермен тіркесе келген есім сөздердің сеп-

<sup>123</sup> Хэзирки заман түркмен дили. Ашгабат, 1960, 514-бет; А. Н. Кононов. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.—Л., 1960, стр. 328.

<sup>124</sup> Н. А. Баскаков. Аталған еңбек, 519-бет.

<sup>124</sup> Н. А. ВАСКАКОВ. Атаман сюз, 1951.  
<sup>125</sup> С. М. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М.—Л., 1951, стр 384; М. Кошварий. Девону луготит турк. III том. Тошкент, 1963, 33, 185-беттер; Codex cumanicus..., 1880, 275-бет; А. К. Боровков. «Бада-и ал-лугат», М., 1961, 259-бет.

тік жалғаулары туралы болатындығын аңгартады. Анығырақ айтқанда, говорда әдеби тілдеңі жатыс жалғаулы сез тіркестері орнына шығыс жалғаулы сез тіркестері, шығыс жалғаулы сез орнына барыс, барыс жалғау орнына шығыс, табыс жалғау орнына барыс, барыс жалғау орнына жатыс, керісінше, жатыс жалғау орнына барыс жалғаулы сез тіркестері жиі қолданылуымен сипатталады.

Жатыс жалғауы орнына шығыс жалғаулы сез тіркестерінің жұмсалатындығын мына мысалдардан айқын көруге болады: «Олар мақтанды, а р қ а с ы н а н күн көрді. Эйелі неше күннен келеді? Қауын 15 күнде рден пісетін түрі бар. Біз Марыдан қаламыз. Арадан бір жеті өтпей келіп қалыпты (эксп.). Бұл мысалдардағы шығыс септігінде етістікпен тіркесіп келіп отырган сездер әдеби тілде жатыс жалғауымен келуге тиісті. Мұндай ерекшеліктің өзі кейде өртедегі түркі жазба ескерткіштеріндегі және қазіргі кездердегі жаңа тілдерде кездесетін қағидаларга қайшы келеді. Оларда керісінше, шығыс септігінің орнына жатыс жалғаулары қолданылғандығын көреміз<sup>126</sup>. Бұған қарап біз говорда туып отырган ерекшеліктің ешбір негізі жоқ дегелі отырган жоқсыз. Мұның өзі белгілі бір тілдердің әсерінен болды деуге дәлеліміз мол. Түрікмен тілінде болатын қымылдың мезгілін мезгеуде шығыс септік қолданылады. М: *Теплоход бир сағат да н гелжек*<sup>127</sup> (теплоход бір сағатта келмекші). Мұндай жағдайды өзбек тілінен де кездестіреміз<sup>128</sup>. Қазақтармен аралас отырган халықтардың тілін былай қойғанда, түркі тілдерінің ішінде қыргыз тілінде де барлығын айта кетсек<sup>129</sup>, шығыс септігінің етістікпен тіркесте жиі келуі жалпы түркі тілдері үшін жат емес-тігіне көз жеткізуге болады. Кейде жатыс септігі шығыс жалғауымен айырбасталатындырын ертеректегі

<sup>126</sup> Н. К. Дмитриев. Грамматика башкирского языка. М.—Л., 1948, стр. 63; А. М. Щербак. Грамматика староузбекского языка. М.—Л., 1962, стр. 107; Э. В. Севортиян. К истории падежей системы в тюркских языках. «Ученые записки военного института иностранных языков». 1948, № 6, стр. 97.

<sup>127</sup> Хәзирки заман туркмен дили. Ашгабат. 1960. 228-бет.

<sup>128</sup> А. Н. Кононов. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.—Л. 1960, стр. 98.

<sup>129</sup> И. А. Батманов. Грамматика киргизского языка. Фрунзе, 1940, стр. 33.

Әбілгазы шежіресінен *Läşkärniң соңындағы латурур ардім*<sup>130</sup> (Яшел позади войска) деген сөйлемді келтіру арқылы да дәлелдеуге болады. Осы себептерден де біз бұл ерекшелікті қазақтармен араласа отырган жергілікті түрікмен, өзбек тілдерінің әсері деп ойлаймыз.

Шығыс жалғауы орнына барыс жалғаулы сөз тіркестерінің келуі де говорда бірқатар орын алады. М: *Саган сұрап, мен мектепке іскер алмаймын. Ноғаға оқып едім* (эксп.). *Ешанов суга кеткен 60 мешок деп жүртқа көре-піле кеткен сөлпатты жасырып жур* («Қарағаз... жұмыс.» газеті, 8/X-37). Шығыс жалғауының орнына барыс жалғауының қолданылуы қазақ тілінде бұрын да барлығын П. М. Мелиоранский көрсеткен болатын<sup>131</sup>. Соңдықтан да говорда қеадескен бұл құбылысты басқа түркі тілдерінің әсері деп қаруадан гері, қазақ тіліне ертеректе тән құбылыстардың қалдығы, соның сақталған формасы деп қараша орындырақ сияқты.

Осы жоғарыда атап өткен ерекшелікке көрініше, говорда барыс жалғаулы сөз тіркестерінің орнына шығыс жалғаулы сөз тіркестерінің кездесетіндігін де көрсете кетпекпіз. Мысалы: *Өзбектің үйі Қылыш баудаған өкпелепті. Өлеңді жаттаң үйренбелі. Менен өкпелесең өзің біл* (эксп.). Қазақтың әдеби тілінде барыс септігінде қолданылуға тиісті сөз түрікмен тілінде шығыс септігімен айтылатындығын «*Күндуғи сұда додурды*»<sup>132</sup> (Күманды суга толтырды) іспеттес сөйлемнен аңғарамыз. Мұндай жағдайды біз өзбек тілінен де жиі кездестіреміз. М: «*Сиздән хурсанд булдик*»<sup>133</sup> (Сізге риза болдық). Әбілгазы шежіресінде де көрсетілген сейлемдермен тұлғалас жағдайларды окуга болады<sup>134</sup>.

Говорда көрініп отырган бұл ерекшелік түрікмен тілінің әсерінен деп қараймыз. Жалпы түркі тілдерінің

<sup>130</sup> А. Н. Кононов. Родословная туркмен. М.—Л., 1958, стр. 133.

<sup>131</sup> П. М. Мелиоранский. Краткая грамматика казах-киргизского языка. ч. II. СПб., 1897, стр. 10.

<sup>132</sup> Хезирки заман түркмен диля. Аштабат, 1960, 226-бет.

<sup>133</sup> А. Н. Кононов. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.—Л., 1960, стр. 98.

<sup>134</sup> А. Н. Кононов. Родословная туркмен. М.—Л., 1958, стр. 134.

тұрғысынан алып қарағанда бұл екі септік жалғаула-ры бірінің орнына бірі қолданыла беретіндігін Ф. Г. Иса-хаков татар, тува тілдерін салыстыра отырып, татар тілінде шығыс септік қолданылса, ал тува тілінде қазақ тіліндегідей барыс септік қолданылатындығын көрсеткен болатын<sup>135</sup>. Әсіресе Қазақстанның батысын-дагы қазақтар татарлармен де қарым-қатынаста болғанын еске алсак, говордағы ерекшеліктің басқа тілдің әсері деген болжамымызды анықтай түседі.

Зерттеліп отырган говорда табыс жалғауының орнына барыс жалғаулы сөз тіркестерінің айтылатын реттері де кездеседі, М: *Маган тыңдамайды, аласы-ау. Маган сөгіп жатыр ма?* (эксп.).

Ертеректегі түркі жазбаларының ескерткіштерінде осы көрсетілген ерекшелікпен сәйкес келетін жағдай-ларды да<sup>136</sup>, кейде көрініше, барыс жалғауының орнына табыс жалғаулы сөз тіркестерін кездестіреміз<sup>137</sup>.

Ең соңында, менгеру тіркесімен байланысты бір ерекшелік әдеби тілдегі барыс жалғаулы сездің орнына жатыс жалғаулы сөз тіркестерінің келуі. Мыс.: *Жақын же ред мәшиниң керегі не* (эксп.). Немесе көрініше, жатыс жалғаулы сөз тіркестерінің орнына барыс жалғаулы сөз тіркестерінің келуі. Мысалы: *Біздер онда, мына Жаңай екеуміз, Шагадамра тұратын едік* (эксп.). *Қызы Жамал әрі оқыды, әрі колхозға жұмыс істеді* («Жұмысшы» газеті, 17/III-42). Клубта *куниге кинокартиналар болып тұрады* (Бұл да соңда, 28/X-53). Осы көрсетілген екі септік жалғауларының бірінің орнына бірі ауысып келулері, әсіресе соңғы жағдай (жатыс септік орнына барыс жалғауының айтылуы) Қазақстан территориясында өмір сүретін қазақтар тілінде бірқатар аймақтарда ерекшелік ретінде кездеседі<sup>138</sup>. Қазақстаниң тыңқары жерде Қошагаш

<sup>135</sup> Ф. Г. Исааков. Имя существительное. В кн.: ИСГТЯ. ч. II. М., 1956, стр. 133.

<sup>136</sup> А. Н. Кононов. Родословная туркмен. М.—Л., 1958, стр. 131.

<sup>137</sup> М. П. Мелиоранский. Аталған еңбек, 16-бет; А. М. Щербак. Грамматический очерк тюркских текстов X-XIII вв. из восточного Туркестана. М.—Л., 1961, стр. 170.

<sup>138</sup> Ж. Досқараев. Бір экспедиция отрядының диалектологиялық жұмысы туралы. Жинақ: «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының маселелері». 1-шығуы. Алматы, 1958, 194-бет; О. Накысбеков. Кекшетау экспедициясының материалдарынан. Соңда, 2-шығуы. Алматы, 1960, 93-бет.

ауданын мекендеген қазақтар тілінде де осы іспеттес ерекшеліктер бар<sup>139</sup>.

Зерттеліп отырган говордағы кездескен ерекшелікті аралас отырган түрікмен, одан қала берді өзбек тілдерінің әсері болар деп те ойлаймыз. Өйткені түрікмен тілінде, қазақтың әдеби тіліндегі барыс септігі қажет жерге, жатыс септігінің жалғауы қолданылады. М: *Бұ сезде аңсат*<sup>140</sup> (бұл сезге оқай). Түрікмен тілінде жатыс жалғауы тек барыс жалғауының орнына ғана жүріп қоймайды, кейде көмектес жалғауының қызметін де атқарады. Сондай-ақ өзбек тіліндегі мұндай жағдайың әсерін Өзбекстандағы қыргыздар тілінен де байқауға балады<sup>141</sup>.

Екінші жағынан алып қарағанда, бұл ерекшеліктің өзін ертеден келе жатқан түркі тілдеріне тән нәрсе ретінде де қарауга болады. Себебі орхон-енисей жазба ескерткіштерінен бастап, тіпті соғыс кездегі кейір түркі тілдерінде де бірінің орнына бірі жарыса жіңі қолдануын көптеген түркологтардың зерттеулерінен ұшыратамыз<sup>142</sup>.

Осы жағдайларды еске алсақ, жатыс жалғауы мен барыс жалғауының белгілі бір реттерде бірінің орнына бірі қолданылуы қазақ тіліне де бір кезде тән болса керек. Говордағы ерекшелік сол жағдайың қалдыры болуы, ал оның сақталуына себеп — аралас отырган түрікмен тілінде осы кезге дейін барыс жалғауы орнына жатыс жалғауының қолданылуынан деп қарau дәлелдірек болмак.

Біз говорда кездесетін ерекшелік ретінде етістікпен тіркесте келген есім сездерде септік жалғауларының бірінің орнына бірі қолданатындығын тек тізіл қана көрсеттік. Бұл мәселенің, жиналған материалдарга

<sup>139</sup> Ж. Болатов. Қошагаш қазақтарының тіліндегі жергіліктер. Сонда, 4-шыруы. Алматы, 1962, 100-101-беттер.

<sup>140</sup> Ҳәзирки заман түркмен дили. Ашгабат, 1960, 222-223-беттер.

<sup>141</sup> Э. Абдулдаев, Г. Бакинова, Н. Бейшекеев. Өзбекстандағы қыргыздардың тилиндеги жергиліктуу өзгөчөлүктөр. Фрунзе, 1962, 69-70-беттер.

<sup>142</sup> Н. К. Дмитриев. Грамматика башкирского языка. М.—Л., 1948, стр. 63; Ф. Г. Исахов. Имя существительное. В кн.: ИСГЯ. ч. II. М., 1956, стр. 141; Э. В. Севортьян. К истории падежей системы в тюркских языках. «Ученые записки военного института иностранных языков». 1948, № 6, стр. 97-98.

сүйене отырып көрсетілген, бір ғана жағы. Шын мәнісінде, түркі тілдеріне тән бұл қасиеттердің, құбылыстардың себебі неде деген сұрап, мәселенің екінші жағына мегзейді. Бұл туралы бірқатар түркі тілін зерттеуші ғалымдардың пікірлері де бар.

Түркі тілін зерттеуші ғалымдардың ішінде кейбіреуі көрсетілген тілдерде алғашқы кездерде септік жалғауының санамалы турде ғана болғандығы туралы пікір айтады<sup>143</sup>. Бұл пікірдің шындықта жақындығын ескі орхон-енисей жазба ескерткіштерінде шығыс септігінің жоққа тән болғандығы дәлелдейтін тәрізді. Орхон-енисей жазба ескерткіштерінде фактілеріне сүйене отырып бірқатар ғалымдар шығыс септігін кейін пайда болған деген жорамалға бел байлайды<sup>144</sup>. Осы күнгі түркі тіліндегі қолданылып жүрген септік жалғаулауының біразы кейін пайда болды деген пікірлер дұрыс та сияқты. Мұны қуаттарлық фактіні алыстан іздемей-ақ қазіргі қазақ тілінен де табуга болады. Қазіргі таңда басқа түркі тілдерінде шылау сездер қатарында жүрген «birlä» сезінің қазақ тілінде септік жалғауына айналып, «көмектес» септігін тудырудың өзі де толық айғақ. Бұл сез көмектес септігінің дәрежесіне жетпей түрганың өзінде-ақ кейір септік жалғаулардың (әсіресе барыс және шығыс) орнына жүргендігін П. М. Мелиоранскийдің еңбегінен анық көруге болады<sup>145</sup>.

Қазіргі кезде түркі тілдерінің біразында және олардың диалектілері мен говорларында бір септік жалғауының орнына екіншісінің қолдануы жөнінде ғалымдар арасында әр түрлі пікірлер бар. Солардың ішінде кейбіреулері бір септіктің екінші септіклен ауыстырылып айтылуын іс-әрекет бағытталған обьект мен сол қимылды жүзеге асыруышының арасындағы қатынастан деп қараса<sup>146</sup>, енді біреулері есім сездер мен тіркесте келген етістік тұлғасының беретін мағынасымен бай-

<sup>143</sup> Э. В. Севортьян. Атальған мақала, 90-101-беттер.

<sup>144</sup> Н. К. Дмитриев. Грамматика башкирского языка. М.—Л., 1948, стр. 61; А. М. Щербак. Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII вв. из восточного Туркестана. М.—Л., 1961, стр. 82; В. М. Насилов. Язык орхон-енисейских памятников. М., 1960, стр. 29.

<sup>145</sup> П. М. Мелиоранский. Краткая грамматика казахско-киргизского языка. ч. II. СПб., 1897, стр. 25-26.

<sup>146</sup> Сонда, 16-17-беттер.

ланыстыра қарайды<sup>147</sup>. Ушінші бір ғалымның көзқарасы бойынша, септік жалғауларының функциясының өлі де жіктеліп болмағандығынан және кейбір етістіктердің салттық, сабактастық мағыналарының бір-бірінен ажырасып болмағандығының белгісі деп беледі<sup>148</sup>. Ең соңында, біздің пікірімізше, дұрысқа жуық және барлық септік жалғауларының бір-бірімен ауысып келуіне ортақ мына болжамды толық көрсетпекшіміз: «имеющие наблюдения позволяют даже реконструировать такую эпоху в истории тюркских языков, когда речь обходилась меньшим числом падежей с нерасчлененным внутри каждого падежа значениями (родительный-винительный, местный-исходный), остатки чего в виде своеобразной «путаницы» в употреблении падежей наблюдаются в громадном большинстве тюркских языков и их диалектов вплоть до наших дней, а также в древних памятниках письменности»<sup>149</sup>.

Егер де ілік септік жалғауы мен табыс септіктің немесе жатыс пен шығыс септіктерінің шығу тегі бір деп қараганда, осы септік жалғаулары ғана бірінің орнына бірі қолданылуы тиіс. Алайда, көптеген түркі тілдерінде, мына зерттеліп отырған говорда да ондай заңдылықтан тыскары жағдайларды ұшыратамыз. Осы құбылыстардың өзі-ақ соңғы көрсетілген пікірдің айғары іспеттес.

## 2. Матаса байланысқан сөз тіркестері

Қазіргі қазақ тілінің дағдысында тек «біз», «сіз» деген екі есімдік ілік жалғауда келгенде, онымен тіркесетін сөз тәуелдік жалғауының айтылатыны бар. Ал зерттеліп отырған говорда матаса байланысқан сөз тіркестерінің құрамындағы бірінші сыңарының ілік, екінші сыңарының тәуелдік жалғаулары түсіріліп, сырт қараганда қабыса байланысқан сөз тіркестеріне үқсас келетіндері бар. Мысалы: *Мына жердегі Тельман колхозға барып едім. Ленин районда қазақ мектебі бар ғой деймін. Екеуіміз мәшиң*

<sup>147</sup> Ф. Г. Исааков. Имя существительное. В кн.: ИСГТЯ. ч. II. М., 1956, стр. 141.

<sup>148</sup> Ж. Доссараев, Г. Мұсабаев. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы, 1951, 47-бет.

<sup>149</sup> Э. В. Севортиян. Категория падежа. В кн.: ИСГТЯ. ч. II. М., 1956, стр. 46.

*жолдың үстінде кездестік. Тынық мұқит бас-сейнге мына өзендер құяды...* (эксп.). Осы көрсетілген сөйлемдердегі матасу тәсілімен байланысуға тиісті сөздер әдеби тілде «Тельман колхозына», «Ленин района», «машина жолының», «Тынық мұхит бас-сейніне» тұлғаларында көрінуі керек. Ескерте кететін бір нәрсе, жергілікті қазақтар тіліндегі бұл ерекшеліктер көбіне аудан, колхоз-совхоз аттарымен байланысты тіркесіп келген сөздер төңірегінде ете жиі қолданылады.

Матаса байланысқан сөздердің жалғауларының түсіріліп айтылуы Қазақстанның батысында туып-өсken кейбір ақындардың тілінде кездесіп қалады<sup>150</sup>. Қазақстаннан сырт жерде, Таулы-Алтай автономиялы облысындағы қазақтардың тіліндегі ерекшелікте тәуелдік жалғауының айтылмай қалуы байқалады<sup>151</sup>. Қазақстанның батысында кездесетін бұл ерекшеліктерді көзінде П. М. Мелиоранский көрсеткен болатын. Бірақ оның келтірген мысалдарында матаса байланысқан екі сөздің де жалғаулары түсірілмей, тек екінші сыңарындағы тәуелдік жалғауы түсітіндігін көреміз. М: *Сіздің елдің қызы едім. Түгэздің шарбакқа* (в воловье стойло)<sup>152</sup>. Ал біз зерттеу объектісі етіп алғын отырған говорда матаса байланысқан сөздердің екі сыңарының да жалғаулары айтылмайды.

Н. К. Дмитриев гагауз тіліндегі біз әңгіме етіп отырғандай изафет түрін көрсете келіп, изафеттің мұндай түрі орхон жазуларапан белгілі екендігін және соған қараганда изафеттің көне түрі болуы мүмкін деген пікір айтады<sup>153</sup>. Орхон-енисей ескерткіштерінің тілін зерттеушілердің бірі В. М. Насилов та орхон-енисей жазуында изафеттік құрылыштың әлсіз дамығандығын көрсетеді<sup>154</sup>.

<sup>150</sup> С. Аманжолов. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959, стр. 317.

<sup>151</sup> Ж. Волатов. Кошагаш қазақтарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Жинақ; «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері». 4-шығуы. Алматы, 1962, 102-бет.

<sup>152</sup> П. М. Мелиоранский. Краткая грамматика казах-киргизского языка, ч. II. СПб., 1897, стр. 7.

<sup>153</sup> Н. К. Дмитриев. Страны тюркских языков. М., 1962, стр. 259.

<sup>154</sup> В. М. Насилов. Язык орхено-енисейских памятников. М., 1960, стр. 73.

Бұл көрсетілгендеге сүйенсек, көне түркі тілдерінде матаса байланысу тіркестері говорда қазіргі кездесіп отырған қалыңқа сәйкестігі білінеді. Соның күесіндегі, изафеттің бұл түрі қазіргі құмық тілінде жи қолданылады<sup>155</sup>. Изафеттік құрылыстағы екі сөздің де жалғауларының түсіп қалуы қазіргі кездегі түрікмен әдеби тіліне тән емес. Бірақ сол тілдің кейбір диалектілерінің говорларына тән ерекшелік екендігін білеміз. Анығырақ айтқанда, түрікмен тілінің ёмуд диалектісінің батыс говорында түрікмен әдеби тілінде «бизиң обамызда», «сизиң обамызда» болып келуге тиісті изафеттік құрылыстар «сиз о:вада», «биз о:вада» болып айтылады<sup>156</sup>.

Говордагы кездесетін синтаксистік ерекшеліктер осы көрсетілгендемен шектеледі.

<sup>155</sup> Н. К. Дмитриев. Страна тюркских языков. М., 1962, стр. 259.

<sup>156</sup> К. Шамурадов. Некоторые морфологические особенности именных основ западных говоров южно-туркменского языка. «Известия Академии наук Туркменской ССР», 1959, № 6, стр. 92.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Кітаптың өн бойында берілген материалды жинақтай келіп, мынадай қорытынды жасауға болады.

1. Бұл говордың аудиоспалы (аралас) говорлардың ішінде билингвизм сипаттындағы говорға жататындығын және бұл дөрежеге жеткізіп отырған түрікмен тілінің өсері екендігін мына фактілер анықтайды:

а) Фонетикалық ерекшеліктерде жи кездесетін *ш/ч* және ішінара *а/ә* дыбыстарының өзара алмасуы;

ә) Лексикалық ерекшеліктерде кейбір қазақ говорларына тән *бойлай* (үнемі), *шаттауық* (шымшуыр), сібірткі (сыпырғыш) және тағы басқа сөздермен бірге түрікмен тілінен енген дәл сондай мағына беретін «мыдам», «этішкір», «сінсе» сияқты сөздердің жарыса, жи қолданылуын былай қойғанда, әдеби тілдегі көптеген сөздердің орнына түрікмен тілінен аудиоспалынан жорап (носки, шұлық), созан (тебен ине), пендір (брюнза), таңқит (сын), машқала (семья), таза (жана), жүктейу (тиеу) және басқа сөздердің өте жи қолданылуы;

6) Грамматикалық ерекшеліктердегі түркмен тілінің әсерінен туып, зерттеліп отырган говорга тән қосымшалар дең, есімдерге меншікті: *-шылық*, *-шілік*, *-кеш*, *-қақ*, *-кек*, *-шаң*, *-ымтыл*, *-імтіл* және т. б.; етістікке қосылатын: *-малы/-мелі* (оның дыбыстық вариантары), кейбір көмекші етістіктермен («баспа», «біл») тіркеске түскенде *-a*, *-e*, *-й*, қосымшалы көсемшениң орнына *-p* (*-ып*, *-иң*) қосымшалы көсемшениң қолданылуы, өзгелік етістің *-кіз* жұрнағы орнына кейбір сездерде *-ip* жұрнағының қабылдануын көрсетуге болады. Бұған тағы да өздерінің жиі де, жүйелі түрде кездесуіне байланысты *-n* (*-ын*, *-иң*), *-l* (*ыл*, *-іл*), *-s* (*-ыс*, *-иң*) жұрнақтары да қосылады. Бұлар говорда әдеби тілдегі өздік етіс орнына жиі жұмсалады.

2. Зерттеліп отырган говордың өзіне тән бұл сияқты ерекшеліктері оны қазақ тілінің басқа говорларынан айыра қарауды талап етсе, сонымен бірге бұл говорды Қазақстан территориясындағы батыс говорларының тобына жатқызууды қолайлы санайтын фактілер де бар:

а) фонетикадан — *o/u*, *у/ы*, *ы/a*, *c/ш* т. б. дыбыстардың өзара сәйкесуі;

ә) лексикадан — *ілгек* (түйме), *кузе* (құмыра), *тақыл* (жақсы), *байтаба* (шұлғау), *тонау* (соңау) және балық, түйе шаруашылығымен байланысты сездер;

б) грамматикалық ерекшеліктерден — II жақ бүйрық, рай көрсеткіші *-ң* (*-ың*, *-иң*), II жақтың сырпайы түрінде қолданылатын *-сыңыз* (*-сіңіз*), I жақтың көшіше түрінде кездесетін *-алы* (*-елі*), көбіне өткен шақтың III жағына тән *-ұлы* (*-улі*) және басқаларды атауга болады.

3. Арасынан басқа түркі тілдерінен сез ауысып алудың нәтижесінде, қазақ тілінің басқа говорларына қарағанда зерттеу объектісі болып отырган говорда араб-иран тілдерінің элементтері басым екендігі анықталады.

4. Говордағы лексикалық ерекшеліктерде тек түркмен тілінен ауысып алынған сездерға емес, сондай-ақ өзбек, қарақалпақ тілдерінен енген сездер де біршама ұшырасып отырады.

5. Қазіргі кезде қазақтың әдеби тілінде кездеспейтін, кейбіреуі кездесе қалса да, тұрақты тіркес ішінде

ұшырайтын, ертеректе дербес мағыналы сез ретінде түркі тілдеріне ортақ болған сездердің говорда сол мағынасында осы кезге дейін сақталғандығы байқалады. Мысалы, *күп* (су құятын үлкен ыдыс), *көрпеш* (жас қозы, жаңа орган жонышқа), *көпек* (ерек ит) және басқалар.

6. Жалпы алғанда, диалектілік құбылыстардың басым көшпілігі лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерден құралады.

## МАЗМУНЫ

<b>Алғы сөз</b>	3
<b>Kиpіспе</b>	5
<b>Bірінші тарау. Фонетикалық ерекшеліктер</b>	28
1. Дауысты дыбыстарга байланысты ерекшеліктер.	29
2. Дауыссыз дыбыстарга байланысты ерекшеліктер	44
<b>Екінші тарау. Лексикалық ерекшеліктер</b>	59
1. Синонимдер	60
2. Кеп магыналы сөздер мен омонимдер	64
3. Кейбір сөздердің этиологиясы	69
4. Говордағы ерекшеліктердің семантикалық жағы	78
5. Конверген сөздер мен неологизмдер	83
6. Говорга басқа тілден аудысқан сөздер	89
7. Лексикадағы сәйкесті және сәйкессіз диалектілік ерекшеліктер	97
<b>Үшінші тарау. Грамматикалық ерекшеліктер</b>	106
<b>I. Морфология</b>	106
1. Зат есім	106
2. Сын есім	116
3. Сан есім	124
4. Есімдік	129
5. Етістік	135
6. Устеу	146
7. Шылау сөздер	150
<b>II. Синтаксис</b>	154
1. Менгеріле байланысқан сөз тіркестері	154
2. Матаса байланысқан сөз тіркестері	160
<b>Корытынды</b>	163

**Абильбек Нурмагамбетов**

**ЯЗЫК КАЗАХОВ ТУРКМЕНИИ**

*(На каз. яз.)*

*Утверждено к печати Ученым советом Института языкоznания  
Академии наук Казахской ССР*

**Редактор Айтмухамбетова С.**  
**Худож. редактор Сущих И. Д.**  
**Художник Хоменко М. А.**  
**Техн. редактор Ророкина З. П.**  
**Корректор Досымбекова А.**

\* \* \*

**Сдано в набор 12/IX 1974 г. Подписано к печати 10/XII 1974 г.**  
**Формат 84×108<sup>1/32</sup>. Бумага № 1. Усл. печ. л. 8,8.**  
**Уч.-изд. л. 10. Тираж 1000. УГ08163. Цена 1 р. 24 к.**

\* \* \*

**Типография издательства «Наука», Казахской ССР, г. Алма-Ата,**  
**ул. Шевченко, 28. Зак. 118.**